# МАЗМҰНЫ

**Алғысөз**

**Қысқаша шолу.**
**Қызметтің басты индикаторлары**

**Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі**

**Басқарма Төрағасының үндеуі**

**2016 жылдың оқиғалар күнтізбесі**

**Компания профилі**
- Негізгі мәліметтер
- Миссиясы, пайымы, стратегиялық бастамалары мен мақсаттары
- Акционерлік капиталдың құрылымы
- «Өрлеу» жаңғырту бағдарламасы

**Бизнес-шолу**
- Телекоммуникация нарығына шолу
- Саланың реттеуші ортасына шолу
- Компанияның саладағы орны
- Компанияның бизнес-портфелі

**Компания активтерінің құрылымы: еншілес ұйымдар**

**Операциялық қызмет, өндірістік және қаржылық көрсеткіштер**
- Басшылықтың қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы есебі
- Қаржылық шолу
- Өндірістік қызметке шолу
  - Телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту
  - Ақпараттық технологиялар
  - Инновациялық даму

**Басым даму бағыттары.**
**2017 жылға арналған бизнес-жоспарлар**

**Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау**

**Корпоративтік басқару. Тұрақты даму**
- Корпоративтік басқару құрылымы
- Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
- «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі
  - Директорлар кеңесінің 2016 жылы қараған негізгі мәселелері
  - Директорлар кеңесі мүшелерін сыйақылау туралы есеп
- «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы
  - Басқарманың 2016 жылғы қызметі туралы есеп
  - Басқарма мүшелерін сыйақылау туралы есеп
- Компанияның елеулі мәмілелері
- Дивидендтік саясат
- Ақпараттық саясат
- Мүдделер қайшылығын реттеу саясаты туралы ақпарат
- Сапа менеджменті жүйесі
- HR-менеджмент
  - HR-көрсеткіштер
  - Компанияның HR-жобалары
  - Қызметкерлерді оқыту/Білімді басқару
- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік
  - Компанияның әлеуметтік жобалары
  - Демеушілік және қайырымдылық
  - Жастар саясаты
  - Қоршаған ортаны қорғау

**Глоссарий**

**Акционерлерге арналған анықтамалық ақпарат**

**ҚЕХС қаржы есептілігі (қосымша)**

# АЛҒЫСӨЗ

Осы «Қазақтелеком» АҚ Жылдық есебі қаржылық көрсеткіштерді, жаңа қызметтерді, клиенттік сервисті жақсарту шараларын, трансформация бағдарламасын іске асыру барысын, қызметкерлермен жұмысты және басқа да Компания үшін маңызды бағыттарды қоса алғанда, 2016 жылды толықтай қамтып отыр.

Ілгері уақытта қабылданған бірқатар стратегиялық шешімдер байланыс операторы қызметінен көрініс тапты. Бұл ретте, компанияның бет-бейнесі де айтарлықтай өзгеріп отыр. Бүгінгі таңда Қазақтелеком өнімдер және қызметтердің көпбейінді портфелімен заманауи инфокоммуникациялық оператор имиджін қалыптастырды. Техникалық даму деңгейі мен капиталданудың тұрақты өсімі «Қазақтелеком» АҚ-ның қазақстандық телекоммуникация нарығындағы сенімді, жоғары тиімді және ілгерішіл компания ретіндегі беделін дәлелдейді.

Компания стратегиялық мақсаттарды табысты іске асыра, қызметтер мен сервистерді  дамыта отырып, ұзақ жылдар бойы нарықта көптеген позициялар бойынша көшбасшылық орнын сақтап келеді. Ағымдағы сәтте оператор заманауи телекоммуникация желісіне ие және инфокоммуникация қызметтері тұтынушыларының барлық негізгі мақсатты нарықтарын қамтиды. Қол жеткізілген жетістік статистикамен расталады: көлемі 677 млрд теңгеден асатын Қазақстанның ортақ байланыс нарығындағы «Қазақтелеком» АҚ үлесі 30,5% құрайды. Абоненттік база үй шаруашылықтары, бизнес субъектілері, мемлекеттік клиенттер, Қазақстан аумағындағы және одан тыс жерлердегі байланыс операторларының 3,6 млн астам қосылысынан тұрады. Тіркелген телефония нарығындағы Қазақтелекомның үлесі –  92,7%, тіркелген КЖҚ – 74,8%, ақылы телевидениеде 27,9% құрайды.

2016 жылы тұңғыш рет Fitch Ratings және Standard & Poors халықаралық рейтинг агенттіктері «Қазақтелеком» АҚ кредит рейтингін BB+ деңгейіне дейін көтерді, бұл компанияның жоғары дәрежедегі кредит мүмкіндігін, тәуекелдерді тиімді басқаруды және мақсатқа жоспарлы түрде қол жеткізу қабілетін көрсетеді.

Көшбасшылық ұстанымдарды сақтау, үдерістер тиімділігін арттыру, инновациялар енгізу жылдамдығын арттыру және «Қазақтелеком» АҚ клиенттерінің қажеттіліктерін мейлінше қанағаттандыру үшін 2014 жылдан бастап «Өрлеу» трансформация бағдарламасы іске асырылуда. 2016 жылы бағдарламаны іске асыру аясында стратегиялық бағыттар бойынша бірқатар сапалы өзгерістерге қол жеткізілді, ал трансформация бағдарламасын іске асырудан еркін ақша ағыны 22 млрд теңгені құрады.

Ақпараттық инфокоммуникацияның ғаламдық нарығындағы айтарлықтай қиын өзгерістері орын алған кезеңде әлемдік компаниялар даму қарқынын сақтап қалуға ұмтылуда. Осы мақсатта «Қазақтелеком» АҚ 2016 жылы Акционерлік құнын арттыру стратегиясын өзекті етті, ұзақ мерзімді даму стратегиясын жаңартты, бизнесті жақсарту саласын анықтап, жаңа перспективалық  бағыттарын айқындады. Айталық, электрондық коммерция, қаржы қызметтері, «Заттар интернеті», Big Data монетизациясы секілді бизнестің жаңа бағыттарын дамытуға айрықша көңіл бөлінді.

Енгізілген инновациялық жобалар ішінде конвергентті қызметтер айрықша орынға ие. Айталық, өткен жылы ұсынылатын қызметтер және қолданылатын технологиялар тізбесін кеңейту үшін «АЛТЕЛ» АҚ (ALTEL 4G сауда белгісі) және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (Tele2 сауда белгісі) бизнестері базасында ұтқыр сегментте бірлескен кәсіпорын құрылған болатын.  Екі компанияны біріктіру қысқа мерзімде екі компанияның да Қазақстанның ұтқыр нарығында болуын екі есе ұлғайтуға мүмкіндік берді. Бұл шешім тіркелген-ұтқыр конвергенция саласындағы бастапқы қатардағы оқиға  – байланыс саласының жаңа даму кезеңі болды.

Орташа мерзімді перспективада «Қазақтелеком» АҚ – еліміздің  ірі мультисервистік операторы. Қол жеткізілген деңгейді сақтап тұру үшін Компания бастамаларды іске асырып, жаңа қызметтер мен сервистерді әзірлеп және енгізуді жалғастыра беретін болады, алдағы жылдардағыдай клиентке бағдарлану қағидаттарын ұстану, бәсеке қабілеттілікті арттыру міндеттеріне қол жеткізу, өзгерістерге икемділік, алайда үздік дәстүрлерді сақтап, саланың өзекті трендтерін басшылыққа алуы Компания үшін басым бағыт болып қала береді.

Компаниялар тобы алдында амбициялы міндеттер тұр, оларды енгізу үшін заманауи технологиялық жабдықтау және кәсіби адами капитал қажет, бұл ресурстардың бәрі Қазақтелекомда толықтай бар.

2017 жыл оқиғалар мен жаңалықтарға толы болып, серпінді болғалы тұр, бұл үшін Компания жуырдағы уақыттарда инфокоммуникация нарығы мен Компания өсімінің негізін құрайтын жобаларды әзірлеу, тестілеу және енгізу жөніндегі бірқатар  іс-шаралар қатарын өткізді.


15%
60 > 30
1234567...

# Қысқаша шолу
# Қызметтің басты индикаторлары

«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ – ЕЛІМІЗДІҢ АУМАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ КЕҢ ШОҒЫРЫН ҰСЫНАТЫН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІ БАЙЛАНЫС ОПЕРАТОРЫ.

**Ресми толық атауы:** «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы.
**Орналасқан мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сауран к-сі, 12.

ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ

FitchRatings

«Қазақтелеком» АҚ (Компания, Қоғам, Қазақтелеком) ұлттық деңгейдегі байланыстың қуатты заманауи желісіне ие және ақпараттық-коммуникациялық қызметтерді тұтынушылардың барлық негізгі мақсатты нарығын қамтиды. Компания байланыс қызметтерін, оның ішінде ауылда байланыс қызметтерін ұсынуда көшбасшы, Ұлттық деректер беру желісінің ірі операторларының бірі болып танылған Қазақстандағы тіркелген телефонияның ірі операторы болып табылады.




**3.67** Тіркелген телефон байланысының **млн абоненті**

**1.5** Тіркелген КЖК **млн абоненті**

**670** Ақылы ТВ **мың абоненті**

| Кірістер — | Таза пайда — | EBITDA margin — |
|---|---|---|
| **205 820 млн теңге** | **55 832 млн теңге** | **35.8%** |

2016 ЖЫЛДЫҢ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДА «FITCH RATINGS» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГ АГЕНТТІГІ «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ КРЕДИТТІК РЕЙТИНГІН «ОҢ» БОЛЖАМ «BB» ДЕҢГЕЙІНЕН «ТҰРАҚТЫ» БОЛЖАМ «BB+» ДЕҢГЕЙІНЕ ДЕЙІН КӨТЕРДІ.

ҰЛТТЫҚ ШӘКІЛ БОЙЫНША «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ РЕЙТИНГІ «ТҰРАҚТЫ» БОЛЖАМ «A+ (KAZ)» ДЕҢГЕЙІНЕН «AA- (KAZ)» ДЕҢГЕЙІНЕ ДЕЙІН КӨТЕРІЛДІ.

# ҚЫЗМЕТТІҢ БАСТЫ ИНДИКАТОРЛАРЫ

| Қаржылық көрсеткіштер (шоғырландырылған)** | Өлш.бір. | 2016 | 2015 | 2014 | 2013 | 2012 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қызметтерді сатудан кірістер | млн теңге | 205 820 | 189 754* | 208 223 | 190 867 | 175 669 |
| Таза пайда | млн теңге | 55 832 | 24 388 | 7 484 | 19 614 | 222 130** |
| EBITDA | млн теңге | 73 718 | 66 745* | 61 580 | 65 829 | 69 068 |
| EBITDA margin, | % | 35,8 | 35,2* | 29,6 | 34,5 | 39,3 |
| Күрделі салымдар | млн теңге | 15 014 | 38 699 | 55 154 | 61 503 | 63 270 |
| **Тиімділік көрсеткіштері** | **Өлш.бір.** | **2016** | **2015** | **2014** | **2013** | **2012** |
| ROIC (инвестицияланған капиталға қайтару) | % | 10,1 | 8,4* | 6,0 | 6,9 | 120,9** |
| Бір абонентке орташа кіріс (ARPU) | теңге/айына | 3 605 | 3 582 | 3 413 | 3 086 | 2 823 |
| Қызметкерлер саны | адам | 25 117 | 28 343 | 29 000 | 29 848 | 29 237 |
| Кірістер, барлығы, 1 қызметкерге | | 8 194 | 6 912* | 7 180 | 6 395 | 6 008 |
| **Активтер туралы мәліметтер** | **мың теңге** | **2016** | **2015** | **2014** | **2013** | **2012** |
| Активтер, барлығы | млн теңге | 468 962 | 436 494* | 417 693 | 416 135 | 419 259 |
| Ұзақ мерзімді кредиттер | млн теңге | 53 795 | 27 300* | 56 426 | 36 029 | 63 786 |
| Меншікті капитал | млн теңге | 343 798 | 292 421* | 270 309 | 265 503 | 276 748 |
| **Техникалық көрсеткіштер** | **Өлш.бір.** | **2016** | **2015** | **2014** | **2013** | **2012** |
| Тіркелген желіжолдар саны | желіжолдар | 3 670 696 | 3 878 584 | 4 063 258 | 4 085 811 | 4 047 566 |
| Жергілікті желіні цифрландыру деңгейі | % | 100 | 100 | 99,06 | 98,2 | 97,2 |
| Тіркелген КЖҚ абоненттерінің саны | абоненттер | 1 592 146 | 1 502 632 | 1 543 138 | 1 467 520 | 1 203 897 |
| Ақылы ТВ абоненттерінің саны | орындар | 670 127 | 607 762 | 530 630 | 455 378 | 148 649 |
| **Макроэкономикалық көрсеткіштер** | **Өлш.бір.** | **2016** | **2015** | **2014** | **2013** | **2012** |
| Қазақстан тұрғыны, барлығы | мың адам | 17 926,5 | 17 670,9 | 17 417,4 | 17 165,2 | 16 911,91 |
| ЖІӨ өсуі | % | 101,1 | 101,2 | 104,3 | 106,0 | 105,0 |
| Тұтынушылық баға индексі | % | 108,5 | 113,6 | 107,4 | 104,8 | 106,0 |
| Долларға шаққандағы теңге бағамы, орташа бір жылға | теңге | 342,16 | 221,73 | 179,19 | 152,13 | 149,11 |

** Аудиттелген қаржылық есептілікке сайкес Қоғамның 2015 жылға қаржылық көрсеткіштері. 2015 жылғы 3 қарашада компания «АЛТЕЛ» АҚ (ALTEL 4G бренді) және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (Tele2) базасында ұтқыр сегментте бірлескен кәсіпорын қалыптастыру бойынша Tele2 Group мәмілесін жасау туралы шешімін жариялады. Осылайша, «АЛТЕЛ» АҚ қызметі өз қызметін тоқтатқан ретінде сыныпталды.*

*** «GSM Қазақстан» ЖШС-дағы қатысу үлесін сатуға байланысты, 2012 жылға қаржылық көрсеткіштер тоқтатылған қызметтен түскен пайданы ескере отырып көрсетілген.*

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



**Құрметті әріптестер, клиенттер және серіктестер!!**

2016 жыл әлемдік телекоммуникация нарығындағы нарықтың толысу белгілерін көрсетуін жалғастырған сындарлы жыл болды, ал оның ойыншылары әрі қарай өсу үшін дамудың жаңа деңгейін іздеумен болды. Әрине, бұл үрдістер біздің елімізді де айналып өткен жоқ, осындай сыналар шақ туғанда Қазақтелеком қойылған көрсеткіштерге қол жеткізіп, көшбасшылық тұғырын сақтап, кірісін арттырып, таңдап алынған басқару моделінің тиімділігін дәлелдеп қана қоймай, сонымен қатар ғаламдық трендтерге ілесе алатын, оларды бейімдеп, тәжірибесіне енгізе алатын оператор ретіндегі беделін нығайтып алды. Компания сенімділік, иннновациялық тәсіл, ресурстарды тиімді пайдалану, тұрақты даму, клиентке бағдарлану және сервис сапасын көтерумен тұрақты жұмыс оның айрықша ерекшеліктері болып табылатынын дәлелдеді. Осымен қатар Компанияда жыл бойы бизнес-үдерістер жетілдірілді, жабдықты және жүйелерді жаңғырту жүргізілді, өндірістік алаңдар оңтайландырылды, телекоммуникация желілерін мониторингілеу және басқару функциялары орталықтандырылды. Жыл нәтижелері «Өрлеу» бағдарламасы аясында қызметті трансформациялауға дер кезінде бағыт алынғанын нақты көрсетіп отыр деп есептеймін. Компанияда жүргізілген өзгерістер маңызды көрсеткіштердің бірінен көрініп отыр – 2016 жыл нәтижелері бойынша еркін ақша ағынынан нәтиже 22 млрд теңгеден астам соманы құрады.

Барлық бағыттар бойынша жұмыстың жүйелігі мен тиімділігінің болуын көрсететін тағы бір факті 2016 жылы Компанияның жоғары рейтингтіктерін Standard & Poor's және Fitch Ratings халықаралық агенттіктерінің растауы болып табылады.

Менің пікірімше, даму қарқыны және уақыттың қойып отырған ең қиын талаптарын қабылдау мүмкіндігін сақтау үшін өткен жылы ең маңызды шешімдердің бірі қабылданды – «Қазақтелеком» АҚ 2025 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясы жаңартылды. Бұл ретте, Компанияның ұзақ мерзімді перспективадағы жоспарларын топ-менеджмент бірнеше мыңдық ұжымның әрбір мүшесінің назарына жеткізді.

2016 жылы қол жеткізілген көрсеткіштердің барлығы Директорлар кеңесіне Басқарма қызметін, топ-менеджментті толықтай, компанияның құрылымдық бөлімшелері және өңірлік бөлімшелері басшыларын және әрбір қызметкерін жоғары бағалауға мүмкіндік береді. Директорлар кеңесінің атынан және өз атымнан барлығына қол жеткізілген нәтижелері және іске деген адалдығы үшін алғыс айтамын. Қазақтелеком қарқынды дамуын, алдыңғы қатарлы технологиялар мен қызметтерді енгізуді, қызмет көрсету және қызметтер ұсыну сапасын арттыруды, жаңа кіріс көздерін іздеуді жалғастыра беретініне, сондай-ақ салада қалыптасқан дәстүрлер мен әлеуметтік тұрақтылықтың көрнекі деңгейін сақтап қалатынына сенімдімін.

Директорлар кеңесінің міндеті қабылданатын басқарушылық шешімдер тиімділігін үнемі арттыру, компанияның ұзақ мерзімді жоспарларын іске асыруды қамтамасыз ету, нарықта көшбасшы ұстанымдарды ұстап тұру және корпоративтік басқару саласында жоғары стандарттарға адалдықты сақтау болып қала береді. Бұл жұмыстың 2017 жылы жалғасын табатыны сөзсіз.

Құрметпен,
«Қазақтелеком» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы



Н.Т. Байдәулетов.

# «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ БАСҚАРМАСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



**Құрметті акционерлер, инвесторлар, клиенттер, серіктестер!**

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының атынан 2016 жылға арналған жылдық есепті назарларыңызға ұсынып отырғаныма қуаныштымын.

Өткен жыл Компаниямыз үшін оңай жыл болмағанымен, бірқатар көрсеткіштер жағынан тартымды және табысты болды. Бұған өткен жылдың жұмысына жүргізілген талдау дәлел бола алады. Талдау Компанияның стратегиялық мақсаттары табысты іске асырылып жатқанын, қызметтер мен сервистерді қарқынды дамытып, қазақстандық телекоммуникация нарығының көптеген сегментінде көшбасшылық ұстанымдарын сақтап келе жатқанын көрсетті.

Қоғамның бейнесін, оның беделін трансформациялау бойынша 2015 жылы бастау алған жұмыс өткен жылы да жалғасын тапты. Нәтижесінде клиенттер мен серіктестер бізді мультисервистік оператор, ақпараттық-коммуникациялық саланың көшбасшысы және инновациялық қызметтерді енгізуде флагман ретінде қабылдайды.

Әрекеттер тактикасын өзгертуге ықпал еткен басты шешімдердің бірі «Қазақтелеком» АҚ 2025 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясын жаңарту болды. Стратегияда кейбір жобалар қайта қаралды, жаңа бизнестерді игеруге бағытталған жаңа бастама қосылды. Сондай-ақ, Компанияның күрделі салымдардың толық циклін басқару бойынша бекітілген саясаты барлық кезеңде инвестицияларды басқару үдерісін оңтайландыруға мүмкіндік берді. Біз қызметімізді басқару және ұйымдастырудың басты қағидаттарын қайта қарау бойынша шараларды дер кезінде қабылдадық, алдын ала әрекет етіп, өзгерістер мен клиенттердің үміттеріне бейімделдік, трансформация бағдарламасының шеңберінде өзгерістерге қол жеткізіп, компанияның кірісін көтере білдік. Өткен жылы алға қойылған мақсаттарды толық көлемде іске асырып, компанияның кірісін арттыра білдік. Бұл ретте көрсеткіштердің бірін ерекше атап өткім келеді – 2016 жылы еркін ақша ағынынан пайда 22 млрд теңгеден астам қаражатты құрады.

Біз үшін айтарлықтай табыс – ол Компанияның жоғары рейтингтерін Standard & Poor's және Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттіктерінің растауы: айталық 2016 жылы Standard & Poor's Компанияның кредит рейтингін «BB» деңгейінде растады және болжамын «Позитивтіге» дейін жақсартты, сонымен қатар, Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «Қазақтелеком» АҚ кредит рейтингін «BB+» дейіне дейін, болжамын «Тұрақтыға» көтерді. Біз «Қазақтелеком» АҚ кредит рейтингінің жақсаруын Компанияның кредит қабілеттілігінің жоғары деңгейін көрсететін оқиға, тәуекелдерді тиімді басқару жүйесінің белгісі және республиканың телекоммуникация нарығында көшбасшылық ұстанымдардың растауы болып табылады деп есептейміз.

Трансформация бағдарламасының шеңберінде жобаларды іске асыру өзінің анағұрлым белсенді кезеңіне жетті және стратегиялық жоспарда оң нәтижелерге әкелген қадамдар қабылданды. Бұған мыналар жарық үлгілер бола алады: Кадрлық іс қағаздар жүргізу бойынша ортақ қызмет көрсету орталығын (ОҚО), Жалақыны есептеу бойынша пилоттық ОҚО құру, жөндеу бюросын орталықтандыру және Алматыда мониторингілеу және басқару функцияларын шоғырландыра отырып, Телекоммуникация желілерін басқарудың бірыңғай орталығын құру, Алматы ОТД-мен «Алматытелеком» ҚТО және Ақмола ОТД-мен «Астанателеком» ҚТО біріктірудің аяқталуы.

Бұл ретте, біз заттардың мәні және олардың құрылу қағидаттарын ғана түсініп қоймаймыз, бәсекеге қабілетті өнімді жоғары білікті мамандар ғана жасай алатынын жете ұғынамыз. Сондықтан Компания қызметкерлерді оқытуға және біліктілігін арттыруға әрдайым күш салады. Қызметкерлерді ынталандыруға ерекше көңіл бөлеміз, осы мақсатта Астана қаласында әлемге танымал кәсіпкер және Alibaba Group негізін қалаушы, бизнес пен басқару гуруі Джек Мамен үздік қызметкерлердің кездесуі, сондай-ақ экономист, «Why Nations Fail» заманауи саяси-экономикалық бестселлерінің авторы Дарон Аджемоглумен диалог алаңшасы мен автограф-сессиясы ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар оның қатысушыларына ұмытылмас әсер қалдырды және оларды жаңа жобалар мен идеяларға шабыттандырды.

Ұсыныстарды, креативті және инновациялық идеяларды жинау және Компания ішінде сенімді нығайту мақсатында топ-менеджмент пен қызметкерлер арасында барлық филиал үшін коммуникациялық сессияларды ұйымдастырып өткіздік. Осының нәтижесінде сапалы кері байланысқа қол жеткіздік, әріптестеріміздің көкейіндегі сұрақтарына жауап бердік, Компанияның жаңа стратегиясын түсіндіріп, таяу жылдары Қазақтелекомның қалай дамитынын жете айтып бердік. Мұнымен қатар көптеген өңірде уәждемелік, таныстыру және имидждік іс-шаралар өткіздік, бұл Компанияның беделіне оң ықпал жасады және бұл бізді ілгерішіл оператор ретінде көрсетеді.

2016 жылы қол жеткізген табыс – бұл барлық бөлімшенің үйлесімді жұмысының және Компания ішіндегі тиімді коммуникациялардың нәтижесі екенін түсінеміз және бағалаймыз. Осы орайда, алға қойылған мақсаттарды орындауға қосқан үлестері мен өте жақсы атқарған жұмыстары үшін барлық қызметкерге алғысымды білдіремін.

Ішкі өзгерістерден басқа, сыртқы ортадағы өзара қарым-қатынастарды нығайтуға бағытталған жұмыстар да жалғасын тапты. Халықаралық телекоммуникация нарығының «China Telecom Global», «Ростелеком» ЖАҚ, «KoreaTelecom», «Telecommunication Company of Iran», «AfganTelecom» сынды және т.б. үздік компаниялармен стратегиялық ынтымақтастық Қазақтелекомның еуроазиялық континентте түпкілікті клиенттер үшін транзиттік қызметтердің жеткізушісі болуына, АКТ қолдана отырып, виртуалды жұмыс тобы түрінде Инновациялық цифрлы технологиялар бойынша бірлескен біліктілік орталығын құруға, Орталық Азия елдерінде телекоммуникация қызметтерін ұсынып, Қазақстанның бейінді білім беру орындары негізінде басқа елдердің әріптестерімен бірге ғылыми АКТ зерттеулері саласында бірлескен инновациялық жобаларды іске асыруына мүмкін берді. Ынтықмақтастықты нығайту және дамыту шеңберінде Қазақстан мен Ресей арасында лимитсіз халықаралық қоңырауларды іске қосып, жуық арада серіктестермен енгізу көзделіп отырған бірқатар жобаны әзірлей алдық. Сонымен бірге 2016 жылы жыл сайынғы ауқымды оқиға – экономика, қаржы және менеджмент саласындағы әлемдік сарапшылардың сөз сөйлеп, тәжірибемен бөлісу алаңы болып табылатын Астана экономикалық форумының барысында Қазақтелеком бөлек сессия – Blockchain технологиясы мен мемлекеттік басқарудағы оның рөліне арналған workshop өткізді. Сессия белгілі спикерлерді ғана емес, форумдағы ең үлкен және белсенді аудиториялардың бірін жинады.

Компания қол жеткізген табыстарымен шектеліп қалмайды, алда қаншама тартымды және болашағы зор жобалар бар. Нарыққа жаңа өнімдер мен қызметтер керек, яғни алдымызда амбицияға толы және ауқымды міндеттер тұр. Сондықтан 2017 жылы «Қазақтелеком» АҚ оларды іске асыруға барынша күш салатын болады. Асқар шыңдарды бағындыру үшін жеткілікті зияткерлік әлеуетке және нақты, қаржы ресурстарына ие екенімізге кәміл сенемін!

Құрметпен,
«Қазақтелеком» АҚ
Басқармасының Төрағасы

Қ.Б. Есекеев

STANDARD & POOR'S ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГІЛІК АГЕНТТІГІ КОРПОРАТИВТІК КРЕДИТТІК РЕЙТИНГІ БОЙЫНША БОЛЖАМДЫ «ТҰРАҚТЫДАН» «ПОЗИТИВТІГЕ» ЖАҚСАРТТЫ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ КРЕДИТТІК РЕЙТИНГІЛЕРІН «BB» ДЕҢГЕЙІНДЕ РАСТАДЫ.



alarm
excellent
18 - 23
date
alarm
excellent

| | |
|---|---|
| **Қаңтар >** | • «Нұр Отан» партиясы XVII съезін өткізуге техникалық қолдау. |
| **Ақпан >** | • Сервис жүйесі орындарында комиссиясыз телекоммуникация қызметтерінің жаңа демо-орындары таныстырылды. |
| **Наурыз >** | • «Қазақтелеком» және Tele2 AB арасында ұтқыр сегментте бірлескен кәсіпорын құру жөніндегі мәміле аяқталды. |
| **Сәуір >** | • «Қазақтелеком» АҚ және «Нетрис» компанияның бірлескен жобасы «Мультисервистік желінің үздік кешенді жобасы» аталымында жеңімпаз болды.<br>• Адам ресурстарын басқару жөніндегі XI халықаралық конференция аясында HR-бағытында «Ортақ қызмет көрсету орталығы» таныстырылды.<br>• «Қазақтелеком» АҚ және «China Telecom» арасында Гонконгтен Майндағы Франктфуртке дейінгі Rapid Europe-Asia Link (REAL) бағыты бойынша тасымалдау арнасын жалдау туралы шартқа қол қойылды.<br>• «Қазақтелеком» АҚ және «Ростелеком» БАҚ арасында өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.<br>• Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы 2015 жылдың қорытындылары бойынша дивидендтер мөлшерін бекітті. Бір жай акцияға дивиденд 331,73 теңгені құрады. |
| **Мамыр >** | • «KT Cloud Lab» ЖШС базасында «1434» жер реформасы мәселелері бойынша байланысу орталығы іске қосылды.<br>• «Қазақтелеком» АҚ және «TEM invest» арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.<br>• «Атамекен» ҚР кәсіпкерлерінің ұлттық палатасымен отандақ тауар өндірушілерді қолдау жөніндегі өзара іс-қимыл туралы келісімге қол қойылды.<br>• Достық – Алашанькоу ауданында резервпен «China Telecom» компаниясымен түйіспені кеңейту орындалды.<br>• Астана экономикалық форумы аясында «Мемлекеттік басқару саласында blockchain технологиясын қолдану перспективалары» тақырыбына workshop өткізілді.<br>• «Қазақтелеком» АҚ және KTCorporation (Корея) арасында АКТ-бизнес саласындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.<br>• «AlibabaGroup» компаниясының негізін қалаушы Джек Маның «Қазақтелеком» АҚ үздік мамандарымен кездесуі өткізілді.<br>• «Why Nations Fail» заманауи саяси экономикалық бестселлер авторы, әйгілі экономист Дарон Аджемоглудың «Қазақтелеком» АҚ қызметкерлерімен қолтаңба сессиясы өткізілді.<br>• «Қазақтелеком» АҚ және «Астана ЭКСПО-2017» АҚ ҰК арасында EXPO-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыру жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.<br>• «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының 2020 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясы жаңартылды. |
| **Маусым >** | • «Ростелеком» БАҚ-пен бірлесіп, «Лимитсіз Ресей» тарифі» қызметтер топтамасы іске қосылды.<br>• Қазақстан Республикасының Бала құқығы жөніндегі өкілі, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты З.Я. Балиевамен өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.<br>• «Carrier Meeting» операторларының 8 конференциясы өткізілді. |
| **Шілде >** | • «Қазақтелеком» АҚ ірі акционерлері құрамындағы өзгеріс – мәміле нәтижесінде «Қазақтелеком» АҚ жаңа ірі акционері Sobrio Limited компаниясы болды (БАӘ).<br>• Ауылдық елді мекендерде LTE технологиясы бойынша интернет желісіне қатынау қызметтері жаңа топтамаларын іске қосу.<br>• Жеке тұлғалар үшін ADSL технологиясы бойынша «Megaline Minimum Plus» қызметтер топтамасын іске қосу. |
| **Тамыз >** | • Заңды тұлғаларға арналған «Қауіпсіз интернет».<br>• Негізгі қызметтен қол үзбей, мемлекеттік тілді қашықтан оқыту бойынша жаңа курсты іске қосу.<br>• Алматы қ. төтенше жағдайлар кезінде тұрғындарды уақытылы хабардар ету үшін шұғыл бейнехабарламаларды ұсыну мүмкіндігі қамтамасыз етілді. |

| | |
|---|---|
| **Қыркүйек >** | • iD Net 300 Мбит/с, iD Net 500 Мбит/с, iD Net 1 Гбит/с жаңа тарифтік жоспарларын іске қосу.<br>• «Қазақтелеком» АҚ және «Датагруп» REAL украиналық байланыс операторымен бірлескен жоба<br>• «TelecomAWARDS-2016» І бүкілукраиналық телеком компаниялары мен медиа-индустрияларын марапаттау рәсімінде «Магистральдық желілер және тасымалдау қызметтері салсындағы үздік жоба» номинациясын алды.<br>• Компанияның қызметтеріне WhatsApp қосымшасы арқылы қосылу бойынша пилоттық жобасы іске қосылды.<br>• Компания қызметкерлері арасында «Денсаулық» жазғы көпсайысы бойынша XIV спартакиада өткізілді.<br>• Telegram және Facebook мессенджерлері базасында АЖД клиенттерімен баламалы өзара іс-қимыл цифрлық арнасы енгізілді.<br>• «Қазақтелеком» АҚ және China Mobile арасында Достық-Алашанькоу ауданында түйіспені кеңейту туралы меморандумға қол қойылды.<br>• China Mobile-мен бірлесіп, Еуропа-ЮВА бағытында DREAM маршрутында транзит ұйымдастырылды.<br>• «Қазақтелеком» АҚ және «Түркментелеком» ГКЭ мен Aryacell Telecommunication Development (JSC) Co компаниялары арасында үшжақты ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.<br>• «iD TV» қызметі бойынша арналар саны 85-тен 125-ке ұлғайтылды.<br>• «Бұлтты» бейнебақылау ұйымдастыру» жобасын іске асыру басталды. |
| **Қазан >** | • Республиканың 6 өңірінде What'sApp қосымшасы арқылы жаңа сату арнасының таныстырылымы болды.<br>• «Қазақтелеком» АҚ «Қазақстандық ақпарат, байланыс және телекоммуникациялар қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ және «Ақпараттандыру және байланыс қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ-мен үшжақты жаңа Ұжымдық шартқа қол қойылды.<br>• «Қазақтелеком» АҚ «RS Solution» серіктесімен бірлесіп, Ұлттық Mail.kz электрондық порталын іске қосуды таныстырды.<br>• Standard & Poor's халықаралық рейтингілік агенттігі корпоративтік кредиттік рейтингі бойынша болжамды «Тұрақтыдан» «Позитивтіге» жақсартты және «Қазақтелеком» АҚ кредиттік рейтингілерін «BB» деңгейінде растады.<br>• Жаңа баламалы ресейлік оператормен («Милеком» ЖШҚ) ҚР/РФ шекарасында түйіспе ұйымдастырылып, телекоммуникация қызметтерін көрсетуге шарт жасалды. |
| **Қараша >** | • Алматы қ. Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде Хакатон өтті: «Қазақтелеком: mail.kz арналған шешімдер».<br>• «KT Cloud Lab» ЖШС базасында 111 балалар құқықтарын қорғау жөніндегі байланыс орталығы іске қосылды.<br>• «Қазақтелеком» АҚ «Шағын және орта бизнес субъектілерін қолдау» номинациясында «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ компаниялары тобы бойынша үздік Тапсырыс беруші болып танылды.<br>• «Қазақтелеком» АҚ, «Самұрық-Қазына» АҚ және «KoreaTelecom» арасында үшжақты өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.<br>• «Жалақыны есептеу функциясы бойынша «Ортақ қызмет көрсету» (ОҚО) пилоттық жобасы іске қосылды.<br>• «Қазақтелеком» АҚ «Ростелеком» ЖАҚ-мен бірлесіп, «B2B арналған лимитсіз Ресей» тарифі» қызметтер топтамасы іске қосылды |
| **Желтоқсан >** | • «Қазақтелеком» АҚ «Квант-Телеком» ЖАҚ (РФ) және «Датагруп» ЖАҚ (Украина) бірлесіп, Гонконг қ. Еуропа–Қытай–REAL транзиттік маршрутының таныстырылымы өткізілді.<br>• «FitchRatings» халықаралық рейтингілік агенттігі «Қазақтелеком» АҚ кредиттік рейтингін «Позитивті» болжам «BB»-дан «Тұрақты» болжам «BB+» деңгейіне дейін көтерді.<br>• 1 акцияға 300 теңге мөлшерінде артықшылықты акциялар бойынша 2016 жылға кепілді дивиденд төлеу жүргізілді.<br>• SMART TV қосымшасы арқылы «iD TV Online» қызметтеріне қатынауды іске асыратын бағдарламалық-аппараттық кешен пайдалануға енгізілді (2014 жылдан бастап шығарылған Samsung модельдері үшін).<br>• GPON желісінің сыйымдылығы 120 мыңнан аса портқа кеңейтілді |

# Компания профилі





«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ – ЗАҢДЫ ТҰЛҒА, ӨЗІНІҢ ҚҰРАМЫНДА 21 ФИЛИАЛЫ БАР. СОНДАЙ-АҚ «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРАМЫНА ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР КІРЕДІ.

# НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТТЕР

«Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясы «Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясын құру туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 маусымдағы № 666 қаулысына сәйкес республиканың барлық аумағында байланыс қызметтерінің кең көлемін көрсететін, құрылып отырған ұлттық ауқымдағы акционерлік қоғамның жарғы қорына мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдар мен телекоммуникация ұйымдарының мүлкін беру жолымен құрылды.

Бастапқы мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының әділет органдары 1994 жылғы 1 желтоқсанда жүргізген.

1996 жылдың наурыз айында көлемі 12,1 млрд теңгені құраған жарғы қоры шамасына акциялардың бастапқы эмиссиясы тіркелді.

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Қазақтелеком» ашық акционерлік қоғамын «Қазақтелеком» акционерлік қоғамына («Қазақтелеком» АҚ) қайта тіркеу жүргізілді. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы № 6924-1901-АҚ куәлікті Астана қаласының Әділет департаменті 2004 жылғы 1 сәуірде берген.

2012 жылғы 26 қаңтарда Астана қаласы Әділет департаменті Сарыарқа аудандық Әділет басқармасының құрылуына байланысты Қоғамға заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы басқа нөмірмен № 570-1901-01-АҚ жаңа куәлік берілді. «Қазақтелеком» АҚ заңды мекенжайының өзгеруіне байланысты 2014 жылғы 18 тамызда Астана қаласының Әділет департаменті заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама берді.

Компания Қазақстан Республикасы Инвестициялар дәне даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті берген 2014.09.10 № 14014826 бас лицензия негізінде әрекет етеді.

«Қазақтелеком» АҚ негізгі акционері жарғылық капиталына мемлекет 100 пайыз қатысатын, Компанияның 51% жай акцияларының ұстаушысы «Самұрық-Қазына» АҚ болып табылады.

«Қазақтелеком» АҚ – заңды тұлға, өзінің құрамында 21 филиалы бар. Сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ активтерінің құрамына еншілес ұйымдар кіреді.

Компанияның орталық офисі Қазақстанның астанасы – Астана қаласында орналасқан. Компанияда 25 мыңға жуық адам жұмыс істейді. «Қазақтелеком» АҚ еліміздің әрбір облысында өңірлік бөлімшелері бар және оның барлық аумағы бойынша байланыс қызметтерін көрсетуді қамтамасыз етеді.

# МИССИЯСЫ, ПАЙЫМЫ, СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

**«Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының (Топ) МИССИЯСЫ:**

***Өзгере, таңдандыра және үміт еткеннен де асып түсіп, әрбір адамның қайталанбас әрі әдеттегі өмірінің бөлшегі болу!***

Топтың Миссиясындағы түйіндер мына ұғымдар болып табылады:

***өзгере*** — технологиялар мен нарықтың, сұраныс пен бәсекелестік жағдайдың өзгеруіне уақытында әрі оңтайлы әрекет жасауға бағытталған Компанияның құрылымы мен үдерістері;

***таңдандыра*** — бірегей клиенттік тәжірибеге қол жеткізу;

***үміт еткеннен де асып түсіп*** — инновациядағы қажеттілікті қалыптастыру және қанағаттандыру, инновацияда көшбасшы болу;

***әрбір адамның*** — барлық сегмент, саралап жағдай жасау;

***қайталанбас*** — инновациядағы көшбасшылық, баға, география және қызметтер кешені есебінен нарықтағы бірегей ұсынысты беру арқылы бәсекелесу;

***әдеттегі*** — қатынасу ортасын құру, ақпарат алу және онымен алмасу, білімді басқару, көңіл көтеру және әлеуметтілік;

***өмір бөлшегі*** — достижение уникального клиентского опыта;

***болу*** — Топтың стратегиясына сәйкес оның трансформациясының негізін қалау.

| МИССИЯСЫ | ПАЙЫМЫ | СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР | | РЕЗУЛЬТАТ |
|---|---|---|---|---|
| Өзгере, таңдандыра және үміт еткеннен де асып түсіп, әрбір адамның қайталанбас әрі әдеттегі өмірінің бөлшегі болу! | Инфокоммуникация нарығында қазақстандық ықпалдастырылған көшбасшы оператор  | Барша отбасына арналған қызметтер супермаркеті: коммуникация, ақпарат, ойын-сауық үшін №1 таңдау |  | Компанияның акционерлік құнын ұлғайту стратегияны табысты іске асырудың нәтижесі болады  |
| | | Ықпалдастырылған оператор |  | |
| | | Қазақстандық бизнестің ақпараттық іргетасы |  | |
| | | Тиімді бизнес үлгі |  | |
| | | Жаңа бизнестер |  | |

***«Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының стратегиясы*** тіркелген бизнесте көшбасшылық ұстанымдарды сақтауға, ықпалдастырылған операторды кезең-кезеңмен қалыптастыра отырып, ұтқыр бизнесті дамытуға, телекоммуникациямен сабақтас салаларда нақты даму үшін негізгі бизнеспен синергияны пайдалануға бағытталған. Бұл ретте, ұқсас компаниялар үшін бизнестің операциялық тиімділігін орташадан жоғары деңгейде сақтау және күрделі инвестициялар тиімділігін арттыру міндеттері қойылған.

Қазақстанның телекоммуникациялық нарығында көшбасшылық ұстанымдарды сақтау және ақпараттық-коммуникациялық нарыққа қатысуды арттыру үшін Қазақтелеком «АЛТЕЛ» (ALTEL 4G бренді) және «Мобайл  телеком-Сервис» ЖШС (Tele2 бренді) негізінде құрылған ұтқыр сегменттегі бірлескен кәсіпорын арқылы ұтқыр байланыс нарығына қатысуды нығайтуда.




*Қазақстанның телекоммуникация нарығының «өсу көздері» (2015–2025 жж.)*

Қазақтелеком қазақстандық нарықта басқа ойыншылармен салыстырғанда бірқатар сөзсіз артықшылықтарға ие, атап айтқанда:

- Қазақстанның халқын байланыс қызметтерімен кеңінен қамту – 80% аса үй шаруашылығы «Қазақтелеком» АҚ тіркелген телефониясына қосылған;
- елімізде баламасы жоқ сым байланыс инфрақұрылымына ие – Қазақстанның 80% аса үй шаруашылығын техникалық қамту, оның ішінде:
  - 30% үй шаруашылығы GPON жоғары жылдамдықты деректер беру инфрақұрылымына қатынаумен қамтамасыз етілген;
  - 60% үй шауашылығы – 20 Мб/с дейінгі жылдамдықты қамтамасыз ететін ADSL 2+ инфрақұрылымына қатынау;
  - 10% үй шаруашылығы базалық телефония қызметіне ғана қатынай алады;
- бөлшек сату орындары мен абоненттерге қызмет көрсетудің жетілген желісіне ие – Қазақстан аумағы бойынша 300-ден аса;
- тұтынушылар сенім білдіретін танымал бренд.

Мұнымен қатар Топтың алдында акционерлік құнын құру мен арттырудағы оның мүмкіндігіне ықпал ететін және ұзақ мерзімді стратегиясын қалыптастыру кезінде ескерілуі тиіс маңызды стратегиялық жоғары талаптар тұр:

- Компания бизнесінің өсу қарқындары мен масштабының төмендеуі:
  - тіркелген желіжолдардан бас тартудан және абоненттердің ұялы байланыс пайдасына тіркелген телефония қызметтерінен бас тартуынан тіркелген телефония түсімінің төмендеуі;
  - тіркелген КЖҚ нарығында бәсекелестіктің артуы;
  - тез өсетін бағыттардағы әлсіз ұстанымдар – ұтқыр сегмент, АКТ;
- тұтынушылардың тегін контентті жоғары деңгейде пайдалануы;
- реттеуші шектеулер:
  - ұтқыр бизнесті дамытуда реттеуші қолдаудың болмауы;
  - тіркелген бизнесте реттеуші шектеулер (мысалы, B2C үшін тіркелген байланыс тарифтерін реттеу, өңірлік жіктеу мүмкіндігінің болмауы);
- ұсынылатын қызметтердің үлестік бағасының төмендеуінен бизнестің маржиналдығының қысқаруы;
- инфрақұрылымға салынар инвестициялармен, оның ішінде өтімділігі төмен әлеуметтік жобаларды іске асыруға байланысты елеулі жүктеме.

2016 жылы нарықтың үрдістеріне және жоғары талаптарына жауап беретін «Қазақтелеком» АҚ акционерлік құнды көтеру стратегиясы өзектендірілді. Жаңартылған стратегияда қойылған мақсаттарға және ықтимал сын-тегеурінге ойдағыдай қарсы әрекет ету үшін ***Топтың пайымын*** қалыптастыратын **5 стратегиялық бастама** және стратегиялық бағыттардың шеңберінде 70-тен аса бастама көрсетілді:

» Барша отбасына арналған қызметтер супермаркеті: коммуникация, ақпарат, ойын-сауық үшін №1 таңдау;
» Қазақстандық бизнестің ақпараттық іргетасы;
» Ықпалдастырылған оператор;
» Тиімді бизнес-модель;
» Жаңа бизнестер.

**1. «Барша отбасына арналған қызметтер супермаркеті» бастамалар тобы** мыналарды көздейді:

- үй шаруашылығына телекоммуникациялық және басқа да қызметтердің топтамалық ұсынысының өтімділігін арттыру, ол үй шаруашылығының барлық мүшесінің коммуникацияға, ақпарат пен ойын-сауыққа деген қажеттілігін толықтай қанағаттандырады;
- абоненттердің пайдаланушылық тәжірибесін және айнымас қарым-қатынасын арттыру;
- сату арналарының жалпы тиімділігін көтеруге бағытталған функцияларды дамыту;
- Компанияның брендін және оның мәртебесін жетілдіру.

**2. «Қазақстандық бизнестің ақпараттық іргетасы» бастамалар тобы** мыналарды қамтиды:

- топтамаларды құру және тарифтер мен баға саясатын жетілдіру, қатынау технологияларын дамыту арқылы ағымдағы ұстанымдарды қорғау;
- операторлық нарықта ұстанымдарды нығайту;
- АКТ бизнесін дамыту;
- сатуға клиент және сегмент бағдарлы амал-тәсілді дамыту.

**3. «Ықпалдастырылған операторды қалыптастыру» бастамалар тобы** Теле2-мен өзінің ұтқыр бизнесін біріктіру бойынша бағыт аясында инвестицияларының тиімділігі мен кірістілігін арттыру үшін акционерлердің келісімінде келісілген құқықтар шеңберінде «Теле2» басқаруындағы «АЛТЕЛ» АҚ мен «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС бизнестерінің негізінде 2016 жылы құрылған бірлескен кәсіпорынды (БК) басқаруда белсенді рөлге ие болу қажеттілігін көздейді және мыналарды қамтиды:

- БК Директорлар кеңесінің деңгейінде тиімді мақсатты тұжырымдау;
- кірістегі синергияларды іске асыру;
- шығыстағы синергияларды іске асыру;
- опционды пайдаланудан пайданы барынша арттыру.

**4. «Тиімді бизнес-модель»** Топтың алға қойған стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін қаржылық көрсеткіштерге тікелей ықпал етуімен қатар, бұған дейін белгіленген маңызды стратегиялық бастамаларды іске асыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету тұрғысынан тиісті шарт болып табылады. Бизнес-модельді жаңғырту Топтың еңбегін ұйымдастыру мен өнімділік тиімділігін арттыру, үдерістері мен корпоративтік мәдениетін жетілдіру бойынша бастамалар кешенін көздейді.

**5.** Дәстүрлі телекоммуникация бизнесінде бәсекелестіктің артуы және кірістің төмендеуі орын алып жатқандықтан, сабақтас қызмет салалары Қазақтелеком үшін балама өсу көзі бола алады. **«Жаңа бизнестер» бастамалар тобы** жаңа сабақтас қызмет салаларын дамытуға бағытталатын болады:

- қаржылық қызметтерді дамыту;
- электрондық коммерцияны дамыту;
- экономиканы цифрландыру;
- Big Data коммерцияландыру;
- e-learning дамыту.

# АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қоғамның жарғылық капиталы 12 136 529 мың теңге құрайды, 10 922 876 жай акциядан және 1 213 653 артықшылықты акциядан тұрады. Бір акцияның атаулы құны – 1 000 теңге. «Қазақтелеком» АҚ артықшылықты акцияларының үлесі айналысқа шығарылған акциялар жалпы санының 10% құрайды.

«Қазақтелеком» АҚ жай және артықшылықты акциялары 1997 жылғы 16 қазаннан бастап «А» санаты бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – Биржа) ресми тізіміне қосылған, 2008 жылғы 1 қыркүйектен бастап Биржаның ресми тізімінің бірінші санатына ауыстырылды.

2009 жылғы 30 қазаннан бастап «Қазақтелеком» АҚ облигациялары «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздары» санаты бойынша Биржаның ресми тізіміне қосылды.

2014 жылы 26 желтоқсанда Алғашқы 90 000 000 000 теңге облигациялық бағдарламасы шегіндегі «Қазақтелеком» АҚ облигацияларының 21 000 000 000 теңгеге бірінші шығырылымы «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қарыздық бағалы қарыздары» санаты бойынша биржаның ресми тізіміне енгізілді.

2006 жылғы 28 сәуірде «Қазақтелеком» АҚ акцияларының мемлекеттік пакеті Қазақстанның бірқатар ірі компанияларының мемлекеттік үлестерін тиімді басқару үшін ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы № 117 қаулысымен құрылған «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-на берілді.

«Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығын іске асыру бойынша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысымен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, Қор) «Қазына» тұрақты даму қоры» және «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық қоры» акционерлік қоғамдарының бірігуі жолымен құрылды. Бүгінгі күні Қор Қоғамның ең ірі акционері болып табылады.

2016 жылдың шілде айында Қоғам акциялары топтамасын Bodam B.V. және Deran Services B.V. компанияларынан сатып алған (Қоғамның жай акцияларының 24,47%) Sobrio Limited «Қазақтелеком» АҚ жаңа ірі акционері болды.

**Собственники простых акций АО «Казахтелеком» по состоянию на 01.01.2017**

| **Акционерлер** | **Акция саны** | **Үлесі (%)*** |
|---|---|---|
| «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ | 5 570 668 | 51,00 |
| Sobrio Limited | 2 672 592 | 24,47 |
| BNY Mellon (атаулы ұстаушы) | 1 001 276 | 9,17 |
| 5% кем үлесі бар басқа да акционерлер | 1 678 340 | 15,37 |
| **Барлық жарияланған жай акция** | **10 922 876** | **100** |

2017.01.01 жағдай бойынша Қоғам Басқармасының және Директорлар кеңесінің мүшелері «Қазақтелеком» АҚ жай акцияларының меншік иесі болып табылмайды, акцияларды тоғыспалы иемдену жоқ.

**«Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің 2017.01.01 жағдайдағы құрылымы***




** Үлес орналастырылған жай акциялардың санына қатысты есептелген*

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ-дағы «Қазақтелеком» АҚ жай акцияларының құны 14 522,97 теңгені құрады, «Қазақтелеком» АҚ артықшылықты акцияларының құны 7 828,00 теңгені құрады.

**«Қазақтелеком» АҚ акцияларының құны (теңге)****




*** Соңғы қолжетімді датаға жабу бағасы*

Компания акциялары құнының өсуі үшін ықтимал триггерлер – бизнестің тиімділігін арттыру мақсатында Компания қызметінің барлық бағыттары бойынша тұрақты жұмыс, 2016 жылғы жақсы қаржылық нәтижелер және келешекке қойылған биік мақсаттар. Сонымен қатар, 2016 жылы Fitch Ratings халықаралық рейтингілік агенттігі Компанияның рейтингін BB+ деңгейіне дейін көтерді, қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері ұлғайтылды және бұл жалпы алғанда Компанияның құнына жағымды әсер етуде.




2016 жылы «Қазақтелеком» АҚ-да «Өрлеу» трансформация бағдарламасын белсенді іске асыру жалғасты. Бұған дейін жүргізілген дайындық жұмыстары қаржылық нәтижелермен қатар сапалық нәтижелер әкеле бастады. Бұған дәлел – маңызды қаржылы нәтиже – бос ақша ағынына әсер, яғни «Өрлеудің» арқасында табылған немесе үнемделген ақша сомасы.

**ЖЫЛ САЙЫН «ӨРЛЕУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖАҚСАРЫП КЕЛЕДІ.**

2014 жылы бұл сома 1,7 млрд теңгені құраса, 2015 жылы – 16 млрд теңге, ал 2016 жылы бос ақша ағынына әсер 23,7 млрд теңгені құрап, жоспарға қатысты 144% құрады.



«Қазақтелеком» АҚ 2025 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясын жаңарту Қоғам үшін 2016 жылы маңызды оқиғалардың бірі болды.  Онда жекелеген жобалардың параметрлері қайта қаралды, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында қызметтерді дамытуды көздейтін «Жаңа бизнестер» бастамасының бесінші блогы енгізілді. Атап айтқанда, Қоғам клиенттерге қаржы, электрондық коммерция, экономиканы цифрландыру, деректер массивін комерцияландыру (Big Data), электрондық білім саласында қызметтер көрсетуге ниетті.

Күтілгендей, 2016 жылы өсімді арттыруға бағытталған жобалар ең көп қаржылық нәтиже берді. Олардың қатарында қызметтерді топтамалау, жаңа сервистер мен өнімдерді енгізу, сату арналарын және сервисті дамыту, кетуді басқару бойынша жобалар бар. Бұл жобалар «Отбасы үшін қызметтер супермаркеті» және «Қазақстандық бизнестің ақпараттық іргетасы» атты бастамалар блогы аясында іске асырылуда.

Дүние жүзінде телекоммуникациялық қызметтер нарығында топтамалық қызметтердің өсуі байқалады. Қазақтелекомда 3 жылдан бері қызметтерді топтамалау трансформация бағдарламаларының алғы сапында келеді. 2016 жылдың нәтижелері бойынша 1 млн. аса абонент  ақылы трафик топтамаларына қосылды, ал 272,6 мың абонент үш және одан артық қызметтер топтамасын пайдаланады.

Абоненттерді ұстап қалуға айтарлықтай күш жұмсалды. Кетуді реактивті басқару бойынша іс-шаралардың аясында (қызметтерді ажыратуға өтініш берген абоненттерге қатысты сақтап қалу шараларын қабылдау) сақталған абоненттер үлесінің өсімі 2015 жылғы 34 %-дан 2016 жылы 53% -ға артты. Кетуді проактивті басқару бағыты бойынша кетуге бейінді абоненттерді анықтайтын предикторлар (көрсеткіштер) әзірленіп, автоматтандырылды, сондай-ақ, кетуді проактивті басқару бойынша пилот іске қосылды. Осындай іс-шаралар нәтижесінде бір жылда түрлі қызметтер бойынша 249 476 абонент сақталды, олардың басым бөлігі телефония абоненттерін құрайды (114,5 мың).

Біздің Компания ақпараттық коммуникациялық оператор ретінде белсенді дамып келеді.  Нарыққа «Әмбебап нөмір» конвергентті қызметтері, бірыңғай үй және ұтқыр интернет топтамалары, ID Net Wireless, 2-play B2B конвергентті қызметтері ұсынылды. Қазақтелекомның ең ірі жобаларының бірі – мемлекеттік маңызы бар Фискалды деректер операторы қызметтерін қосу  маңызды белес болды. 2016 жылы тамыз айында заңды тұлғалар сегментінде «Қауіпсіз интернет» қызметі коммерциялық пайдалануға енгізілді. Филиалдар 2400-тен аса қосылысты іске асырды, бұл корпоративтік клиенттер сегментінде ARPU-ге жағымды әсер етті.

«Тиімді бизнес-модель» блогы аясында жабдықтау үдерісін оңтайландыру және жылжымайтын мүлікті басқаруды  оңтайландыру бойынша жобалар ең жоғары тиімділік әкелді.

«Жабдықтау үдерісін оңтайландыру» жобасы бойынша 2 жыл ішінде сатып алуды жоспарлау және есептен шығару мәселелері қайта қаралып, тұрақты талдамасы үдерісін әзірлеп, енгізді, ол айтарлықтай қаржылық тиімділік берді.

Жабдыққа жүргізілген жаңғырту және кеңсе орынжайларын пайдалануды оңтайландыру нәтижесінде өндірістік және жұмыс алаңдарының бір бөлігін босату мүмкін болды. Мұндай жылжымайтын мүлікті біздің компаниямыз не жалға береді, не сатады. Сонымен қатар, Қоғам бөгде тұлғалар және ұйымдардан жылжымайтын мүлікті жалға алу шығыстарын азайтуға қол жеткізді. Орындалған іс-шаралар нәтижесінде шығындарды қысқартып, кірістерді ұлғайту мүмкіндігі іске асты.

«Алматытелеком» ҚТО және «Астанателеком» ҚТО-ны сәйкесінше Алматы және Ақмола ОТД-мен біріктіру аяқталды. Басқару тізбектерін оңтайландыру өндірістік және басқарушы персоналдың ара қатынасын жақсартты, яғни  бастықтардың санын қысқартуға алып келді. Бұл жергілікті жерлерде шешімдерді жылдам қабылдауға, бюрократтық кедергілерді шешуге алып келді. Жалпы алғанда филиалдар қызметінің көрсеткіштері жақсарып келеді.

«165» орталықтандырылған жөндеу бюросы Телекоммуникация желілерін басқару бас орталығының (ТЖББО) жетекшілігіне қайта көшті. Үш алаңның қуатын біріктірген және операторлардың жұмыс тиімділігін 20%-ға көтерген Genesys орталықтандырылған платформасы іске қосылды, тиісінше, клиенттердің күту уақыты да 20%-ға қысқарды, сондай-ақ шақыруларға қызмет көрсету шығындары төмендеді. Алматы қаласындағы бірыңғай орталықтан желідегі белсенді жабдықты басқару желінің жұмыс сапасын, қызметкерлердің тиімділігін көтеруге, желіні қалпына келтіру уақытын қысқартуға және желіні басқару шығындарын төмендетуге себеп болды.

Кадрлық ісқағаздар жүргізу бойынша ортақ қызмет көрсету орталығын (ОҚО) құру және Жалақыны есептеу бойынша пилоттық ОҚО маңызды нәтижелердің бірі болды.

Сондай-ақ, 2016 жыл «Ықпалдастырылған оператор» бастамаларының блогы шеңберінде АЛТЕЛ және «Tele2» біріктіру бойынша жобаның сәтті аяқталуымен ерекшеленді. Мәміле нәтижесінде Қазақтелеком бірлескен кәсіпорындардан 51% акция алды. Компания ұтқыр байланыс нарығында белсенді бәсекелестік күреске қажет ресурстарға ие.

2017 жылы трансформация бағдарламасын белсенді іске асыру жалғасын табады. Еркін ақша ағынынан нәтиже 21,3 млрд теңге деңгейінде болады деп жоспарлануда. Келер жылы әкімшілік және қолдайтын функцияларды орталықтандыру, басқару деңгейлерін, сатып алу үдерісін, басқарушылық есептілікті оңтайландыру, цифрлы арналар пайдасына арналарды қайта бөлу, клиенттермен өзара іс-қимылды оңтайландыру, желілерді басқару жобаларына ерекше көңіл бөлінетін болады.

# Бизнес-шолу





НА СЕГОДНЯШНИЙ ДЕНЬ РЫНОК ТЕЛЕКОММУНИКАЦИОННЫХ УСЛУГ ЯВЛЯЕТСЯ ОДНИМ ИЗ ВАЖНЕЙШИХ СЕКТОРОВ, КРИТИЧЕСКИ ВАЖНЫХ ДЛЯ МНОГИХ ОТРАСЛЕЙ ЭКОНОМИКИ.
ПО ОЦЕНКЕ ТОО «JUST SMART SOLUTIONS», ОБЪЕМ РЫНКА РК ОТ РЕАЛИЗАЦИИ ИНФОКОММУНИКАЦИОННЫХ УСЛУГ В 2015 ГОДУ СОСТАВИЛ 619,39 МЛРД ТЕНГЕ, СОКРАЩЕНИЕ ТЕМПОВ РОСТА РЫНКА ВПЕРВЫЕ ЗА 20 ЛЕТ В ДЕНЕЖНОМ ВЫРАЖЕНИИ В 2015 ГОДУ СОСТАВИЛО ДО 2% ПО ОТНОШЕНИЮ К 2014 ГОДУ.

СОКРАЩЕНИЕ ТЕМПОВ РОСТА ТЕЛЕКОММУНИКАЦИОННОГО РЫНКА ОБУСЛОВЛЕНО ВЛИЯНИЕМ КАК ВНУТРЕННИХ ФАКТОРОВ, ТАК И МАКРОЭКОНОМИЧЕСКИХ. В ОТЧЕТНОМ ГОДУ С УЧЕТОМ НАБЛЮДАЕМОГО В МИРОВОЙ ЭКОНОМИКЕ КРИЗИСА РОСТ ВВП КАЗАХСТАНА СТАЛ ЗАМЕДЛЯТЬСЯ, ПРИ ЭТОМ ЗАМЕДЛЕНИЕ РАСПРОСТРАНИЛОСЬ НА ВСЕ ОТРАСЛИ ЭКОНОМИКИ, В ТОМ ЧИСЛЕ НА ОТРАСЛИ СФЕРЫ УСЛУГ.

**288,7 млрд тг**

— мобильная связь вместе с мобильным интернетом

**77,8 млрд тг**

— доля фиксированной телефонии

**85,14 млрд тг**

— доля фиксированного Интернета

# ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ НАРЫҒЫНА ШОЛУ

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2016 жылы ҚР байланыс нарығының көлемі  677,7 млрд теңге құрады. Соңғы 5 жыл ішінде байланыс нарығында кірістер көлемінің сенімді өсуі байқалды, бірақ 2015 жылмен салыстырғанда 2016 жылы телекоммуникация нарығы 1%-ға төмендеді.

**ҚР телекоммуникация нарығының өсу көлемі мен қарқыны (2012–2016)**




Телекоммуникация нарығы қызметтер тұрғысынан түрлі тенденцияларға ие:

- Тіркелген телефония 2007 жылдан бері төмендеп келеді, жыл сайын орташа алғанда тіркелген желіжолдардан бас тарту 200 мың құрайды.
- Ұтқыр дауыс телефониясы сегментінде кірістер мен клиенттік базаның елеулі төмендеуі байқалады, 2016 жылы шамамен 6 мың SIM-карта ажыратылды.
- Тіркелгенмен қатар, ұтқыр қатынау арқылы кеңжолақты интернет қызметі анағұрлым қарқынды дамуда.
- Интернет желісіне ұтқыр қатынау кеңінен дамып келеді, 2016 жылы клиенттік база 20%-ға өсті және 12 млн аса пайдаланушыны құрады.
- Ақылы телевидение нарығы және АКТ қызметі (телекоммуникациялық сегмент) белсенді дамуда. Бірақ олардың сыйымдылығы шамалы болғандықтан, әзірге тұтас байланыс нарығын дамытуға елеулі үлес қосып жатқан жоқ.
- 2016 жылы операторлық сегмент қарқынның аз мерзімге төмендеуінен кейін өсуді көрсетті.

2016 жылдың нәтижелері бойынша телекоммуникация нарығының құрылымы мынадай 7 сегменттен тұрады:

1) Ұтқыр байланыс (дауыс байланысы,VAS) – 33%
2) Кеңжолақты интернет (тіркелген, ұтқыр) – 30%
3) Тіркелген телефония – 11,5%
4) Операторлық қызметтер – 9,9 %
5) АКТ қызметтері – 7,3 %
6) Ақылы телевидение – 4,5 %
7) Деректер беру – 3,8%

**Қызмет түрлері бойынша ҚР телекоммуникация саласының кірістер құрылымы, 2016**




Қызмет түрлері бойынша кірістер құрылымында ұтқыр интернетпен бірге ұтқыр байланыс негізгі үлеске ие (ұтқыр интерконнектіні есепке алмағанда) – 46% (315 млрд теңге), 11% – тіркелген телефония үлесі (77,7 млрд теңге), 13%  – тіркелген интернет үлесі (90,6 млрд теңге). Операторлық сегмент 10% (69,5 млрд теңге) құрады. Ақылы телевидение нарығы 5%-ға жетті (30,5 млрд теңге), деректер беру нарығы 4% құрады (шамамен 25,9 млрд теңге), АКТ қызметтері нарығының үлесі 2015 жылы 2%-дан 2016 жылы 10%-ға елеулі өсті (68,5 млрд теңге).

2016 жылдың қорытындысы бойынша кірістер өсуінің негізгі драйверлері интернет желісіне кеңжолақты тіркелген және ұтқыр қатынау қызметтері (+6%), телевидение қызметтері (+12%), деректер беру (+15%) болды.

Заманауи телекоммуникация инфрақұрылымын құру нәтижесінде 2016 жылы халық арасында интернеттің енуі 72,9%, бұл Қазақстанға ғаламдық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде 41 қамтамасыз етті.

Нарықтың басқа сегменттері өсу қарқындарының төмендеуін көрсетті, бұл ретте, ең үлкен жоғалту ұтқыр дауыс байланысы және тіркелген телефония сегментінде орын алды.

Телекоммуникация нарығының құрылымы өзгеріске үнемі түсіп тұрады. 2000 жылға дейінгі кезеңде тіркелген телефония нарығы (байланыс нарығының 70% дейін) және операторлық сегмент (9%) басым болды. Ал, бүгінгі күні ұтқыр байланыс нарығы басымдылыққа ие.

### *Сегменттер тұрғысынан телекоммуникация нарығы*

**Тіркелген телефония.** 2016 жылы тіркелген телефония нарығының сыйымдылығы 77,7 млрд теңге құрады. Соңғы 5 жылда тіркелген телефония нарығы жалпы кірістер көлемінде өзінің позицияларын екпінді жоғалтты. Дегенмен, 2016 жылы тұтас алғанда тіркелген телефония қызметтерінен кірістердің тұрақты төмендеуі байқалуда.

Ақшалай түрде нарық көлемінің төмендеуі негізінен тұрғындар арасында тіркелген байланыс абоненттерінің 212 мың абонентке айтарлықтай қысқаруымен және жергілікті байланыс кірістерінің қысқаруымен байланысты.

2016 жылдың соңында тіркелген желіжолдардың жалпы саны 3 931 мың тіркелген байланыс желіжолын құрады.

ҚР телекоммуникация нарығының ағымдағы даму кезеңінде тіркелген телефония абоненттерінің бас тартуы теріс тренд болып табылмайды және қауіпті сипатқа ие емес. Керісінше, ол жетекші әлемдік телекоммуникация нарықтарының даму сценарийіне сәйкес келеді және кемел нарықта тіркелген телефонияның шарасыз ішінара алмастырушылары болып табылатын ұтқыр байланыс қызметтерінің кеңінен таралатындығын мен қолжетімділігін білдіреді. Басқаша айтқанда, нарықтың жалпы даму жағдайында тіркелген телефония абоненттерінің болар-болмас бас тартуы оның дұрыс және өзекті бағыттарда дамып келе жатқанын көрсетеді.

**Тіркелген телефония нарығының динамикасы мен сыйымдылығы, 2012–2016 жылдар (млрд теңге)**




**Ұтқыр байланыс.** 2016 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстанда ұялы байланыс нарығының көлемі 315,0 млрд теңге құрап, өткен жылмен салыстырғанда 9%-ға өсті.

2016 жылы ұтқыр интернеттен түскен кіріс қарқынды өсуді көрсетті – олардың жалпы құрылымдағы үлесі 30% құрады. Дауыс қызметтерінің кірісі басым болуын жалғастырғанмен, 2016 жылы олардың үлесі өткен жылмен салыстырғанда 60%-дан 50%-ға төмендеді. Бір жылда 100 адамға шаққанда ұтқыр байланыс абоненттерінің тығызыдығы 166-дан 179-ға дейін өсті, ал интернетке қатынай алатын абоненттер өзгермеді десе де болады, алдыңғы жылы 60 болса, биыл 61 болды.

Kcell көшбасшылық ұстанымды сақтауда. 2016 жылдың соңында «Kcell» АҚ абоненттік базасы 9,9 млн нөмір құрады, қызметтерден түсім – 147 млрд теңге. Екінші орында – 8,7 млн абонентпен  және 94 млрд теңге сату көлемімен (ұтқыр байланыс сегментінде) «Beeline» компаниялар тобы. Теле2 және АЛТЕЛ біріккен компаниясы 80 млрд теңгеден аса табыс тауып, абоненттік базасын 7 млн нөмірге дейін ұлғайтты.

Ұтқыр интернет нарығының нағыз даму драйвері смартфонды пайдаланушылар санының қарқынды өсуі болды және сол бола бермек. 2016 жылы қазақстандық ұтқыр телефондар нарығы 2015 жылдың тамыз айында ұлттық валютаның түсіп кетуімен орын алған үзілістен кейін смартфондарды сату көлемінің ұлғаюына қайта бет алды. Қазақстанда смартфондар импорты 2016 жылдың екінші тоқсанында  700 мыңға жуық дана құрады, валютаның күрт төмендеуі алдындағы өткен жылдың балама кезеңімен салыстырғанда 18%-ға жоғары.  2016 жылы Қазақстанға шамамен 200 мың планшет жеткізілді.

Google  тапсырысы бойынша 2016 жылы «TNS Infratest» компаниясы жүргізген Connected Consumer Survey зерттеуінің деректері бойынша 65% қазақстандық смартфондардың пайдаланушысы болып табылады. Бұл көрсеткіш кеңестік кеңістіктен кейінгі ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады. Бұл ретте, 25 жасқа дейінгі жастар арасында және 35 жасқа дейінгілер арасында көрсетілген сан одан да жоғары – тиісінше, осы жас санаттарында 91% және 85% қазақстандық смартфондарды пайдаланады.

Орташа алғанда, бір қазақстандыққа интернетке қосылған 2,1 құрылғыдан келеді. 2016 жылы олар ұтқыр деректер беруден түскен барлық кірістің 80% қамтамасыз етті. Салыстыру үшін 2013 жылы смартфондарды пайдаланушылар жалпы кірістердің жартысынан сәл жоғары бөлігін құрады (51,4%). 2014 жылы ұтқыр интернеттің кірістер құрылымында елеулі өзгерістер болды – USB-модемдерді және планшеттік компьютерлерді пайдаланушылардан кірістер үлесі  36,5%-дан 26,2%-ға төмендеді, ал әдеттегі телефондар мен M2M құрылғыларды пайдаланушылар бірге барлық кірістің 6% ғана қамтамасыз етті.

**Интернет желісіне тіркелген қатынау нарығы.** Интернет желісіне тіркелген КЖҚ жалпы сыйымдылығы есептік деректер бойынша 90,6 млрд теңге құрады. Интернетке ұтқыр КЖҚ абоненттерінің тез өсуіне қарамастан, тіркелген интернет абоненттерінің базасы 2016 жылы 10%-ға өсті..




2016 жылы тіркелген кеңжолақты қатынау қызметтерін сатудан кірістер көлемі 2014 жылы төмен түскеннен кейін 2013 жылдың деңгейіне жетті.

2016 жылы абоненттердің жалпы саны 2 227 мыңға жетті, ену жағынан 100 үй шаруашылығына 27,4 абоненттен және бір кәсіпорынға 1,6 порттан болды.

**Ақылы телевидение.** Ақылы телевидение қызметтерінің кірістері 30,5 млрд теңге құрады. Цифрлық, жерсеріктік және кәбілдік телевидение абоненттерінің жалпы саны 2016 жылы 2,1 млн абонентке, оның ішінде алдын ала есеп бойынша ақылы телевидение 1,7 млн абонентке жетті.

2016 жылы кірістер өсімі 2015 жылмен салыстырғанда 12% немесе + 3 млрд теңге құрады. Кірістің өсуінің ең шарықтау шегі 2014 жылы орын алды, ол ақылы телевидение қызметтеріне қосылудың ең жоғарғы санымен байланысты болды. 2015 жылдан бастап кірістер өсуінің қарқыны бәсеңдеуде, бұл нарықтың кезең-кезеңмен толыға түсуін білдіреді.

**Ақылы ТВ қызметтерінің кірістер динамикасы, 2012–2016 (млрд теңге)**




**Телекоммуникация қызметтерінің операторлық нарығы.** 2016 жылы нарық қатысушыларының операторлық сегментінде кірістер көлемі шамамен 69,5 млрд теңге құрады, 2015 жылмен салыстырғанда өсім 16% болды. Бұл 2014–2015 жылдары 4 нарық ойыншысының (TNS Plus Вымпелком, ASTEL, Транстелеком және Kaztranscom) үлестік қатысуы бар телефон және кәбілдік кәріздің, ТОБЖ магистральдық арналарының жаңа учаскелерін пайдалануға енгізумен және тиісінше, 2015–2016 жылдары осы арналар бойынша деректер беру трафигінің елеулі өсуімен байланысты..

**Операторлық сегмент кірістерінің динамикасы, 2012–2016 жылдар (млрд теңге)**




**АКТ қызметтерінің нарығы.** Телекоммуникациялық лицензияланған компаниялар ұсынатын басқа да АКТ қызметтерінің нарығында да Дата-орталықтар қызметтерін ұсыну, аппараттық жасақтама инжинирингімен қатар, түрлі АТ аутсорсинг қызметтерін көрсетуде қатаң бәсекелестік орын алды.

АКТ қызметтерінің нарығы телекоммуникация нарығында басты емес, қосалқы болса да, кірістердің жалпы құрылымында оның үлесі сенімді түрде өсіп келеді. Мәселен, 2016 жылы АКТ кірістер көлемі 68,5 млрд теңге құрады. Телекоммуникация нарығының көлеміне толығымен кірмейтін Қазақстанның жалпы АТ нарығы 800 млрд теңгеден асты. Бұл нарық 80%-ға жабдықтарды сатудан, 10% лицензиялық БЖ және 10% АТ қызметтерінен (консалтинг, енгізу, тех. сервис, интернет-қосымшаларды ақшалы ету, электронды қызметтер) тұрады. Бұл көлем АКТ қызметтері үшін B2B сатумен қатар, B2C сегменттен тұрады. Дегенмен, нарықта B2B сегмент басым (90% жоғары).

# САЛАНЫҢ РЕТТЕУШІ ОРТАСЫНА ШОЛУ

Тиімді әрі сенімді телекоммуникация және деректер беру ел үшін экономикалық, әлеуметтік, стратегиялық себептердің кең шоғыры жағынан алғашқы маңызға ие және ұлттық қауіпсіздік қамтамасыз етумен байланысты. Осыған орай, мемлекет телекоммуникация саласы қызметіне айтарлықтай ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының «Байланыс туралы» Заңы телекоммуникация саласындағы қарым-қатынастарды реттеуші негізгі нормативтік құқықтық акті болып табылады, ол Қазақстан Республикасы аумағында байланыс саласындағы қызметтің құқықтық негіздерін белгілейді, осы қызметті реттеу бойынша мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін, байланыс қызметтерін көрсететін немесе оларды пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

Есепті жылы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Президентінің 2016 жылғы 6 мамырдағы № 253 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің ақпарат, ақпараттандыру және байланыс саласындағы функциялары мен өкілеттіктері жаңадан құрылған Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне (ҚР АКМ) берілді.

ҚР АКМ құрамына «Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) кіреді. Комитет іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асырады, сондай-ақ, ҚР АКМ байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы реттеуші және стратегиялық функцияларды орындауға қатысады.

2016 жылы байланыс саласындағы қызметтерді ұсынуға байланысты және реттеуші мәнге ие мәселелер бойынша заңнамалық ортада өзгерістер болды. Мына заңнамалық актілер анағұрлым мәнді болып табылады:

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік және тұрғын үй құрылысын мемлекеттік қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 34-VI ҚРЗ ҚР Заңымен телекоммуникациялардың әмбебап қызметтерін қоспағанда, қызметтердің берілген түрлерін ұсынудың технологиялық мүмкін болмауы не экономикалық тиімсіздігі себебінен бәсекелес байланыс операторы болмаған кезде телекоммуникация қызметтері табиғи монополиялар саласынан шығарылды.
2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пошта мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 9 сәуірдегі ҚР Заңымен ҚР Кәсіпкерлік кодексіне өзгерістер енгізілді, осыған сәйкес Қазақстан Республикасының байланыс туралы заңнамасына сәйкес мемлекет байланыс саласындағы субсидияланатын көрсетілетін қызметтерге бағалар мен тарифтерді реттейді, сондай-ақ, «Байланыс туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізіліп, осыған сәйкес әмбебап қызмет көрсету операторы және байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтері ұғымдары жаңа редакцияда жазылды.
3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 28-VI ҚРЗ Заңымен «Байланыс туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізілді, оған сәйкес 2017 жылғы 1 шілдеден бастап: уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері құзырына жылжымалы желі абоненттік құрылғыларды тіркеу қағидаларын бекіту жатқызылған, ал Мемлекеттік техникалық қызмет жылжымалы желі абоненттік құрылғылары сәйкестендіру кодтары деректерінің бірыңғай базасын қалыптастыру, жұмыс істеуін, демеу және дамытуды және оның ресурстарына қатынауды ұсынуды қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, «Байланыс туралы» ҚР Заңы жылжымалы желі абоненттік құрылғыларын тіркеу туралы баппен толықтырылды.

Сонымен қатар, «Байланыс туралы» ҚР Заңына ілгері уақытта енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, 2016 жылғы мынадай нормативтік құқықтық актілер қабылданды:

1. «Қалааралық және халықаралық байланыс операторларының желілерін интернет-трафик алмасу нүктесіне жалғау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 65 бұйрығы;
2. «Интернетке қоғамдық қол жеткізу пункттерінде Интернетке қол жеткізудің қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 67 бұйрығы;
3. «Кәбілдік кәрізді пайдалануға беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 120 бұйрығы;
4. «Телекоммуникация желілерінің қосылу және өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 119 бұйрығы.

# КОМПАНИЯНЫҢ САЛАДАҒЫ ОРНЫ

«Қазақтелеком» АҚ 1994 жылғы 17 маусымнан бастап телекоммуникация саласында өз қызметін жүзеге асырып келеді және қазақстандық мемлекеттік билік органдары мен барлық деңгейдегі корпоративтік пайдаланушылар үшін телекоммуникация қызметтері нарығының сөзсіз көшбасшысы болып табылады. Компания республика аумағында толықтай инфокоммуникация қызметтерінің кең шоғырын ұсынады және жаңа нарық сегменттеріне шығуда.

**ҚР телекоммуникация нарығының операторлар бойынша құрылымы, 2016 жыл**




*Дереккөз: ҚР Статистика комитеті деректері бойынша есептеу көрсеткіштері, 2016 жыл*

2016 жыл нәтижелері бойынша Қазақстанның телекоммуникация нарығының басты ойыншылары мына 4 оператор болып табылады: «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобы нарықтық үлесі – 30,5%, «Kcell» АҚ – 21,7%, «Beeline» КТ – 16,1 %, «Мобайл Телеком-сервис» ЖШС[1] – 13,3%.

ҚР Статистика комитеті есептеу деректері бойынша «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының жалпы байланыс нарығындағы үлесі 2016 жылы 30,5% құрады.

Қазақтелеком тіркелген телефон байланысы нарығының 93,3% ие бола отырып, жергілікті, аймақішілік, қалааралық және халықаралық байланыс қызметтерінен тұратын осы сегментте абсолютті көшбасшы болып қалып отыр.

Алдын ала деректер бойынша тіркелген КЖҚ сегментіндегі «Қазақтелеком» АҚ үлесі кірістердің жалпы көлемінде 72%; «Beeline» КТ үлесі – 11%; корпоративтік нарықта жұмыс істейтін операторлар – 2%-дан, қалған 10% үлес өңірлік операторлар арасында бөлінген.

*[1]«Қазақтелеком» АҚ Tele 2 тобымен бірлесіп, «АЛТЕЛ» АҚ (ALTEL 4G тауар белгісі) және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (Tele2 сауда белгісі) бизнестері базасында құрылған бірлескен компания*

**Кірістер бойынша тіркелген КЖҚ операторлары нарығының үлесі, 2016 жыл**




Есепті жылы «Қазақтелеком» АҚ абоненттік базасының өсуі 2015 жылмен салыстырғанда + 99 мың портты құрады. Клиенттік базаның өсуі негізінен ауылда КЖҚ қатысты қосылулар есебінен болды.

Қазақстанның деректер беру нарығында екі басты ойыншы көшбасшы тұғырға ие: «Қазақтелеком» АҚ (73,1%) және «Kaztranscom» АҚ (21%). «Қазақтелеком» АҚ басты артықшылығы Қазақстанның кез келген нүктесінде қызметтер көрсету мүмкіндігі болып табылады. Мұнай/газ игеру және өңдеу кәсіпорындарына қызмет көрсетуге арналған ведомстволық оператор ретінде құрылған «KazTransCom» АҚ Компанияның тұтыну нарығы шекараларын кеңейтуге деген талпыныстарына қарамастан, осы сегментте маманданумен келеді.

**ҚР деректер беру нарығы операторларының үлесі, 2016 жыл**




***Компанияның қызметіне мемлекеттің ықпалы***

«Қазақтелеком» АҚ Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөлімінде тұр, 2016 жылы реттелетін нарықтарда үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізілімінде болды, сондай-ақ «әмбебап қызмет көрсету» операторы болып табылады және оның қызметі мемлекеттік реттеуге жатады.

Мемлекет тарапынан Қоғамның қызметін уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы

Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті (бұдан әрі – ҚР АКМ комитеті) реттейді және бақылайды. Сондай-ақ, ҚР АКМ комитеті телекоммуникация жағынан табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті орган болып табылады, бұл ретте, табиғи монополия субъектісі ретінде Қоғамның қызметіне бақылау жасауды жәен реттеуді қамтамасыз етеді. Мұнымен қатар, Қоғамға қатысты бәсекелестікті қорғау бойынша өз өкілеттіктерін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті жүзеге асырады.

2016 жылы тариф белгілеу жағынан «Қазақтелеком» АҚ қызметі төрт бағыт бойынша мемлекеттік реттеуге жатты:

1. ***Табиғи монополия саласының қызметтері.***
   «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес (заңның осы атауы 01.01.2017 бастап қолданылады), табиғи монополия субъектісінің қызметін мемлекеттік реттеу тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) немесе оның шекті деңгейін, сараланған және инвестициялық тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекітумен жүзеге асырылады.
2. ***Үстем немес монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген қызметтер.***
   Үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне қосылған реттеліп көрсетілетін телекоммуникация қызметтеріне тарифтерді реттеуді 2016 жылы уәкілетті орган ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 174 бұйрығымен бекітілген Реттелетін нарықтардағы бағаны белгілеу, реттелетін нарық субъектісінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) бекіту және түзету қағидаларына сәйкес бағалардың негізсіз өсуін болдырмау және реттелетін нарықтардағы бағаны белгілеу, реттелетін нарық субъектісінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) бекіту және түзету мақсатында жүзеге асырды.
3. ***Телекоммуникацияның әмбебап қызметтері***
   «Байланыс туралы» ҚР Заңының 20-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, уәкілетті орган ауылдық елді мекендерде көрсетілетін, субсидияланатын байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтеріне бағалардың шекті деңгейін реттейді. Бұл ретте, елді мекендерде көрсетілетін, субсидияланатын байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтеріне бағаларды және тарифтерді реттеу тәртібі Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 20 қазандағы № 215 бұйрығымен бекітілген Ауылдық елді мекендерде көрсетілетін, субсидияланатын байланыстың әмбебап көрсетілетін қызметтеріне бағалардың шекті деңгейін реттеу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.
4. ***Күш құрылымдарына, сондай-ақ «электрондық үкімет» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына көрсетілетін қызметтер.***
   Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органдарының, әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының мұқтаждықтары үшін техникалық құралдарды орналастыруға қажетті байланыс жолдары мен арналарын, кабель кәріздеріндегі арналар мен алаңдарды беру қызметтеріне бағаларды (тарифтерді) реттеу ережесінде көрсетілген қызметтерге тарифтерді уәкілетті орган бекітеді.

Сонымен бірге, жаңа қызметтерді енгізу, Қоғамның телекоммуникация желісін одан әрі жаңғырту шеңберінде жұмыстарды жүргізу кезінде радиожиілік спектрін, нөмірлеу ресурсын пайдалануға рұқсат берумен байланысты мәселелерді мемлекеттік органдармен келісу қажет болады.

Осы мақсатпен Қоғам ҚР радиожиілік спектрін пайдалану бойынша, сондай-ақ нөмірлеу ресурсын пайдалануға уәкілетті органның рұқсатын алу үшін рұқсат құжаттарын ресімдеу бойынша жұмыс жүргізеді (ҚР ИДМ МБК бұйрығы). Қоғам elicense.kz мемлекеттік порталында тиісті өтінімді құрады. Уәкілетті орган өтінімді 30 күнтізбелік күн ішінде қарастырады, осы мерзімнен кейін тиісті рұқсат шығады

### *Телекоммуникация саласындағы субсидиялар мен кепілдіктер*

Телекоммуникация желілері мен технологияларының кеңінен дамуына қарамастан, республикада интернет желісіне қатынау шектеулі ауылдық елді мекендер қалып отыр. Көрсетілген міндеттерді шешу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы қызметтер қолжетімділігін қамтамасыз ететін бағалау деңгейімен кез келген елді мекенде кез келген пайдаланушыға белгіленген сападағы әлеуметтік маңызды қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін әмбебап қызмет көрсету тетігі көзделген.

Дамыған және бірқатар дамушы елдердің осы тәжірибесі телекоммуникация қызметтері нарығының нарық бағдарлы даму саясатымен әмбебап қызмет көрсетуді тиімді араластыру мүмкіндігін көрсетеді.

Жыл сайын байланыс саласындағы уәкілетті орган конкурстық негізде әмбебап қызмет көрсету операторын анықтайды. Ауылдық елді мекендерде телекоммуникация қызметтерін дамыту басқа байланыс операторлары үшін экономикалық тұрғыдан тартымды еместігін және әмбебап қызмет көрсету операторын анықтау бойынша конкурсқа басқа байланыс операторлары қатыспайтынын назарға ала отырып, бұл міндеттемелер үстем байланыс операторы ретінде «Қазақтелеком» АҚ-ға жүктеледі.

Есепті жылы телекоммуникация қызметтерін көрсету аясында Қоғам 893 623 абонентті жергілікті телефон байланысы қызметтерімен және 47 379 абонентті интернет желісіне сымсыз қатынаумен қамтамасыз етті.

Ауылдық жерлерде көрсетілетін әмбебап байланыс қызметтері субсидияланатын қызметтерге жатады. Ауылдық елді мекендерде телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсететін байланыс операторлары шығындары субсидиялауға жатады.

Шығыны мол телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін субсидиялаудың қолданыстағы тетігіне сәйкес Қоғам жыл сайын Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінде осы мақсаттарға көзделген қаражаттан субсидия алып отырады. 2016 жылы осы мақсаттар үшін республикалық бюджетте көзделген 7,353 млрд теңге мөлшеріндегі субсидия сомасын Қоғам толық көлемде игерді.



# Компанияның бизнес-портфелі

«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ БИЗНЕС-ПОРТФЕЛІ ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ ӨҢІРІНДЕ ЖӘНЕ ОДАН ТЫС ЖЕРЛЕРДЕ ҰСЫНЫЛАТЫН ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ТОЛЫҚ ШОҒЫРЫНАН ТҰРАДЫ.
«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ БӨЛШЕК НАРЫҒЫНДА ДА, КӨТЕРМЕ НАРЫҒЫНДА ДА ҰСЫНЫЛҒАН.

**Байланыс қызметтерінің жаппай нарығында** «Қазақтелеком» АҚ ҚР заңнамасы нормаларын және өзара тиімді әріптестік қағидаттарын қатаң сақтай отырып, операторлық сегментте қызметтер ұсынады. Компания бәсекелестік артықшылықтары факторларын – операторларға және олардың абоненттеріне сапалы әрі сенімді сервисті қамтамасыз ететін үлкен өткізу мүмкіндігімен жаңа цифрлы жабдықта құрылған тармақталған телекоммуникация желісінде трафиктің барлық түрін өткізу және операторлар желілерін қосу үшін қажетті желі ресурстары санының болуын сақтауға және дамытуға ұмтылады.

Осы сегменттері қызметтердің негізгі санаттары:

- 10 Гбит/с дейінгі жылдамдық ҚР интернет-провайдерлері желісіне қатынауды ұйымдастыру;
- 64 Кбит/с бастап 100 Гбит/с дейінгі жылдамдықтарда қалааралық және халықаралық байланыс арналарын тұтынушыларға ұсыну.

Соңғы жылдар ішінде «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобы тұрақты түрде ҚР ISP-провайдерлері үшін интернетке қатынау және магистральдық байланыс арналарын жалдау қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, жыл сайын тарифтерді төмендетіп, сенімділік пен сапаны арттыру, Еуропа, Ресей, Орталық Азия және ҚХР бағыттарына транзит қызметтерін ұсыну географиясын кеңейту бойынша қадамдар жасап келеді.

**Бөлшектеп сату нарығында** «Қазақтелеком» АҚ B2C және B2B сегменттерінде түпкілікті тұтынушылар үшін телекоммуникация қызметтерін ұсынуда.

B2C және B2B сегментінде көрсетілетін телекоммуникация қызметтері бизнес бағыттары пайдаланушылардың өсіп отырған қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған байланыс қызметтерінің кең шоғырынан тұрады. Осыған орай, «Қазақтелеком» АҚ дәстүрлі тіркелген қызметтер базасында жаңа қызметтерді және топтамаларды белсенді әзірлеп енгізуде.

**iD Phone**

более 120 тыс.
абонентов

**Megaline**

более 800 тыс.
домохозяйств

**iD Net**

скорость доступа
до 1 Гбит/с

**B2C сегментінде** телекоммуникация қызметтері мынадай бағыттарда ұсынылады:

**1) тіркелген байланыс қызметтері** алдыңғы қатарлы технологиялар бойынша телефония және интернет желісіне кеңжолақты қатынау қызметтерінен тұрады. Бұл бағытта B2C жаппай нарығына мынадай брендтер шығарылған:

***iD Phone*** — виртуалды телефония қызметі. Қызмет 2009 жылдан іске қосылған және қазіргі уақытта қызметке Қазақстанның барлық өңірлері бойынша 120 мыңнан астам абонент қосылған;

***Megaline*** — интернет желісіне кеңжолақты қатынау қызметі 2005 жылдан бастап ҚР барлық облыстық және ірі қалаларында ұсынылады. Осы қызметтің тарифтік жоспарлары қатары бүгінгі таңда қызметтер параметрлеріне қарай кірісі аз тарифтерден бастап кірісі жоғары тарифтерді қамтиды. Қызмет нарыққа отбасына арналған қолжетімді интернет деп шығарылған және 2016 жыл деректері бойынша қызметке ҚР 800 мыңнан астам үй шаруашылығы қосылған;

***iD Net*** — бәсекелестер мүмкіндігінен әлдеқайда жоғары қатынау жылдамдығы 1 Гбит/с дейінгі қатынау жылдамдығымен FTTx жаңа жоғары жылдамдықтағы технологиясы бойынша интернет желісіне қатынау.

Сондай-ақ, «Қазақтелеком» АҚ өз абоненттеріне ауылдық жерлерде WLL CDMA EVDO секілді сымсыз шешімдер базасында интернет желісіне қатынау, қоғамдық орындарда Wi-Fi технологиясы бойынша интернетке қатынау қызметтерін ұсынады.

Тіркелген телефонияның ұтқырға ауысуына қарамастан, «Қазақтелеком» АҚ тіркелген байланыс қызметтері нарығында үлесі бойынша көшбасшылық орнын сақтап келеді.

Бүгінгі таңда «Қазақтелеком» АҚ тіркелген телефония қызметтерін ҚР, сондай-ақ ТМД түрлі бағыттары бойынша лимитсіз қоңыраулар топтамасымен алуға болады.

Абоненттердің әлемдік телекоммуникация нарығында орын алып отырған үрдістерге сәйкес ұтқыр желіге көшуі орын алып отырған бәсекелестік ортада 2016 жылы «Қазақтелеком» АҚ интернет желісіне кеңжолақты қатынау қызметтері 1 600 мың абонентке жетті.

Абоненттердің ARPU, компания кірісін арттыру, сондай-ақ, «Қазақтелеком» АҚ қызметтеріне адалдықты көтеру мақсатында қосымша қызметтер әзірлеу және қолданыстағыларын жаңғырту үшін қосымша күш салуда.

**2) ақылы телевидение қызметтері** 2016 жылы Қоғам тапсырыспен және жазылым бойынша бейне, караоке, HD-телеарналар топтамасы мен онлайн-қатынау (iD TV Online) қоса алғанда, iD TV цифрлы телевидение қызметтерін дамытып, өтімділігін арттыру жұмыстарын жалғастырды. Клиенттік база 2016 жылы 670 мың абонент болды, оның 491 мыңы IPTV технологиясы бойынша цифрлы телевидение абоненттері болып табылады.

Бизнестің осы бағытының дамуы бір жағынан ақылы ТВ нарығындағы көшбасшы үлестерді сақтауды, екінші жағынан iD TV/ iD TV Online кешенді шешімдерінен тұратын қызметтер топтамасын кеңінен ұсыну есебінен Triple Play (қызметтер топтамасын сату: интернетке жоғары жылдамдықта қатынау, IP TV және телефон байланысы) қағидатын іске асыруды қамтамасыз етуді көздейді.

Телеарналар мен бейнеконтенттің кең таңдауын ұсына отырып, SmartTV, ұтқыр құрылғылар, дербес компьютер және т.б. түрлі құрылғылар арқылы контентті кешенді ұсыну есебінен ұзақ мерзімді бәсекелестік артықшылықты ұлғайту.

**3) конвергентті қызметтер** компанияның дамуындағы маңызды қозғаушы күш болып табылады. Tele2 ұтқыр операторымен әріптестік осындай қызметтерді дамыту үшін қажетті технологиялық базаны қамтамасыз етеді. Бұл бағыт нарықта FMS өнімдерімен ұсынылған. «Әмбебап нөмір» және FMS қызметтері ұтқыр сервистердің тіркелгендермен жақындасуының айқын өкілі болып табылады және дәстүрлі қызметтер туралы абоненттердің түсінік ауқымын кеңейтеді. «Әмбебап нөмірге» қосылған абоненттер саны 2016 жылы 35 мыңнан асса, FMS –20 мыңнан асты.

**4) Топтамалық шешімдер.** Телекоммуникация нарығының даму үрдісіне және байланыс қызметтерін пайдаланушылардың қалауларының өзгеруіне орай «Қазақтелеком» АҚ топтамалық шешімдерді дамытуға басты назар аударып отыр.

«Қазақтелеком» АҚ «Double» және «Triple Play» тұжырымдамалары бойынша топтамалардың өтімділігін белсенді түрде арттырып келеді. «Double Play» топтамалық ұсыныстары КЖҚ мен телефония қызметтерін немесе КЖҚ мен ақылы ТВ топтамалық ұсыныстарын қамтиды. «Triple Play» топтамалық ұсыныстары КЖҚ, ақылы ТВ және телефония базасындағы қызметтерді қамтиды.

2016 жылдың қорытындысы бойынша қызметтер топтамасына қосылған, оның ішінде КЖҚ, ТВ мен дәстүрлі телефония базасында, абоненттердің клиенттік базасы 1 343,7 мың бірлікті құрады.

**2014-2016 жылдары топтамалық ұсыныстарға қосылған абоненттер саны қарқыны**




**B2B сегментінде** «Қазақтелеком» АҚ тіркелген, конвергентті және ақпараттық-коммуникациялық, оның ішінде «бұлтты» қызметтерді ұсынады.

Осы сегмент бойынша тіркелген байланыс қызметтері «Megaline Business» және «ID Net Business» брендтерімен дәстүрлі телефония және интернет желісіне кеңжолақты қатынау қызметтерінен тұрады.

2016 жыл нәтижелері бойынша ҚР бойынша және одан тыс жерлерде «Қазақтелеком» АҚ-ның виртуалдық жекеменшік желілері қызметтері арқылы корпоративтік желіге 20 мыңнан астап орын қосылған. «VPN» қызметі елдегі бизнес ұйымдарының ауқымды көлемі үшін тармақталған корпоративтік желілер құрудың негізі болып табылады және L2- және L3-технологиялар қолданумен үстеме салынған желілер ұйымдар мүмкіндіктерінің кең көлемін ұсынады.

«Қазақтелеком» АҚ зияткерлік қызметтері B2B сегменті үшін әмбебап шешім болып табылады, автоматты және жартылай автоматты тәртіпте кез келген ақпаратты жедел жинап немесе ұсынуды ұйымдастыруға, сондай-ақ, өз клиенттерін тегін шақыру, ақылы ақпараттық қызмет, теледауыс беру секілді қосымша сервис түрлерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Мемлекеттік органдар үшін** интернет желісіне қатынау қызметтері бірыңғай шлюз арқылы орталықтандырылған шығуды қамтамасыз етеді. Қызметтің негізгі сипаттамалары мыналар:

а) «Қазақтелеком» АҚ жылдамдығы жоғары жерүсті деректер беру желісінің негізіндегі сапа мен сенімділік;

б) деректер беру арнасын қостап резервтеу – 50 миллисекундтан кем магистральдық арнаға түсу барысында клиенттік трафиктің балама бағытын ұйымдастыру;

в) деректер берудің жоғары жылдамдығы және деректер топтамасын өңдеу: берілетін ақпарат көлемінің өсуімен абоненттің техникалық шешімі өзгермейді, себебі желі гигабитті жылдамдықтарға оңай ауқымдалады;;

г) рұқсатсыз қатынаудан қорғалған: қызмет бұқаралық желілерден логикалық алшақталған, яғни сыртқы трафик клиенттің қауіпсіздігінің бірыңғай шлюзі арқылы өтетін болады;

д) аумақты мейлінше қамту: ҚР 100 астам елді мекенінде қызмет қолжетімді.

B2B және M2M жобалары сегментінде FMC іске қосылуы конвергентті өнімдердің әрі қарай дамуының нәтижесі болып табылады. Конвергентті қызметтерге қосылған абоненттер саны 105 мыңнан астам абонентке жетті. Бұл сегмент үшін қызметтер телефония қызметінен, шағын және орта бизнес үшін деректер беру қызметінен және тіркелген және ұтқыр желілер базасындағы M2M-шешімдерден тұрады. Бұл бағытта «Ұтқыр офис», БКМ (ТДО) секілді қызметтер әзірленген және енгізілген.

Қазақстан Республикасының қаулысымен «Қазақтелеком» АҚ оперативті тәртіпте ақша есебі туралы мәліметтерді ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері арқылы салық қызметі органдарына беруді қамтамасыз ететін заңды тұлға болып белгіленді. 2015 жылдан бастап Компания бақылау-касса машиналарын (БКМ) деректер беру ортасына қосуда. Осы жоба аясында Қазақтелеком байланыс арналары бойынша мамандандырылған дата-орталыққа келіп түсетін БКМ-мен деректерді қабылдау және өңдеуді қамтамасыз етеді. 2016 жылы 65 мың БКМ орны қосылды.

2015 жылдан бастап Қоғам «Мобильді офис» қызметін іске қосты. Бұл қызмет клиенттің болу орындарында оның корпоративтік желісінде ақпараттық ресурстарға қорғалған сымсыз қатынауын қамтамасыз етеді. 2016 жылы қосылулар саны 400-ге жетті.

«Қазақтелеком» АҚ B2B сегментінде Ақпараттық қауіпсіздік қызметтерін белсенді түрде дамытуда және қызметтер шоғыры мен функционалын дамытуда. 2016 жылы енгізілген жаңа инфокоммуникация қызметтері тізімін «Тегін интернет», «DDos-шабуылдардан қорғау», «Виртуалды Firewall» секілді қызметтер толықтырды. Бұл қызметтер «Қазақтелеком» АҚ бизнес клиенттеріне киберқылмыскерлерге қарсы тұруға мүмкіндік беретін жоғары қорғалған, бұзылуға төтеп беретін желілер салудың негізі болып табылады.

«Қазақтелеком» АҚ «бұлтты» сервистерді белсенді дамытуда және «бұлтты» технологиялардың енгізілуін көтерумен, IT-инфрақұрылымды және дата-орталықтар желісін дамытумен жұмыс істейді.

Бүгінгі күні меншікті желі 22 732 жабдық бірлігін орналастыруға мүмкіндік беретін жалпы ауданы 11 310 ш.м 15 дата-орталықтан тұрады. Барлық дата-орталықта клиенттік жабдықты орналастыруға ұсынылатын қызметтердің бағасы жағынан да, сапасы жағынан да қолайлы жағдайлар жасалған.

TIER-III сенімділік деңгейімен, 11 000 жабдық бірлігі еркін орналастырылатын, жалпы ауданы 1 000 ш.м Павлодар қаласындағы халықаралық деңгейдегі дата-орталық басты болып табылады. Бұл объектінің тұрақты жұмыс істеу коэффициенті 99,982% құрайды.

Қоғамның дата-орталықтары негізінде виртуалды хостинг қызметтері, Деректер беру жүйесі, ДӨО қорғау жүйесі, «Бұлтты» вебинар, Dynamic Cloud Server, VPS, Dedicated, Microsoft Hosted Exchange және Microsoft Hosted SharePoint «бұлтты» шешімдері ұсынылады.

2016 жылы «Қазақтелеком» АҚ дата-орталықтарының қызметтерін 11 мыңнан аса компания пайдаланды.

**Қызмет көрсету сапасы** — бұл өнімнің сапасына клиенттер пікір білдіретін жаңа стандарт. Бүгінгі қатаң нарықтық бәсекелестік жағдайларда клиенттерге сапалы қызмет көрсету маңызды бәсекелестік артықшылықтардың бірі.

Компанияда қызмет көрсету сапасын көтеру шеңберінде клиентке бағдарлануды одан әрі дамыту үшін бірнеше бағыт әзірленді, бірақ негізгі драйвер – бұл абоненттердің қызметтердің техникалық параметрлеріне және сервистік қызмет көрсетуге қанағаттануы. Қызмет көрсету сапасын бақылау мақсатында тілдесу мәдениетімен қатар, үдерістің тиімділігін көтеруге қатысты сервис стандарттары енгізілген. Мысалы, қосылысты күту уақытын қысқарту, бұзылымдарды жою, ең бастысы – байланысу орталығына қайталап өтініш білдіру санын қысқарту.

2016 жылы алғаш рет негізгі бәсекелестермен салыстыру арқылы абоненттер арасында NPS тұтынушылық ниеттестік индексін өлшеу бойынша зерттеу жүргізілді. Жинақталған деректердің нәтижелері бойынша үй интернетін тұтынушылар интернет жылдамдығы және оператор қызметінің тұрақтылығы сынды параметрлерге көңіл бөледі. Абоненттер үшін ақылы ТВ-ның анағұрлым маңызды параметрлері қызметтің сапасы, жылдам қызмет көрсету, қызметтің тарифтері мен сапалы техникалық қолдау көрсету болып табылады. «Megaline» пайдаланушыларымен салыстырғанда, «iD Net» қызметі абоненттерінің қызметтің жұмыс тиімділігіне, жылдамдығы мен тарифтеріне әлдеқайда көңілі толады.


Wi Fi

# Компанияның активтер құрылымы: еншілес ұйымдар

ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ ДӘСТҮРЛІ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ ҚЫЗМЕТТЕРІ НАРЫҒЫНДА ЖӘНЕ ЖАҢА БИЗНЕС-БАҒЫТТАРДА ДАМУЫНА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

**«Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының құрылымы:**
**31.12.2016 жағдай бойынша еншілес ұйымдар**

| АО «Казахтелеком» | | |
|---|---|---|
| Мобильная связь | “Khan tengri Holding B.V.” (51%) | ТОО “М Т-С” (100% Khan Tengri) |
| Корпоративные инфо-коммуникационные услуги | КТ Cloub Lab (100%) | ТОО”КТ IES”(49%) |
| Фиксированная связь Платное ТВ | ТОО “Востоктелеком” (100%) | ООО “КТ-АйИкс” (Сигнум) (100%) |
| Е-коммерция Fintech | ТОО “Нурсат+” (100%) | |
| Другие активы | ТОО “Info-Net Wireless” (100%) | |
| Активы подлежащие реструктуризации | АО “Нурсат” (100%) | ОсОО «Online.kg» (100%) |

Ықпалдастырылған операторды қалыптастыру бойынша стратегиялық бастаманы іске асыру мақсатында 2016 жылдың ақпан айында «АЛТЕЛ» АҚ және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС ұтқыр операторлары негізінде бірлескен кәсіпорынды құру бойынша «Қазақтелеком» АҚ мен Tele2 Group арасында мәмілені жабу жүзеге асырылды. Акционерлік келісімде/мәміленің шарттарында көзделген ықпалдастыру іс-жосықтарының шеңберінде 2016 жылдың ішінде ALTEL 4G және Tele2 танымал нарықтық брендтерді сақтай отырып, ұйымдық оңтайландыру және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-ға «АЛТЕЛ» АҚ қосу жүзеге асырылды. Мәміленің шарттары бойынша біріккен қазақстандық ұтқыр оператордың жалғыз акционері Khan Tengri Holding B.V. компаниясы (Нидерланд) болды, онда «Қазақтелеком» АҚ-ға 51% акционерлік капитал, ал Tele2 Group-қа 49% тиесілі.

2016 жылдың соңында біріккен кәсіпорынның нарықтық үлесі «абоненттік база» параметрі бойынша 25,3 %-ға жетті.

АТ қызметтерін көрсету үшін бірыңғай сервистік АТ компаниясын – «Самұрық-Қазына» АҚ (Қор) компаниялары тобының АТ қызметтерінің біліктілік орталығын құру мақсатында 2016 жылдың тамыз айында Қордың еншілес компаниясы – «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС-ға «KTIES» ЖШС жарғылық капиталындағы «Қазақтелеком» АҚ 51% қатысу үлесін сату жүзеге асырылды және бірлескен кәсіпорын құрылды. Қор жобаны Қордың трансформация бағдарламасы шеңберінде іске асыруда.

Тиімді бизнес-модельді құру бойынша стратегиялық бастаманы іске асыру шеңберінде «Сигнум» АБҚ (Мәскеу қ., РФ) еншілес компаниясы негізінде «Қазақтелеком» АҚ IX (Internet Exchange) қызметтерін дамыту анықталды, осы үшін «КТ-АйИкс» АБҚ деп атауын ауыстырып, компанияны ірілендіру жүзеге асырылды.

Сабақтас бағыттарда жаңа бизнестерді дамыту «Қазақтелеком» АҚ құнын өсіру драйверлерінің бірі болып анықталды. «Қазақтелеком» АҚ «НҰРСАТ+» ЖШС еншілес компаниясы базасында электрондық коммерция нарығында жаңа қызметтерді және «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобының 2025 жылға дейін ұзақ мерзімді даму стратегиясымен анықталған төлемдерді дамытуды жоспарлап отыр.

**Бірлескен кәсіпорындар арқылы көшбасшылықты нығайту**







**«Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-ға «АЛТЕЛ» АҚ қосу бойынша іс-шаралар аяқталды.**

Мәміле нәтижесінде «АЛТЕЛ» АҚ және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС қазіргі бар абоненттеріне, сондай-ақ, болашақтағы клиенттерге желіні қамтуды кеңейту, 4G LTE сынды алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалану және көрсетілетін қызметтердің спектрін арттыру есебінен жаңа мүмкіндіктер қолжетімді болады. 2016 жылдың қорытындылары бойынша бірлескен кәсіпорынның нарықтық үлесі «абоненттік база» параметрі бойынша 25,3%-ға жетті.

## Қарқынды даму

2016 жылы «KT Cloud Lab» ЖШС жаңа жобаларды іске асыру бойынша жұмысты жалғастырды, оның ішінде 1 434 жер реформасының мәселелері бойынша байланысу орталығы және 111 балалар құқықтарын қорғау бойынша байланысу орталығы т.б. жобалар іске асырылды.

Ішкі бизнес-үдерістерді жетілдіру бойынша жұмыс та жүргізілді (сату секторларына арналған уәждеме жүйесі, байланысу орталығының қызметкерлері үшін кәсіби құзыреттер жүйесі және т.б.).

2017 жылы ауқымды жобаны іске асыру жоспарланып отыр – «ЭКСПО – 2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі үшін байланысу орталығын ұйымдастыру.

**«KT Cloud Lab» ЖШС**
**Қызметтерді сатудан кіріс, *млрд теңге***




## Тұрақты нәтиже

2016 жылы «ВОСТОКТЕЛЕКОМ» ЖШС ҚР ауылдық елді мекендерінде WLL сымсыз қатынау желісінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етті, «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС базалық станцияларының антенна-фидерлі құрылғыларына техникалық күтім жасау бойынша жұмысты жалғастырды.

2017 жылы серіктестік базасында «Қазақтелеком» АҚ телекоммуникациялық жабдықтары мен құрылыстарына техникалық күтім жасау бойынша топішілік сервис саласын кеңейту жоспарда бар.

**«Востоктелеком» ЖШС**
**Таза пайда, *млрд теңге***




## Жаңа бизнес есебінен ірілендіру

Тиімді бизнес-модельді құру және IX (Internet Exchange) қызметтерін дамыту шеңберінде **«Сигнум» АБК** негізінде **«КТ-АйИкс» АБК** компаниясы құрылды.

2016 жылы № 9 ҚХТС-да телематикалық қызметтер торабының және деректер беру желісінің үздіксіз және авариясыз жұмысы, «Телепрезенс» жүйесі бойынша өткізілетін бейнеконференцияларға техникалық демеу көрсету қамтамасыз етілді.

## Бизнестің жаңа бағыттары бойынша стартап

2016 жылы компания байланыстың телекоммуникация қызметтерін көрсетті, бірақ «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобында қызметтердің қайталануын жою мақсатында компанияның бизнес бағыттарын өзгерту және электрондық коммерция және төлемдер қызметтері нарығына көшу бойынша іс-шаралар өткізілді.

2017 жылы жобаны белсенді іске асыру және Қазақстан Республикасының нарығында электрондық аланды коммерциялық іске қосу жоспарланып отыр.

# Операциялық қызмет, өндірістік және қаржылықкөрсеткіштер





2016 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯ ТІРКЕЛГЕН ТЕЛЕФОНИЯ ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНЕ ТІРКЕЛГЕН КЕҢЖОЛАҚТЫ ҚАТЫНАУ НАРЫҒЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ ҮЛЕСІН САҚТАП ҚАЛДЫ; БАЙЛАНЫС АРНАЛАРЫН ЖАЛҒА БЕРУ, ДЕРЕКТЕР БЕРУ ЖӘНЕ СЫМСЫЗ БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТЕДІ.

# БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

2016 жылы Компания тіркелген телефония және интернет желісіне тіркелген кеңжолақты қатынау нарығының елеулі үлесін сақтап қалды; байланыс арналарын жалға беру, деректер беру және сымсыз байланыс қызметтерін көрсетеді.

«Қазақтелеком» АҚ бірқатар ірі инфрақұрылымдық жобаны іске асырумен, телекоммуникация желілерін жаңғыртумен және цифрландырумен, жаңа технологияларды енгізумен және ауылдарды телефондандырумен, сондай-ақ интернет желісіне кеңжолақты қатынауды дамытумен айналысады.

Жаңа қызметтер тізбесі айтарлықтай кеңейді: конвергентті қызметтер («FMS Отбасылық шешім», «iD Net Wireless», «Әмбебап нөмір»), «HD телеарналар топтамасы», «Wi-Fi технологиясы базасында қоғамдық орындарда интернетке қатынау», «iD TV Online», «Ұтқыр офис», «Бағдарламалық жасақтаманы жалға беру», «Қауіпсіз интернет», «Кейінге қалдырылған төлем», «DdoS-тан қорғау - «MSSP қызметтері», «Megaline Minimum Plus» , «Жоғары жылдамдықты тарифтік жоспарлар» және басқалары.

2016 жылғы жұмыс нәтижелері бойынша:

- тіркелген желіжолдар саны **3 670 696** желіжол немесе 2015 жылғы фактіге 95%;
- КЖҚ абоненттерінің саны **1 592 146** портты құрады, бұл 2015 жылдың ұқсас көрсеткішінен 6% жоғары;
- ақылы телевидение абоненттерінің саны **670 127** орынды құрады немесе өткен жылдың фактісіне 110%, оның ішінде iD TV бойынша – 491 209 орын.

«Қазақтелеком» АҚ бойынша қызметтерді өткізуден түскен шоғырландырылған кіріс 207 605 млн теңгені құрады немесе өткен жылға қатысты 104,8%.

Шоғырландырылған таза пайда 55 832 млн теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 229%.

Салықтарды, кредит үшін пайыздарды және амортизациялық шегерімдерді алып тастағанға дейінгі пайда – EBITDA – 73 718 млн теңгені құрады немесе өткен жылға қатысты 110,4%.

EBITDA маржасының деңгейі 35,8% құрады, бұл өткен жылғы деңгейден 2%-ға артық, бұл операциялық қызметтің тиімділігін арттыруға және шығындарды оңтайландыруға бағытталған стратегияны іске асырудың арқасында мүмкін болды.

«Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобы бойынша күрделі салым көлемі 15 014 млн теңгені немесе өткен жыл фактісіне 38,8% құрады.

ARPU (бір абонентке шаққандағы орташа кіріс) 3 605 теңгеге жетті, бұл жоспардың 101% құрады. ARLB (бір портқа шаққанда КЖҚ орташа кіріс) 4 568 теңге, бұл жоспарлық міндеттемелердің 100% құрады.

Компания қарыздық жүктеменің жайлы деңгейін сақтап келеді, қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері белгіленген шектерде сақталуда және айтарлықтай мықтылық қорына ие. Бұл ретте, ағымдағы сәтке қарыздық жүктемені жоспарлау кезінде Компания қаржылық тұрақтылықтың жоғары деңгейін тұрақты ұстап тұру мақсатында бес жылғы межеде ірі оқиғалар бойынша күтілімдерді де есепке алады.

«Қазақтелеком» АҚ-ның ұзақ мерзімді оң кредиттік тарихы бар және қарыздық қаржыландырудың ішкі де, сыртқы да көздерімен ынтымақтастық тәжірибесі мол. Standard & Poor's және Fitch Ratings халықаралық рейтингілік агенттіктері белгілейтін Компанияның рейтингілік динамикасы да Қоғамның тұрақты және сенімді серіктес екенінің дәлелі. Соңғы үш жылда Қоғамның кредиттік рейтингі деңгейі болжам «тұрақты» BB деңгейінен түскен емес.

**Standard & Poor's.** 2016 жылдың желтоқсан айында халықаралық рейтингілік агенттіктермен өзара іс-қимылдың барлық мерзімі ішінде «Қазақтелеком» АҚ кредиттік рейтингі «Позитивті» болжам BB-дан «Тұрақты» болжам «BB+» деңгейіне дейін көтерілді. Fitch Ratings аналитиктерінің бағалауы бойынша рейтингінің артуы ақшаның оң ағыны барысында Компанияның кредит қабілеттілігі мен өтелімділігінің жақсаруына негізделген. Сондай-ақ, бірқатар факторларды нығайту мен қызметтегі оң өзгерістер рейтингінің артуына ықпал етті.

Қазақтелекомның ағымдағы рейтинг деңгейі Ресейдің ең ірі телекоммуникация компанияларының рейтингімен бара бар: «МТС», «Мегафон» және «Вымпелком» компанияларының да рейтингі Fitch Ratings компаниясының рейтингі бойынша «BB+» деңгейінде.

# ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ

«Қазақтелеком» АҚ **бойынша қызметтерді сатудан түскен шоғырландырылған кіріс 205 820** млн теңгені құрады немесе өткен жылмен салыстырғанда **108,5%**. Бұл ретте, 2015 және 2016 жылдар «АЛТЕЛ» АҚ (ALTEL 4G бренді) және «Мобайл Телеком-сервис» ЖШС (Tele2 бренді) базасында ұтқыр сегментте бірлескен кәсіпорын құру бойынша мәміленің нәтижесінде Команияның шоғырландырылған деректерінен «АЛТЕЛ» АҚ шыққанын ескере отырып көрсетілген.

**Шоғырландырылған таза пайда 55 832** млн теңге (оның ішінде тоқтатылған қызметтен пайда – **40 959, 8** млн теңге).

2016 жылдың қорытындылары бойынша **EBITDA** көрсеткіші **73 718** млн теңге, яғни өткен жылмен салыстырғанда 110,4% құрады.

35,8% **EBITDA маржасының** деңгейі өткен жылдың көрсеткішінен 0,6%-ға артты. Бұл операциялық қызметтің тиімділігін көтеру және шығындарды оңтайландыру бойынша тұрақты жұмыстың арқасында мүмкін болды.

Есепті кезеңде «Қазақтелеком» АҚ компанияларының тобы бойынша негізгі қызметтен **шоғырландырылған шығыстар** 169 425 млн теңге құрады.

«Қазақтелеком» АҚ компанияларының тобы бойынша **күрделі салымдар көлемі** 15 014 млн теңге немесе өткен жылдың фактісімен салыстырғанда 38,8% құрады. Ауыткү «АЛТЕЛ» АҚ (ALTEL 4G бренді) және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (Tele2 бренді) бизнестерінің базасында ұтқыр сегментте бірлескен кәсіпорын құру бойынша мәмілені аяқтау нәтижесінде («АЛТЕЛ» АҚ күрделі салымды игеру бойынша деректері шоғарыландырудан алынып тасталды), сондай-ақ, Компанияның инвестициялық бағдарламасын оңтайландыру нәтижесінде Компанияның шоғырландырылған көрсеткіштерінен «АЛТЕЛ» АҚ-ның шығуы есебінен болды.

**«Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобы бойынша кірістер құрылымы**



- Жергілікті телефон байланысы; **20,0%**
- Байланыс операторының деректер беру желісі қызметтерін ұсыну кезіндегі кірістер; **3,9%**
- Тасымалдау желісі арналарын жалға беруден түсетін кірістер; **8,0%**
- «Қазақтелеком» АҚ желісіне қосылған бөгде операторлармен келісімдер бойынша кірістер; **3,6%**
- Халықаралық операторлармен келісімдер бойынша кірістер; **5,3%**
- Ұялы байланыс операторларын қоса алғанда, бөгде операторлар абоненттерімен ксөйлесу үшін кірістер; **3,1%**
- Қалааралық, халықаралық телефон байланысы; **5,2%**
- Басқа да қызметтер; **2,2%**
- Корпоративтік ақпараттық-коммуникациялық қызметтер ; **1,9%**
- Деректер беру желісі қызметтері; **46,8%**

2016 жылы мейлінше үлкен үлес салмағына ие болған кірістер:

- деректер беру желісі қызметтерінен, «Қазақтелеком» АҚ жалпы кірістер құрылымындағы үлесі 46,8% құрады;
- жергілікті телефон байланысы қызметтерін ұсынудан, жалпы кірістер құрылымындағы үлесі 20,0% құрады;
- тасымалдау желісі арналарын жалға беруден, жалпы кірістер құрылымындағы үлесі 8,0% құрады;
- халықаралық операторлармен келісімдер бойынша жалпы кірістер құрылымындағы үлесі 5,3% құрады;
- қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерін ұсынудан, жалпы кірістер құрылымындағы үлесі 5,2% құрады.

**5 жыл ішіндегі кірістің мейлінше елеулі баптарының динамикасы,** ***млн теңгемен***



Соңғы бірнеше жыл бойы тіркелген телефония қосылыстары көлемінің төмендеуі және дауыс трафигінің төмендеуі байқалады, ол мыналардың салдарынан абоненттік сегмент бойынша ҚХТС қызметтері кірісінің өсу қарқынының төмендеуіне алып келеді:

- ұтқыр байланыстың кірігу деңгейінің жоғарылығы, ұтқыр операторлардың төмен тарифтері;
- қоңырау шалудың баламалы түрлерінің және орнын алмастыратын қызметтердің танымалдығының артуы (VoIP, Skype және т.б.).

Бәсекелестіктің артуымен, оның ішінде ұтқыр КЖҚ дамуынан тіркелген КЖҚ көлемінің өсу қарқынының баяулауы да байқалады.

Басты кіріс құрайтын қызметтердің (тіркелген телефония, КЖҚ, ұялы байланыс) кірігуі бойынша жоғары көрсеткіштер, сондай-ақ, дәстүрлі телефония қызметтеріне ғана емес, тіркелген интернетке де қатысты байқалып отырған «ұтқыр каннибализация» негізгі ойыншылардың коммерциялық стратегияларын елеулі өзгерту үшін анықтаушы факторлар болып табылатынын атап өту керек.

**1 қызметкерге шаққандағы кіріс, мың теңге**




Бір қызметкерге шаққандағы кірістерде аналогты компаниялар үшін орташадан жоғары деңгейде бизнестің операциялық тиімділігін сақтау және күрделі инвестициялардың тиімділігін көтеру бойынша өткізілетін іс-шаралардың нәтижесі ретінде оң динамика байқалады.

**2015 жылмен салыстырғандағы 2016 жылдың кіріс құрылымындағы өзгерістер, *млн теңгемен***




Интернет желісіне КЖҚ қызметтерінің кірігуінің өсуімен және IT технологиялардың дамуымен қызметтерді тұтыну стилі өзгерді. Әрбір рет тұтынушылар тілдесу интернет-қосымшалары арқылы (Skype, агенттер, мессенджерлер) VoIP технологиясын пайдалана отырып, дауыс қызметтерін тұтынуды жөн көреді.

«Жетілген» қызметтерден түсетін кірістердің төмендеуіне өтем жасау және теңгерімделген өнім каталогын жасау мақсатында «Қазақтелеком» АҚ белсенді даму стратегиясын және экстенсивті даму әлі мүмкін болатын нарық сегменттерінде, атап айтқанда ақылы ТВ мен жаңа қызметтер бойынша нарықтағы үлесін арттыру бағытын ұстануда.

Компания қосымша ресурстарды уақытылы енгізуде, олар дәстүрлі қызметтер нарығының «жетілуі» жағдайында да бар клиенттердің ARPU ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл, ең алдымен, конвергенттелген қызметтер, ДӨО, жүйелік ықпалдастыру, «Бұлтты есептеулер» қызметтері (SaaS, PaaS және т.б.), пайдаланушылардың үлкен ортасы үшін контент-сервистер (тақырыптық web-порталдар, ұтқыр коммерция, ұтқыр маркетинг, мультимедиялық контент және т.б.).

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобы ашық тендер және бағасы төмендетілетін сауда-саттықты қолдана отырып, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесінде сатып алуды жүзеге асырады. 2016 жылы 56, 340 млрд теңге сомаға 11 769 шарт жасалды, бұл ретте, жергілікті қамту үлесі 55,6% құрады.

Жергілікті қамту бойынша көрсеткіштерге қол жеткізу үшін Қоғам жеткізушілердің шығаратын өнімдерін жеткізуге ұзақ мерзімді шарт жасау бойынша холдингішілік кооперацияны дамыту жұмыстарын жүргізіп келеді.

# ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

*Қазіргі заманда телекоммуникациялық және ақпараттық технологиялар көп жағдайда тұтас ел экономикасының тиімділігі мен дамуын айқындайды.*

Өндірістік қызмет – бұл кез келген ұйымның басты үдерісі және ол айтарлықтай деңгейде компанияның экономикалық тиімділігін айқындайды. Телекоммуникациялық компаниялардың өндірістік қызметінің нәтижесі – қызмет – ақпарат пен хабарламаны жіберушіден алушыға берудің пайдалы әсері болып табылады.

Телекоммуникациялық компаниялардың табысты өндірістік қызметі ең озық байланыс жүйелерін, заманауи ақпараттық және инновациялық технологияларды қолданбай мүмкін емес.

## Телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту

Бүгінгі күнде телекоммуникациялар – ел экономикасының қарқынды дамып отырған салаларының бірі. Бұл ретте, саланы дамыту қолданыстағы байланыс құралдарының өткізу мүмкіндігін ұлғайтумен қатар, ең бастысы, байланыс қызметтері ассортиментін кеңейтумен және телекоммуникация қызметтері мен қолданылатын технологиялардың ассортиментін жаңарту қарқынымен де сипатталады.

Мемлекет басшысының «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпы ұлттық іс-шараларға сәйкес «Қазақтелеком» АҚ магистральдық желінің транзиттік әлеуетін өрістетуді жалғастырып келеді.

2015–2016 жылдары қолданыстағы Ұлттық ақпараттық супермагистральдің (ҰАСМ) өткізу мүмкіндігін кеңейту бойынша жобалар аясында:

- интернеттің сыртқы арналарының жиынтық қуаты 670 Гбит/с-тен 770 Гбит/с-ке дейін ұлғайтылды, шекаралық ауысуда 710 Гбит/с-ке дейін кеңейтілді;
- транзиттік арналарды есепке алғанда өткізу мүмкіндігі 2.6 Тбит/с құрады;
- халықаралық байланыс операторларымен жаңадан 3 түйіспе салынды, барлығы 23 түйіспе;
- аймақтық және ауылдық ТОБЖ 296 шақырымға ұлғайтылып, 27 019 шақырымды құрады.

2016 жылы «Жаппай бизнеске арналған халықаралық транзиттік арналарды ұйымдастыру» атты екі жылдық бизнес жоспар әзірленіп қорғалды, жоба бойынша транзиттік өткізу мүмкіндігін 500 Гбит/с-ке дейін арттыру көзделген.

2015–2016 жылдары КЖҚ қызметтерін дамыту және жоғары жылдамдықтағы қатынау қызметтеріне деген артып отырған сұранысты қанағаттандыру мақсатында Қоғам талшықты-оптикалық қатынау желісін сауды және кеңейтуді жалғастырды. Ақсай, Зашаған (Батыс Қазақстан облысы), Хромтау, Ақтөбе қаласы маңдары, Зырян, Риддер, Степногорск қалаларында қосымша желілер салынды. Қазіргі уақытта талшықты-оптикалық қатынау желілерімен шамамен 26 мың көппәтерлі үй және 26 мың жеке сектор үйлері қамтылды. 2016 жылы КЖҚ желісін дамыту жобалары аясында Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау, Ақмола және Алматы облыстарында жалпы сыйымдылығы 12 140 порт GPON жабдығы енгізілді. КЖҚ дамыту жобалары бойынша 80 140 абоненттті қосу жұмыстары жүргізілді.

**АО “Казахтелеком”: Магистральная сеть передачи данных**




2017.01.01 жағдай бойынша «Қазақтелеком» АҚ жергілікті телекоммуникация желісінде 6 516 коммутация пункті бар.

2017 жылы жергілікті телекоммуникация желісінің жалпы құрастырылған сыйымдылығы 2016 жылмен салыстырғанда 97 747 нөмірге кеміді және 5 294 480 нөмірді құрады. NGN желісінің сыйымдылығы 67 586 нөмірге ұлғайтылды.

ҚТС құрастырылған сыйымдылығы 3 976 394 нөмірді құрады.

СТС құрастырылған сыймдылығы 1 318 086 нөмірді құрады.

2017.01.01 жағдайға тіркелген желіжолдар саны 3 670 696 бірлікті құрады, оның ішінде ҚТС – 2 700 365 бірлік, СТС – 970 331 бірлік.

2017 жылғы 1 қаңтарға 100 тұрғынға шаққандағы телефон тығыздығы 21,37 нөмірді құрады, оның ішінде, ҚТС – 28,55 нөмір, СТС – 12,56 нөмір.

Хабарландыру және жариялау жүйесін жетілдіру туралы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Алматы қ. телехабар таратудан ақпаратты уақтылы алу және уәкілетті органның тұрғындарға дұрыс ақпаратты жеткізуі үшін шұғыл бейнехабарламалар ұсыну мүмкіндігі қамтамасыз етілді.

Желіде абоненттердің ұлғаюы және IP TV торaптарына жүктеменің артуына байланысты Астана және Алматы қалаларында бас тораптар жаңғыртылды, өңірлік IP TV тораптары кеңейтілді. 84 214 лицензия және 97 804 абоненттік құрылғы (STB) жеткізілді. Сұранысты қанағаттандыру және тұтынушыларға ыңғайлы болу үшін Smart TV функциясы бар теледидарларға арналған «iD TV Online» қосымшасы әзірленді.

Ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыру және деректер беру жылдамдығын ұлғайту үшін, сондай-ақ ірі корпоративтік клиенттерге және мемлекеттік органдарға (B2B, B2G) кеңжолақты қатынау қызметтерін ұсыну сегментінде Қоғамның көшбасшылық орнын сақтап қалу үшін, 2016 жылы Қоғамның корпоративтік клиенттері үшін талшықты-оптикалық байланыс желіжолдарын салу бойынша «Қазақтелеком» АҚ жобасы қабылданды. Бұл жоба бойынша 2019 жылы Астана, Алматы қалаларындағы, облыс орталықтарындағы және облыстық маңызы бар қалалардағы оптикалық тарату желілеріне 13 мыңнан аса заңды тұлғаны ауыстырып қосуды жүзеге асыру көзделген.

## Ақпараттық технологиялар

Өркениетті қоғамның қазіргі даму кезеңі ақпараттандыру үдерісімен сипатталады. Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу ел экономикасының түрлі салаларында ақпараттық ресурстарды пайдалану мүмкіндігін айтарлықтай кеңейтеді.

2016 жылы «Қазақтелеком» АҚ Small World, Mediation Device, АЕЖ ақпараттық жүйелерін виртуалдандыруды қамтамасыз етті және Виртуалды жүйелер бойынша құзыреттілік орталықтары ұйымдастырылды. Аталған жұмыстың нәтижесінде 250 бірлік жабдық босатылып, оның өнімділігі арттырылды.

«Қазақтелеком» АҚ филиалдарында ядро деңгейінде коммутациялық жабдықты жаңғырту және BGP Option B протоколы бойынша магистральдық деректер беру желісіне ауыстырып қосу жұмыстары аяқталды. Мұның нәтижесінде коммутациялық жабдықтың 10 бірлігі босатылды, деректер беру жылдамдығындағы кідірістер азайтылды және деректер беру желісінің жұмыс істеуінің тұрақтылық деңгейі ұлғайтылды.

Қоғамда Microsoft Active Directory базасында бірыңғай қызметтер каталогы әзірленіп енгізілді, бұл желілердің ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта Қазақтелеком дата-орталықтардың бұлтты есептеулері мен қызметтері нарығында көшбасшылық орындардың біріне ие. «Қазақтелеком» АҚ дата-орталықтарының негізіндегі бұлтты қызметтер 2016 жылы қарқынды дамығанын көрсетті, атап айтқанда, «Виртуалды дата-орталық» қызметін тұтыну 2 есеге артты. Дата-орталықтардың бұлтты сервистері мен қызметтері қолжетімді, пайдалануда жеңіл, қауіпсіздігі жоғары болғандықтан, B2B сегментінің клиенттерімен қатар, B2G сегментінің клиенттері арасында да әрбір рет танымал болып келеді.

Бұл қызметтерді ШОБ сегментінің компаниялары да белсенді пайдаланады. Мәселен, Виртуалды бөлектелген сервер және Dynamic Cloud Server сынды танымалдыққа ие қызметтерден басқа, Қоғам SaaS моделі бойынша жаңа сервистерді де дамытуда. Отандық АТ компанияларының белсенді қатысуымен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, «Қазақтелеком» АҚ бастамасы бойынша құрылатын ашық цифрлық платформа өмірлік цикл бойы бизнестің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қажетті сервистердің агрегаторы болмақ.

Корпоративтік ақпараттық жүйелер. 2016 жылы «Қазақтелеком» АҚ қажеттілігі үшін жүйелерді автоматтандыру және ықпалдастыру бойныша жұмыстардың жоспарланған көлемі орындалды, SAP ERP және BW кешенінің серверлік жабдығын жаңғырту жүргізілді.

Алматы қаласында жаппай ауыстырып қосудың жаңа жүйесі енгізілді, мыс желіде желіжол деректерін құру/ауыстыру/алып тастау бойынша функционал таратылды, «Бейнебақылау» қызметін орнатудың техникалық мүмкіндігін тексеруді автоматтандыру бойынша жұмыстар орындалды, «Сыйақы үшін төлем», «Жоспарды бөлу (+ЕАҚ)», «Хабарландыру» және «Құрмет тақтасы» модульдері әзірленді, «FMS» қызметін ұсыну үдерісі автоматтандырылды.

Есепті жылы Желіні оперативті басқарудың бірыңғай орталығы құрылды. Ресурстың бұзылымын басқару жүйесі мен сервис бұзылымын басқару жүйесі арасындағы ықпалдастыру үдерісі іске асырылды. Жаңа автоматтандырылған үдеріс – «Ремеди» – проблемалық билеттерді басқару жүйесінің Орталық жөндеу бюросы модулі әзірленді. «165 қызметін» «Genesys» платформасына орталықтандыру бойынша жұмыс аяқталды. Қоғам филиалдарында ұтқыр персоналды басқару жүйесі пайдалануға енгізілді және техникалық персоналдың еңбек тиімділігі мен өнімділігін арттыру мақсатында техникалық бөлімшелердің ұйымдық құрылымын оңтайландыру жүргізілді.

## Инновациялық даму

*Әлемдік деңгейде инновациялық даму компаниялардың бәсекелестікке қабілеттілігін үнемі арттырып отырумен және сақтау қажеттілігімен байланысты. Бұл ретте, инновацияларды пайдалану компанияларға жаңа тұтынушыларды тарту, жаңа қызметтерді ұсына отыру, сондай-ақ, өз қызметінің қаржылық деңгейін жақсарту арқылы нарықтағы бәсекелестікті тиімді жүргізуге мүмкіндік береді.*

Акционерлік құнды арттыру стратегиясына сәйкес «Экономиканы цифрландыру» «Қазақтелеком» АҚ дамытудың жаңа стратегиялық бизнес-бағыттарының бірі болып табылады. Оған заттар интернеті (IoT), M2M - machine-to-machine түріндегі қызметтерді енгізу кіреді. Бұл Қоғам 2016 жылы іске асырған жаңа қызметтер мен өнімдерден көрініс тапты, атап айтқанда:

1) Қауіпсіз интернет;
2) DDoS (MSSP) қорғау;
3) Кейінге қалдырылған төлем;
4) 300/500/1000 Мбит/с жоғары жылдамдықтағы тарифтік жоспарлар;
5) Megaline Minimum Plus.

Жаңа қызметтерді енгізу нәтижелері мен сипаттамасы:

**B2B**

Қауіпсіз интернет



- кәсіпорынның қызметкерлерін заңсыз контенттен қорғау;
- ілгеріде алынған жүйенің утилизациясы;
- ата-ана бақылауы;
- көлемі – 2600 клиент;
- кіріс – 59,3 млн тг.

DdoS (MSSP) қорғау



- DdoS (MSSP) қорғау, виртуалдыжеліаралық экрнадар (Palo Alto);
- ТЖББО бөлінген инженері бар ақпараттық қауіпсіздік аутсорсингі қағидаты бойыншажұмыс;
- жүйенің өнімділігі - 40 Гбит/с,50 клиент;
- көлемі – 4 клиенть + 5 ірі банкқосу;
- кіріс – 2 млн тг

**Функционалдық** ← → **Сапаны арттыру**

**B2C**

Кейінге қалдырылған төлем



- интернетті үздіксіз тұтынуды қамтамасыз етудің ыңғайлы тәсілі;
- кіріс- 2 млн тг аса;

Megaline Minimum Plus




- телефон, интернет және М+ фильмотека -қажетті базалық қызметтері барминималистерге арналған тарифтік жоспар

300/500/1000 Мбит/с жоғары жылдамдықты тариф жоспарлары



- жеке тұлғаларға арналған GPON тарифтік жоспары;
- нарықтағы ең бәсекеге қабілетті тарифтер болып табылады;
- техникалық мүмкіндікке талдау жасалды: 80 % ONT 500 Мбит/с дейін қызметкөрсете алады;
- 2017 жылдан бастап VIP топтамаларында;
- 2016 жылы ҚР бойынша шамамен 150 орынды қосумен 2,3 млн тг пайда табылды.

**«Қазақтелеком» АҚ ақпараттық қауіпсіздік қызметтерін ұсынудан түсетін кіріс**

**465 млн. теңге**

| 205 тыс. | 2,6 тыс. | 10 |
|---|---|---|
| Жеке тұлғалар сегментіндегі қауіпсіздік қызметтерінің пайдаланушылары | ШОБ сегментіндегі қауіпсіздік қызметтерінің пайдаланушылары | бизнес-ұйым Managed Security Services моделі бойынша қызметтерді пайдаланады |
| **165 тг.** | **1896 тг.** | **10** |
| Жеке тұлғалар сегментіндегі қауіпсіздік қызметтерінің ARPU | ШОБ сегментіндегі қауіпсіздік қызметтерінің ARPU | корпоративтік клиенттер сегментіндегі қауіпсіздік қызметтерінің ARPU |

**39 Гбит/с**

ЕЖС қауіпсіздік жүйесі өңдейтін интернет трафигінің көлемі

**25**

URL санаттары

**50 млн.**

Санатталған сайттар

**аптасына 2 млн**

**URL сұрауларын бұғаттау, с.і.**

- **10%** Онлайн-ойындар
- **8%** Спам және БЖ вирустары
- **5%** Пираттық өнімдер
- **3%** Ересектерге арналған сайттар

**40**

Жабдық фильтрлей алатын DdoS-шабуылдардың ең үлкен мөлшері

Есепті жылы Қоғамды инновациялық дамыту аясында бизнестің жаңа сегменті қалыптастырылды – B2C, ШОБ, ірі корпоративтік клиенттер сегменттеріндегі ақпараттық қауіпсіздік.



01011
↑01
№1

# Басым даму бағыттары. 2017 жылға арналған бизнес-жоспарлар

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕЛЕГЕН КӘСІПОРЫНДАР ДЕҢГЕЙІМЕН ҚАТАР, ЕЛ АУҚЫМЫ МЕН ҰЛТТЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДЕН ДЕ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ШАРТЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, БАРЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҮДЕРІСТЕРДІ ҚАЙТА ҚҰРУҒА, ӨНІМДІЛІКТІ ТҮБЕГЕЙЛІ АРТТЫРУҒА, САПАНЫ КӨТЕРУГЕ, ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫН ТӨМЕНДЕТУГЕ АЛЫП КЕЛЕДІ.

# БАСЫМ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Соңғы онжылдықтарда әлем жаңа үлгідегі экономикаға қарқынды қадам басуда және оны қалыптастыруда цифрлық технологиялар басты құралға айналуда. Қазіргі заманда ақпараттық технологиялар мен цифрлық трансформация технологиялық өзгерістердің негізгі факторы және жекелеген кәсіпорындар деңгейімен қатар, ел ауқымы мен ұлттық бірлестіктерден де жоғары деңгейде бәсекелестікті қамтамасыз етудің шарты болып табылады, барлық экономикалық және өндірістік үдерістерді қайта құруға, өнімділікті түбегейлі арттыруға, сапаны көтеруге, тауарлар мен қызметтердің өзіндік құнын төмендетуге алып келеді.

«Қазақтелеком» АҚ жаңа перспективалы бизнес бағыттарын анықтады, бірінші кезекте электрондық коммерция сегментіне назар аударылды, төлемдердің агрегаторы болу және клиенттерге үздік шешім ұсыну үшін дайындық жұмыстары жүргізілді. Бұл бағытта алғашқы қадамдар жасалып жатқанына қарамастан, Компания технологияларды «әрбір үйге» жеткізумен қатар, қызметтердің кең спектрін ұсынуды қолға алды. Ұтқыр құрылғылар арқылы бейнесервистерді тұтынудың өсуі деректер беру желілерін одан әрі дамытуды талап етеді. Компанияның басты бағыттарын талдау кезінде конвергентті қызметтерді алға жылжыту байқалады – ұялы және тіркелген байланыстың артықшылықтарының қосындысы, ұтқыр қызметтер.

Тағы бір әлемдік тренд – бизнес-үдерістердің  цифрлық форматқа көшуі және осы бағытта «Қазақтелеком» АҚ қазақстандық бизнестің ақпараттық іргетасын құруға барынша күш салуда. Біз бұлтты технологиялардың енгізілуін арттыру, IT-инфрақұрылымды дамыту және дата-орталықтар желісін күшейту бойынша белсенді жұмыс атқарып келеміз. Қолданылып жатқан технологиялар коммерциялық арналар және жарнама, төлемдер жинау, бухгалтерия, қорларды және клиенттермен өзара қарым-қатынасты басқаруды қоса алғанда, бизнесті жүргізуге қажетті операциялық инфрақұрылымды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бейнебақылау қызметтері және  қауіпсіздік жүйелерінен бастап «ақылды» өндірістерге дейін бизнесті автоматтандыру мен ақпараттандыруға бағытталған M2M-шешімдерге үлкен мән берілген. Осылайша, нақты уақыт режимінде бақылау-кассалық машиналардан Салық комитетіне фискалдық деректерді беруді қамтамасыз ететін жобаны енгізу қолданыстағы бақылау-кассалық машиналарды қолдану жүйесін жаңғыртуды жүзеге асыруға, қолма-қол ақша операцияларын мониторингілеу және талдауды жақсартуға және аталған үдерістердің мейлінше айқындылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

### Инновациялық жобалар мен жаңа қызметтерді дамыту

Әлемдік деңгейде жалғасып отырған экономикалық дағдарыс жағдайында «Қазақтелеком» АҚ FTTH,  IP TV сияқты тұрақтанған бағыттармен қатар, қосымша жоғары технологиялы кіріс көздерін дамытуды да жоспарлып отыр:

| | |
|---|---|
| **«FinTech қызметтерін дамыту»** | Қаржылық қызметтер нарығына шығу.<br>Бұл бағытта Стратегияда мынадай қызметтер түрін іске асыру көзделуде:<br>• электрондық төлемдер (B2C);<br>• электрондық аударымдар (C2C);<br>• кредиттер (B2C);<br>• ШОБ және B2B арналған өнімдер (шот жүргізу және кредит беру). |
| **«Электрондық коммерция қызметтерін дамыту»** | Электрондық коммерция нарығына шығу.<br>Бұл бағытта Стратегияда мынадай қызметтер түрін іске асыру көзделуде:<br>• Жеткізушілер агрегациясы үшін платформа құру (b2B2C);<br>• тауашалық дүкендер құру (B2C);<br>• ірі халықаралық ойыншымен серіктестікті іске асыру. |
| **«Бұлтты» бейнебақылау қызметтерін ұйымдастыру»** | • «M2M» стратегиялық бизнес-бағытында ұсынылатын қызметтер спектрін кеңейту;<br>• B2C, B2B, B2G сегменттері үшін «бұлтты» бейнебақылау қызметтерін іске асыру. |
| **«M2M қызметтерін дамыту»** | • «M2M» стратегиялық бизнес-бағытын іске асыру (IoT, Экономиканы цифрландыру)<br>• Ұсынылатын қызметтер номенклатурасын кеңейту<br>• тіркелген және ұтқыр бизнестер синергиясының әлеуетін пайдалану |
| **«IoT үшін қашық радиуста энергия жағынан тиімді желілер базасында сымсыз қызметтерді іске асыру»** | • Экономиканы цифрландыру мақсатында IoT және M2M стратегиялық бизнес-бағытын іске асыру.<br>• «Қазақтелеком» АҚ сымсыз қызметтерінің номенклатурасын кеңейту.<br>• M2M-коммуникация және Заттар интернеті шешімін енгізу үшін қашық радиуста әрекет ететін энергия жағынан тиімді сымсыз желілерді тарамдау. |

«Цифрлы Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Қазақтелеком» АҚ мынадай жобалардың тізбесін іске асыруға қатысуды жоспарлайды:

1. МЖС моделі бойынша «Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендеріне интернетке кеңжолақты қатынауды қамтамасыз ету» жобасын іске асыру;
2. Өнеркәсіптік интернет желілерін құру (LPWAN);
3. Экономиканың салаларын цифрландыруды қамтамасыз ету үшін IoT  (заттар интернеті) құру;
4. Экономиканы дамыту үшін мейлінше өзекті әлеуметтік, өнеркәсіптік, қаржылық және басқа деректерді құрылымдау, өңдеу және талдау үшін Big Data платформасын құру;

5. Микро, шағын және орта бизнес үшін ашық цифрлық платформа құру;
6. Тұрғындардың, кәсіпкерлердің және экономиканың мейлінше басымды бағыттарының мамандарының цифрлық сауаттылығын арттыру үшін онлайн платформа құру.

**Сыртқы нарықтарға шығу және транзиттік әлеуетті дамыту**

Елді цифрландыруға бағытталған «Цифрлы Қазақстан – 2020» жаңа стратегиясын дамытудың мақсаттарының бірі транзиттік әлеуетті арттыру болып табылады. Бағдарламада көршілес мемлекеттердің байланыс операторларымен 2020 жылға қарай Еуропа-Азия бағыты бойынша телекоммуникациялық трафикті 200 Гбит/с дейін қамтамасыз ете алатын заманауи, өнімділігі мейлінше жоғары және масштабталатын тасымалдау инфрақұрылымын құра отырып, көпжақты қарым-қатынасты дамыту қарастырылған. DWDM транзиттік оптикалық желіні нарықтың қажеттілігіне сәйкес 4 Тбит/с дейінгі максималды жылдамдыққа дейін кеңейту.

«Қазақтелеком» АҚ DWDM технологиясын пайдаланумен компанияның магистралдық желісін жаңғырту, сондай-ақ «Қазақтелеком» АҚ желісі арқылы Еуропа-Оңтүстік Шығыс Азия бағытын ұйымдастыру және жылжыту бойынша серіктестер – халықаралық операторлармен кооперация есебінен Қазақстан арқылы тасымал телекоммуникация ағынын ұлғайтуға және республиканың транзиттік әлеуетін дамытуға ерекше назар аударады.

| | |
|---|---|
| **«Жаппай бизнеске арналған халықаралық транзиттік арналарды ұйымдастыру»** | • халықаралық бизнесте нарық үлесін сақтау;<br>• Ресей – Орта Азия және Қытай бағытында сұранысты қанағаттандыру;<br>• халықаралық бизнестегі қазіргі бар кірісті сақтау және кірісті жыл сайын 1% ұлғайту.<br>• транзиттік қызметтері үшін 700 Гбит/с қосымша сыйымдылықпен қолданыстағы тасымалдау желісін кеңейту. |
| **«Операторлық қосылулар үшін желі ресурстарын кеңейту»** | ҚР ірі байланыс операторларының қалыптасқан қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жасалған ұзақ мерзімді шарттар аясында техникалық шешім қарастырылады. Ол сервистік маршрутизаторларды трафик басымдылығымен/басымдылығынсыз қолдауы бар 10G порттарымен уақытылы жасақтауды және филиалдардың аймақтық тасымалдау желісінің өткізу мүмкіндігін кеңейтуді көздейді. |

Алдағы жылға 2017–2021 жылдарға арналған даму жоспарының басты қаржы-экономикалық көрсеткіштеріне қол жеткізу және Қоғамның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету міндеті қойылған.

2017 жылы инвестициялық жобаларды іске асыруға 32,6 млрд теңге шамасында күрделі салым жоспарланған, оның ішінде қазіргі бар қызметтерді одан әрі дамытуға бағытталатын болады:

- жаңа үйлердегі FTTH абоненттері үшін 26,5 мың порт,
- қазіргі бар үйлерде кірігуді ұлғайту үшін 21,7 мың ONT терминалы,
- сымсыз кластерді дамыту үшін 12,5 мың CPE LTE терминалы,
- IP TV абоненттері үшін 72,6 мың STB приставка,
- 10 мың SIP лицензия (B2B, B2C сегменттері),
- кіреберістегі бейнебақылау үшін 27,2 мың бейнекамера,
- ТОБЖ құрылысы және 6 396 ШОБ және ІКК қосу.

Қоғам тұрақты негізде Қоғамның кредиттік рейтингін қолдау бойынша рейтинг агенттіктерімен жұмысты жалғастырады.


3A 25 74
80 32 78
1/7 23
3 65 2 01
23 : 55

# Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

*Өмір дегеніміз – тәуекелдерді басқару емес, тәуекелдерді болдырмау.*

*Уолтер Ристон*

«Қазақтелеком» АҚ-дағы Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесі (бұдан әрі – КТБЖ) ықпалдастырылған жүйені құруды көздейді. Ол тәуекелдердің тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін басымды бағыттар бойынша ресурстарды бөлу мен тәуекелдерді ескере отырып, шешімдерді қабылдауға қажетті тәуекелдер туралы ақпаратпен Қоғамның органдарын уақтылы қамтамасыз етеді.

Тәуекелдерді басқару үдерісі кез келген ұйым бизнесінің қауіпсіздігі мен үздіксіздігі мақсаттарына жету кепілдігін қамтамасыз етудің негізі болып табылады.

Трансформациялық үдерістер барысында «Қазақтелеком» АҚ тәуекелдерін басқару проактивті ықпал етуге көбірек бет алуда, Қоғамның корпоративтік мәдениетінің ажырамас бөлігі және амбициялық, стратегиялық мақсаттарға жету жолындағы пәрменді құрал болып табылады.

**Тәуекелдерді басқару құрылымы**

Құрылымы Қоғамның мынадай органдарын, бөлімшелерін және қызметкерлерін тартумен бірнеше деңгейдегі тәуекелдерді басқаруды қамтиды:




Тәуекелдерді басқару қызметі есепті жыл ішінде Тәуекелдер тіркелімін мониторингілеу, тәуекелдер бойынша деректерді өзекті ету, тәуекелдерді азайту іс-шараларын бақылау бойынша жұмыстарды жүргізді. 2016 жылдың соңына Қоғамның Корпоративтік тәуекелдер тіркеліміне 32 тәуекел енгізілді:




«Қазақтелеком» АҚ Ұзақ мерзімді бағытталған іс-шараларды орындау тұрақты мониторингіленеді және бақылау жүргізіледі.

Қоғам өз қызметінде кез келуі мүмкін ұлттық валютаның құнсыздануы бойынша тәуекелдерді төмендету мақсатында елдің қаржылық секторын мониторингілеу Тәуекелдерді басқару қызметінің жұмыс бағыттарының бірі болып табылады. Екінші деңгейдегі банктердің қаржылық есептілігі бойынша Қазақстанның банк секторының талдамасын, сондай-ақ халықаралық рейтингілік агенттіктер аналитиктерінің болжамдарын негізге ала отырып, бірқатар қазақстандық банктер рейтингісінің төмендеуі болжамдарының ықтималдығы анықталды.

Банк секторында валюталар бойынша активтер мен міндеттемелердің елеулі сәйкессіздіктері кезінде қазақстандық валютада қаржыландыру көздерінің шектелуі, кредиттік тәуекелдердің өсуі, пайдалылықтың төмендеуі болжанған. «Казинвестбанк» АҚ-дан банк қызметін жүзеге асыруға лицензияның қайтарылып алынғанын ескере отырып, Қоғамның Тәуекелдер тіркеліміне «Банктердің Қоғам алдындағы міндеттемелерін орындамауы» деген жаңа тәуекелі енгізілді.

Сонымен қатар Қоғамның кірістілігіне тікелей әсер ететін мемлекеттік органдар мен Үкіметтің нормативтік-құқықтық және реттеуші талаптарына мониторинг жүргізіледі.

2016 жылдың қорытындылары бойынша «Қазақтелеком» АҚ тәуекелдері Қоғамның басты қызмет көрсеткіштерінің жосықты ауытқу  (толеранттық) деңгейінде орналасқан. Компания елеулі тәуекелдердің кезеңдегі мақсаттарға әсерін төмендету үшін оларды проактивті басқару іс-шараларын іске асырады.

2016 жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның жаңа Даму стратегиясы бекітілді. Онда жаңа бизнестерді дамыту бағыттарына ерекше назар аударылған. Аталған стратегия аясында Қоғам өз қызметінде кезігуі мүмкін тәуекелдерді талдау бойынша жұмыс жүргізілді. Тәуекелдерді басқару қызметі құрылған бизнес-үдерістерді оңтайландыру бойынша практикалық ұсынымдар берді және Қоғамның компаниялары тобы үшін start-up жобалары бойынша шеберлік-кластары ұйымдастырылды.

## *Филиалдар мен еншілес ұйымдарда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін ықпалдастыруды жалғастыру*

*Топта қолданылатын тәуекел-менеджменті практикасының тиімділігін арттыру тәуекелдерді басқару үдерісі субъектілерінің жұмысы мен өзара іс-қимылын жақсартуды көздейді. Филиалдар мен еншілес ұйымдар деңгейінде ықтимал тәуекелдер бойынша жинақталған және өзекті етілген ақпарат жергілікті деңгеймен қатар, Топтың барлық деңгейінде әсер ететін факторларды қамтуға және бағалауға жол ашады. Бұл жергілікті деңгейде тәуекелдерді реттеу барысында алдын алу шараларын жүргізуге және барлық субъектілерден түсетін ықпалдастырылған деректерге негізделген кешенді шешімдерді қабылдауға мүмкіндік береді.*

*Филиалдар мен еншілес ұйымдар тоқсан сайын тәуекелдердің тіркелімі мен карталарын қайта бағалайды және өзекті етеді. Жергілікті көрсеткіштермен қатар, корпоративтік деңгейдегі тәуекелдерге әсері бар және оларды азайту үшін қаржылық салымды қажет ететін елеулі тәуекелдер бойынша филиалдар келесі жылы шараларды іске асыруға бағытталған жобаларды дайындап, қорғады.*

## *Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің үздік практикалары мен стандарттарын одан әрі енгізу*

Қоғам ел экономикасының нақты секторының компаниялары үшін тәуекелдерді басқарудың үздік әлемдік стандарттарындағы өзекті өзгерістерге тұрақты мониторинг жүргізеді. Есепті кезеңде компанияның инвестициялық компанияларының тәуекелдерін бағалау бағыттары жетілдірілді. Тәртіптемелерді әзірлеу әлі жүріп жатса да, қазірдің өзінде жекелеген жобалармен қатар, барлық инвестициялық портфельдің тәуекелдерін басқару саласындағы түрлі бағыттағы инвестициялық жобаларды әзірлейтін бөлімшелердің ақпараттануы мен біліктілігін арттыру нәтижелері көрінуде.

Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің және ішкі бақылау жүйесінің негізгі үдерістерінде елеулі өзгерістер болған жоқ, себебі бұған дейін жүйелер стандарттарға және үздік тәжірибелерге негізделіп жасалды. Қоғамның барлық тәуекел аумағы стратегиялық, қаржылық, операциялық, құқықтық/комплаенс бағыттары бойынша жіктеледі. Қоғамда тәуекелдерді басқару үдерісі аясында Корпоративтік тәуекелдердің тіркелімі жүргізіледі, онда Директорлар кеңесі бекіткен Даму жоспарының басты қызмет көрсеткіштеріне және ұзақ мерзімді стартегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ете алатын тәуекелдер көрсетіледі.

Жыл сайын Корпоративтік тәуекелдер тіркелімін өзекті ету жүзеге асырылады. 2016 жылы өзекті ету филиалдар мен еншілес ұйымдардың тәуекелдер туралы ақпаратын ескере отырып жүргізілді. Тоқсан сайын корпоративтік деңгеймен қатар, Топ субъетілерінде тәуекелдерді басқару іс-шаралары жаңартылып отырады және сапалық және сандық параметрлер бойынша тәуекелдерді бағалау қайта қаралады. Тәуекелдер миграциясының динамикасы күрделілік аймақтары бойынша Тәуекелдер картасында бақыланып отырады. Тәуекелді «қауіпті» аймақта сәйкестендіру тәуекелдер миграциясы үшін алдын алу шараларын қабылдау мүмкіндігін береді. 2017 жылы Қоғамда тәуекел менеджменті мәдениетін енгізу бойынша жұмыс жалғастырылады.

Қолданыстағы Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес Директорлар кеңесі тоқсан сайын Қоғамның тәуекелдерін басқару қызметінің есептерін қарайды, ішкі аудитпен қатар, сыртқы аудит жүргізген ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жөніндегі корпоративтік жүйелердің тиімділігін жыл сайын бағалау туралы хабардар етіледі. Осылайша, 2016 жылы жүргізілген іс-шаралар өткен жылдың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігін арттырды.

# Корпоративтік басқару. Тұрақты даму

БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ САПАЛЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ ТИІМДІ ҚЫЗМЕТІНІҢ, БЕДЕЛІН АРТТЫРУДЫҢ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КАПИТАЛДЫ ТАРТУҒА ШЫҒЫНДЫ АЗАЙТУДЫҢ КЕПІЛІ



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ




«Қазақтелеком» АҚ корпоративтік басқару жүйесі Қоғамның қызметін басқаруды және бақылауды, сондай-ақ Басқарма, Директорлар кеңесі, акционерлер және мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін қамтамасыз ететін үдерістердің жиынтығынан тұрады. Органдардың құзыреті және шешімдер қабылдау тәртібі Қоғамның Жарғысында айқын анықталып бекітілген.

Қоғамның корпоративтік басқару жүйесі акционерлердің құқықтарын сақтауға және оның әрбіріне әділетті қарым-қатынас жасауға, «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасының өзара тиімді іс-қимылына ұмтылысына және Компанияның ұзақ мерзімді құнын арттыруға бағытталған.

«Қазақтелеком» АҚ корпоративтік саясатты, инвесторлар мен акционерлер үшін ақпараттық ашықтықты жетілдіруге, тәуекелдерді азайтып, ішкі бақылаудың тиісті жүйесін құруға ұмтылады. Бұл үшін Компанияда тәуекелдерді басқарудың және Қоғамның стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізудегі саналы сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталған ішкі бақылаудың тиімді жұмыс істейтін жүйесі құрылған.

Қоғамның корпоративтік басқаруын «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік басқару кодексі ережелеріне сәйкестігіне бағалау мақсатында Корпоративтік басқару диагностикасы әдістемесі бекітілген, ол Кодекс талаптарына нақты сәйкестікті бағалауды ғана емес, сонымен қатар осындай сәйкестікті болашақта қамтамасыз ету үшін жасалған тетіктер сапасы мен тұрақтылығын ескереді. Әдістеме корпоративтік басқарудың мейлінше жоғары стандарттарын енгізу үшін әзірленген және Компанияның алдыңғы қатарлы әлімдік тәжірибеде бар корпоративтік басқару деңгейіне қол жеткізуге ықпал етеді, бұл өз кезегінде Компанияның инвестициялық тартымдылығына және беделін арттыруға ықпал етеді.

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

«Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік басқару кодексі 2015 жылы 07 желтоқсанда Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен бекітілген, № 56 хаттама. Қоғамның еншілес ұйымдарында КБК Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы шешімімен бекітілген, № 12 хаттама.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 11 наурыздағы шешімімен 2016–2020 жылдарға арналған «Қазақтелеком» АҚ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және Копоративтік басқару кодексін енгізу іс-шараларының жоспары бекітілген. Жоспарды белгіленген мерзімдерде іске асыру аясында құжаттар мен үдерістерді өзекті ету және түзету бойынша іс-шаралар жүргізілуде.

Қоғамның қызметі мен оның корпоративтік практикасы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелеріне толық сәйкестігін көрсетеді:

### *1. ҮКІМЕТ ҚОРДЫҢ АКЦИОНЕРІ РЕТІНДЕ*

Қоғамның органдары толықтай өз бетінше әрекет ете алады және өз құзыреті шегінде шешім қабылдау мен кез келген әрекет жасауда тәуелсіз. Акционерлер мен Қоғам арасындағы өзара қарым-қатынас (өзара іс-қимыл) тиісті деңгейдегі корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес Директорлар кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашу «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға, Қоғам Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғамда заңнама және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өз міндеттерін жүзеге асыратын Ішкі аудит қызметі жұмыс жасайды, корпоративтік хатшы өкілеттіктерін жүзеге асырады.

Аталған қағидалар осы Есепте төменде егжей-тегжейлі ашылған.

### *2. ҚОР МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ. ҚОРДЫҢ ҰЛТТЫҚ БАСҚАРУШЫ ХОЛДИНГ РЕТІНДЕГІ РӨЛІ*

Корпоративтік басқару жүйесі Қоғамның қызметін басқаруды және бақылауды, сондай-ақ Басқарма, Директорлар кеңесі, акционерлер және мүдделі тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесін қамтамасыз ететін үдерістердің жиынтығын білдіреді. Бұл мәселелер Жарғыда, АЖЖ, Басқарма туралы ережелерде және басқа ішкі құжаттарда айқын тәртіптемеленген.

«Самұрық-Қазына» АҚ ірі акционердің функцияларын іске асыру, сондай-ақ Директорлар кеңесі арқылы компанияларды басқаруға қатысады. Қор жыл сайын Директорлар кеңесінің төрағасына және Директорлар кеңесіндегі Қордың өкілдеріне алдағы қаржылық жылға акционердің күтетін нәтижелерін жолдайды.

Қоғамның Директорлар кеңесі өз құзыреті аясында толық өз бетінше шешім қабылдай алады. Жекелеген мәселелер бойынша Қордың позициясы Директорлар кеңесіндегі Қордың өкілдері арқылы жеткізіледі.

Қоғамды басқаруды оның органдары заңнамаға және Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

### *3. ТҰРАҚТЫ ДАМУ*

Тұрақты даму бойынша іс-шараларды үйлестіруді Қызметкерлерді басқару және дамыту департаменті жүзеге асырады. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бойынша жұмыс тобы жұмыс жасайды, оның құрамына Компания қызметінің барлық бағытының өкілдері кіреді. Тұрақты даму аясында Кодекске аз ғана сәйкессіздіктерді жоюға бағытталған қажетті іс-шаралар жүргізілуде және жүзеге асырылуда. Бұл негізінен техникалық сипаттағы сәйкессіздіктер (құжатты қабылдау, есепті дайындау және т.б.).

Мысалы, Қоғам 2017 жылдың соңында тұрақты дамуға үлесін қамтамасыз ету үшін Директорлар кеңесінен бастап қатардағы қызметкерлерге дейін барлық деңгейде тұрақты даму саласы бойынша семинар өткізуі тиіс.

Тұрақты даму саласында өзге іс-шараларды орындау алдағы уақытта тұрақты түрде мониторингіленетін болады.

### 4. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ (ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ) ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ АКЦИОНЕРЛЕРГЕ (ҚАТЫСУШЫЛАРҒА) ӘДІЛ КӨЗҚАРАС

Акционерлердің құқықтарын сақтау Қоғамның басты міндеттемесі болып табылады. Қоғамда заңнамада және ішкі құжаттарда бекітілген акционерлердің құқықтары қатаң сақталады және акционерлерге әділ қарым-қатынас қамтамасыз етіледі.

### *5. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖӘНЕ АТҚАРУ ОРГАНЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ*

Директорлар кеңесі басқару органы болып табылады, Басқарма жұмысын ұйымдастыру және бақылауға стратегиялық басшылықты қамтамасыз етеді, акционерлердің жалпы жиналысына есеп береді.

Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді, ұйымның күнделікті қызметіне басшылық жасайды, оның акционерлердің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі қабылдаған стратегияға, даму жоспарына және шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесі және Басқарманың өкілеттіктері бекітілген және шектеулі.

Директорлар кеңесі және оның комитеттерінде Қоғам мүддесіне сай тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін және барлық

акционерлерге әділетті қарым-қатынас және тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып, дағдылар, тәжірибе және білім теңгерімі сақталады.

Қоғамның Директорлар кеңесі жұмыс тәжірибесі, оның ішінде халықаралық, бай, түрлі білім саласындағы мамандардан (қаржы, маркетинг, техникалық сала және т.б.) тұрады. Тәуелсіз директорлар саны заңнама бойынша ұсыным берілгенге сәйкес келеді (30%) және одан да асады.

Директорлар кеңесін сайлау заңнама және Қоғам Жарғысымен белгіленген рәсімдер аясында ғана өтеді. Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктері мерзімі, қызметі Қоғамның ішкі құжаттарымен тәртіптемеленген. Директорлар кеңесінің қайтадан сайланған мүшелерін лауазымға енгізу бағдарламасы жұмыс істейді.

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысына жалпы басшылық жасайды, Директорлар кеңесінің негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруын және Директорлар кеңесі мүшелері, ірі акционерлер және Басқарма арасындағы конструктивті диалогты құруды қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесі Төрағасының және атқарушы орган басшысының рөлі және қызметі нақты шектелген және Қоғам Жарғысында, Директорлар кеңесі және Басқарма туралы ережелерде бекітілген.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесі құзырына кіретін мәселелерді терең әрі нақты қарауға, қабылданатын шешімдер, әсіресе аудит, тәуекелдерді басқару, стратегиялық жоспарлау, кадр мәселелері секілді бағыттарда қабылданатын шешімдер сапасын арттыруға ықпал етеді. Қоғам үш комитет жұмыс істейді: Аудит, Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер, Стратегиялық жоспарлау комитеттері. Олардың рөлі олар туралы ережелерде нақты тәртіптемеленген, олар кең көлемдегі мәселелерді қарайды және Директорлар кеңесіне қажетті ұсынымдар береді.

Директорлар кеңесі отырыстарын дайындау және өткізу оның қызметін мейлінше нәтижелі етуге ықпал етеді. Директорлар кеңесі мүшелері өз міндеттерін орындау үшін толық, өзекті және дер кезіндегі ақпаратқа қол жеткізе алады.

Директорлар кеңесі өз қызметін тиімді орындау үшін тұрақты түрде отырыстар өткізіп тұрады. Директорлар кеңесінің отырыстары күнтізбелік жыл басталғанға дейін бекітілетін жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Директорлар кеңесі және оның комитеттерінің отырыстарын өткізу қатысу тәртібімен және сырттай дауыс беру арқылы жүргізіледі, бұл ретте сырттай дауыс беру нысанымен өткізілетін отырыстар саны мейлінше азайтылған. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешімдер қарау және қабылдау тек қатысу тәртібімен дауыс беру нысанымен өткізілетін отырыстарда ғана жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі және оның комитеттерінің отырыстарын корпоративтік хатшы талқылау нәтижелері мен қабылданған шешімдердің толық көлемін көрсете отырып, тиісті түрде хаттамалайды.

Директорлар кеңесі қызметін тиімді ұйымдастыру және Директорлар кеңесінің, Басқарманың акционерлермен өзара іс-қимылы мақсатында өз қызметін заңнамаға, жарғыға және басқа да ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асыратын корпоративтік хатшы тағайындалған.

Қоғамда алқалық атқару органы – Басқарма жұмыс істейді. Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және Қоғамның күнделікті қызметіне басшылық жасайды, Директорлар кеңесі және акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған стратегияны, дамыту жоспарлары мен шешімдерді іске асыруда жауапкершілікте болады.

Директорлар кеңесі Басқарма басшысы және мүшелерін сайлайды, олардың өкілеттік мерзімдерін, лауазымдық жалақысын, еңбегіне ақы төлеу шарттарын анықтайды. Атқарушы орган басшысын және мүшелерін үш жылға дейін сайлау туралы ұсыным сақталады.

Атқарушы орган басшысының және мүшелерінің уәждемелік БНК Директорлар кеңесі жыл сайын бекітеді.

Корпоративтік жанжал туындағанда қатысушылар ұйымның және мүдделі тараптардың мүддесін тиімді қорғау мақсатында келіссөздер арқылы оларды шешу жолдарын іздейді. Директорлар кеңесі бекіткен корпоративтік жанжалдар саласындағы құжат жұмыс істейді.

### *6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ*

Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі жұмыс істейді. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару саласында белсенді рөл атқарады.

Тоқсан сайын тәуекелдерді басқару саласындағы есептерді Аудит комитеті және Директорлар кеңесі қарайды. Қажет жағдайда, олар іс-шараларды және осы саладағы үдерістерді түзетеді.

Қоғамда Директорлар кеңесіне бағынатын Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді.

### *7. АШЫҚТЫҚ*

Мүдделі тараптар мүдделерін сақтау мақсатында Қоғам дер кезінде және дұрыс түрде қаржылық жағдайын, қызмет нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда өз қызметінің маңызды аспектілері туралы ақпаратты ашады. Тиісті ақпарат түрлі ресурстарға орналастырылады.

Қоғам жыл сайын қаржылық есеп аудитін тәуелсіз және білікті аудитор тарту арқылы жүргізеді. Аудит нәтижелері акционерлердің жалпы жиналысында бекітіледі.

Сонымен қатар, Қоғам жыл сайын жылдық есебін бекітіп, онда Қоғамнның аяқталған жылға қызметі жан-жақты ашылады. Жылдық есепті алдында акционерлер жиналысы бекітетін, алайда КБК қабылданғаннан кейін, құзыреттілік Директорлар кеңесі берілді.

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ** — «АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМДАР ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢЫМЕН ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҚОҒАМ ЖАРҒЫСЫМЕН АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІНЕ ЖАТҚЫЗЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДІ ҚОСПАҒАНДА, ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ЖАЛПЫ БАСШЫЛЫҚ ЖАСАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН, СОНДАЙ-АҚ ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАЙТЫН БАСҚАРУ ОРГАНЫ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМІМЕН САЙЛАНАДЫ.



# «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі

# «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

2015 жылғы 30 маусымдағы (№ 55 хаттама) «Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мынадай жаңа құрамы сайланды:

***Директорлар кеңесінің мушелері:***
Байдәулетов Нұржан Тәліпұлы
Есекеев Қуанышбек Бақытбекұлы
Нұриева Айгүл Маратқызы
Сәрсенов Әділбек Ғазизұлы
Саудабаев Серік Болатұлы

***Директорлар кеңесінің мушелері, тәуелсіз директорлар:***
Буянов Алексей Николаевич
Гарретт Мартин Джонстон
Заика Дмитрий Александрович
Құдабаев Ермек Әскербекұлы.

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 16 шілдедегі шешімімен (№ 6 хаттама) Байдәулетов Нұржан Тәліпұлы «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды.

2016 жылғы 16 наурызда «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі А.М. Нұриеваның өкілеттігі тоқтатылды.

2016 жылғы 6 желтоқсанда «Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысымен (№ 58 хаттама) «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына қалған өкілеттік мерзіміне Прихожан Дмитрий Анатольевич сайланды.

### БАЙДӘУЛЕТОВ НҰРЖАН ТӘЛІПҰЛЫ

| | |
|---|---|
| **Туған күні:** | 1960 жылғы 1 қыркүйек |
| **Азаматтығы:** | Қазақстан Республикасы |
| **Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:** | 2012 жылғы 8 мамыр |
| **Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:** | 2015 жылғы 30 маусым |
| **Мәртебесі:** | Директорлар кеңесінің Төрағасы<br>«Самұрық-Қазына» АҚ акционерлерінің өкілі<br>(5 570 668 жай дауыс беруші акция) |
| **Акцияларға иелік етуі:** | Иелік етпейді |
| **Білімі:** | |
| **09.1977 – 06.1986** | Мәскеу теміржол көлігі институты<br>Мамандығы: теміржол көлігінде тасымалдау үдерісін басқару |
| **Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:** | |
| **17.04.2016 – қазіргі уақытта** | **«Самұрық-Қазына» АҚ**<br>«Самұрық-Қазына» АҚ-ның «Air Astana» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесіндегі өкілі |
| **02.06.2014 – 17.04.2016** | **«Самұрық-Қазына» АҚ**<br>Активтерді басқару жөніндегі бас директор |
| **01.04.2014 – 01.04.2016** | **«Қазпочта» АҚ**<br>Директорлар кеңесінің Төрағасы |
| **24.01.2012 – 11.04.2016** | **«ҚТЖ» ҰК» АҚ**<br>Директорлар кеңесінің Төрағасы |
| **26.12.2008 – қазіргі уақытта** | **«Air Astana» АҚ**<br>Директорлар кеңесінің Төрағасы |
| **27.11.2008 – 01.06.2014** | **«Самұрық-Қазына» АҚ**<br>Басқарушы директор |

## ЕСЕКЕЕВ ҚУАНЫШБЕК БАҚЫТБЕКҰЛЫ

| | |
|---|---|
| **Туған күні:** | 1975 жылғы 10 маусым |
| **Азаматтығы:** | Қазақстан Республикасы |
| **Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:** | 2006 жылғы 16 желтоқсан |
| **Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:** | 2015 жылғы 30 маусым |
| **Мәртебесі:** | Директорлар кеңесінің мүшесі<br>«Қазақтелеком» АҚ Басқарма Төрағасы |
| **Акцияларға иелік етуі:** | Иелік етпейді |
| **Білімі:** | |
| **1991–1995** | Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті<br>Мамандығы: қолданбалы математика<br>Математика ғылымдарының кандидаты |
| **2001–2002** | Қазақ мемлекеттік басқару академиясы<br>Мамандығы: менеджмент |
| **Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:** | |
| **15.03.2010 – қазіргі уақытта** | **«Қазақтелеком» АҚ**<br>Басқарма Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі |
| **23.02.2007 – 15.03.2010** | **Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі**<br>Төраға |

## СӘРСЕНОВ ӘДІЛБЕК ҒАЗИЗҰЛЫ

| | |
|---|---|
| **Туған күні:** | 1973 жылғы 28 тамыз |
| **Азаматтығы:** | Қазақстан Республикасы |
| **Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:** | 2007 жылғы 24 желтоқсан |
| **Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:** | 2015 жылғы 30 маусым |
| **Мәртебесі:** | Директорлар кеңесінің мүшесі<br>Акционер – Sorbio Limited компаниясының өкілі<br>(2 672 592 жай дауыс беруші акция) |
| **Акцияларға иелік етуі:** | Иелік етпейді |
| **Білімі:** | |
| **1991–1996** | Алматы энергетикалық институты<br>Мамандығы: радиотехника (үздік диплом) |
| **2005–2006** | «Болашақ» бағдарламасы бойынша International Business School (Кембридж, АҚШ), MBA (Іскери әкімшілендіру магистрі)<br>Мамандануы: халықаралық компаниялардағы жалпы менеджмент |
| **Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:** | |
| **10.12.2010 – 10.12.2013** | **«ЭРА телекомпаниясы» ЖШС**<br>Байқаушы кеңес мүшесі |
| **01.08.2010 – 31.03.2016** | **«Amun Capital Advisors KZ» ЖШС**<br>Телекоммуникациялық активтерді басқару жөніндегі директор |
| **09.12.2008 – 06.09.2010** | **«Казсатнет» ұлттық компаниясы» АҚ**<br>Директорлар кеңесінің төрағасы |
| **06.11.2008 – 06.09.2010** | **«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ**<br>Директорлар кеңесінің мүшесі |
| **06.11.2008 – 02.08.2010**<br>**06.11.2008 – 21.02.2011** | **«Зерде» ұлттық инфокоммуникациялық холдингі» АҚ**<br>Басқарма Төрағасы<br>Директорлар кеңесінің мүшес |
| **19.10.2007 – 30.07.2010** | **«Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ**<br>Телекоммуникациялық активтерді басқару тобының директоры |

# «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

## ПРИХОЖАН ДМИТРИЙ АНАТОЛЬЕВИЧ

| | |
|---|---|
| **Туған күні:** | 1973 жылғы 19 желтоқсан |
| **Азаматтығы:** | Қазақстан Республикасы |
| **Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:** | 2016 жылғы 6 желтоқсан |
| **Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:** | 2016 жылғы 6 желтоқсан |
| **Мәртебесі:** | Директорлар кеңесінің мүшесі<br>Акционер – Sorbio Limited компаниясының өкілі<br>(2 672 592 жай дауыс беруші акция) |
| **Акцияларға иелік етуі:** | Иелік етпейді |
| **Білімі:** | |
| **1990–1995** | Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті<br>Мамандығы: құқықтану<br>Біліктілігі: заңгер |
| **Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:** | |
| **19.04.2010 – қазіргі уақытта** | **«Эксимбанк Казахстан» АҚ**<br>Басқарма Төрағасы |
| **12.05.2004 – 18.04.2010** | **А«Эксимбанк Казахстан» АҚ**<br>Басқарма Төрағасының орынбасары |
| **05.04.2004 – 11.05.2004** | **«Эксимбанк Казахстан» АҚ**<br>Басқарма Төрағасының кеңесшісі |

## САУДАБАЕВ СЕРІК БОЛАТҰЛЫ

| | |
|---|---|
| **Туған күні:** | 1977 жылғы 8 желтоқсан |
| **Азаматтығы:** | Қазақстан Республикасы |
| **Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:** | 2010 жылғы 12 шілде |
| **Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:** | 2015 жылғы 30 маусым |
| **Мәртебесі:** | Директорлар кеңесінің мүшесі<br>Акционер «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі<br>(5 570 668 жай дауыс беруші акциялар) |
| **Акцияларға иелік етуі:** | Иелік етпейді |
| **Білімі:** | |
| **1995–1999** | Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті<br>Мамандығы: заңгер |
| **2004–2006** | Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті<br>Мамандығы: экономика |
| **Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:** | |
| **26.10.2016 – қазіргі уақытта** | **«Қазпочта» АҚ**<br>Директорлар кеңесінің мүшесі |
| **11.07.2016 – қазіргі уақытта** | **«Самұрық–Қазына» АҚ**<br>Коммуникация дирекциясының директоры |
| **11.05.2014 – 10.07.2016** | **«Самұрық–Қазына» АҚ**<br>Активтерді басқару жөніндегі бас директордың орынбасары |
| **17.06.2010 – 10.05.2014** | **«Самұрық–Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ**<br>Коммуникациялық активтерді басқару жөніндегі директор |
| **13.08.2010 – 31.03.2014** | **«Қазпочта» АҚ**<br>Директорлар кеңесінің мүшесі |
| **14.08.2007 – 16.04.2008**<br>**17.04.2008 – 18.05.2010** | **«Қазақтелеком» АҚ**<br>Заң департаменті директорының орынбасары<br>Корпоративтік хатшы |

## БУЯНОВ АЛЕКСЕЙ НИКОЛАЕВИЧ

| | |
|---|---|
| **Туған күні:** | 1969 жылғы 15 тамыз |
| **Азаматтығы:** | Ресей Федерациясы |
| **Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:** | 2015 жылғы 30 маусым |
| **Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:** | 2015 жылғы 30 маусым |
| **Мәртебесі:** | Тәуелсіз директор |
| **Акцияларға иелік етуі:** | Иелік етпейді |
| **Тәуелсіздік критерийі** | «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес келеді |
| **Білімі:** | |
| **1986–1992** | Мәскеу инженер-физика институты (МЭИ)<br>Мамандығы: қолданбалы математика және физика<br>Біліктілігі: инженер-физик |
| **Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:** | |
| **2016 жылғы қаңтардан бастап – қазіргі уақытта** | **Инвестиционная компания Bengala Investments SA**<br>Директор |

## ГАРРЕТТ МАРТИН ДЖОНСТОН

| | |
|---|---|
| **Туған күні:** | 1968 жылғы 22 шілде |
| **Азаматтығы:** | Ирландия, Ресей Федерациясы |
| **Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:** | 2015 жылғы 30 маусым |
| **Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:** | 2015 жылғы 30 маусым |
| **Мәртебесі:** | Тәуелсіз директор |
| **Акцияларға иелік етуі:** | Иелік етпейді |
| **Тәуелсіздік критерийі** | «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес келеді |
| **Білімі:** | |
| **1985–1990** | Дублин университеті,<br>Мамандығы: экономика |
| **1990–1991** | Тринити колледж, Дублин, Ирландия<br>Мамандығы: Халықаралық сауда, ТМІ дәрежесі<br>(Postgraduate Diploma International Commerce) |
| **Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:** | |
| **15.06.2015 – қазіргі уақытта** | **macroscope consulting**<br>Owner and CEO |
| **01.10.2014 – қазіргі уақытта** | **appselekt.com**<br>Chief Marketing Officer |
| **15.01.2014 – 30.09.2014** | **Digicel Caribbean and Central America**<br>CEO Enterprise Solutions |
| **27.12.2011 – 11.01. 2014** | **Rosnano MedInvest (RMI Partners)**<br>Маркетинг және стратегия жөніндегі вице-президент |
| **30.03.2011 – 22.12.2011** | **Tuš Group**<br>Президент және стратегия және қайта құрылымдау иесі кеңесшісі |
| **20.06.2010 – 28.03.2011** | **X5 Retail Group**<br>Президенттің стратегиялық маркетинг жөніндегі кеңесшісі |
| **03.09.2007 – 11.06.2010** | **МТС**<br>Стратегиялық маркетинг жөніндегі топ директоры |
| **01.02.2006 – 02.09.2007** | **МТС, Ресей**<br>Маркетинг жөніндегі директор |

# «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

## ЗАИКА ДМИТРИЙ АЛЕКСАНДРОВИЧ

| | |
|---|---|
| **Туған күні:** | 1975 жылғы 27 сәуір |
| **Азаматтығы:** | Қазақстан Республикасы |
| **Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:** | 2015 жылғы 30 маусым |
| **Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:** | 2015 жылғы 30 маусым |
| **Мәртебесі:** | Тәуелсіз директор |
| **Акцияларға иелік етуі:** | Иелік етпейді |
| **Тәуелсіздік критерийі** | «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес келеді |
| **Білімі:** | |
| **1992–1998** | Алматы энергетика және байланыс институты<br>Мамандығы: радиотехника,<br>Біліктілігі: радиоинженер |
| **2003–2005** | Қазақ мемлекеттік экономика университеті<br>Мамандығы «Қаржы менеджменті»<br>Біліктілігі: экономист (үздік диплом) |
| **Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:** | |
| **20.04.2012 – 15.08.2016** | **«АЛТЕЛ» АҚ**<br>Тәуелсіз директор |
| **29.08.2011 – қазіргі уақытта** | **«Химфарм» АҚ**<br>Тәуелсіз директор |

## ҚҰДАБАЕВ ЕРМЕК АСКЕРБЕКҰЛЫ

| | |
|---|---|
| **Туған күні:** | 1970 жылғы 7 сәуір |
| **Азаматтығы:** | Қазақстан Республикасы |
| **Директорлар кеңесі құрамына алғашқы сайланған күні:** | 2015 жылғы 30 маусым |
| **Директорлар кеңесі құрамына ағымдағы сайланған күні:** | 2015 жылғы 30 маусым |
| **Мәртебесі:** | Тәуелсіз директор |
| **Акцияларға иелік етуі:** | Bekem Metals Inc. 421.772 акция 0,3% қатысу үлесі (АҚШ),<br>OTCBB қор биржасы (АҚШ) |
| **Тәуелсіздік критерийі** | «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көрсетілген критерийлерге сәйкес келеді |
| **Білімі:** | |
| **1987–1993** | Мәскеу болат және қорытпа институты (МБҚИ)<br>Факультеті: Металлургиядағы экономика және басқару<br>Біліктілігі: инженер-экономист |
| **1994–1996** | Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты (ҚМЭБИ)<br>Біліктілігі: Іскери әкімшілендіру шебері |
| **1998–2004** | Сертификатталған және Дипломдалған Бухгалтерлер Қауымдастығы АССА (АТС), Лондон, Ұлыбритания<br>Факультеті: қаржы және бухгалтерия, АССА дәрежесі<br>(халықаралық қаржыгер-бухгалтер дипломы) |
| **Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:** | |
| **27.04.2016 – қазіргі уақытта** | **«Intelligent Consulting Solution» ЖШС**<br>Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор |
| **25.10.2013 – 27.04.2016** | **«KazPetroDrilling» АҚ**<br>Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор |
| **01.07.2013 – 01.11.2013** | **«Меридиан Петролеум» ЖШС**<br>Жаңа жобалар менеджері |
| **01.11.2010 – 15.04.2013** | **Chagala Group Limited**<br>CFO (қаржы директоры) |

2016 жылы Директорлар кеңесінің құрамында 4 тәуелсіз директор жұмыс істеді және олар Қазақстан Республикасы заңнамасының «тәуелсіз директор» деген ұғымға қоятын талаптарына толық сәйкес келді:

***Директорлар кеңесінің мүшелері, тәуелсіз директорлар:***

- Буянов Алексей Николаевич,
- Гарретт Мартин Джонстон,
- Заика Дмитрий Александрович,
- Құдабаев Ермек Әскербекұлы.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабының 5-тармағына сәйкес, тәуелсіз директорлар Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызын құрауы тиіс. Бұл ретте «Қазақтелеком» АҚ-да бұл талап сақталып қана қоймайды, ол ең төменгі шектен асып түседі және 44% құрайды.

## Директорлар кеңесінің комитеттері

Мәселелерді мейлінше терең әрі сапалы түрде пысықтау үшін «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі жанынан мынадай комитеттер:

1. ***Аудит комитеті;***
2. ***Стратегиялық жоспарлау комитеті;***
3. ***Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті құрылған.***

Директорлар кеңесі комитеттер құру туралы шешім қабылдайды, олардың дербес және сандық құрамын, төрағаларын, өкілеттік мерзімдерін, сондай-ақ функциялары мен жұмыс тәртібін анықтайды. Комитеттер өздерінің өкілеттіктері шегінде Директорлар кеңесінің мейлінше маңызды мәселелер бойынша ұсынымдарын дайындауды жүзеге асырады, сол арқылы қабылданған шешімдер тиімділігін арттырады.

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит комитеті тек тәуелсіз директорлардан тұрады.

Директорлар кеңесінің қалған комитеттері құрамдарында тәуелсіз директорлар басым.

***Аудит комитеті*** «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің косультациялық-кеңес беруші органы болып табылады және өз қызметін Директорлар кеңесінің 2010.01.03 № 2 шешімімен (2013.28.06 өзгерістері және толықтыруларымен) бекітілген Аудит комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

«Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Аудит комитеті «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 20) тармақшасында көзделген тәуелсіз директорларды тану критерийлеріне сәйкес келетін, толықтай тәуелсіз директорлардан тұрады.

**«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі Аудит комитетінің құрамы:**

*Комитет төрағасы:*

Құдабаев Ермек Әскерұлы – тәуелсіз директор;

*Комитет мүшелері:*

Буянов Алексей Николаевич – тәуелсіз директор;

Гарретт Мартин Джонстон – тәуелсіз директор;

Заика Дмитрий Александрович – тәуелсіз директор.

Аудит комитеті отырыстары тоқсанына кемінде бір мәрте, кезектен тыс отырыстары қажетіне қарай өткізіледі.

2016 жылы Аудит комитеті 9 отырыс өткізді, оның 6-ы қатысу тәртібінде және 3-і сырттай өткізілді. Отырыстарда 22 мәселе қаралып, Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді, оның ішінде мына мәселелер: Ішкі аудит қызметінің жұмысы , ішкі бақылау және тәуекелдер, қаржылық есептілік және басқа да маңызды мәселелер.

**2016 жылы Комитеттің отырыстарына қатысу туралы ақпарат:**

| Директорлар кеңесінің мүшелері | №1 26.01 | №2 10.02 | №3 31.03 сырттай | №4 25.05 | №5 02.08 заоч | №6 31.08 | №7 23.09 | №8 28.10 | №9 28.11 сырттай | Қатыспау себебі | Қатысу пайызы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Құдабаев Е.А. | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | 100 |
| Буянов А.Н. | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | 100 |
| Гарретт Мартин Джонстон | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | 100 |
| Заика Д.А. | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | 100 |

Комитет өз міндеттерін орындау кезінде Қоғам мүддесінде адал әрі саналы қызмет етті. Аудит комитеті Қоғамның корпоративтік басқару кодексінде, Аудит комитеті туралы ережеде, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерінде, Директорлар кеңесінің тапсырмаларында, сондай-ақ Комитеттің 2016 жылға арналған жұмыс жоспарында қойылған мақсаттарды, міндеттерді және функционалдық міндеттерді орындады.

***Стратегиялық жоспарлау комитеті*** «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің косультациялық-кеңес беруші органы болып табылады және өз қызметін Директорлар кеңесінің 2010.19.11 № 14 шешімімен бекітілген Стратегиялық жоспарлау комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

***«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамы:***

*Комитет төрағасы:*
Буянов Алексей Николаевич – тәуелсіз директор;

*Комитет мүшелері:*
Заика Дмитрий Александрович – тәуелсіз директор;
Сәрсенов Әділбек Ғазизұлы – акционер – Bodam B.V. компаниясының (қазір Sorbio Limited) өкілі;
Саудабаев Серік Болатұлы – акционер – «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі.

Стратегиялық жоспарлау комитеті отырыстары тоқсанына кемінде бір мәрте, кезектен тыс отырыстары қажетіне қарай өткізіледі.

2016 жылы Стратегиялық жоспарлау комитеті 9 қатысу тәртібінде отырыс өткізді, онда 23 мәселе қаралып, Қоғамның Директорлар кеңесіне олар бойынша тиісті ұсынымдар берілді. Мейлінше маңыздылары: бизнес жоспарлау, Қоғам Стратегиясын және Даму жоспарын мақұлдау, стратегиялық құжаттар қабылдау, еншілес ұйымдарды оңтайландыру және Қоғам қызметінің басқа да маңызды мәселелері.

**2016 жылы Стратегиялық жоспарлау комитетінің отырыстарына қатысу туралы ақпарат:**

| Директорлар кеңесінің | №1 25.02 | №2 11.03 | №3 27.05 | №4 31.05 | №5 01.07 | №6 11.07 | №7 26.09 | №8 01.11 | №9 05.12 | Қатыспау себебі | Қатысу пайызы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Буянов А.Н.** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | 100 |
| **Сәрсенов А.Г.** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | 100 |
| **Саудабаев С.Б.** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | | 100 |
| **Заика Д.А.** | + | + | + | + | - | + | + | + | + | 1 -іссапар | 88,89 |

Комитет өз міндеттерін орындау кезінде Қоғам мүддесінде адал әрі саналы қызмет етті. Комитет Қоғам қызметінің басымды бағыттарын анықтау және оның даму стратегиясы, ұзақ мерзімді перспективада Қоғам қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеуді қоса алғандағы мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынымдарды анықтау және беру бойынша міндеттерді толық көлемде шешті.

***Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті*** өз қызметінде Қоғамның Директорлар кеңесіне толықтай есеп береді және өз қызметін «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2015.18.03 № 2 хаттамалық шешімімен бекітілген Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

***«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі Тағайындау және сыйақылау комитетінің құрамы:***

*Комитет төрағасы:*
Заика Дмитрий Александрович – тәуелсіз директор;

*Комитет мүшелері*
Буянов Алексей Николаевич – тәуелсіз директор;
Гарретт Мартин Джонстон – тәуелсіз директор;
Құдабаев Ермек Әскербекұлы – тәуелсіз директор.

2016 жылы Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті 8 қатысу тәртібінде отырыс өткізіп, онда 15 мәселе қаралды, олар бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді. Атап айтқанда: Қоғам Басқармасының құрамына қызметкерлерді сайлау, еншілес ұйымдардың бірінші басшыларын лауазымға тағайындау, басшы қызметкерлерге БҚК бекіту, еңбекке ақы төлеу, қызметкерлерді басқару және басқа мәселелер.

**2016 жылы Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитетінің отырыстарына қатысу туралы ақпарат**

| Директорлар кеңесінің мүшелері | №1 26.01 | №2 25.02 | №3 10.03 | №4 25.05 | №5 04.07 | №6 11.07 | №7 31.08 | №8 23.09 | Қатыспау себебі | Қатысу пайызы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Заика Д.А.** | + | + | + | + | + | + | + | + | | 100 |
| **Буянов А.Н.** | + | + | + | + | + | + | + | + | | 100 |
| **Гарретт Мартин Джонстон** | + | + | + | + | + | - | + | + | | 87,5 |
| **Құдабаев Е.К.** | + | + | + | + | + | + | + | + | 1 -іссапар | 100 |

2016 жылы Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті Қоғамның корпоративтік басқару кодексінде, Кадр, сыйақылау және әлеуметтік мәселелер комитеті туралы ережеде, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерінде, Директорлар кеңесінің тапсырмаларында, сондай-ақ Комитеттің 2016 жылға арналған жұмыс жоспарында қойылған мақсаттарды, міндеттерді және функционалдық міндеттерді орындады.

Директорлар кеңесі қызметін және Директорлар кеңесінің, атқарушы органның акционерлермен өзара іс-қимылын тиімді ұйымдастыру үшін Директорлар кеңесі Корпоративтік хатшыны тағайындайды.

**Корпоративтік хатшы** Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және Жарғының және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес Қоғам мен акционерлер, сондай-ақ Қоғамның органдары арасында айқын әрі тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

Корпоративтік хатшы сондай-ақ омбудсмен фукнциясын да атқарады, оған Іскери әдеп кодексінің ережелерін түсіндіру/түсіндіруді қамтамасыз ету жүктелген.

«Қазақтелеком» АҚ корпоративтік хатшысы Б.Қ.Әбдіқалықовтың мемлекеттік наградалары, «Үздік байланысшы» салалық атағы бар. Өткен жылдардың үздік корпоративтік хатшысы деп танылған, корпоративтік басқаруды және корпоративтік хатшылар институтын одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыс тобының тұрақты мүшесі болып табылады.

**«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі жұмысын бағалау туралы ақпарат**

Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 5 тамыздағы шешімімен (№ 7 хаттама) Директорлар кеңесінің, оның комитеттерін және директорларын бағалау мәселелерін реттейтін «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау қағидалары бекітілді.

Бағалау Директорлар кеңесі және оның мүшелерінің Қоғамның ұзақ мерзімді құнын өсіруге және тұрақты дамуына үлесін анықтауға, сондай-ақ бағыттарды айқындап, жақсарту шараларына ұсыным беруге мүмкіндік береді.

«Қазақтелеком» АҚ корпоративтік басқару кодексімен Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдық үдеріс аясында жыл сайынғы бағалау өткізу көзделген. Бұл ретте үш жылда кемінде бір мәрте тәуелсіз кәсіби ұйымдарды тарта отырып, бағалау жүргізіледі.

2016 жылғы өз қызметі нәтижелері бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі Директорлар кеңесі тарапынан оң баға алды. «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі мүшелері сауалнама жүргізу жолымен «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі жұмысын бағалап, осы бағалау нәтижесі бойынша Директорлар кеңесі мүшелері жоғары бағаға ие болды.

**Компанияның ішкі аудиті**

Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) Қоғамдағы ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін Қоғамның органы болып табылады. ІАҚ қызметіне Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит комитеті жетекшілік етеді.

ІАҚ қызметінің негізгі мақсаты Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамда тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге жүйелі тәсілмен, Қоғамды тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпарат беру болып табылады.

ІАҚ қызметі «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен «Қазақтелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ережеге, «Қазақтелеком» АҚ-да ішкі аудитті ұйымдастыру саясатына негізделген. Аудиторлық тексерулер Аудит комитеті мақұлдаған және Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

2016 жылы Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес 17 жоспарлы аудиторлық тексеру және 3 жоспардан тыс аудиторлық тексеру жүргізілді. Аудиторлық

тексерудің негізгі бағыттары тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару үдерістерінің тиімділігін бағалау салаларына қатысты болды. Аудиторлық тексерулердің нәтижелері бойынша ІАҚ Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен мақұлданған және бекітілген 297 ұсыным берді. Ішкі аудит қызметінің ұсынымдарын орындау бойынша іс-шаралар аясында Қоғам орындау мерзімі 2016 жылға белгіленген 130 ұсынымды толық көлемде орындады.

ІАҚ тұрақты негізде Директорлар кеңесіне алдын ала Аудит комитеті қараған Қызметтің жұмысы туралы есептерді (тоқсандық, жылдық) ұсынады.

ІАҚ Ішкі аудит анықтамасына, Этика кодексіне, Ішкі аудиттік халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкестік туралы тәуелсіз консультанттардың («Эрнст энд Янг» ЖШС – консультациялық қызметтер) жоғары бағасын иеленді, сәйкестік деңгейі – «жалпы сәйкес келеді» (ең жоғары ықтимал деңгей).

Бұл баға компания қызметінің ашықтығын және Ішкі аудит қызметі тиімділігінің, сондай-ақ Директорлар кеңесімен және Қоғамның Басқармасымен тығыз іс-қимыл мен бірлескен жұмыстың айқын көрінісі.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2016 ЖЫЛЫ ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, сондай-ақ, қажеттілігіне қарай отырыстар өткізеді. 2016 жылы «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі 12 отырыс өткізді, оның 7-і – қатысу тәртібінде және 5-і – сырттай дауыс беру нысанында өткізілді.

2016 жылы «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына 98 мәселе шығарылды және «Қазақтелеком» АҚ акционерлік құнын арттыру стратегиясын бекіту, «Қазақтелеком» АҚ Басқармасының мүшелерін сайлау, ұтқыр салада бірлескен кәсіпорынды іске асыру бойынша және т.б. маңызды шешімдер қабылданды.

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының «Қазақтелеком» АҚ ірі инвестициялық жобаларын іске асыру туралы, Компанияның Даму жоспарын іске асыру туралы, тәуекелдер туралы, «Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік басқару кодексін енгізу туралы, «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы шешім қабылдаған, жасалуына мүдделілігі бар мәмілелер туралы «Қазақтелеком» АҚ Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің есептері тұрақты негізде (тоқсан сайын) қаралады.

**2016 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің қатысу тәртібіндегі отырыстарына қатысуы**

| Директорлар кеңесінің мүшелері | №1 05.02 | №2 22.02 сырттай | №3 25.02 | №4 11.03 | №5 25.04 сырттай | №6 31.05 | №7 12.07 | №8 01.08 сырттай | №9 06.09 сырттай | №10 27.09 | №11 03.11 | №12 30.12 сырттай |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Н.Т.Байдәулетов** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| **А.М.Нұриева** | + | + | + | + | 2016. 16.03 өз бастамасы бойынша өкілеттіктерін тоқтатты | | | | | | | |
| **Қ.Б.Есекеев** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| **А.Г.Сәрсенов** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| **С.Б.Саудабаев** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| **Д.А.Прихожан** | 2016.06.12 кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысында «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына сайланды, № 58 хаттама | | | | | | | | | | | + |

**Участие членов Совета директоров в очных заседаниях Совета директоров в 2016 году**

| Директорлар кеңесінің мүшелері | №1 05.02 | №2 22.02 сырттай | №3 25.02 | №4 11.03 | №5 25.04 сырттай | №6 31.05 | №7 12.07 | №8 01.08 сырттай | №9 06.09 сырттай | №10 27.09 | №11 03.11 | №12 30.12 сырттай |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **А.Н.Буянов** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| **Гарретт Мартин Джонстон** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| **Д.А.Заика** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + |
| **Е.А.Құдабаев** | + | + | + | + | + | + | - (іссапарда) | + | + | + | + | + |

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІН СЫЙАҚЫЛАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелері өз жұмысын тегін жүргізеді. Тәуелсіз директорларды сыйақылау талаптары олармен жасалған шарттарда көрсетілген.

Тәуелсіз директорлар бола отырып, Директорлар кеңесінің мүшелері жылдық белгіленген сыйақы және «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі комиетінің отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы алады.

Тәуелсіз директорға Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қатысу тәртібімен өткізілетін отырыстарына келуіне байланысты, акционерлердің жылдық жалпы жиналысына, сондай-ақ, акционерлердің және Қоғамның бастамасымен шақырылатын және тәуелсіз директордың тұрғылықты жерінен тыс жерде өткізілетін отырыстарға қатысқаны үшін шығыстары өтеледі (жол жүру, тұру, тәуліктік шығыстар, Қазақстан Республикасындағы телефон байланысы, сканерлеу, ксерокөшіру, факс, құжаттарды басып шығару, теру қызметтері, Қазақстан Республикасында интернет желісіне қатынау, курьер және пошта қызметі).

«Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес, 2009 жылғы 4 қыркүйектегі № 39 хаттама және 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 46 хаттама, жылдық белгіленген сыйақының және Директорлар кеңесі комитетінің әрбір қатысу тәртібімен өткізілетін отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақының мынадай мөлшерлері анықталды:

**2016 жылға тәуелсіз директорлардың төлемдері**

| Директорлар кеңесінің мүшелері | Валюта | Жылдық белгіленген сыйақы сомасы | Комитеттер отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы сомасы | 2016 жылдың қорытындысы |
|---|---|---|---|---|
| **А.Н. Буянов** | АҚШ доллары | 45 000 | 11 500 | 56 500 |
| **Гарретт Мартин Джонстон** | АҚШ доллары | 45 000 | 6 500 | 51 500 |
| **Д.А.Заика** | теңге | 6 660 000 | 1 650 000 | 8 310 000 |
| **Е.А. Құдабаев** | теңге | 6 660 000 | 1 050 000 | 7 710 000 |

«Қазақтелеком» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Қазақтелеком» АҚ Жарғысына сәйкес барлық мүдделі тұлғалар үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшері туралы мәліметті ашып көрсетеді.

# «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ БАСҚАРМАСЫ

Басқарма Қоғамның міндеттері мен стратегиясын орындау мақсатында Қоғамның ағымдағы қызметке басшылық жасауды жүзеге асыратын алқалы атқару органы болып табылады.

«Қазақтелеком» АҚ Жарғысына сәйкес Басқарма Директорлар кеңесі және акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерін орындайды және Директорлар кеңесі оған жүктеген міндеттерді іске асыру бойынша оның алдында жауапкершілікте болады.

Басқарма қызметі акционерлердің мүдделерін мейлінше сақтау қағидатына құрылады және Акционерлердің жалпы жиналысына және Директорлар кеңесіне толықтай есеп береді.

Басқарма 7 мүшеден – Басқарма Төрағасынан және Директорлар кеңесі сайлаған басқа да тұлғалардан тұрады.



## Есекеев Қуанышбек Бақытбекұлы

***Туылған күні:*** 1975 жылғы 10 маусым

***Азаматтығы:*** Қазақстан Республикасы

***«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына алғашқы сайланған күні:*** 15.03.2010

***«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына ағымдағы сайланған күні:*** 14.03.2016

***Мәртебесі:*** АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрағасы

***Білімі:*** Жоғары. Математика ғылымдарының кандидаты

1991–1995 Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті
Мамандығы: қолданбалы математика, Математика ғылымдарының кандидаты

2001–2002 Қазақ мемлекеттік басқару академиясы
Мамандығы: менеджмент

***Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:***

15.03.2010 – қазіргі уақытта: «Қазақтелеком» АҚ, Басқарма Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі

*Қосымша жұмысы және басқа ұйымдарда Директорлар кеңестеріне мүшелігі:*

«АЛТЕЛ» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы

*Компания акцияларына, жеткізушілер және бәсекелес компаниялар акцияларына иелік етуі:* иелік етпейді.



## Әбділдәбеков Марат Мұхтарұлы

***Туылған күні:*** 1967 жылғы 13 қазан

***Азаматтығы:*** Қазақстан Республикасы

***«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына алғашқы сайланған күні::*** 08.06.2007

***«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына ағымдағы сайланған күні:*** 15.03.2016

***Мәртебесі:*** «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ Ақпараттық технологиялар жөніндегі бас директоры

***Білімі:*** жоғары

1984 –1991 С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті.
Мамандығы: механика және қолданбалы математика

***Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:***

05.2007 – қазіргі уақытта: **«Қазақтелеком» АҚ**, Вице-президент – Ақпараттық технологиялар жөніндегі бас директор, «Қазақтелеком» АҚ Ақпараттық технологиялар жөніндегі бас директоры

*Қосымша жұмысы және басқа ұйымдарда Директорлар кеңестеріне мүшелігі:*

«KT Cloud Lab» ЖШС Байқау кеңесінің Төрағасы

*Компания акцияларына, жеткізушілер және бәсекелес компаниялар акцияларына иелік етуі:* иелік етпейді.



## Абыханов Рафаэль Еламанұлы

***Туылған күні:*** 1971 жылғы 07 маусым

***Азаматтығы:*** Қазақстан Республикасы

***«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына алғашқы сайланған күні::*** 09.09.2013

***«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына ағымдағы сайланған күні:*** 15.03.2016

***Мәртебесі:*** «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ бас коммерциялық директоры

***Білімі:*** жоғары

1990–1996 Қазақ ұлттық техникалық университеті
Мамандығы: радиотехника және байланыс

***Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:***

05.2009 – 09.2013 «Қазақтелеком» АҚ, Операторлармен жұмыс жөніндегі басқарушы директор;

09.2013 бастап қазіргі уақытта: «Қазақтелеком» АҚ, Бас коммерциялық директор.

*Қосымша жұмысы және басқа ұйымдарда Директорлар кеңестеріне мүшелігі:* жоқ

*Компания акцияларына, жеткізушілер және бәсекелес компаниялар акцияларына иелік етуі:* иелік етпейді.



## Лезговко Александр Владимирович

***Туылған күні:*** 1961 жылғы 15 қыркүйек

***Азаматтығы:*** Қазақстан Республикасы

***«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына алғашқы сайланған күні:*** 26.03.2007

***«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына ағымдағы сайланған күні:*** 15.03.2016

***Мәртебесі:*** «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ Бас техникалық директоры

***Білімі:*** жоғары

1978–1983 Алматы энергетика институты.
Мамандығы: автоматты электр байланысы

***Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:***

03.2007 – қазіргі уақытта: «Қазақтелеком» АҚ, Вице-президент – Бас техникалық директор

*Қосымша жұмысы және басқа ұйымдарда Директорлар кеңестеріне мүшелігі:* жоқ

*Компания акцияларына, жеткізушілер және бәсекелес компаниялар акцияларына иелік етуі:* «Қазақтелеком» АҚ артықшылықты акцияларына ие.



## Маханбетәжиев Батыр Әпенұлы

***Туылған күні:*** 1972 жылғы 12 наурыз

***Азаматтығы:*** Қазақстан Республикасы

***«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына алғашқы сайланған күні:*** 07.06.2010

***«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына ағымдағы сайланған күні:*** 15.03.2016

***Мәртебесі:*** «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ Стратегиялық басқару жөніндегі бас директоры

***Білімі:*** жоғары

1989–1994 М. Ломоносов ат. Мәскеу мемлекеттік университеті.
Мамандығы: экономикалық кибернетика, экономист-математик

***Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:***

04.2010 – қазіргі уақытта: «Қазақтелеком» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ Бас әкімшілік директоры, «Қазақтелеком» АҚ Стратегиялық басқару жөніндегі бас директоры.

*Қосымша жұмысы және басқа ұйымдарда Директорлар кеңестеріне мүшелігі:* жоқ

*Компания акцияларына, жеткізушілер және бәсекелес компаниялар акцияларына иелік етуі:* иелік етпейді.



## Тұяқов Дарын Шылбыұлы

***Туылған күні:*** 1969 жылғы 25 мамыр

***Азаматтығы:*** Қазақстан Республикасы

***«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына алғашқы сайланған күні:*** 24.07.2009

***«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына ағымдағы сайланған күні:*** 15.03.2016

***Мәртебесі:*** «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ бас директоры – Аппарат басшысы

***Білімі:*** жоғары

1986–1990 Ю.В.Андропов атындағы Ленинград жоғары әскери-саяси ӘҚК училищесі.
Мамандығы: әскери-саяси ӘҚК (тарих және философия мұғалімі)

1991–1997 Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті.
Мамандығы: құқықтану (құқықтанушы-заңгер)

2005–2007 Халықаралық бизнес академиясы
Дәрежесі: Іскери әкімшілендіру магистрі.

2011–2014 РФ Президенті жанындағы халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы КБЖМ
Дәрежесі: Іскери әкімшілендіру докторы.

***Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:***

05.2009 – 01.2012 **«Қазақтелеком» АҚ,** Мемлекеттік органдармен жұмыс жөніндегі басқарушы директор;

01.2012 – қазіргі уақытта: «Қазақтелеком» АҚ, Бас директор – Аппарат басшысы.

*Қосымша жұмысы және басқа ұйымдарда Директорлар кеңестеріне мүшелігі:* жоқ

*Компания акцияларына, жеткізушілер және бәсекелес компаниялар акцияларына иелік етуі:* иелік етпейді.



## Өзбеков Асхат Архатұлы

***Туылған күні:*** 1980 жылғы 18 маусым

***Азаматтығы:*** Қазақстан Республикасы

***«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы құрамына алғашқы сайланған күні:*** 24.10.2016

***Мәртебесі:*** «Қазақтелеком» АҚ Басқарма мүшесі, «Қазақтелеком» АҚ бас қаржы директоры

***Білімі:*** высшее

2002–2006 «Туран» университеті.
Мамандығы: халықаралық экономика (экономист)

***Соңғы бес жылда ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымдары:***

02.2012 – 12.2014 ҚазМұнайГаз ӨД АҚ ЕҰ, KMG EP International қаржы директоры;

01.2015 – 09.2016 «Қазақтелеком» АҚ, басқарушы директор – бас қазынашы, басқарушы директор – қаржы бақылаушысы, «Қазақтелеком» АҚ бас қаржы директорының м.а.;

09.2016 – қазіргі уақытта: «Қазақтелеком» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ Бас қаржы директоры

*Қосымша жұмысы және басқа ұйымдарда Директорлар кеңестеріне мүшелігі:* жоқ

Компания акцияларына, жеткізушілер және бәсекелес компаниялар акцияларына иелік етуі: иелік етпейді.

## БАСҚАРМАНЫҢ 2016 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2016 жылы «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы 49 іштей отырыс өткізді, онда 264 Басқарма шешімі қабылданды. 3 Басқарма шешімі сырттай дауыс беру жолымен қабылданды.

2016 жылєы маңызды шешімдердің бірі «Қазақтелеком» АҚ акционерлік құнын арттыру стратегиясын жаңарту болып табылады.

Есепті жылы Басқарма операциялық қызмет мәселелерін, оның ішінде мына сұрақтарды талқылауға айтарлықтай көңіл бөлді:

- алдағы жылдарға «Қазақтелеком» АҚ компаниялары тобы бюджеттік көрсеткіштерін орындау және әрі қарай даму жоспарларын әзірлеу;
- «Өрлеу» жаңғырту бағдарламасын іске асыру;
- инвестицияларды басқару үдерісін оңтайландыру;
- техникалық саясат және жаңа бизнестерді дамыту;
- тәуекелдерді басқару бағдарламасын іске асыру процессі;
- операциялық тиімділікті арттыру және шығындарды қысқарту жобалары.

Қоғам Басқармасы бизнес тиімділігін арттыру стратегиялық бастамалары аясында өткен жыл ішінде Компанияны үдерістік басқару, лауазымдарды грейдтеу, Компанияның ұйымдық құрылымын оңтайландыру, Қоғам филиалдарындағы құрылымды өзгерту мәселелерімен байланысты бірқатар шешімдер қабылданды.

Басқарманың мұндай айрықша назар аударуы материалдар және сұрақтар дайындауға арналды, олар бойынша шешімді осы мәселелерді егжей-тегжейлі пысықтау және Компания қабылдайтын шешімдердің сапасының жоғары болуын қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесі қабылдады.

## БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІН СЫЙАҚЫЛАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының мүшелерін сыйақылау шарттары мен тәртібі «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы туралы ережемен, «Қазақтелеком» АҚ Орталық аппараты қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы ережемен, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ басшы қызметкерлердің еңбегін бағалау және сыйақылау саласындағы саясатына сәйкес әзірленген «Қазақтелеком» АҚ басшы қызметкерлеріне және Ішкі аудит қызметінің басшысына бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу қағидаларымен анықталған.

Директорлар кеңесі жоғарыда көрсетілген құжаттарға сәйкес Директорлар кеңесінің жанындағы тиісті комитеттің ұсынымы бойынша Басқарма төрағасының және мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, еңбекке ақы және сыйлықақы төлеу шарттарын анықтайды.

Сыйақы төлеудің негізгі шарты есепті жыл үшін шоғырландырылған жиынтық пайданың болуы болып табылады. 2016 жыл нәтижелері бойынша шоғырландырылған жиынтық пайда 55 832 млн теңге болды.

«Қазақтелеком» АҚ Сыртқы аудит қызметі басшы қызметкерлері мен басшыларын жыл нәтижелері бойынша сыйақылау Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен уәждемелік қызметтің басты көрсеткіштерін орындауға байланысты төленеді. Белгіленген корпоративтік БНК мақсатты мәндерін асыра орындау Басқарманың әрбір мүшесінің дербес үлесі нәтижесі болып табылады. Корпоративтік уәждемелік БНК нәтижелілігі 2015 жыл қорытындылары бойынша 116,6 % құрады.

2015 жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы мүшелерінің сыйақы мөлшері «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2016.14.03 № 3 шешімімен бекітілген. Басқарма мүшелері сыйақысының шекті мөлшерлері қызметкердің лауазымдық айлықақысының 3 еселік жылдық сомасынан аспайды.

«Қазақтелеком» АҚ Басқармасы мүшелерінің сыйақысының жалпы мөлшері 398 713 мың теңгені құрады. «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы Төрағасына және мүшелеріне сыйақы төлеу Қоғамның шоғырландырылған қаржы есептілігі негізінде қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері белгіленген тәртіпте бекітілгеннен кейін жүзеге асырылды.

## КОМПАНИЯНЫҢ ЕЛЕУЛІ МӘМІЛЕЛЕРІ

«Қазақтелеком» АҚ Жарғысының 33-бабы 1-тармағына 33) тармақшасына сәйкес жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау Қоғам Жарғысымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзырына жатады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 73-бабы 1-тармағына және Қоғам Жарғысының 42-бабы 5-тармағына сәйкес жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасау туралы шешім оның жасалуына мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай дауыс басымдылығымен қабылданады.

2016 жылы «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы алдын ала мақұлдаған жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасау туралды шешімдерді қабылдады, оның ішінде:

- Жасалуына «Қазақтелеком» АҚ мүдделі мәмілені жасау туралы – «Ресей жинақ банкі» АҚ ЕБ, «Қазақтелеком» АҚ және «АЛТЕЛ» АҚ арасындағы қарызды аудару туралы шарт;
- Жасалуына «Қазақтелеком» АҚ мүдделі мәмілені жасау туралы – «Қазкоммерцбанк» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС арасында кредиттік желі ашу туралы келісім;
- Жасалуына «Қазақтелеком» АҚ мүдделі мәмілені жасау туралы – Базалық станцияларды жұмыс күйінде ұстау және сақтау мақсатында «MaxCom» ЖШС-мен (аффилирлі тұлға) қызметтерді ақылы көрсету шарты;
- Жасалуына «Қазақтелеком» АҚ мүдделі мәмілені жасау туралы – «Қазақтелеком» АҚ-ның «НУРСАТ+» ЖШС өткізу және қайта құрылымдау үшін қажетті барлық әрекеттерді «НҰРСАТ» АҚ атынан және оның мүддесінде жүргізуі туралы шарт;
- Жасалуына «Қазақтелеком» АҚ мүдделі мәмілені нарықтық құнынан төмен бағасы бойынша «КТ IES» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 51% сату бойынша «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС-мен мәміле;
- Жасалуына «Қазақтелеком» АҚ мүдделі мәмілені жасау туралы – «Қазақтелеком» АҚ және «ВОСТОКТЕЛЕКОМ» ЖШС арасындағы Антенна-мачталық құрылыстар, антенна-фидерлік құрылғылар, радиорелелік жабдыққа техникалық күтім жасауға арналған шарт;
- Жасалуына «Қазақтелеком» АҚ мүдделі мәмілені жасау туралы – «АЛТЕЛ» АҚ, «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС және «Қазақтелеком» АҚ арасындағы Байланыс объектілеріне техникалық күтім жасау шарты;
- «НҰРСАТ» АҚ және «Қазақтелеком» АҚ «НУРСАТ+» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 100 % сатып алу-сату шартын жасау туралы.

## ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

«Қазақтелеком» АҚ Дивидендтік саясат туралы ережесі 2013.18.01 өткен кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысында бекітілді, № 49 хаттама.

«Қазақтелеком» АҚ Дивидендтік саясатының мақсаты Компанияның және Акционерлердің мүдделерінің теңгерімін, дивидендтер көлемін, оларды төлеу шарттары мен тәртібін анықтау барысында тәсілдердің ашықтығын және нақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Төленетін дивидендтер көлемі қаржылық тұрақтылық пен өтімділік көрсеткіштері негізінде анықталатын «Қазақтелеком» АҚ қаржы-экономикалық жағдайына байланысты. Дивидендтер төлеу тәртібі және төленбеген дивидендтер бойынша акционерлермен есеп айырысу тәртібі «Қазақтелеком» АҚ Дивидендтік саясаты туралы ережемен реттеледі.

Қоғамның акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы шешіміне сәйкес (2016.22.04 № 57 хаттама) 2016 жылдың мамыр айында 2015 жыл нәтижелері бойынша Қоғамның бір жай акциясына 331,73 теңге көлемінде дивидендтер төленді. 1 артықшылықты акцияға кепілді дивиденд көлемі 300 теңгені құрады. 2016 жылға кепілді дивидендтер 2016 жылғы желтоқсан айында төленді.

2017 жылғы 21 сәуірде «Қазақтелелеком» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы 2016 жылдың қорытындылары негізінде жай акциялар бойынша дивидендтер көлемін бекітті, 1 жай акцияға шаққандағы дивиденд 404, 57 теңге мөлшерінде болды.

Қазақтелеком» АҚ Компания акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерін сақтайды және дивиденд алуға құқылы тұлғаларға дивидендтерді аудару бойынша өз міндеттемелерін толық орындайды.

# Ақпараттық саясат



«Қазақтелеком» АҚ қызметі туралы ақпаратты ашуға қойылатын жалпы талаптар мен басты қағидаттарды анықтайтын негізгі құжаттардың бірі Компанияның Ақпараттық саясаты болып табылады. «Қазақтелеком» АҚ ақпаратын ашу үдерістерінің тиімділігін және қызметтің айқындылығын арттыру мақсатында Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен (2009 жылғы 26 қазандағы № 45 хаттама) Қоғамның Ақпараттық саясаты бекітілді, өзгерістерімен (2012 жылы 29 желтоқсандағы № 15 хаттама). Ақпараттық саясат Қоғамның акционерлеріне, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, Қоғамның қызметіне мүдделі тұлғаларға, инвесторларға және басқа тұлғаларға Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашуға, сондай-ақ Қоғамның заңмен қорғалатын қызметтік, коммерциялық және өзге құпияларын құрайтын ақпаратты қорғауға қойылатын жалпы талаптарды және негізгі қағидаттарды айқындайды.

**Ақпараттық саясаттың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:**

- тұрақтылық, уақытылы және өзекті болуы;
- ашықтық және қолжетімділік;
- дұрыстық және толықтық;
- шұғылдылық;
- құпиялық тәртібінің сақталуы;
- теңгерімділік;
- ақпаратты алушылар құқықтарының теңдігі;
- ақпараттың әсер ету тиімділігі.

«Қазақтелеком» АҚ Компания туралы дұрыс ақпаратты, оның ішінде қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, қызмет нәтижелері, меншік және басқару құрылымы туралы ақпаратты уақытында ашуды қамтамасыз етеді. Қандай да бір ақпаратты ашу және жариялау кезінде ҚР коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнамасының ережелері, сондай-ақ ішкі құжаттардың талаптары ескеріледі.

Ақпарат «Қазақтелеком» АҚ ресми порталында бірдей мерзімде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, республикалық мерзімді, электрондық және интернет БАҚ-та Компанияның қызметтік, коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтер тізбесін сақтай отырып, орналастырылады.

Әлеуметтік медиаларда «Қазақтелеком» АҚ беделін арттыру саясаты Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген ақпаратты ашудың ашықтығы мен дұрыстығы қағидаттарына негізделген. Әлеуметтік медиаларға қатысудың басты мақсаты – клиентке бағдарланған компания, ілгерішіл ақпараттық-коммуникациялық оператор беделін қалыптастыру, сондай-ақ хабардарлық деңгейінің артуы есебінен қызметтерге деген сұранысты арттыру.

Әлеуметтік медиаларда өтімділігін арттырудың негізгі қағидаттары – бірегей контент құру және кері байланыс қалыптастыру. Әлеуметтік медиада «Қазақтелеком» АҚ өтімділігін арттыру тиімділігін талдау интернет кеңістігін мониторингілеу жолымен анықталады.

Танымал әлеуметтік желілер, форумдар және блогтарда (vkontakte, Facebook, Мой Мир, twitter, yvision, horde.me) қатысу көмегімен мынадай міндеттер шешіледі:

- жағымды ақпараттық кеңістік қалыптастыру;
- абоненттермен қарым-қатынас, Қоғам қызметтері туралы хабардарлықты арттыру;
- Компания жаңалықтары туралы хабардар ету;
- аудитория үшін пайдалы білім контентін құру (қауесетті жоққа шығару, кедергілерді жою, нарыққа шолу, нарық және қызметтер ерекшеліктерін түсіндіру);
- бірегей көңіл көтеру контентін құру;
- кері байланысты қалыптастыру.

2016 жылы Компанияның жоғары pr-белсенділігі байқалды, мақсатты аудиториямен жұмыс тұрақты және мақсатты негізде жүргізілді. Өткен жылы барлығы 161 pr-іс-шара өткізілді, БАҚ-та 7 015 материал жарияланды, оның ішінде өңірлік БАҚ-та – 2 202. 2016 жылы жарияланымдар саны 2015 жылмен салыстырғанда 37%-ға, оның ішінде, өңірлік БАҚ-та 31%-ға артты.

**БАҚ-та жарияланатын материалдар санының өсуі**




**Өңірлік БАҚ-тағы материалдар санының 31%- ға артуы**




- 2015: **1 681** жарияланым
- 2016: **2 202** жарияланым

2016 жылы әлеуметтік медиаларда «Қазақтелеком» оқырмандары мен жазылушыларының саны 2015 жылмен салыстырғанда 50%-ға артты және 177 861 адамды құрады.

Өткен жылы әлеуметтік желілердегі пост саны 170% -ға артты.

**Әлеуметтік медиаларда «Қазақтелеком» АҚ жазылушыларының саны 50%-ға арттуы**

2015: 117 790 жазылушылар
**2016: 177 861 жазылушылар**



**2016 жылы әлеуметтік желілердегі пост саны 170%-ға арттуы**

- 2015: **2 362** жарияланым
- 2016: **4 029** жарияланым



# МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫН РЕТТЕУ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«Қазақтелеком» АҚ-да мүдделер қайшылығын реттеу саясаты (бұдан әрі - Саясат) «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2011.14.10 № 10 шешімімен бекітілген.

Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленді және мүдделер жанжалы ұғымын, мүдделер жанжалының алдын алу, анықтау және реттеу тәртібін, мүдделер жанжалы туындағанда немесе туындау қаупі болған жағдайда Қоғам органдары және /немесе тұлғаларының өзара іс-қиымыл жасау және үйлестіру іс-жосығын  айқындайды.

Осы Саясаттың мақсаты қандай да бір теріс салдарды болдырмайтын, «Қазақтелеком» АҚ мүдделер қайшылығын реттеу дәрежесіне сәйкестікке қол жеткізу болып табылады.

Қоғамға жұмысқа қабылданатын кезде әрбір қызметкер  «Қазақтелеком» АҚ-да мүдделер жанжалын реттеу іс-жосығымен танысу парағына және Саясаттың талаптарын орындау және оны өз кәсіби қызметінде басшылыққа алу міндеттемесіне қол қояды.

# САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

«Қазақтелеком» АҚ-да 2005 жылдан ИСО 9001:2008 (ISO 9001:2008) халықаралық стандартының талаптарына сәйкес сапа менеджменті жүйесі (бұдан әрі – СМЖ) табысты әзірленді және жұмыс жағдайында қолдауға ие болып отыр.

«Қазақтелеком» АҚ қызметтер тұтынушылары және басқа да мүдделі талаптар алдындағы міндеттемелері сапа саласындағы негізгі қағидаттардан тұратын және мақсаттар қою үшін негіз болып табылатын, СМЖ және жалпы алғанда барлық қызметті үнемі жақсартуға бағытталған мақсаттар қоюға негіз болып табылатын «Қазақтелеком» АҚ сапа саласындағы  саясатында мәлімделген.

2016 жылғы қарашада Қоғам ISO 9001:2008 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестікке BureauVeritas уәкілетті ұйымы тарапынан  инспекциялық аудиттен өтті. Сертификатты халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестікке жұмыстар жүргізу құқығына UKAS аккредитациясынан өткен сертификаттау жөніндегі әлемде көшбасшы органдардың бірі жүргізді.

Аудит аясында «Қазақтелеком» АҚ барлық филиалдары қызметін Қазақстан бойынша толықтай телекоммуникация қызметтері сапасын қамтамасыз ету бойынша тексеру жүргізілді. Алынған сертификат Қоғам қызметі әлемдік сапа стандарттарына сәйкес келетінін растап отыр.

2016 жылы ИСО 9001:2015 стандарты жаңа нобайы талаптарына СМЖ көшіру бағдарламасы әзірленді.

Бүгінгі күні Компанияның менеджмент жүйесі халықаралық стандарт талаптарына сәйкес енгізілген, жүйе тұрақты әрі қарқынды дамуда, қызмет белгіленген бизнес-үдерістерге сәйкес жүзеге асырылуда, олар мынадай барлық басқару кезеңдерін сипаттайды: жоспарлау, орындау, бақылау, жалпы алғанда Компанияда басқару жүйесін әрі қарай жақсарту мақсатында талдау.

Персоналды тиімді басқару жүйесін қалдыптастыру «Өрлеу» жаңғырту бағдарламасын іске асыру аясындағы басым бағыттардың бірі болып табылады. HR саласында бүкіл Компанияның бизнесін трансформациялау бойынша қойылған амбициялық мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ете алатын мейлінше белсенді саясатты енгізу және пайдалану басты нысанаға алынды.

Бұл міндеттерді іске асыру үшін Қоғамда негізгі үш құрамдастан тұратын HR-стратегия әзірленіп қабылданды:

1. Ұйымдық даму
2. Тиімділікті арттыру
3. Корпоративтік мәдениетті өзгерту

## HR – стратегия

| Организационное развитие | Повышение эффективности персонала | Изменение корпоративной культуры |
|---|---|---|
| **Орг. структура** | **Процессы персонала** | **Поведение и культура** |
| • Централизация админ. и поддерживающих функций<br>• Уменьшение количества уровней управления<br>• Изменение регион. модели управления<br>• Разработка орг. структуры<br>• Управление операционной эффективностью | • Модель привлечения персонала<br>• Внедрение грейдов и пересмотр системы компенсации<br>• Оценка персонала<br>• Развитие персонала | • Диагностика текущей ситуации<br>• Разработка целевых параметров культуры<br>• Изменение основных рычагов культуры |



## HR-КӨРСЕТКІШТЕР

2016 жылы «Өрлеу» жаңғырту бағдарламасын іске асыру аясында станциялық персонал штатын оңтайландыру, басқару деңгейлерін оңтайландыру, әкімшілік және қолдау функцияларын орталықтандыру бойынша бастамалар іске асырылды. Аталған шаралардың нәтижелері бойынша 1 837 штат бірлігі оңтайландырылды.

2016 жылы Қоғамның қызметкерлерінің нақты саны  24 406 адамды құрады (7,1% – әкімшілік персонал  және 92,9% – өндірістік персонал).

**«Қазақтелеком» АҚ қызметкерлерінің нақты санының өзгеру динамикасы (2010 – 2016)**




Компания қызметкерлерінің құрамы жеткілікті деңгейде тұрақты, қызметкерлердің 40%  астамының «Қазақтелеком» АҚ-дағы жұмыс өтілі 10 жылдан асады, шамамен 60% жұмыс өтілі 5 жылдан асады.

Компанияда қызметкерлерді жинау, бейімдеу, оқыту және дамыту сапасын арттыруға бағытталған жобалар мен бағдарламалар іске асырылуда және бұл персоналдың тұрақтамау көрсеткішін төмендетуге мүмкіндік береді.

Кадрлардың тұрақтамау коэффициенті 2015 жылғы  7,5 % -дан 2016 жылы 7,1%-ға дейін төмендеді (әкімшілік  персоналы – 5,4 %, өндірістік  персонал – 8,4%).

## КОМПАНИЯНЫҢ HR-ЖОБАЛАРЫ

***Ұйымдық даму***

Компанияның ұйымдық дамуы аясында әкімшілік және қолдау функцияларын орталықтандыру, басқару деңгейлерін оңтайландыру, өңірлік басқару моделін өзгерту, ұйымдық құрылымды жаңарту сияқты бастамалар іске асырылуда.

2016 жылы Қызметкерлерді басқару функциялары бойынша ортақ қызмет көрсету орталығының моделі (HR-ОҚО) енгізілді. Ол Компанияның барлық филиалдарына қызмет көрсетеді. HR-ОҚО-да 46 бизнес-үдеріс бірегейлендірілген, барлық операциялар онлайн режиміне көшірілген. Сонымен бірге қолдау функцияларын орталықтандыру бойынша «Өрлеу» бағдарламасының стратегиялық бастамаларын іске асыруды жалғастыра отырып, Компания өткен жылы Жалақы есептеу функциясы бойынша ортақ қызмет көрсету орталығын құру бойынша пилоттық жобаны іске асырды. Аталған жобаға Орталық аппарат пен Алматы қ. орналасқан бес функционалдық филиал қатыстырылды. Компания қаржылық және заңгерлік функциялар бойынша ортақ қызмет көрсету моделін дамытуды жоспарлап отыр.

***Персоналдың тиімділігін арттыру***

**Басты персоналды тарту** — Компанияның HR стратегиясын табысты іске асырудың алғашқы кезеңі. HR стратегиясына сәйкес персоналды тарту үдерісі аясында 2016 жылы бірқатар басты міндеттер шешілді:

1. персоналды іріктеу тиімділігін арттыру және оны тартуға шығынды азайту;
2. персоналды іріктеуге жүйелі және бірегейлендірілген бағытты қабылдау, бұл білікті персоналды тартуға, негізгі үдерістерді орындау және басқару тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді;
3. сыртқы және ішкі іріктеуде ашықтықты қамтамасыз ете отырып, барлық кандидаттар үшін тең мүмкіндіктер ұсынатын компанияның мықты, прогрессивті имиджін нығайту;
4. жұмыс беруші брендінің тартымдылығын, Компанияның HR-брендінің танымалдылығы мен атағын арттыру;
5. персоналды бейімдеу және ұстап қалу бағдарламасын енгізу.

**Персоналды бағалау.** Персоналдың тиімділігін арттыру жүйесінің негізгі элементтерінің бірі өнімділікті басқару жүйесі болып табылады. Оның мәні қызметкердің алдына тиісті жылға  басты қызмет көрсеткіштері (KPI) түрінде анық, өлшенетін мақсаттар мен міндеттерді қою болып табылады. Бұл ретте, оларды орындау қызметкердің сыйақысына әсер етеді.

2016 жылы стратегиялық бастамалармен және B2C, B2B, B2O, B2G нарық сегментациясына сәйкес Компания топ-менеджментінің жаңартылған KPI тізбесі әзірленіп бекітілді. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде Компанияның Ұзақ мерзімді стратегиясының мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін функционалдық жауапкершілікке сәйкес басқарудың барлық деңгейінде KPI әзірлеуге және бөлуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар жеке даму жоспарының (ЖДЖ) жүйесі енгізілді. Ол

әрбір қызметкер үшін өз білімі мен дағдыларын дамытуға күш салуға, жеке тиімділік пен нәтижелілікті іске асыруға мүмкіндік береді.

Есепті жылы Қоғамда персоналды басқару жөніндегі жетекші халықаралық консультант Хэй Групп компаниясының әдіснамасы бойынша лауазымдарды бағалау бойынша жұмыс жүргізілді. Лауазымдарды бағалау немесе «грейдтеу» – лауазымдарды біліктілік, орындайтын жұмысының күрделілігі, лауазымның жауапкершілік деңгейі, өз бетінше шешім қабылдау, компанияның стратегиялық мақсаттары мен бизнес-нәтижелеріне әсер ету сынды және т.с.с критерийлер бойынша жіктеу. Еңбекке ақы төлеуде грейд жүйесін пайдалану бірқатар артықшылықтарға қол жеткізеді, атап айтқанда: ішкі әділдікке қол жеткізу және ынталандыру есебінен персоналдың нәтижелілігін арттыру.

***Корпоративтік мәдениетті өзгерту***

«Қазақтелеком» АҚ корпоративтік мәдениетті өзгерту жобасы Компанияда қабылданған HR-стратегияның басты бастамаларының бірі болып табылады.

2016 жылы жобаның ауқымды кезеңі аяқталып, корпоративтік мәдениеттің ағымдағы жай-күйіне диагностика жасалды. Қазақстан бойынша Компанияның 16 000-нан аса қызметкері қатысқан әлеуметтік сауалнама табысты өткізілді. Алынған ақпарат негізінде «Қазақтелеком» АҚ корпоративтік мәдениетінің ағымдағы жай-күйі туралы аналитикалық есеп дайындалды.

2017 жылы қызметкерлер үшін мақсатты корпоративтік мәдениет пен құндылықтар образын әзірлеу, енгізу жоспарын жасау және оны іске асыруды бастау бойынша белсенді жұмыс жоспарланған.

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ/БІЛІМДІ БАСҚАРУ

Республиканың телекоммуникация нарығында өзінің көшбасшылық жағдайын сақтау және өсуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақтелеком **персоналды оқыту мен дамытуға** үлкен мән береді. Компанияда негізгі құрамдастары «Инфокоммуникациялық технологиялар академиясы» дирекциясы базасында корпоративішілік оқыту және корпоративтік қашықтан оқыту жүйесі болып табылатын оқыту жүйесі ұйымдастырылған.

Компанияда мансаптық жоспарлау жүйесі дамыған. Қоғамда **«Дарындарды басқару» жобасы** іске асырылуда, оның мақсаты Қоғамның басты лауазымдарының орнын басуда негізгі ішкі көз ретінде кадрлық пулды қалыптастыру және дамыту болып табылады. Бұл жоба персоналдың тиімділігі мен уәждеуді арттырудың, жоғары көшбасшылық әлеуетке пен кәсіби деңгейге ие дарынды қызметкерлерді ұстап қалу құралы болып табылады.

2016 жылы 100 адамнан тұратын Қоғамның кадрлық пулы қалыптастырылды, орнын алмастыру матрицасы дайындалды, Компания бизнесінің қажеттіліктері мен күтілімін ескере отырып, кадрлық пулды жүйелі дайындау үшін **Көшбасшылық** мектебі іске қосылды.

## КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

*Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі – Компанияның корпоративтік құндылықтарының ең маңызды құрамдасы және жалпы алғанда қоғамды тұрақты дамыту шарты*

Компания әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын ұстанады және әлеуметтік сипаттағы мемлекеттік бағдарламаларға, персоналға арналған әлеуметтік, демеушілік және қайырымдылық көмек бағдарламаларын іске асыруға, экологиялық іс-шараларды өткізуге белсенді қатысады.

«Қазақтелеком» АҚ 2012–2020 жылдарға арналған корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы стратегияны басшылыққа алады және әлеуметті жауапты бизнес үшін ғаламдық қозғалыстың, оның қағидаттарын іскери практикаға енгізу мен бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға қатысушы болып табылады. Қоғам жыл сайынғы негізде Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бойынша жеке есепті жариялайды. 2016 жылы «Қазақтелеком» АҚ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі бойынша бесінші есепті дайындап жариялады.

Компанияда үш жыл бойы «Самұрық-Қазына» АҚ Әлеуметтік серіктестік орталығы тәуелсіз әлеуметтік агенттікті тартумен Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі зерттеуін жүргізіп келеді. «Әлеуметтік серіктестік орталығы» корпоративтік қорының ұсынымдары негізінде 2016 жылы ӘТР деңгейін қолдау және арттыру бойынша іс-шаралар жоспарланды және жүзеге асырылды. «Қазақтелеком» АҚ 2016 жылғы әлеуметтік тұрақтылық рейтингінің компания бойынша шоғырландырылған көрсеткіші – 73% және «Қазақтелеком» АҚ-да тұрақты жағымды жағдайды көрсетеді.

# КОМПАНИЯНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРЫ

Компания өзінің бизнес-бағыттылығымен бірге «цифрлық теңсіздікті» жоюға, білім беру бағдарламаларын қолдауға, компьютерлік сауаттылыққа оқытуға бағытталған және т.б. әлеуметтік сипаттағы басым мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыруға белсенді атсалысады.

«Қазақтелеком» АҚ көп жыл бойы ауылдық елді мекендердегі тұрғындар үшін әмбебап телекоммуникация қызметтерін ұсыну бойынша міндеттеме жүктелетін жалғыз байланыс операторы болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында білім беру мекемелерінің үздік білім ресурстарына және технологияларына қатынауын қамтамасыз ету мақсатында Қоғам кеңжолақты қатынау (КЖҚ) технологиясын пайдалана отырып, интернет желісіне білім беру мекемелерін қосу іс-шараларын жүргізуде. Айталық, 01.01.2017 жылдағы жағдай бойынша КЖҚ бойынша (қатынау жылдамдығы 256 Кбит/с бастап) 6 231 мемлекеттік мектеп немесе 87% қосылды, оның 4 605 немесе 84% ауылдық мектеп.

2014 жылдан бастап Компанияда «Аяулы алақан» еріктілер қозғалысы құрылып, белсенді түрде дамуда, оның мүшелері балалар үйлерінің жоғарғы сыныптағы тәрбиеленушілерін әлеуметтік икемдеуге белсенді қатысады, оларға мәдени, адамгершілік және физикалық тәрбие беруге көмек көрсетіп, зейнеткерлерге, қарт адамдарға және жәрдемге зәру Қоғам қызметкерлеріне қол ұшын береді. Корпоративтік еріктілік бағдарламасы бизнестің әлеуметтік қағидаттарын іске асырады, халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз тобына қызметкерлердің көмек көрсетуі бойынша корпоративтік құндылықтар мен мәдениетті, әлеуметтік белсенділік пен бастамаларды дамытып, бекітеді.

Қоғам қалың бұқара топтары үшін телекоммуникациялық қызметтердің қолжетімділік деңгейін көтеру шеңберінде әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын іске асыру бойынша практикалық қадамдар ретінде икемді тарифтік саясатты жүргізеді. Біз өз абоненттерімізге олар үшін тиімді болатын тарифтермен қызметтердің топтамаларын ұсынамыз.

2016 жылға Компания жеке пайдаланушылар үшін өнім қатарын толықтай жаңартты. Жаңа тарифтік портфель қызметтердің ең көп жиынтығы бар топтамалардан тұрады. Жаңа қатар «Базалық», «Стандартты» және «VIP» топтарына бөлінген, олар қызметтердің барлық спектрін қамтиды және түрлі пайдаланушылардың сұранысын қанағаттандыра алады.

Қосымша «АЛТЕЛ» АҚ ұялы байланыс операторымен бірлескен жобалардың шеңберінде Қоғам қызметтер бойынша конвергентті шешімдерді, атап айтқанда «Отбасылық шешім» топтамасын (тіркелген және ұтқыр байланыс қызметтерінің топтамасы) іске қосты.

Соңғы жылдары «Қазақтелеком» АҚ-да клиенттерге қолайлы уақытта сұрақтары мен проблемаларын шешуіне мүмкіндік беретін интерактивті қызмет көрсету арналарын қолдану тәжірибесі кеңейтілді. www.telecom.kz порталында толық ақпарат алу, өтінімді немесе шағымды ресімдеу үшін Компанияның тиісті филиалына өтініш білдіру мүмкіндігі іске асырылды.

Қоғамның қызметкерлері үшін қолайлы жұмыс жағдайларын жасау Компанияның әлеуметтік саясат саласындағы маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

«Қазақтелеком» АҚ өз қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалу, қызметкердің ертеңгі күнге деген сенімін қолдау мәселелеріне жауапкершілікпен қарайды. Әлеуметтік серіктестікті нығайту, жауапкершілікті сақтау, қызметкерлерге кепілді жеңілдіктер мен төлемдерді қамтамасыз ету мақсатында 2016 жылдың 27 қазанында жаңа ұжымдық шарт жасалды. Ол қызметкерлердің өкілдері – кәсіподақ ұйымдар арқылы қызметкерлер мен жұмыс беруші арасында жасалған келісімді білдіреді. Бүгінгі күні Қазақтелекомның 20 мыңнан аса қызметкерінің мүддесіне «Қазақстандық салалық ақпарат, байланыс және телекоммуникация қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі және «Ақпараттандыру және байланыс қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі өкілдік етеді.

Ұжымдық шарт 2021 жылға дейін 5 жылға жасалды. Бұл көптеген қазақстандық компания әлеуметтік кепілдіктерін қысқартып жатқан күрделі экономикалық жағдайларда өте-мөте өзекті.

Бүгінгі күні Қоғам 9 мыңнан аса зейнеткерге әлеуметтік қолдау көрсетеді. Жыл сайын оларға атаулы қайырымдылық көмек көрсету, байланысшылардың кәсіби мерекесіне және Қарттар күніне кездесулер өткізу көзделген. Мұнымен қатар жыл сайын Жеңіс күніне Компанияның есебінде тұрған Ұлы Отан соғысының ардагерлерін және тыл еңбеккерлерін көтермелеу үшін (600-ден аса адам) қаражат бөлінеді. Сондай-ақ Қоғам зейнеткерлер-байланыс ардагерлерін мерейтойларымен де құттықтайды.

«Қазақтелеком» АҚ қызметкерлерінің денсаулығын қорғауды және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жұмыс орындарында қауіпсіз еңбек жағдайларын жасайды, ғимараттар мен құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, қызметкерлерге қажетті санитарлық-гигиеналық жағдайлар жасайды және қызметкерлерін ұжымдық және жеке қорғаныш құралдарымен т.б. қамтамасыз етеді.

Компания қызметкерлерінің білім алуына және оқуына қолдау көрсету корпоративішілік әлеуметтік жауапкершілік бағыттарының бірі болып табылады.

2016 жылы қайта даярлау және біліктілікті арттыру шеңберінде 10 936 қызметкер оқыды, яғни орташа тізімдік санның 43,1% құрады.

Осы оқу жылында «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» және «Есептеуіш техника және бағдарламалық жасақтама» мамандықтары бойынша 4 ЖОО-мен «Қазақтелеком» АҚ квотасы бойынша 38 адам оқуын жалғастыруға шарт жасалды.

9 колледжбен (8 облыс) дуальды оқытуды енгізу бойынша әлеуметтік серіктестік туралы шарттар мен меморандумдар күшінде болады. Сондай-ақ, 3 өңірлік кәсіпкерлер палатасымен кәсіби білім беру және кадрларды даярлау саласында ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалды. Колледждердің 475 студенті мен ЖОО 75 студенті үшін өндірісте практикалық оқу ұйымдастырылды.

## ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Демеушілік қызмет көрсетудің қағидаттары мен негізгі бағыттары Қоғамның Директорлар кеңесі 2011 жылы бекіткен «Қазақтелеком» АҚ демеушілік және/немесе қайырымдылық көмек көрсету саясатында жазылған.

Осы саясаттың қағидаттарына сәйкес, мемлекеттік іс-шараларды, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлармен байланысты іс-шараларды, әлеуметтік жобаларды, жекелеген спорт түрлерін, халықаралық конференциялар мен форумдарды қолдау демеушілік көмек көрсетудің негізгі бағыттары болып табылады.

Әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдардың жарғылық қызметін қолдау, Қоғамның есебінде тұрған ардагерлердің, мүгедектердің, балалар үйлері және орталықтарын, зейнеткерлерді және басқа да адамдарды жасалған ұжымдық шартқа сәйкес қолдау қайырымдылық көмек көрсетудің негізгі бағыттары болып табылады.

## ЖАСТАР САЯСАТЫ

«Қазақтелеком» АҚ үшін сабақтастық және кадрларды дер кезінде даярлауды жоспарлау мәселелері стратегиялық маңызға ие. Компанияда бесінші жыл «Жастелеком» жастар ұйымы жұмыс істейді, болашағы зор жас қызметкерлер арасынан Жастар кеңесі сайланды. «Жастелекомның» анағұрлым болашағы зор мүшелері негізгі лауазымдарды алмастыруға карлық резервті дайындауға арналған бағдарламаға қосылды.

2016 жылдың қыркүйек айында Қоғам жастарының қарым-қатынас жасауына, проблемалық мәселелер мен даму перспективаларын талқылау мен шешімін іздестіруге арналған алаңша – «Қазақтелеком» АҚ жас қызметкерлерінің IV форумы өтті.

## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Табиғат қорғау қызметі, қолайлы қоршаған ортаны сақтап қалу және ресурсты үнемдеу Компания үшін басым бағыттар болып табылады. Ескісінің орнына жаңа технологиялар енгізе отырып, Қоғам ресурсты үнемдейтін және экологиялық технологияларға таңдау жасайды.

Энергия тиімділігін арттыру және энергия үнемдеу бойынша жұмыстар стратегиялық санатқа жатқызылған және Қоғам шығындарын қысқарту және оның қызмет тиімділігін арттыру іс-шараларының бөлігі болып табылады. Компанияда энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану және шаруашылық айналымға қалпына келетін энергияны тартуға бағытталған ұйымдық, ғылыми, өндірістік шаралар өткізуді көздейтін бағдарлама іске асырылуда. Технолгиялық үдерістер барысында пайдалы қолданыс коэффицентінің ең жоғарғы көрсеткіштеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін техникалық сипаттамаларға негізделген Қоғамның технологиялық мұқтаждықтары үшін жабдықтар сатып алу кезінде қатаң іріктеу критерийлерін қолдану бағдарлама тармақтарының бірі болып табылады.

# Глоссарий




**ARPU** (Average Revenue Per User) – бір абоненттке шаққандағы бір айдағы орташа түсім.

**B2B** (Business to Business) – бизнес үшін бизнес. Заңды тұлға болып табылатын клиенттерге бағытталған қызметті айқындайтын термин.

**B2C** (Business-to-Consumer) – ұйым (Business) мен «түпкілікті» деп аталатын жеке тұтынушы (Consumer) арасындағы коммерциялық қарым-қатынастарды білдіретін термин.

**B2G** (Business-to-Government) – бизнес пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастар.

**Big Data** – үлкен көлемді деректерді өңдеу.

**CDMA** (Code Division Multiple Access) – кодты бөлініспен көптік қатынау, цифрлық ұялы байланыс (сымсыз) желісі. CDMA сымсыз байланыс жабдығын халықаралық байланысты стандарттау ұйымы үшінші буын желілерін салуда ең перспективалы деп ұсынған.

**DDoS** (Distributed Denial of Service, Қызмет көрсетуден үлестірілген бас тарту) – көптеген сұрау ұйымдастырылатын, оларға шамасы келмейтін және қызмет көрсетуден бас тартуға мәжбүр болатын (не ұзақ күтуді мәжбүрлейтін) шабуыл жасайтын қызметтің шектеулі емес ресурстарына негізделген желілік шабуылдың түрі.

**DWDM** (Dense Wave Division Multiplexing) – тығыз толқынды мультиплексирлеу технологиясы – мултьисервистік және ұтқыр желілер тірек инфрақұрылымы үшін барынша сенімді технология болып табылады, желінің өткізу мүмкіндігін шұғыл арттыруды қамтамасыз етеді және түбегейлі жаңа қызметтердің кең ауқымды жиынтығын іске асырады.

**EVDO** (Evolution Data Optimized) – CDMA стандартындағы ұялы байланыс желісінде пайдаланылатын жоғары жылдамдықпен деректер беру технологиясы.

**FTTH** (Fiber To The Home) – үйге дейін оптикалық талшық (жеке үй мағынасында).

**FTTx** (Fiber To The X) – байланыс торабынан нақты бір жерге дейін (X орны) талшықты-оптикалық кәбіл жүргізілетін, ал бұдан әрі қарай абонентке дейін мысты кәбіл жүргізілетін кез келген телекоммуникациялық желі үшін ортақ термин (оптика тікелей абоненттік құрылғыға дейін жүргізілетін нұсқа да болуы мүмкін).

**GPON** (Gigabit passive optical network – Гигабитті пассив оптикалық желілер). Қызметтердің озық сапасын, мультисервистігін, жылдамдығын, экономикалық тиімділігін қамтамасыз ететін технология.

**Hosting** – хостинг – жоғары өткізу жылдамдығымен клиентті байланыс арналарына қосуды қамтамасыз етіп, клиенттің жабдығын провайдердің аумағында орналастыру қызметі (коллокация – colocation).

**IoT** (Internet of Things) – заттар интернеті.

**LTE** (Long Term Evolution) – кемитін арнада 300 Мбит/с дейін (базалық станциядан пайдаланушыға дейін) және өсетін арнада 75 Мбит/с дейін жылдамдықпен деректерді пакетпен беру үшін оңтайландырылған жоғары жылдамдықты ұялы байланыс жүйелерін құру мүмкіндігін қамтамасыз ететін деректер берудің ұтқыр протоколы.

**M2M** (Machine-to-Machine) – машинааралық өзара іс-қимыл (машина-машинааралық өзара іс-қимыл) – машиналарға бір-бірімен ақпарат алмасуға немесе біржақты тәртіпте ақпарат беруге мүмкіндік беретін технологиялардың ортақ атауы. Бұл бергіштерді немесе қандай да бір құрылғылар параметрлерін мониторингілеудің сым арқылы және сымсыз жүйелері болуы мүмкін.

**MSSP** – Managed Security Services Provider – желілік қауіпсіздікпен басқарылатын қызметтердің провайдері.

**NPS** (Net Promoter Score) – тұтынушылардың тауарға немесе компанияға айнымастығын анықтау индексі (ұсыну дайындығының индексі), қайталама сатып алуға дайындықты бағалау үшін қолданылады).

**OTT** (Over the Top). OTT технологиясы интернет арқылы бейнеқызметтер ұсыну саласында кеңінен таралған және IPTV технологиясының бір бөлігі болып табылады. OTT термині басқарылатын операторлық желі арқылы кепілді сапамен ұсынылатын IPTV қызметтерімен салыстырғанда байланыс операторымен тікелей байланыссыз пайдаланушының приставкасына (компьютер, ұтқыр телефон) интернет желісі бойынша бейнесигнал беруді білдіреді.

**SIP** (Session Initiation Protocol – сессия орнату протоколы) – IETF MMUSIC Working Group әзірлеген және бейнені немесе дыбысты, шұғыл хабарламаларды, он-лайн –ойындарды біріктіретін пайдаланушылық сеансты орнату, өзгерту және аяқтау тәсіліне стандарт ұсынатын қолданбалы деңгейдегі протокол.

**SDP** (Service Delivery Platform) – сервис құру, бақылау және протоколдар сияқты сервистерді жеткізу архитектурасын қамтамасыз ететін бірқатар құрамдастар.

**SD-FEC** – аналогты өңдеумен тікелей бағытта қателерді түзету.

**UMTS** (Universal Mobile Telecommunications System – ұтқыр әмбебап телекоммуникация жүйесі) – GSM желілерін жаңғырту үшін әзірленген ұялы байланыс технологиясы.

**VoIP** (Voice over Internet Protocol) немесе IP-телефония – бұл желілерде дыбысты IP протоколы, жеке жағдайларда интернет желісі, сондай-ақ басқа IP-желілер (мысалы, бөлінген цифрлы арналар) арқылы топтамалық коммутация беруді қамтамасыз ететін технология.

**VPN** (Virtual Private Network – виртуалды жеке желі) – бір немесе бірнеше желілік қосылуларды (логикалық желі) басқа желінің үстімен (мысалы, интернет) қамтамасыз ететін технологиялардың жалпы атауы.

**VPS** (Virtual Private Server) – пайдаланушыға виртуалды бөлінген сервер ұсынылатын қызмет.

**WLL** (Wireless Local Loop) – сымсыз абоненттік желіжол/ілгек, шлейф, сымсыз телефонияны білдіретін термин, ол радиотелефон желіжолы мен стационарлық телефоннан құралатын жиынтық. WLL стационарлық телефонды стационарлық жерүсті телефон желілеріне қосу мүмкін емес немесе тым қымбат болған жағдайларда, сондай-ақ, мысалы, аз қоныстанған ауылдық аймақтарда қолданылады.




# Акционерлерге арналған анықтамалық ақпарат

**Толық атауы:**
«Қазақтелеком» акционерлік қоғамы

**Қысқартылған атауы:**
«Қазақтелеком» АҚ

**Заңды мекенжайы:**
Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы
Есіл ауданы, Сауран көшесі, 12

тел.: +7 (7172) 591 600
факс: +7 (7172) 587 724
E-mail: telecom@telecom.kz
http://www.telecom.kz

**Байланыс телефондары:**

«Қазақтелеком» АҚ
Корпоративтік хатшысы
тел.: +7 (7172) 580 651

Корпоративтік басқару қызметі
тел.: +7 (7172) 591 414
тел.: +7 (727) 2587 264

Қоғаммен байланыс қызметі
тел.: +7 (7172) 591 504
тел.: +7 (727) 2587 511
факс: +7 (727) 2587 512

*Қоғамның аудиторы туралы ақпарат*

Ernst&Young компаниясы 2007 жылдан бері «Қазақтелеком» АҚ сыртқы аудиторы болып табылады. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ  және дауыс беру акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан артық бөлігі меншік және сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау тәртібіне сәйкес 2016–2018 жылдарға «Қазақтелеком» АҚ тобының жеке және шоғырландырылған қаржылық есебінің аудиті бойынша қызметтер көрсетуге Ernst&Young компаниясымен шарт жасалды.
Ernst&Young жақсы іскери беделге ие, экономиканың түрлі салаларындағы жетекші компанияларға қызмет көрсетуде айтарлықтай тәжірибесі бар. Компания аудит, салық салу және құқық, IPO мәмілелері бойынша бизнес-консультация және консультациялық қызметтер саласындағы халықаралық көшбасшылардың бірі болып табылады.

**Толық атауы:**
«Эрнст энд Янг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Лицензия нөмірі:** гҚазақстан Республикасы аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензиясы: сериясы МФЮ–2, № 0000003, 2005 жылғы 15 шілдеде ҚР Қаржы министрлігі берген.

**Пошталық мекенжайы:**
Қазақстан Республикасы,
050060, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 77/7
тел.: +7 (727) 2585 960
факс: +7 (727) 2585 961
E-mail: almaty@kz.ey.com
http://www.ey.com/kz

*Тіркеуші туралы ақпарат*

**Толық атауы:**
«Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» акционерлік қоғамы.

«Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» акционерлік қоғамы (бұдан әрі –Бірыңғай тіркеуші) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2011.01.12  № 1 шешімімен бекітілген және Алматы қ. Әділет департаменті 2012 жылғы 11 қаңтарда тіркеген. Бірыңғай тіркеуші өз қызметі бойынша қызметтерді 2012 жылғы 1 ақпаннан бастап ұсына бастады.
Бірыңғай тіркеушінің негізгі мақсаты бағалы қағаздарды ұстаушылардың тіркелімі жүйесін жүргізу бойынша қызметті және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес іске асырылатын басқа да қызметті жүзеге асыру болып табылады.
2012 жылғы 20 желтоқсаннан бастап «Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ «Қазақтелеком» АҚ жаңа тіркеушісі болып табылады.

**Пошталық мекенжайы:**
Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Сәтпаев к-сі, 30А/3
тел.:  +7 (727) 272 47 60
факс: +7 (727) 272 47 60, ішкі 230
E-mail: info@tisr.kz

«Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ туралы ақпарат «Қазақтелеком» АҚ корпоративтік веб-сайтында (Инвесторларға >> Бағалы қағаздар >> Тіркеуші туралы мәліметтер) және тіркеушінің сайтында берілген (http://tisr.kz).



60%
15%
20%
5%

# Шоғырландырылған қаржылық есептілік

**МАЗМҰНЫ**


Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

**Шоғырландырылған қаржылық есептілік**

| | |
|---|---|
| Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп | 1-3 |
| Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп | 4-6 |
| Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп | 7-8 |
| Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп | 9-12 |
| Есеп саясаты және шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба | 13-114 |

# ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

## «Қазақтелеком» АҚ акционерлеріне

### *Пікір*

Біз «Қазақтелеком» АҚ және оның еншілес компанияларының (бұдан әрі – «Топ») 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептен, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептен және көрсетілген күні аяқталған бір жылдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған  есептен, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелерінің қысқаша шолуын қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерден тұратын шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген шоғырландырылған  қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілер бойынша 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржылық жағдайын, сондай-ақ Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес оның қаржылық нәтижелері мен көрсетілген күнге аяқталған бір жылдағы ақша қаражатының қозғалысын дәлме-дәл көрсетеді.

### *Пікір білдіруге негіздеме*

Аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес өткіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз бұдан әрі есебіміздің «Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлер этикасының кодексіне (БХЭСК кодексі) сәйкес Топқа қатысты тәуелсізбіз және БХЭСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдемелер пікірімізді білдіру үшін тиісті дәрежеде жеткілікті  негіздеме деп есептейміз.

### *Аудиттің басты мәселелері*

Аудиттің басты мәселелері – бұл, кәсіби пайымымызға сәйкес, ағымдағы кезең үшін біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін анағұрлым елеулі болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер тұтастай шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитінің мәнмәтінінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қаралды және осы мәселелер бойынша бөлек пікір білдірмейміз. Төменде көрсетілген әр мәселеге қатысты біздің сипаттамамыз аудитімізің барысында тиісті мәселе ретінде қаралғандықтан, осы мәнмәтінде келтіріледі.

Есебіміздің «Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге қатысты да орындадық. Тиісінше, аудитіміз шоғырландырылған қаржылық есептілікті елеулі бұрмалау тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген іс-жосықтарды орындаудан тұрды. Аудиторлық іс-жосықтарымыздың нәтижелері, оның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған іс-жосықтардың нәтижелері қоса берілген шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдіруге негіздеме болып табылады.

### *Кірістерді тану – биллинг жүйелерінің күрделілігін ескере отырып, ескерілген кірістің дәл сомасы*

Ескерілген кіріс сомасының дәлдігімен байланысты елеулі тәуекел бар. Өйткені, Топ қолданатын биллинг жүйелері күрделі болып табылады, ал тарифтердің және көпкомпоненттік қызметтер құрамының өзгерісін есепке алу тәртібінің ықпалы елеулі болуы мүмкін.

Біз АТ тиісті жүйелерін және ішкі бақылау құралдарын ұйымдастыруды бағаладық, операциялар бойынша деректерді жинауды, кірістерді есепке алуды, биллинг жүйелеріне енгізілген мөлшерлемелердің (тарифтердің) өзгерістерін авторландыруды және клиенттерге қойылған соманың есебін ішкі бақылау құралдарының операциялық тиімділігін тестілеуден өткіздік.

Топтың кірістерді тану бойынша есеп саясатына қатысты ақпаратты ашуы шоғырландырылған қаржылық есептілікке 3-ескертпеге қосылған, ал кірістер туралы ақпаратты толық ашу шоғырландырылған қаржылық есептілікке 27-ескертпеге қосылған.

***Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және тәуелді ұйымға инвестицияларды қоса алғанда, ұзақ мерзімді активтерді бағалау – құнсыздану тәуекелі***

Топтың ұзақ мерзімді активтерінің құнсыздануының елеулі тәуекелі бар. Гудвилді қоса алғанда, негізгі құралдар мен материалдық емес активтер телекоммуникация саласында қарқынды технологиялық өзгерістер тұрғысынан құнсыздану тәуекеліне ие. «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» тәуелді ұйымына инвестициялар да Қазақстандағы ұтқыр телекоммуникация нарығының қанықтығына байланысты құнсыздану тәуекелін тартады. Тәуекелдің басқа факторлары 2015 жылы теңгенің елеулі девальвациясынан күрделі экономикалық жағдайлардан және 2016 жылдың қаңтар айында ұялы нөмірдің көшірілу технологиясын енгізу және ұтқыр байланыстың басқа операторларына 4G лицензияларының берілуі салдарынан өзгермелі бәсекелестік және реттеу ортасынан тұрады.

Топ есепті күнге ақша қаражатын өндіретін өзінің кейбір бірліктерінің (АҚӨБ) құнсыздану белгілерін анықтады. 36 ҚЕХС сәйкес басшылық осындай АҚӨБ құнсыздануын тексеру үшін тест жүргізу керек.

Құнсыздануды тексеру кешенді болып табылады, субъективті жорамалдардан тұрады, мысалы, клиенттік база және пайдаланушыға шаққандағы кірістердің орташа мәні, күрделі шығындар және жоспарланған кезең ішінде EBITDA бойынша маржа, болжамды кезең шегінде ақша қаражаты ағындарын экстраполяциялау үшін қолданылатын өсу мөлшерлемесі мен дисконт мөлшерлемесі.

Құнсыздануды тексеру барысында қолданылатын жорамалдар дұрыс болмауы мүмкін, тиісінше, құнсыздану қажеттілігіне қатысты бұрыс қорытынды шығарылуы мүмкін.

Біздің аудиторлық іс-жосығымызға басқаларымен қатар, құнсыздану моделінде қолданылатын жорамалдарды бағалау және тестілеу кірді. Біз Топ пайдаланған әдіснаманы БЕХС 36 сәйкестікке бағаладық. Іс-жосықтарды жүргізу үшін біз бағалау жөніндегі ішкі сарапшыны тарттық. Біз Топтың пайдаланған жорамалдары мен деректерін тарихи деректермен және ағымдағы салалық ақпаратпен салыстырдық. Біз жорамалдардың өзгеруінің негізделген мүмкіндігі ағымдағы АҚӨБ баланстық құнының оның өтелетін құнынан артуына алып келу ықтималдығын бағалай отырып, тестілеудің сезімталдығына ерекше ден қойдық.

Ұзақ мерзімді активтерді құнсыздануға тестілеуге қатысты Топтың ақпаратты ашуы шоғырландырылған қаржылық есептілікке 10-ескертпеге қосылған, ол атап айтқанда, пайдаланылатын негізгі жорамалдардағы шағын өзгерістер келешектегі гудвил сальдосын қоса алғанда, тәуелді ұйымға, негізгі құралдарға және материалдық емес активтерге инвестициялардың құнсыздануына алып келуі мүмкін екендігін ашады.

***Ұтқыр байланыс бизнестерін біріктіру бойынша Tele-2-мен мәмілені есепке алу тәртібі***

2016 жылы ақпан айында Топ Қазақстан Республикасындағы ұтқыр байланыс бизнестерін жаңадан құрылған «Хан Тенгри Холдинг Б.Б.» ұйымына біріктіру бойынша Tele-2-мен мәмілені жапты.

«Хан Тенгри Холдинг Б.Б.» үлесті еншілес ұйымның («Алтел» АҚ) акцияларының 100 %-на сатып алу  туралы шарттарды есепке алудың тиісті тәртібін анықтау және басқа талаптарды орындау басшылықтың айтарлықтай бағалауын және аудиторлық күш салуды талап етті.

Негізгі пікірлер Топтың «Хан Тенгри Холдинг Б.Б.» бақылау мүмкіндігін бағалауға, сондай-ақ «Хан Тенгри Холдинг Б.Б.» үлесті сатып алуды есепке алу тәртібі бойынша 10 ҚЕХС  және 28 БЕХС  талаптарын және тоқтатылған қызметті көрсету бойынша 5 ҚЕХС  талаптарын сақтауға қатысты.

Біз  мәміленің  5 ҚЕХС, 10 ҚЕХС  және  28  БЕХСталаптарына сәйкестігі бойынша басшылық қорытындысын бағалау үшін аудиторлық іс-жосықтарды жүргіздік. Біз сатып алу шартын және «Алтел» АҚ тоқтатылған қызмет ретінде жіктеу бойынша Топтың позициясын нығайтатын  дәлелдерді алып қарастырдық.

***Ұтқыр байланыс бизнестерін біріктіру бойынша Tele-2-мен мәмілені есепке алу тәртібі (жалғасы)***

Топтың тоқтатылған қызмет бойынша және «Хан Тенгри Холдинг Б.Б.»-ға инвестициясы бойынша ақпарат ашуы шоғырландырылған қаржылық есептілікке 37 және 9-ескертпелерде тиісінше енгізілген.

***Топтың 2016 жылғы Жылдық есебіне қосылған өзге ақпарат***

Өзге ақпаратқа Жылдық есепте бар ақпарат кіреді, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік және ол туралы біздің аудиторлық есебіміз кірмейді. Өзге ақпарат үшін басшылық жауапты. Жылдық есеп бізге шамамен осы аудиторлық есеп датасынан кейін ұсынылады.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз өзге ақпаратқа таралмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір түрде сенімділік білдіретін қорытындыны ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитін жүргізуімізге байланысты біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген өзге ақпарат бізге ұсынылатын кезде онымен танысу және бұл ретте өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептілік немесе аудит барысында алған біздің біліміміздің арасындағы маңызды сәйкессіздіктердің болу ықтималдығын және өзге ақпаратта басқа елеулі бұрмаланулар жоқтығын қарастыру болып табылады.

***Басшылықтың және Директорлар кеңесі Аудит комитетінің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі***

Басшылық көрсетілген шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ҚЕХС сәйкес дайындалуына және дұрыс ұсынылуына, басшылық жосықсыз әрекеттері мен қателіктері салдарынан айтарлықтай бұрмаланулар жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру мүмкүндігін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға, Топты таратуға, қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайларды қоспағанда, болмаса мұндай әрекеттердің іс жүзіне асу нұсқасы болмаған жағдайларда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдар негізінде есептілік жасауға жауапты.

Директорлар кеңесінің Аудит комитеті Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау барысын қадағалауға жауапты.

***Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілікке жауапкершілігі***

Біздің мақсатымыз – шоғырландырылған қаржылық есептілікте жалпы алғанда алақол әрекеттер немесе қателіктер салдарынан айтарлықтай ауытқулардың жоқтығы туралы саналы сенімділік алу және біздің пікірімізден тұратын аудиторлық есеп шығару. Саналы сенімділік сенімділіктің ең жоғарғы деңгейі болып табылады, бірақ бұл Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес өткізілген аудит, егер болған жағдайда, айтарлықтай ауытқуды қашанда анықтап отырады дегеннің кепілі бола алмайды. Ауытқулар адал емес әрекеттер немесе қателіктер салдарынан орын алуы мүмкін және айтарлықтай болып табылады. Негіздеп айтар болсақ, жеке алғанда да немесе бірге алғанда да, олар осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде пайдаланушылар қабылдайтын экономикалық шешімдерге ықпал ете алар еді деп болжам жасауға болады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес өткізілген аудит аясында біз кәсіби талқылау қолданып, барлық аудит бойынша кәсіби скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен қатар, біз мыналарды орындаймыз:

- шоғырландырылған қаржылық есептілікте адал емес әрекеттер немесе қателіктер салдарынан болған айтарлықтай ауытқуларды анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдер әзірлеп, өткіземіз; өз пікірімізді білдіру үшін негіз болып табылуы үшін жеткілікті және дұрыс аудиторлық дәлелдер аламыз. Жоғарыдағы адал емес әрекеттер нәтижесінде айтарлықтай ауытқуды байқамау тәуекелі қателіктер салдарынан айтарлықтай ауытқуды байқамау тәуекелінен жоғары, себебі адал емес әрекеттер ымыраласу,

# ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (жалғасы)

аярлық, қасақана жіберу, ішкі бақылау жүйесінен айналып өте отырып, ақпараттар мен әрекеттерді ауытқытып беру секілді әрекеттерден тұруы мүмкін;

- Топтың ішкі бақылау жүйесі тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдер әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінуге қол жеткіземіз;
- қолданылып отырған есеп саясаты тиісті сипатын және басшылық анықтаған бухгалтерлік бағалаулар мен тиісті ақпаратты ашу негізділігін бағалау;
- басшылықтың қызмет үзіліссіздігі туралы жібергендерінің заңдылығы туралы қорытынды және Топтың өз қызметін іркіліссіз жалғастыруға қабілетіне айтарлықтай күмән әкелетін жағдайлар мен шарттармен байланысты айтарлықтай белгілісіздік бар ма деген қорытынды жасаймыз. Егер айтарлықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, онда біз аудиторлық есепте шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпаратты тиісті ашуға назар аудартуымыз және егер ақпаратты мұндай ашу тиісті емес болсақ, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің пікірлеріміз біздің аудиттық есебіміз өткізілер күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақтағы оқиғалар немесе шарттар Топтың өз қызметін іркіліссіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- ақпаратты ашуды қоса алғанда, жалпы алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілікті, оның құрылымы мен мазмұнын ұсыну, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілік дұрыс ұсынуды қамтамасыз ету үшін оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды білдіре ала ма деген баға жүргіземіз;
- Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін Топ ішіндегі ұйымдар және шаруашылық қызметтеріне қатысты тиісті, жеткілікті аудиторлық дәлелдер аламыз. Біз топ аудитін жүргізуге жалпы басшылыққа, бақылау және өткізуге жауап береміз. Біз өзіміздің аудиттік пікірімізге бірден-бір жауап берушіміз.

Біз Директорлар кеңесі Аудит комитетінің мүшелерімен ақпараттық өзара іс-қимыл жасаймыз, олардың назарына басқалармен қатар, аудиттің жоспарлы көлемі және мерзімі туралы ақпаратты, аудит нәтижелері бойынша айтарлықтай ескертулерді, соның ішінде егер біз аудит барысында анықтап жатсақ, ішкі бақылау жүйесіндегі айтарлықтай кемшіліктер туралы ақпаратты жеткіземіз.

Біз сонымен қатар, Директорлар кеңесі Аудит комитетінің мүшелеріне тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымызды және осы тұлғаларды аудитор тәуелсіздігіне ықпал ететін деп есептеуге болатын барлық өзара әрекеттер мен басқа да мәселелер туралы, қажет жағдайларда – тиісті қауіпсіздік шаралары туралы өтініш ұсынамыз.

Директорлар кеңесі Аудит комитетінің мүшелерінің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін айтарлықтай болған мәселелерді және аудиттің басты сұрақтарын бөліп аламыз. Біз бұл сұрақтарды аудиттік есебімізде, осы мәселелер туралы ақпаратты жария ету заң немесе нормативтік құжат бойынша тыйым салынған жағдайларды және сирек жағдайларда қандай да бір мәселе бойынша ақпарат есебімізде хабарланбауы тиіс, осындай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оны хабарлағаннан қоғамдық маңызды пайдасынан зор болады деген пікірге келген жағдайларды қоспағанда, сипаттап жазамыз.

Тәуелсіз аудитордың осы аудиттік есебін шығарып отырған аудитті жүргізуге жауапты – әріптес, – Бахтиёр Эшонкулов.

Ernst & Young LLP

*Бахтиёр Эшонкулов*
*Аудитор/ Аудит жөніндегі әріптес*

*Гүлмира Тұрмағамбетова*
*«Эрнест энд Янг» ЖШС*
*бас директоры*

Аудитордың 2012 жылғы 27 тамыздағы № МФ0000099 біліктілік куәлігі

050060, Қазақстан, Алматы қ-сы, Әл-Фараби, 77/7-ғим.

2017 жылғы 25 ақпан

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген Қазақстан Республикасы аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ-2, № 0000003

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша

| *Мың теңгемен* | Ескер. | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | | | |
| Негізгі құралдар | 7 | **272.175.873** | 285.555.708 |
| Материалдық емес активтер | 8 | **17.140.121** | 19.558.165 |
| Ұзақ мерзімді активтер үшін төленген аванстар | | **40.243** | 79.256 |
| Тәуелді ұйымдарға инвестициялар | 9 | **67.160.792** | – |
| Кейінге қалдырылған салық активтері | 36 | **–** | 204.814 |
| Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері | 12 | **5.876.966** | 10.557.028 |
| Басқа да ұзақ мерзімді активтер | 13 | **1.708.901** | 2.514.632 |
| | | **364.102.896** | 318.469.603 |
| **Қысқа мерзімді активтер** | | | |
| Тауарлы-материалдық қорлар | 14 | **4.483.724** | 3.760.673 |
| Сауда дебиторлық берешек | 15 | **24.992.206** | 16.385.102 |
| Аванстық төлемдер | 16 | **297.280** | 507.630 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | **3.548** | 64.629 |
| Басқа да қаржы активтері | 17 | **48.133.067** | 33.949.795 |
| Басқа да қысқа мерзімді активтер | 18 | **2.628.449** | 3.602.421 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 19 | **24.320.942** | 11.276.891 |
| | | **104.859.216** | 69.547.141 |
| Сатуға арналып жіктелген активтер | 37 | **–** | 48.477.200 |
| **Барлық актив** | | **468.962.112** | 436.493.944 |

Қоса беріліп отырған есеп саясаты және 13-беттен бастап 114-бет аралығындағы түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | Ескер. | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|
| **КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| **Бас компания меншік иелерінің капиталы** | | | |
| Шығарылған акциялар | 20 | **12.136.529** | 12.136.529 |
| Меншікті сатып алынған акциялар | 20 | **(6.464.374)** | (6.464.488) |
| Шетел валютасын қайта есептеу қоры | 20 | **(1.957)** | 47.662 |
| Басқа да резервтер | 20 | **1.820.479** | 1.820.479 |
| Бөлінбеген пайда | | **336.306.933** | 285.884.903 |
| | | **343.797.610** | 293.425.085 |
| **Бақыланбайтын қатысу үлестері** | | **–** | (1.003.643) |
| **Барлық капитал** | | **343.797.610** | 292.421.442 |
| | | | |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар: ұзақ мерзімді бөлік | 21 | **53.794.669** | 27.299.921 |
| Қаржылық жалдау бойынша міндеттеме | 22 | **1.273.015** | 4.435.721 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі | 36 | **19.624.081** | 18.167.340 |
| Қызметкерлерді сыйақылау міндеттемесі | 23 | **7.788.984** | 7.274.355 |
| Артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігі | 20 | **874.244** | 874.156 |
| Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер | 24 | **4.209.139** | 2.976.133 |
| | | **87.564.132** | 61.027.626 |

Қоса беріліп отырған есеп саясаты және 13-беттен бастап 114-бет аралығындағы түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | Ескер. | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|
| **Қысқа мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар: қысқа мерзімді бөлік | **21** | **2.473.507** | 4.138.393 |
| Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелердің қысқа мерзімді бөлігі | **22** | **3.162.706** | 4.707.462 |
| Қызметкерлерге сыйақы беру міндеттемелерінің қысқа мерзімді бөлігі | **23** | **430.554** | 511.689 |
| Сауда кредиторлық берешек | **25** | **11.997.342** | 11.893.469 |
| Алынған аванстар | | **2.835.106** | 2.529.209 |
| Төлемге ағымдағы корпоративтік табыс салығы | | **571.983** | 146.920 |
| Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер | **26** | **16.129.172** | 10.630.418 |
| | | **37.600.370** | 34.557.560 |
| Сатуға арналған деп жіктелген активтермен тікелей байланысты міндеттемелер | **37** | **–** | 48.487.316 |
| **БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕ** | | **125.164.502** | 144.072.502 |
| **БАРЛЫҚ КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕ** | | **468.962.112** | 436.493.944 |

Басқарма төрағасы — *Қ.Б. Есекеев*

Бас қаржы директоры — *А.А. Өзбеков*

Бас бухгалтер — *М.А. Жұманова*

Қоса беріліп отырған есеп саясаты және 13-беттен бастап 114-бет аралығындағы түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

| *Мың теңгемен* | Ескер. | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|
| **Жалғасатын қызмет** | | | |
| Кірістер | 27 | **198.466.711** | 182.743.603 |
| Ауылдық мекендерде әмбебап қызметтерді көрсету үшін өтемақы | 28 | **7.353.257** | 7.010.726 |
| | | **205.819.968** | 189.754.329 |
| Өзіндік құны | 29 | **(138.292.361)** | (127.254.556) |
| **Жалпы пайда** | | **67.527.607** | 62.499.773 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 30 | **(21.791.041)** | (22.894.843) |
| Сату бойынша шығыстар | 31 | **(2.928.796)** | (3.149.381) |
| **Операциялық пайда** | | **42.807.770** | 36.455.549 |
| Тәуелді ұйымдардың залалындағы үлес | 9 | **(13.568.195)** | – |
| Қаржыландыру бойынша шығыстар | 33 | **(6.412.545)** | (6.653.136) |
| Қаржыландырудан түскен кірістер | 33 | **3.575.283** | 2.679.338 |
| Валюта баптарын артық бағалаудың таза шығысы | 34 | **(890.461)** | 189.482 |
| Негізгі құралдардың істен шығу шығыны | | **(315.024)** | (353.932) |
| Басқа да кірістер | 35 | **4.197.635** | 3.979.735 |
| **Басқа да шығыстар** | | **24.082.039** | 34.971.938 |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 36 | **(9.210.030)** | (8.614.784) |
| **Жалғасатын қызметтен есепті жылға пайда** | | **14.872.009** | 26.357.154 |
| **Тоқтатылған қызмет** | | | |
| Тоқтатылған қызметтен салық салғаннан кейінгі бір жылдағы пайда/(шығын) | 37 | **40.959.809** | (2.148.068) |
| **Есепті жылдағы пайда** | | **55.831.818** | 24.209.086 |

Қоса беріліп отырған есеп саясаты және 13-беттен бастап 114-бет аралығындағы түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | Ескер. | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|
| **Мыналарға келетін пайда:** | | | |
| Бас компанияның меншік иелеріне | | **55.831.818** | 24.388.364 |
| Бақыланбайтын қатысу үлестеріне | | **–** | (179.278) |
| **Өзге жиынтық шығын** | | | |
| *Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуге жататын өзге жиынтық кіріс/(шығын) (салықтарды шегеріп тастағанда):* | | | |
| Шетелдік еншілес ұйымдардың есептілігін қайта есептеуде бағам айырмашылығы | | **(49.619)** | 117.012 |
| **Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуге жататын таза өзге жиынтық кіріс/(шығын)** | | **(49.619)** | 117.012 |
| *Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуге жатпайтын өзге жиынтық шығын (салықтарды шегеріп тастағанда):* | | **–** | – |
| Табыс салығын шегергендегі белгіленген төлемдермен жоспарлар бойынша актуарлы шығындар | **23** | **(607.983)** | (2.025.345) |
| **Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуге жатпайтын таза өзге жиынтық шығын** | | **(607.983)** | (2.025.345) |
| **Табыс салығын шегергендегі бір жыл үшін өзге жиынтық шығын** | | **(657.602)** | (1.908.333) |
| **Табыс салығын шегергендегі бір жыл үшін барлық жиынтық кіріс** | | **55.174.216** | 22.300.753 |
| **Мыналардың есебіне келетіндері:** | | | |
| Бас компания меншік иелеріне | | **55.174.216** | 22.480.031 |
| Бақыланбайтын қатысу үлестері | | **–** | (179.278) |
| | | **55.174.216** | 22.300.753 |

Қоса беріліп отырған есеп саясаты және 13-беттен бастап 114-бет аралығындағы түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | Ескер. | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|
| **Акцияға пайда** | | | |
| Бас компания меншік иелеріне келетін жыл үшін таза пайдаға қатысты базалық және көбейтілгені, теңгемен | **20** | **5.071,51** | 2.219,75 |
| | **20** | **5.071,51** | 2.219,75 |
| **Жалғасатын қызметтен акцияға пайда** | | | |
| Бас компания меншік иелеріне келетін жалғасатын қызметтен бір жылдағы пайдаға қатысты базалық және көбейтілгені, теңгемен | **20** | **1.357,30** | 2.414,50 |

Басқарма төрағасы — *Қ.Б. Есекеев*

Бас қаржы директоры — *А.А. Өзбеков*

Бас бухгалтер — *М.А. Жұманова*

Қоса беріліп отырған есеп саясаты және 13-беттен бастап 114-бет аралығындағы түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

| | Бас компанияның меншік иелеріне түседі | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *Мың теңгемен* | Шығарылған акциялар | Меншікті сатып алынған акциялар | Шетелдік валютаны қайта есептеу қоры | Басқа да резервтер | Бөлінбеген пайда | Барлығы | Бақыланбайтын қатысу үлестері | Барлық капитал |
| **Ескер.** | 20 | 20 | 20 | 20 | | | | |
| **2015 жылғы 1 қаңтарға** | 12.136.529 | (6.398.619) | (69.350) | 1.820.479 | 263.644.674 | 271.133.713 | (824.365) | 270.309.348 |
| Кезеңдегі таза пайда/ (шығын) | – | – | – | – | 24.388.364 | 24.388.364 | (179.278) | 24.209.086 |
| Басқа да жиынтық кіріс/ (шығын) | – | – | 117.012 | – | (2.025.345) | (1.908.333) | – | (1.908.333) |
| **Барлық жиынтық кіріс** | – | – | 117.012 | – | 22.363.019 | 22.480.031 | (179.278) | 22.300.753 |
| Меншікті сатып алынған акциялар, нетто *(20-ескертпе)* | – | (65.869) | – | – | – | (65.869) | – | (65.869) |
| Бас компания үшін шығарылған кепілдемені қайтару *(24-ескертпе)* | – | – | – | – | 964.149 | 964.149 | – | 964.149 |
| Дивидендтер *(20-ескертпе)* | – | – | – | – | (1.086.939) | (1.086.939) | – | (1.086.939) |
| **2015 жылғы 31 желтоқсанға** | 12.136.529 | (6.464.488) | 47.662 | 1.820.479 | 285.884.903 | 293.425.085 | (1.003.643) | 292.421.442 |
| Кезең үшін таза пайда | **–** | **–** | **–** | **–** | **55.831.818** | **55.831.818** | **–** | **55.831.818** |
| Басқа да жиынтық залал | **–** | **–** | **(49.619)** | **–** | **(607.983)** | **(657.602)** | **–** | **(657.602)** |
| **Барлық жиынтық кіріс** | **–** | **–** | **(49.619)** | **–** | **55.223.835** | **55.174.216** | **–** | **55.174.216** |

Қоса беріліп отырған есеп саясаты және 13-беттен бастап 114-бет аралығындағы түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| | Бас компанияның меншік иелеріне түседі | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ***Мың теңгемен*** | **Шығарылған акциялар** | **Меншікті сатып алынған акциялар** | **Шетелдік валютаны қайта есептеу қоры** | **Басқа да резервтер** | **Бөлінбеген пайда** | **Барлығы** | **Бақыланбайтын қатысу үлестері** | Барлық капитал |
| Меншікті сатып алынған акциялар, нетто *(20-ескертпе)* | **–** | **114** | **–** | **–** | **–** | **114** | **–** | **114** |
| Дивидендтер *(20-ескертпе)* | **–** | **–** | **–** | **–** | **(3.562.836)** | **(3.562.836)** | **–** | **(3.562.836)** |
| Бақылауды жоғалтуға әкелмейтін еншілес ұйымдардағы қатысу үлесіндегі өзгеріс *(5-ескертпе)* | **–** | **–** | **–** | **–** | **(1.238.969)** | **(1.238.969)** | **1.003.643** | **(235.326)** |
| **2016 жылғы 31 желтоқсанға** | **12.136.529** | **(6.464.374)** | **(1.957)** | **1.820.479** | **336.306.933** | **343.797.610** | **–** | **343.797.610** |

Басқарма төрағасы — *Қ.Б. Есекеев*

Бас қаржы директоры — *А.А. Өзбеков*

Бас бухгалтер — *М.А. Жұманова*

Қоса беріліп отырған есеп саясаты және 13-беттен бастап 114-бет аралығындағы түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

| *Мың теңгемен* | Ескер. | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызмет** | | | |
| Жалғасатын қызметтен салық салғанға дейін түскен пайда | | **24.082.039** | 34.971.938 |
| Тоқтатылған қызметтен салық салғанға дейінгі пайда/(залал) | | **42.621.503** | (2.138.852) |
| **Салық салғанға дейінгі пайда** | | **66.703.542** | 32.833.086 |
| | | | |
| **Мыналарға түзетулер:** | | | |
| Негізгі құралдардың тозуы | | **27.845.196** | 31.304.158 |
| Материалдық емес активтердің амортизациясы | | **3.064.718** | 3.869.427 |
| Болашақ кезең кірістеріндегі өзгерістер | | **12.293** | 127.115 |
| Қызметкерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелердегі өзгерістер | | **(326.485)** | (542.991) |
| Бағамдағы теріс айырманың іске асырылмаған залалдары | | **(252.976)** | 7.651.418 |
| Үмітсіз берешекті жабу шығыстары | | **1.411.405** | 1.001.432 |
| Өтімсіз тауар-материалдық қорларды өткізудің таза құнын түзету | | **192.139** | 810.006 |
| Тәуелді ұйым залалындағы үлес | **9** | **13.568.195** | – |
| Қаржыландыру бойынша кірістер есептеу | **33, 37** | **6.833.870** | 8.095.412 |
| Қаржыландырудан түскен кірістерді есептеу | **33, 37** | **(3.750.368)** | (2.905.698) |
| Еншілес ұйымның шығуынан пайда | **37** | **(41.579.323)** | – |
| НҚ және ТМА шығуынан залал | | **315.024** | 496.577 |

Қоса берілін отырған есеп саясаты және 13-беттен бастап 114-бет аралығындағы түсіндірме жазба осы шоғырландырылған  қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | Ескер. | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|
| **Айналым капиталын түзету:** | | | |
| Сауда дебиторлық берешектегі өзгеріс | | **(10.650.693)** | 803.274 |
| Тауарлы-материалдық қорлардағы өзгеріс | | **(496.005)** | (1.085.763) |
| Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтердегі өзгеріс | | **4.889.055** | (1.634.829) |
| Берілген аванстардағы өзгеріс | | **168.661** | 146.273 |
| Кредиторлық берешектегі өзгеріс | | **2.355.652** | 1.079.205 |
| Алынған аванстардағы өзгеріс | | **305.897** | 236.018 |
| Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелердегі өзгеріс | | **5.513.293** | (628.286) |
| **Операциялық қызметтен ақша қаражатының түсімі** | | **76.123.090** | 81.655.834 |
| Жай және артықшылықты акциялар бойынша төленген дивидендтер | **20** | **(3.627.387)** | (1.170.843) |
| Төленген табыс салығы | | **(8.184.946)** | (5.319.944) |
| Төленген пайыздар | | **(5.844.446)** | (6.468.646) |
| Алынған пайыздар | | **1.731.670** | 796.716 |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза ағындары** | | **60.197.981** | 69.493.117 |

Қоса беріліп отырған есеп саясаты және 13-беттен бастап 114-бет аралығындағы түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | Ескер. | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|
| **Инвестициялық қызмет** | | | |
| Негізгі құралдарды сатып алу | | **(17.379.516)** | (38.656.330) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | | **(4.047.567)** | (1.040.563) |
| Негізгі құралдарды сатудан түскен түсімдер | | **306.631** | 219.319 |
| Еншілес ұйым шыққан кездегі ақша қаражатының таза шығуы | | **(53.965)** | – |
| Депозиттер орналастыру | | **(57.121.119)** | (22.277.090) |
| Депозиттер бойынша қаражатты қайтару | | **39.519.133** | 20.064.175 |
| Қызметкерлерге ұзақ мерзімді қарыз беру | | **(2.127.857)** | (2.097.004) |
| Қызметкерлерден қарызды қайтару | | **365.450** | 255.727 |
| Банктің қайтарылған кепілдемесін шығару | | **–** | (208.600) |
| Банктің қайтарылған кепілдемесі қаражатын қайтару | | **208.600** | 193.160 |
| Қаржылық көмекті қайтару | | **3.496** | 4.500 |
| **Еншілес ұйым шыққан кездегі ақша қаражатының таза шығуы (37-ескертпе)** | | **(1.683.295)** | – |
| **Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза ағындары** | | **(42.010.009)** | (43.542.706) |

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | Ескер. | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|
| **Қаржылық қызмет** | | | |
| Қарыз алу | | **–** | 16.414.597 |
| Қарызды өтеу | | **(8.624.665)** | (31.570.145) |
| Меншікті акцияларды сатып алу | | **–** | (70.000) |
| Қаржылық жалдау міндеттемелерін өтеу | | **(4.707.462)** | (8.723.116) |
| Еншілес ұйымның бақыланбайтын қатысу үлестерін сатып алу | 5 | **(201.728)** | – |
| **Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары** | | **(13.533.855)** | (23.948.664) |
| Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы бағамдық айырма тиімділігі | | **(298.217)** | 9.233.998 |
| **Ақша қаражаты және оның баламаларының таза ұлғаюы** | | **4.654.117** | 2.001.747 |
| | | | |
| 1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары | | **19.965.042** | 8.729.297 |
| **31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары** | 19 | **24.320.942** | 19.965.042 |

Ақшалай емес операцияларды ашу *38-ескертпеде келтірілген.*

Басқарма төрағасы — *Қ.Б. Есекеев*

Бас қаржы директоры — *А.А. Өзбеков*

Бас бухгалтер — *М.А. Жұманова*

Қоса беріліп отырған есеп саясаты және 13-беттен бастап 114-бет аралығындағы түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазақтелеком» АҚ (бұдан әрі – «Компания» немесе «Қазақтелеком») 1994 жылы маусымда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды.

Компанияның тіркелген, орналасқан және қызметін жүзеге асыратын орны Қазақстан Республикасы болып табылады. Компанияның заңды мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Сауран көшесі, 12, Қазақстан Республикасы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияны Компания акциясының 51% мөлшеріндегі бақылау пакеті меншігі болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» немесе «Бас компания») арқылы бақылайды. Төменде Компания акционерлерінің тізбесі 2016 жылғы 31 желтоқсанға берілiп отыр:

| ***Мың теңгемен*** | **2016 жылғы 31 желтоқсанға** | 2015 жылғы 31 желтоқсанға |
|---|---|---|
| Самұрық-Қазына | **51,0%** | 51,0% |
| Bodam B. V. | **24,5%** | – |
| АДР (The Bank of New York – депозиторий) | **9,2%** | 9,8% |
| «Алатау Капитал Инвест» ЖШС | **3,7%** | – |
| «Бірыңғай зейнетақы жинақтау қоры» АҚ | **3,4%** | 3,4% |
| Deran Investment B.V. | **2,0%** | 2,0% |
| Bodam B. V. | **–** | 16,9% |
| Deran Services Limited | **–** | 7,6% |
| «Қазкоммерцбанк» АҚ | **–** | 3,1% |
| Басқалары | **6,2%** | 6,2% |
| | **100%** | 100% |

Компания телекоммуникация операторларына көрсетілетін трафикті беру, тәуелсіз телекоммуникация операторларына көрсетілетін ортақ пайдаланылатын телефон желісіне (бұдан әрі – «ОПТЖ») қосу, сондай-ақ ОПТЖ-ға қосылу үшін телекоммуникация операторларына бөлектелген телефон арналарын жалға беру жөніндегі қызметтер бөлігінде табиғи монополиялар тізіліміне қосылған.

Компания және оның *5-ескертпеде* көрсетілген еншілес ұйымдары (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») жергілікті, қалааралық және халықаралық, оның ішінде таяу және алыс шетелдермен, байланыс қызметін қоса алғанда, тіркелген байланыс нарығының елеулі үлесіне ие; сондай-ақ байланыс арналарын жалға беру, деректер беру, сонымен қатар сымсыз байланыс қызметтерін көрсетеді.

Компания басшылығы атынан Басқарма төрағасы 2017 жылғы 25 ақпанда Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін басып шығаруды мақұлдады.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (бұдан әрі – «ҚЕХС») сәйкес Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі – «ҚЕХС жөніндегі кеңес») бекіткен редакцияда дайындалды.

Бұл шоғырландырылған қаржылық есептілік, егер есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерде басқаша көрсетілмесе, бастапқы құн бойынша бағалау қағидатының негізінде дайындалды. Шоғырландырылған қаржылық есептілік қазақстандық теңгеде (бұдан әрі – «теңге») берілді және барлық мәні, егер басқаша көрсетілмесе, бүтін мыңдықпен жуықталып дөңгелектенді.

**Шоғырландыру негізі**

Шоғырландырылған қаржылық есептілік  бас компанияның және оның еншілес ұйымдарының 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептіліктерінен тұрады. Егер Топ инвестициялар объектісіне қатысудан түсетін ауыспалы кіріске байланысты тәуекелге ұшыраса немесе осындай кірісті алуға құқылы болса, сондай-ақ инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін іске асыру арқылы кіріске ықпал ете алатын жағдайда бақылау жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Топ инвестицияларды мынадай шарттар орындалса ғана бақылай алады:

- Топта инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктері болса (яғни инвестициялар объектісінің маңызды қызметін басқарудың ағымдағы мүмкіндігін қамтамасыз ететін күшіндегі құқықтары);
- Топта инвестициялар объектісіне қатысудан ауыспалы кіріске байланысты тәуекелге ұшырау немесе осындай кірісті алу құқығы болса;
- Топта инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асыру арқылы  кіріске ықпал ету мүмкіндігі болса.

Негізінен, дауыс беру құқығының көп болуы бақылауды қажет етеді. Мұны растау үшін және Топта  инвестициялар объектісіне қатысты дауыс құқығының басым бөлігі немесе осыған ұқсас құқығы болса, Топ барлық орынды фактілер мен жағдайларды осы инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктерінің барлығын бағалау барысында ескереді:

- инвестициялар объектісінде дауыс құқығына ие барлық тұлғалармен келісім;
- басқа келісімдермен шартталған құқықтар;
- Топқа тиесілі дауыс құқықтары және әлеуетті дауыс құқықтары.

Топ, егер бақылаудың бір немесе бірнеше құрамдасының өзгергені туралы фактілер мен жағдайларды көрсетіп тұрса, инвестициялар объектісіне қатысты бақылаудың болуын қайталап талдайды. Еншілес компанияны шоғырландыру Топ еншілес компанияны бақылауға ие болғанда басталады және Топ еншілес компанияны бақылаудан айырылғанда тоқтатылады.   Сатып алуы немесе кетуі бір жыл ішінде орын алған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері және шығыстары Топ бақылау алған күннен бастап шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылады және Топ еншілес ұйымға бақылауды жоғалтқанға дейін көрсетіледі.

Пайда немесе залал және өзге жиынтық кірістің («ӨЖК») әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясының акционерлеріне жатады және егер бұл бақылауда емес қатысу үлестерінің теріс сальдосына әкелсе де, бақылауда емес қатысу үлестеріне жатады. Қажет жағдайда еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі осындай ұйымдардың есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкестікке келтіру үшін түзетіледі. Топ ішінде операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын барлық топішілік активтер және міндеттемелер, меншікті капитал, кірістер, шығыстар және ақша ағындары шоғырландыру барысында толықтай алынып тасталады.

Бақылауды жоғалтусыз еншілес ұйымдағы қатысу үлесін өзгерту меншікті капиталмен операция ретінде ескеріледі.

Егер Топ еншілес ұйымды бақылауды жоғалтса, ол меншікті капиталының тиісті активтерін (оның ішінде гудвилді), міндеттемелерін, бақылауда емес қатысу үлестерін және басқа құрамдастарын  тануды тоқтатады және пайда немесе залал құрамындағы туындаған пайда немесе залалды таниды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

**Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түсіндірмелер және түзетулер**

Топтың қабылданған есеп саясаты 2016 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген келесі жаңа стандарттар мен түзетулерді қоспағанда, алдыңғы есепті жылда қолданылған есеп саясатына сәйкес келеді.

- 14 *«Кейінге қалдырылған тарифтік айырмашылықтардың шоттары»* ҚЕХС (IFRS);
- 11 *«Бірлескен кәсіпкерлік» – «Қатысу үлестерін сатып алуды есепке алу»* ҚЕХС-ға (IFRS) түзету;
- 16 ҚЕХС (IAS) және 38 *«Амортизацияның рұқсат етілген әдістерін түсіндіру»* ҚЕХС-ға (IAS) түзету;
- 16 ҚЕХС (IAS) және 41 *«Ауыл шаруашылығы: жеміс дақылдары»* ҚЕХС-ға (IAS) түзету;
- 27 *«Бөлек қаржылық есептіліктегі үлестік қатысу әдісі»* ҚЕХС-ға (IAS) түзету;
- ҚЕХС жыл сайын жетілдіру, 2012-2014 жылдардағы кезең;
- 1 *«Ақпаратты ашу саласындағы бастама»* ҚЕХС-ға (IAS) түзету;
- 10 ҚЕХС (IFRS) , 12 ҚЕХС (IFRS) және 28 *«Инвестициялық ұйымдар: шоғырландыру туралы талаптан алып тастауды қолдану»* ҚЕХС-ға (IAS) түзету.

Топ 2016 жылғы 1 қаңтардан күшіне енген кейбір жаңа стандарттар мен қолданыстағы стандарттарға түзетулерді алғаш рет қолданды. Топ шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттарды, интерпретацияларды немесе түзетулерді қолданған жоқ.

Әрбір жаңа стандарттың немесе түзетудің сипаты мен ықпалы төменде берілген:

*14 «Кейінге қалдырылған тарифтік айырмашылықтардың шоттары» ҚЕХС (IFRS)*

14 ҚЕХС (IFRS) міндетті емес стандарт болып табылады, ол қызметі тарифтелуге жататын ұйымдарға ҚЕХС алғашқы рет қолданғаннан кейін кейінге қалдырылған тарифтік айырмашылық шоттары бойынша қалдықтарға қатысты есеп саясатының олар қолданып келген қолданыстағы қағидаттарының көпшілігін қолдануды жалғастыруына рұқсат береді. 14 ҚЕХС (IFRS) қолданатын ұйымдар қаржылық жағдай туралы есепті бөлек жолдарда - кейінге қалдырылған тарифтік айырмашылық шоттарын, ал мұндай қалдықтар бойынша қозғалысты жиынтық кірістегі есепте бөлек жолдарда ұсынуы тиіс. Стандарт тарифтік реттеу және онымен байланысты тәуекелдер сипаты туралы, сондай-ақ мұндай реттеудің ұйымның қаржылық есептілігіне әсері туралы ақпаратты ашуды талап етеді. 14 ҚЕХС (IFRS) 2016 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Топ ҚЕХС бойынша есептілікті дайындап жатқандықтан, бұл стандарт оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қолданылмайды.

*11 «Бірлескен қызмет» – «Қатысу үлестерін сатып алуды есепке алу» ҚЕХС-ға (IFRS) түзетулер*

11 ҚЕХС-ға (IFRS) түзетулер бірлескен операциялардың қатысушысы бизнестерді біріктіруді есепке алу үшін 3 «Бизнестерді біріктіру» ҚЕХС (IFRS) тиісті қағидаттарына сәйкес бизнесін ұсынатын қызметтің бірлескен операциясына қатысу үлесін сатып алуды ескеруді талап етеді. Түзетулер бірлескен операциядағы бұрыннан бар қатысу үлестері бірлескен бақылау сақталатын болса, сол бірлескен операцияға қатысудың қосымша үлесін сатып алу кезінде қайта бағаланбайтын да түсіндіреді. Сонымен қатар, 11 ҚЕХС-ға (IFRS) қолданылу саласынан алып тастаулар қосылған, оған сәйкес, егер бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптар (есеп беретін ұйымды қоса алғанда) бір бақылаушы тараптың жалпы бақылауында болса, бұл түзетулер қолданылмайды.

Түзетулер бірлескен операцияға қатысудың бастапқы үлесін сатып алуға қатысты да, сол бірлескен операциядағы қосымша үлестерді сатып алуға қатысты да қолданылады және 2016 жылдың 1 қаңтарында және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты перспективті негізде күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпейді, өйткені қаралатын кезеңде бірлескен операцияда қатысу үлестері сатып алынбады.

*16 ҚЕХС (IAS) және 38 «Амортизацияның рұқсат етілген әдістерін түсіндіру» ҚЕХС-ға (IAS) түзетулер*

Түзетулер 16 «Негізгі құралдар» ҚЕХС (IAS)және 38 «Материалдық емес активтер» ҚЕХС (IAS) қағидаттарын түсіндіреді, олар түсім активті пайдалану аясында тұтынылатын экономикалық пайданы емес, бизнес (актив оның бір бөлігі болып табылады) қызметінің нәтижесінде өндірілетін экономикалық пайда құрылымын көрсетеді. Нәтижесінде түсімге негізделген әдіс негізгі құралдар амортизациясы үшін қолданылмайды және материалдық емес активтер амортизациясы үшін сирек жағдайларда ғана қолданылады. Түзетулер 2016 жылдың 1 қаңтарынан және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты перспективті негізде қолданылады, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпейді, себебі өзінің ұзақ мерзімді активтерінің амортизациясы үшін түсімге негізделген әдісті пайдаланған жоқ.

*16 ҚЕХС (IAS) және 41 «Ауыл шаруашылығы: жеміс дақылдары» ҚЕХС-ға (IAS) түзетулер*

Түзетулер жеміс беретін өсімдіктер анықтамасына сәйкес келетін биологиялық активтерді есепке алуға қойылатын талаптарға өзгерістер енгізеді. Түзетулерге сәйкес жеміс беретін өсімдіктер анықтамасына сәйкес келетін биологиялық активтер бұдан әрі 41 ҚЕХС (IAS) қолдану саласына жатпайды. Мұның орнына оларға 16 ҚЕХС (IAS) қолданылады. Бастапқы танудан кейін жеміс беретін өсімдіктер жинақталған нақты шығындар бойынша (пісіп жетілгенге дейін) және нақты шығындар бойынша есепке алу моделі, немесе қайта бағаланған құн бойынша есепке алу моделін пайдаланумен 16 ҚЕХС (IAS) сәйкес қайта бағаланады (пісіп жетілгеннен кейін). Түзетулер сондай-ақ жеміс беретін өсімдіктер өнімі бұрынғыша 41 ҚЕХС (IAS) қолдану саласында қалады және сату шығынын шегергендегі әділ құны бойынша бағалануы тиіс. Жеміс беретін өсімдіктерге қатысты мемлекеттік субсидияларға қатысты 20 «Мемлекеттік субсидияларды есепке алу және мемлекеттік көмек туралы ақпаратты ашу» ҚЕХС (IAS) қолданылады. Түзетулер 2016 жылдың 1 қаңтарында және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты ретроспективті қолданылады, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпейді деп күтілуде, себебі Топта жеміс беретін өсімдіктер жоқ.

*27 «Бөлек қаржылық есептіліктегі үлестік қатысу әдісі» ҚЕХС-ға (IAS) түзетулер*

Түзетулер ұйымдарға үлестік қатысу әдісін еншілес ұйымдарға, бірлескен кәсіпорындарға және тәуелді ұйымдарға инвестицияларды шоғырландырылған қаржылық есептілікте есепке алу үшін пайдалануға рұқсат етеді. ҚЕХС пайдаланып жүрген және өзінің жеке қаржылық есептілікте үлестік қатысу әдісіне өту туралы шешім қабылдайтын ұйымдар бұл өзгерісті ретроспективті қолдануы тиіс. ҚЕХС алғаш рет қолданып отырған және үлестік қатысу әдісін жеке қаржылық есептілікте пайдалану туралы шешім қабылдайтын ұйымдар бұл әдісті ҚЕХС өту күнінен бастап қолдануы тиіс. Түзетулер 2016 жылдың 1 қаңтарында және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпейді.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

**Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түсіндірмелер және түзетулер (жалғасы)**

***ҚЕХС жыл сайынғы жетілдіру, 2012-2014 жылдардағы кезең***

Құжат мынадай түзетулерді қамтиды:

*5 «Сатуға арналған айналымнан тыс активтер және тоқталыған қызмет» ҚЕХС (IFRS)*

Активтердің кетуі (немесе кететін топтар) әдетте сату немесе меншік иелеріне бөліп беру жолымен жүзеге асырылады. Бір кету әдісінен екіншісіне көшу кету бойынша жаңа жоспарлы емес, бастапқы жоспардың жалғасы деп есептелуі керек екенін түсіндіреді. Осылайша, 5 ҚЕХС (IFRS) талаптарын қолдануда іркіліс болмайды. Бұл түзету перспективті қолданылуы тиіс.

*7 «Қаржылық құралдар: ақпаратты ашу» ҚЕХС (IFRS)*

*(i) Қызмет көрсету шарттары*

Түзету сыйақы төлеуді көздейтін қызмет көрсетуге шарт қаржылық активте жалғасатын қатысуды білдіруі мүмкін дегенді түсіндіреді. Ақпаратты ашу қажеттілігін анықтау үшін ұйым 7 ҚЕХС (IFRS) жалғасатын қатысуға қатысты нұсқамаларға сәйкес сыйақы және келісім сипатын бағалауы тиіс. Қызмет көрсетуге шарттардың қайсысының жалғасатын қатысу екенін білдіретінін бағалау ретроспективті жүргізілуі тиіс. Алайда ақпаратты ашу ұйым осы түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық кезеңге дейін басталатын кезеңдер үшін талап етілмейді.

*(ii) Қаржылық есептілікте 7 ҚЕХС-ға (IFRS) түзетулерді қолдану*

Түзету өзара есеп туралы ақпаратты ашуға талаптар соңғы жылдық есепте көрсетілген ақпаратты айтарлықтай жаңартуды білдіретін осындай ақпарат жағдайларын қоспағанда, қысқартылған аралық қаржылық есептілікке қолданылмайтынын түсіндіреді. Бұл түзету ретроспективті қолданылуы тиіс.

*19 «Қызметкерлерге сыйақылар» ҚЕХС (IAS)*

Түзету сапасы жоғары корпоративтік облигациялар нарығының дамуы облигация шығарылған елдің емес, облигация деноминацияланған валютаның негізінде бағаланатынын түсіндіреді. Белгілі бір валютада деноминацияланған сапасы жоғары корпоративтік облигациялар нарығы болмағанда, мемлекеттік облигациялар бойынша мөлшерлемелерді пайдалану қажет. Бұл түзету перспективті қолданылуы тиіс.

*34 «Аралық қаржылық есептілік» ҚЕХС (IAS)*

Түзету аралық кезең үшін ақпарат не аралық қаржылық есептілікте не аралық қаржылық есептің басқа жерінде (айталық, басшылық түсініктемелерінде немесе тәуекелдерді бағалау туралы есепте) аралық қаржылық есептіліктің тиісті тоғыспалы сілтемелерін көрсете отырып ашылатынын түсіндіреді. Аралық қаржылық есептегі басқа ақпарат пайдаланушылар үшін аралық қаржылық есептілік сияқты шарттар мен мерзімдерде қолжетімді болуы тиіс. Бұл түзету ретроспективті қолданылуы тиіс. Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықпал етпейді.

*1 «Ақпаратты ашу саласындағы бастамалар» ҚЕХС-ға (IAS) түзетулер*

П1 ҚЕХС-ға (IAS) түзетулер 1 ҚЕХС (IAS) қолданыстағы талаптарды айтарлықтай өзгертпейді, түсіндіреді. Түзетулер мыналарды түсіндіреді:

- 1 ҚЕХС (IAS) маңыздылығына талаптар;
- жиынтық кіріс туралы есептегі және қаржылық жағдай туралы есептегі ішінара баптар бөлшектенуі мүмкін;
- ұйымдарда қаржылық есептілікке ескертпелер ұсыну тәртібін таңдау мүмкіндігі бар;
- үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындардың ӨЖК үлесі бір бап аясында агрегацияланып берілуі және нәтижесінде пайда немесе залал құрамына қайта жіктелетін немесе жіктелмейтін баптар ретінде жіктелуі тиіс.

Сондай-ақ түзетулер қаржылық жағдай туралы есепте және жиынтық кіріс туралы есепте қосымша жиынтық соманы ұсыну барысында қолданылатын талаптарды түсіндіреді. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықпал етпейді деп күтілуде.

*«Инвестициялық ұйымдар: шоғырландыру туралы талаптан алып тастауды қолдану» 10 ҚЕХС (IFRS), 12 ҚЕХС (IFRS) және 28 ҚЕХС-ға (IAS) түзетулер*

Түзетулер 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» ҚЕХС (IFRS) сәйкес инвестициялық ұйымдарға қатысты ерекшеліктерді қолдану барысында туындаған мәселелерді қарастырады. 10 ҚЕХС (IFRS) түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы талаптардан алып тастау өзінің еншілес ұйымдарын әділ құны бойынша бағалайтын инвестициялық ұйымның еншілес ұйымы болып табылатын бас ұйымға да қолданылатынын түсіндіреді.

Сондай-ақ 10 ҚЕХС (IFRS) түзетулер шоғырландыруға өзі инвестициялық ұйым болып табылмайтын және инвестициялық ұйымға қосалқы қызметтер көрсететін инвестициялық ұйымның осындай еншілес компаниясы жататынын түсіндіреді. Инвестициялық ұйымның барлық басқа еншілес ұйымдары әділ құны бойынша бағаланады. 28 «Тәуелді ұйымдарға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» ҚЕХС (IAS) түзетулер үлестік қатысу әдісін қолдану барысында инвесторға оның тәуелді ұйымы немесе инвестициялық ұйым болып табылатын бірлескен кәсіпорын еншілес ұйымдардағы өз үлесіне қатысты қолданған әділ құны бойынша бағалауды сақтауға мүмкіндік береді.

Бұл түзетулер ретроспективті қолданылады және Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықпал етпейді, өйткені Топ шоғырландыру туралы талаптан алып тастауды қолданбайды.

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар**

Төменде шығарылған, бірақ Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі шыққанға дейін күшіне енбеген стандарттар мен түсіндірмелер келтіріледі. Топ бұл стандарттарды олар күшіне енген күннен бастап қолдануды көздеп отыр.

*9 «Қаржылық құралдар» ҚЕХС (IFRS)*

2014 жылдың шілде айында ҚЕХС жөніндегі кеңес 9 «Қаржылық құралдар» ҚЕХС (IFRS) ақырғы редакциясын шығарды, ол 39 «Қаржылық құралдар: тану және бағалау» ҚЕХС (IAS) және 9 ҚЕХС (IFRS) барлық алдыңғы редакцияларын алмастырады. 9 ҚЕХС (IFRS) қаржылық құралдарды есептеу бойынша жобаның үш бөлігін: жіктеме және бағалау, құнсыздану және хеджирлеуді біріктіреді. 9 ҚЕХС (IFRS) 2018 жылдың 1 қаңтарында немесе бұл күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте мерзімінен бұрын қолданылуы мүмкін. Хеджирлеуді есептемегенде, стандарт ретроспективті қолданылады, бірақ салыстырмалы ақпаратты ұсыну міндетті емес. Хеджирлеуді ескеру талаптары ең алдымен бірқатар шектеулермен перспективті қолданылады.

Топ жаңа стандартты қолдануды күшіне енудің талап етілген күнінен бастауды жоспарлап отыр. 2015 жылы Топ 9 ҚЕХС (IFRS) барлық үш бөлігінің ықпал етуінің жалпы бағасын жүзеге асырды.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)**

*9 «Қаржылық құралдар» ҚЕХС (IFRS) (жалғасы)*

Бұл алдын ала бағалау қазіргі уақытта қолжетімді ақпаратқа негізделеді және болашақта Топ үшін қолжетімді болатын қосымша негізделген және расталған ақпаратты алу немесе мейлінше толықтай талдау салдарынан өзгеруі мүмкін. Жалпы алғанда Топ 9 ҚЕХС (IFRS) құнсыздануға қойылатын талаптарды қолдануды қоспағанда, өз бухгалтерлік балансына және меншікті капиталына жаңа талаптардың айтарлықтай ықпалын күтеді.

*(а) Жіктеу және бағалау*

Топ 9 ҚЕХС (IFRS) жіктеуіне және бағалауға талаптарды қолдану барысында қаржылық жағдай туралы өзінің есебіне және меншікті капиталына айтарлықтай ықпалын күтпейді. Топ қазіргі уақытта әділ құны бойынша бағаланатын барлық қаржылық активтердің әділ құны бойынша бағалауды жалғастырады.

Қарыздар, өзге де қаржылық активтер, сондай-ақ сауда дебиторлық берешек шартты ақша ағындарын алу үшін ұсталынады және олар қарыздың негізгі сомасы және пайыздары есебінде төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарының туындауына әкеледі. Демек, Топ 9 ҚЕХС (IFRS) сәйкес олар амортизациялық құны бойынша есептеле беретінін күтеді.

Алайда Топ 9 ҚЕХС (IFRS) сәйкес амортизациялық құны бойынша бағалау үшін критерийлерге барлық құралдар жауап беретіні туралы қорытынды шығармас бұрын, осы құралдар бойынша шартты ақша ағындарының сипаттамаларын талдайды.

*(б) Құнсыздану*

9 ҚЕХС (IFRS) Топ барлық борыштық бағалы қағаздар, қарыздар және сауда дебиторлық берешек бойынша 12 айлық күтілетін кредит залалдары немесе күтілетін кредит залалдарын олардың қолданысының толық мерзіміне көрсетуін талап етеді. Топ жеңілдетілген әдісті қолдануды және күтілетін кредит залалдарын сауда дебиторлық берешек бойынша барлық қолданыс мерзіміне көрсетуді жоспарлайды.

*15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» ҚЕХС (IFRS)*

15 ҚЕХС (IFRS) 2014 жылдың мамыр айында шығарылды және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімге қатысты қолданылатын бес кезеңді қамтитын жаңа модельді көздейді. 15 ҚЕХС (IFRS) сәйкес түсім өтеуді көрсететін сома бойынша танылады, оған құқықты ұйым сатып алушыларға тауарларды немесе қызметтерді беру үшін алуды күтеді.

Түсім бойынша жаңа стандарт түсімді тануға ҚЕХС қоятын барлық қолданыстағы талапты алмастырады. ҚЕХС жөніндегі кеңес 2018 жылғы 1 қаңтарда және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне ену күнін бір жылға қалдыратын түзетулер бойынша жұмыстарды аяқтағаннан кейін, толықтай ретроспективті қолдану немесе түрленген ретроспективті қолдану талап етілетін болады, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат беріледі. Топ толықтай ретроспективті қолдануды күшіне енудің талап етілген күнінен бастауды жоспарлап отыр. 2015 жылы Топ 15 ҚЕХС (IFRS) қолданудың салдарын алдын ала бағалауды жүргізді, олардың нәтижелері жалғасатын мейлінше толықтай талдау нәтижелері бойынша қайта қаралуы мүмкін. Сонымен қатар, Топ ҚЕХС жөніндегі кеңес 2015 жылғы шілдеде құжаттың алдын ала нұсқасы аясында шығарған түсіндірмелерді назарға алады және болашақта өзгерістерді бақылап отыратын болады.

*«Инвестор және оның тәуелді ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасында мәмілелерде активтерді сату немесе енгізу» 10 ҚЕХС (IFRS) және 28 ҚЕХС-ға (IAS) түзетулер*

Түзетулер 10 ҚЕХС (IFRS) және 28 ҚЕХС (IAS) арасында тәуелді ұйым немесе бірлескен кәсіпорын сататын еншілес ұйымға бақылауды жоғалту бөлігінде қайшылықтарды қарастырады немесе оларға енгізіледі. Түзетулер 3 ҚЕХС (IFRS) анықтама бойынша бизнесті білдіретін активтерді сату немесе енгізу нәтижесінде туындайтын пайда немесе залалды түсіндіреді, инвестор мен оның тәуелді ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасында толық көлемде танылады. Алайда бизнесті білдірмейтін активтерді сату немесе енгізу нәтижесінде туындайтын пайда немесе залал тәуелді ұйым немесе бірлескен кәсіпорында инвесторлар ұйымдастырғаннан гөрі басқаларда бар қатысу үлестері шегінде ғана танылады. ҚЕХС жөніндегі кеңес осы түзетулердің күшіне ену күнін белгісіз мерзімге ауыстырды, алайда осы түзетулерді қолданатын ұйым оларды перспективті түрде мерзімінен бұрын қолдану керек.

*«Ақпаратты ашу саласындағы бастама» ҚЕХС-ға (IAS) түзету*

7 «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» ҚЕХС-ға (IAS) түзетулер ҚЕХС жөніндегі кеңестің ақпаратты ашу саласындағы бастамасының бір бөлігі болып табылады және ақша ағындарымен негізделген өзгерістермен қатар, олармен негізделмеген өзгерістерді қоса алғанда, ұйымның қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердегі өзгерістерді қаржылық есептілік пайдаланушыларының бағалауына мүмкін беретін ақпаратты ашуын талап етеді. Ұйымдар осы түзетулерді алғашқы қолдану кезінде өткен кезеңдер үшін салыстырма ақпаратты ұсынуға міндетті емес. Бұл түзетулер 2018 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Осы түзетулерді қолдану Топтың қосымша ақпаратты ашуын талап етеді.

*12 «Іске асырылмаған залалдарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін тану» ҚЕХС-ға (IFRS) түзетулер*

Түзетулер ұйымның салық заңнамасы салық салынатын пайданы шектейтінін, оған қарсы осындай шегерілетін уақытша айырманы қалпына келтіру кезінде шегеру жасай алатынын ескеру керектігін түсіндіреді. Мұнымен қатар, түзетулерде ұйымның болашақтағы салық салынатын пайданы анықтай алатынына қатысты нұсқаулар бар және салық салынатын пайда активтердің баланстық құнынан асатын сомада кейбір активтерді өтеуді көздей алатын міндеттемелерді сипаттайды.

Ұйымдар осы түзетулерді ретроспективті түрде қолдану керек. Бірақ түзетулерді бастапқы қолдану кезінде ең ерте салыстыру кезеңінің басында меншікті капиталдың өзгерісі кезең басындағы бөлінбеген пайда мен меншікті капиталдың басқа компоненттері арасындағы өзгерістерді тіркеместен, кезең басындағы бөлінбеген пайда құрамында танылуы мүмкін.

Түзетулер 2018 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Егер ұйым осы түзетулерді анағұрлым ерте кезеңге қатысты қолданса, онда ол бұл фактіні ашып көрсету керек. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықпал етпейді деп күтіледі.

*ҚЕХС жөніндегі кеңес 2 «Акциялар негізіндегі төлемдер» ҚЕХС-ға (IFRS)*

ҚЕХС жөніндегі кеңес 2 «Акциялар негізіндегі төлемдер» ҚЕХС-ға (IFRS) түзетулерді шығарды, онда үш негізгі аспект қаралады: ақша қаражатының есептеулері бар акциялар негізінде төлемдер бойынша операцияларды бағалау құқықтарына көшу шарттарының ықпалы; қаржы көзінен ұсталатын салық бойынша міндеттемелер үшін нетто-негізге есептеулер шарты бар акциялар негізінде төлемдер бойынша операцияларды жіктеу; акциялар негізінде төлемдер бойынша операция шарттарының өзгерісін есепке алу, осының нәтижесінде операция ақша қаражатының есептеулері бар операция ретінде жіктелуін тоқтатады және үлестік құралдардың есептеулері бар операция ретінде жіктелуді бастайды.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

**Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)**

*ҚЕХС жөніндегі кеңес 2 «Акциялар негізіндегі төлемдер» ҚЕХС-ға (IFRS) (жалғасы)*

Түзетулерді қабылдау кезінде ұйымдар өткен кезеңдер үшін ақпаратты қайта санауға міндетті емес, бірақ барлық үш аспектіге қатысты түзетулерді қолданған және басқа критерийлерді сақтаған жағдайда ретроспективті қолдануға жол беріледі. Түзетулер 2018 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықпал етпейді.

*16 «Жалдау» ҚЕХС (IFRS)*

16 ҚЕХС (IFRS) 2016 жылғы қаңтарда шығарылған болатын және 17 «Жалдау» ҚЕХС (IAS), 4 «Келісімде жалдау белгілерінің болуын анықтау» ХҚЕТК(IFRIC) түсіндіруін, 15 «Операциялық жалдау – ынталар» ТТК(SIC) түсіндіруін және 27 «Жалдаудың заңдық нысанына ие операциялар мәнін анықтау» ТТК (SIC) ауыстырады. 16 ҚЕХС (IFRS) жалдау туралы ақпаратты тану, бағалау, ұсыну және ашу қағидаттарын белгілейді және жалгерлер қаржылық жалдау үшін 17 ҚЕХС-да (IAS) көзделген есепке алу тәртібіне ұқсас баланстағы бірыңғай есепке алу моделін пайдалана отырып, барлық жалдау шарттарын көрсетуді талап етеді. Стандарт жалгерлер үшін танудан екі босатуды көздейді – құны төмен активтерді жалдауға қатысты (мысалы, дербес компьютерлер) және қысқа мерзімді жалдау (яғни 12 айдан аспайтын мерзіммен жалдау). Жалдауды бастау күнінен жалгер жалгерлік төлемдерге қатысты міндеттемені (яғни жалдау бойынша міндеттемені, сондай-ақ жалдау мерзімі ішінде базалық активті пайдалану құқығын беретін активті (яғни пайдалану құқығы түріндегі актив) таниды.

**Шетел валютасын қайта есептеу**

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Компанияның және оның негізгі еншілес ұйымдарының функционалдық валютасы болып табылатын теңгемен ұсынылды. Теңге негізгі экономикалық айналымның валютасы болып табылады, онымен Компания және оның негізгі еншілес ұйымдары жұмыс істейді. Топқа кіретін әрбір компания өзінің функционалдық валютасын белгілейді, бұл ретте компаниялардың қаржылық есептілігіне енгізілетін баптар осындай функционалдық валютаны пайдалану арқылы есептеледі.

*Операциялар мен қалдықтар*

Шетел валюталарындағы операцияларды ең алдымен Топтың компаниялары операция тану критерийлерін қанағаттандыратын күні қолданыстағы спот-бағам бойынша олардың функционалдық валютасында ескереді. Шетел валютасымен берілген монетарлық активтер мен міндеттемелер Қазақстан Қор Биржасы (бұдан әрі мәтін бойынша «ҚҚБ») белгілеген және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жариялаған есепті күні қолданыстағы ресми бағам бойынша қайта есептеледі. Барлық айырмашылықтар жиынтық кіріс туралы шоғырландылған есепте көрсетіледі.

Шетел валютасында тарихи құны негізінде бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелерді жасау күнінде қолданыстағы бағамдар бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құнымен бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнын белгілеу күніндегі бағам бойынша қайта есептеледі.

Мына кестеде шетел валюталарының теңгеге шаққандағы бағамы берілген:

| | **2016 жылғы 31 желтоқсан** | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| АҚШ доллары | **333,29** | 340,01 |
| Еуро | **352,42** | 371,46 |
| Ресей рублі | **5,43** | 4,61 |

«КТ-АЙИКС» ЖШҚ (Ресей) және «Online.kg» ЖШҚ (Қырғызстан) шетелдегі бөлімшелерінің функционалдық валютасы тиісінше ресей рублі және қырғыз сомы болып табылады. Шетелдік бөлімшелердің активтері және міндеттемелері шоғырландыру барысында есеп күнінде қолданыстағы теңгеге шаққандағы бағам бойынша қайта есептеледі, ал мұндай бөлімшелердің жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің баптары мәміле жасау сәтіндегі қолданыстағы  бағам бойынша қайта есептеледі. Мұндай қайта есептеуде туындаған бағамдық айырмашылық өзге жиынтық кіріс құрамында танылады.

**Бизнесті біріктіру және гудвил**

Бизнесті біріктіру сатып алу тәсілін пайдалана отырып ескеріледі. Сатып алу құны сатып алынатын компанияда бақылаудағы емес қатысу үлесі және сатып алу күніне әділ құны бойынша бағаланған берілген сыйақы сомасы ретінде бағаланады. Бизнесті біріктіру бойынша әрбір мәміле үшін Топ сатып алатын компанияда бақылаудағы емес қатысу үлесін қалай бағалау туралы шешім қабылдайды: не әділ құны бойынша, не сатып алынатын компаниядағы таза активтерге сәйкесетін бара-бар үлес бойынша. Сатып алумен байланысты шығындар олар келтірілген сәттен бастап жалпы және әкімшілік шығыстар құрамына қосылады.

Егер Топ бизнес сатып алса, онда ол сатып алынатын қаржылық активтер және шарт талаптары, экономикалық жағдай және сатып алу күніне тиісті жағдайларға қарай қабылданған міндеттемелерді тиісті дәрежеде жіктейді. Бұған туынды құралдардың негізгі шарттарына кіргізілген сатып алынатын компанияға бөлу қажеттілігіне талдау жатқызылады.

Сатып алушыға берілетін шартты қайтару сатып алу күніне әділ құны бойынша танылады. Қаржы құралы болып табылатын 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» ҚЕХС (IAS) қолдану саласына жататын актив немесе міндеттеме түрінде жіктелетен шартты қайтару әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгерісі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Гудвил әуелден бастапқы құны бойынша бағаланады (берілген өтеу сомасының және танылған бақыланбайтын қатысу үлестерінің артуы ретінде анықталатын) және ілгеріде сатып алушыға қатысу үлесінің Топ сатып алған таза сәйкестендірілетін активтер мен оның қабылдаған міндеттемелерінің сомасынан артуы ретінде анықталады. Егер сатып алынған таза активтердің әділ құны берілген өтеу сомасынан асатын болса, Топ барлық сатып алынған активтердің және барлық қабылданған міндеттемелердің анықталуының, сондай-ақ сатып алу күніне танылуы тиіс сомаларды бағалау кезінде қолданылған іс-жосықтардың дұрыстығын  қайтадан талдайды.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

**Бизнесті біріктіру және гудвил (жалғасы)**

Егер қайтадан бағалаудан кейін берілген сыйақы таза сатып алынған активтердің әділ құнынан тағы да аз болып шықса, пайда пайда немесе залал құрамында танылады.

Кейіннен гудвил құнсызданудан келетін жиналған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвилді тестілеу үшін, гудвил Топ еншілес ұйымды сатып алған күнінен бастап сатып алынатын еншілес ұйымның басқа активтері немесе міндеттемелері көрсетілген бірліктерге жатуына немесе жатпауына қарамастан, бизнесті біріктіруден пайда көретін, ақша қаражатын өндіретін Топтың әрбір бірлігіне бөлінеді.

Егер гудвил ақша қаражатын өндіретін бірліктің бір бөлігін құраса және осы бірліктің бір бөлігі шығарылатын болса, шығарылатын қызметке жататын гудвил оның шығуынан түсетін пайда немесе залал анықталған кезде осы қызметтің баланстық құнына қосылады. Бұл жағдайларда шыққан гудвил шығарылған қызмет құны мен ақша қаражатын өндіретін бірліктің қалған бөлігінің құнының қатынасы негізінде бағаланады.

**Тәуелді ұйымдарға инвестициялар**

Тәуелді ұйым – бұл қызметіне Компания елеулі ықпал ететін ұйым. Елеулі ықпал – бұл инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясаты бойынша шешімдерді қабылдауға қатысуға, бірақ осы саясатты бақылай алмайтын немесе бірлесіп бақылай алмайтын өкілеттік.

Елеулі ықпалдың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес ұйымдарды бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас.

Топтың тәуелді ұйымдарына инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес тәуелді ұйымға инвестиция басында бастапқы құны бойынша танылады. Инвестицияның баланстық құны нәтижесінде сатып алу күнінен кейін туындаған тәуелді ұйымның таза активтеріндегі Топтың үлесінде өзгерістерді тану салдарынан түзетіледі. Тәуелді ұйымға жататын гудвил инвестицияның баланстық құнына қосылады және құнсыздануға бөлек тестіленбейді.

Егер тәуелді ұйымдағы қатысу үлесі сенімсіз активті тәуелді ұйымға салуға айырбас ретінде сатып алынса, Топ (а) 3 ҚЕХС (IAS) сәйкес әділ құны бойынша тәуелді ұйымдағы қатысу үлесін бағалайды; және (б) 3 ҚЕХС (IAS) сәйкес анықталғандай, бизнес болып табылатын активтерді сату немесе салу нәтижесінде туындаған пайданы немесе залалды толық көлемде таниды.

Жиынтық кіріс туралы шоғырланырылған есеп тәуелді ұйымның қызмет нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Осындай инвестиция объектілерінің ӨЖК өзгерістері Топтың ӨЖК құрамында ұсынылады. Мұнымен қатар, егер тәуелді ұйымның меншікті капиталында тікелей танылған өзгеріс болса, Топ осы өзгерістегі өзінің үлесін таниды және орынды жерде бұл фактіні меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте ашып көрсетеді. Тәуелді ұйыммен байланысты Топтың операциялары бойынша туындайтын іске асырылмаған пайда және залалдар Топтың тәуелді ұйымда қатысу үлесі бар деңгейінде алынып тасталған.

Тәуелді ұйымның пайдасындағы немесе залалындағы Топ үлесі операциялық пайдадан тыс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тікелей ұсынылған. Ол тәуелді ұйымның еншілес ұйымдарындағы бақыланбайтын қатысу үлестеріне салық салынғаннан кейін және есепке алынғаннан кейін пайда немесе залалды білдіреді.

Тәуелді ұйымның қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігі жасалатын есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкестендіру мақсатында оған түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Топ тәуелді ұйымға салған өзінің

инвестициясы бойынша құнсызданудан қосымша залалды тану қажеттілігін анықтайды. Әр есепті күнге Компания тәуелді ұйымға инвестициялардың құнсыздануын объективті растаулардың болуын белгілейді. Осындай растаулар болған жағдайда, Компания тәуелді ұйымға инвестицияның өтелетін сомасы мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде құнсыздану сомасын есептейді және «Тәуелді ұйымдар залалындағы үлес» бабы бойынша жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте залалды таниды.

Компания тәуелді ұйымды елеулі ықпал етуді жоғалтқан жағдайда қалған инвестицияны әділ құны бойынша бағалайды және таниды. Елеулі ықпалды немесе бірлесіп бақылауды жоғалту кезіндегі тәуелді ұйымның баланстық құны мен қалған инвесициялардың әділ құны және шығудан түсімдер арасындағы айырма пайда немесе шығын құрамында танылады.

**Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелерге жіктеу**

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте Топ активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімділерге жіктеу негізінде ұсынады. Актив мынадай жағдайларда қысқа мерзімді болып табылады:

- оны сату қарастырылса немесе ол әдеттегі операциялық цикл аясында сатуға немесе тұтынуға арналған болса;
- ол негізінен сату мақсаттарына арналған;
- оны есепті кезеңнен кейін 12 (он екі ай) ішінде сату қарастырылуда; немесе
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі ай) ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе оларды ауыстыруға шектеулер болу жағдайларын қоспағанда, ақша қаражаты немесе оның баламасы болып табылады.

Барлық өзге активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Міндеттеме мынадай жағдайларда қысқа мерзімді болып саналады:

- оны әдеттегі операциялық цикл шеңберінде өтеу көзделеді;
- ол негізінен сауда мақсаттары үшін ұсталады;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі ай) ішінде өтелуге жатады; немесе
- компанияда есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде 12 (он екі ай) ішінде міндеттемелерді өтеуді кейінге қалдыруға шартсыз құқығы жоқ.

Топ басқа өзге міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

**Әділ құны бойынша бағалау**

Әділ құны бойынша бағаланатын немесе әділ құны қаржылық есептілікте ашылуы тиіс қаржылық құралдар мен қаржылық емес активтердің әділ құны туралы ақпаратты ашу 40-ескертпеде көрсетілген.

Әділ құн бағалау күніне нарық қатысушылары арасында әдеттегі операция аясында активті сату немесе міндеттемелерді беру үшін төленген баға болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша операция мынадай жағдайларда өтетінін қарастырады:

- не аталған актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не негізгі нарық болмағанда, аталған актив немесе міндеттеме үшін мейлінше оңтайлы нарықта.

Топқа негізгі немесе мейлінше оңтайлы нарық қолжетімді болуы тиіс.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары актив немесе міндеттеме бағасын анықтау кезінде пайдаланылатын рұқсаттарды қолданумен бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің үздік мүдделерінде әрекет етеді.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті ең үздік әрі мейлінше тиімді тәсілмен пайдалану арқылы немесе аталған активті ең үздік әрі мейлінше тиімді тәсілмен пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату нәтижесінде экономикалық тиімділікті өндіру мүмкіндігін ескереді.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

**Әділ құны бойынша бағалау (жалғасы)**

Топ бұл ретте орынды қадағалайтын шығыс деректерді барынша пайдалана отырып және қадағаламайтын шығыс деректерді мейлінше аз пайдалана отырып, туындаған жағдайларда қолдануға болатын және олар үшін әділ құны бойынша бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді осындай бағалау модельдерін пайдаланады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте әділ құны бойынша бағаланатын немесе әділ құны шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер жалпы алғанда әділ құны бойынша бағалау үшін айтарлықтай болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде әділ құн көздерінің төменде берілген иерархиясы аясында жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағаның нарық котировкалары (қандай да бір түзетулерсіз).
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін мейлінше төмен сатыға жататын бастапқы деректер тікелей немесе жанама түрде нарықта бақыланатын бағалау модельдері.
- 3-деңгей – әділ құнды бағалау үшін мейлінше төмен сатыға жататын бастапқы деректер нарықта бақыланбайтын бағалау модельдері.

Мерзімді түрде қаржылық есептілікте қайта бағаланып отыратын активтер мен міндеттемелер жағдайында Топ әр есепті кезең соңына жіктеуді қайтадан талдай отырып, оларды иерархия көзі деңгейлері арасында ауыстыру қажеттілігін анықтайды (жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер негізінде).

Топтың тиісті бөлімшесі («Жұмыс тобы») сатуға арналған котировкаланбайтын қаржылық активтер мен инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны бойынша мерзімді бағалаумен қатар, мысалы, тоқтатылған қызмет құрамында бөлуге арналған активтер сияқты активтердің әділ құны бойынша біржолғы бағалау үшін арналған саясат пен іс-жосықтарды анықтайды. Жұмыс тобының құрамын Компания басшылығы анықтайды.

Сатуға арналған қаржылық активтер мен жылжымайтын мүлік объектілері сияқты маңызды активтерді, сондай-ақ шартты өтеу сияқты маңызды міндеттемелерді бағалау үшін сыртқы бағалаушылар тартылады. Сыртқы бағалаушыларды тарту туралы шешімді жыл сайын Компанияның аудит комитеті талқылап, бекіткеннен кейін Жұмыс тобы қабылдайды. Іріктеу критерийлері ретінде нарықты білуі, беделі, тәуелсіздігі және кәсіби стандарттарға сәйкестігі алынады. Бағалау комитеті сыртқы бағалаушылармен талқылағаннан кейін, әрбір жағдайда қандай бағалау моделі мен бастапқы деректерді қолдану қажеттігі туралы шешім қабылдайды.

Әр есепті күнге Жұмыс тобы Топтың есеп саясатына сәйкес қайтадан талдауды немесе қайтадан бағалауды қажет ететін активтер мен міндеттемелердің құнын өзгертуді  талдайды. Мұндай талдау аясында Жұмыс тобы бағалау кезінде қолданылатын ақпаратты шарттармен және басқа орынды құжаттармен салыстыру арқылы соңғы бағалауда қолданылған негізгі бастапқы деректерді тексереді.

Жұмыс тобы және Топтың сыртқы бағалаушылары да әрбір активтің әділетті құнының және  міндеттемелердің өзгеруін  өзгерудің негізділігін анықтау мақсатында тиісті сыртқы ақпарат көздерімен салыстырады.

Жұмыс тобы және Топтың сыртқы бағалаушылары мерзімді түрде нәтижелерді аудит комитетіне және Топтың тәуелсіз аудиторларына ұсынып отырады, бұл ретте бағалау кезінде пайдаланылған негізгі кемшін тұстар талқыланады.

Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсатында Топ активтер мен міндеттемелерді оларға тиесілі  сипаттамалары мен тәуекелдерінің, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әділ құны көздерінің иерархиясында қолданылатын сипаты негізінде жіктейді.

**Сату үшін ұсталатын ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет**

Топ ұзақ мерзімді активтерді және шығатын топтарды олардың баланстық құны ұзақ пайдалану нәтижесінде емес, негізінен оларды сату арқылы өтелуге жатса, сату үшін ұсталатын деп жіктейді. Сату үшін ұсталатын деп жіктелген ұзақ мерзімді активтер және шығатын топтар олардың мейлінше аз мәні бойынша – баланстық құны және сату шығындарын шегергендегі әділ құны бойынша бағаланады. Сату ықтималдығы жоғары болып, ал актив немесе шығатын топ өз ағымдағы жағдайында дереу сатылуы мүмкін болғанда ғана сату үшін ұсталатын объектілерді жіктеу критерийі сақталған болып саналады. Басшылықтың жіктеу күнінен кейін бір жыл ішінде аяқталған сату мәмілесі ретінде тану критерийіне сәйкестік күтілетін сатылымды жасауға мықты ниеті болуы тиіс.

Жіктеуден кейін сатуға арналған деп анықталған негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизацияланбайды.

Активтер және міндеттемелер бөліп тарату үшін ұсталатындар деп жіктеледі және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің қысқа мерзімді баптары ретінде жеке ұсынылады.

Кетуші топ, егер ол кеткен немесе сатуға арналған деп жіктелетін компанияның құрамдасы болып табылса, тоқтатылған қызмет ретінде жіктеме критерийлерін қанағаттандырады және:

- қызмет жүзеге асырылатын ірі географиялық өңір немесе қызметтің белгілі бір негізгі бағытын білдіреді;
- қызмет жүзеге асырылатын ірі географиялық өңірдің немесе қызметтің белгілі бір негізгі бағытының кетуін жүзеге асыру жөніндегі үйлестірілген жоспарға кіргізілген; не
- қайта сату мақсатында ғана сатып алынған еншілес ұйым болып табылады.

Тоқтатылған қызмет жалғасатын қызмет нәтижелерінен алынып тасталады және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тоқтатылған қызметтен салық салынғанға дейін алынған пайда немесе залал ретінде бөлек баппен ұсынылады.

Қосымша ақпаратты ашу 37-ескертпеде берілген. Шоғырландырылған қаржылық есептілікке барлық өзге де ескертпелер, егер басқалай көрсетілмесе, жалғасатын қызметке жататын соманы қамтиды.

**Негізгі құралдар**

Негізгі құралдар болған жағдайда, олар жинақталған амортизацияны және құнсызданудың жинақталған шығындарын шегергендегі бастапқы құн бойынша есептелінеді. Мұндай құн жабдықтардың бір бөлігін ауыстыру құнын және ұзақ мерзімді құрылыс жобаларын капиталдандыру критерийлері орындалған жағдайда қарыздар бойынша шығындарды қамтиды. Белгілі уақыт аралығынан кейін негізгі құралдардың маңызды компоненттерін ауыстыру қажет болғанда, Топ оларды пайдалы қолданудың тиісті жеке мерзімдеріне сәйкес бөлек амортизациялайды. Негізгі техникалық байқауды өткізу кезінде баламалы түрде оларға байланысты шығындар, егер барлық тану критерийлері орындалса, негізгі құралдардың баланстық құнында жабдықтарды ауыстыру ретінде танылады. Жөндеу мен техникалық күтім жасаудың барлық басқа шығындары шоғырландырылған есепте жатқызылу сәтінде жиынтық есепте танылатын болады. Активті оны қолданудан кейін пайдаланудан шығару бойынша күтілген шығындардың берілген құны, егер бағалау міндеттемелерін тану критерийлері орындалса, оны пайдаланғаннан кейін тиісті активтің бастапқы құнына қосылады. Пайдаланудан шығару бойынша танылған бағалау міндеттемесі туралы мейлінше толық ақпарат «Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер» бөлімінде беріледі (24-ескертпе).

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

### Негізгі құралдар (жалғасы)

Амортизация активтерді пайдалы қолданудың келесі есептік мерзімдері ішінде жүйелік әдіспен есептеледі:

| | Жылдар |
|---|---|
| Ғимараттар | 50 |
| Құрылыстар | 10-25 |
| Телекоммуникация жабдығы | 3-20 |
| Тағы басқалары | 3-20 |

Жер амортизацияланбайды.

Негізгі құралдар объектісін және негізгі құралдардың кез келген бастапқыда танылған маңызды объекті компонентін тану олар шығарылғаннан кейін немесе олардың шығуы барысында немесе болашақта пайдаланудан экономикалық пайда болмайтын жағдайда тоқтатылады. Активті тануды тоқтатумен байланысты (істен шығарудан түскен таза түсімдер сомасы мен активтердің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептеледі) пайда немесе залал активті тануды тоқтату кезіндегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады.

Негізі құралдардың жою құны, пайдалы қолдану мерзімдері мен олардың амортизация әдістері әрбір есепті жылдың аяғында талданып, қажетіне қарай перспективті негізде түзету енгізіледі.

*Аяқталмаған құрылыс*

Аяқталмаған құрылыс қондыру күтіліп отырған машиналар және жабдықтар құрылысы барысында негізгі құралдармен берілген және бастапқы құны бойынша есептеледі. Аяқталмаған құрылысқа құрылыстың, жабдықтың өзіндік құны және өзге тікелей шығындар қосылады. Активтерді салу аяқталғаннан кейін немесе жабдықты пайдалануға беру сәтінде құрылыс объектілері тиісті санатқа көшіріледі. Құрылыс объектілері амортизацияға жатпайды.

**Инвестициялық жылжымайтын мүлік**

Инвестициялық жылжымайтын мүлік басынан бастап мәміле бойынша шығындарды қоса отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Егер шығындарды тану критерийлері орындалса, баланстық құнға осындай шығындардың туындау кезіндегі бар инвестициялық жылжымайтын мүліктің бір бөлігін ауыстыру құны қосылады және инвестициялық жылжымайтын мүліктің ағымдағы қызмет көрсету шығындары алынып тасталады. Бастапқы танудан кейін инвестициялық жылжымайтын мүлік жинақталған тозу мен жинақталған құнсыздануды шегергендегі бастапқы құны бойынша есептелінеді. 50 жылды құрайтын тозу пайдалы қолданудың есепті мерзімі ішінде жүйелік әдіспен есептелінеді.

Қаржылық жағдай туралы есепте инвестициялық жылжымайтын мүлікті тану мынадай жағдайда тоқтатылады: ол істен шыққанда немесе ол пайдаланудан шығарылса және оны пайдаланудан болашақта ешқандай экономикалық пайда болмаса. Істен шығудың таза түсімдері мен активтің баланстық құны арасындағы айырмашылық оны тану тоқтатылған есепті жылдың жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылатын болады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің санатына немесе оның санатынан ауыстыру жылжымайтын мүлікті пайдалану сипатының өзгеруі болғанда ғана жүзеге асырылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктен меншік иесі орын алған жылжымайтын мүлік объектісіне ауыстырған кезде кейінгі есепке алудың шартты бастапқы құны пайдалану мақсаттарын өзгерту кезіндегі әділ құнды білдіреді. Меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүлік объектісі инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісі болса, Топ мұндай жылжымайтын мүлікті пайдалану мақсаты өзгергенге дейінгі негізгі құралдарды есептеу саясатына сәйкес есепке алады.

**Материалдық емес активтер**

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы тануда бастапқы құнымен бағаланады. Бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны сатып алу күніндегі әділ құнды білдіреді. Материалдық емес активтер бастапқы танудан кейін жинақталған амортизация мен құнсыздану салдарынан жинақталған шығындарды шегергеннен кейінгі сатып алу құнымен көрсетіледі. Өнімдерді дайындауға капиталға айналдырылған шығындарды қоспағанда, компанияның ішінде өндірілген материалдық емес активтер капиталдандырылмайды және тиісті шығындар олар туындаған кезеңге пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Материалдық емес активтердің пайдалы қолдану мерзімдері шектеулі.

Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активтер осы мерзім ішінде амортизацияланады және осы материалдық емес активтің ықтимал құнсыздану белгілері болған жағдайда құнсыздануға бағаланады. Пайдалы қолданудың шектеулі мерзімі бар материалдық емес актив үшін амортизация кезеңі мен әдісі ең аз дегенде әр қаржы кезеңінің аяғында қайта қаралады. Пайдалы қолданудың шектеулі мерзімін немесе активте жасалған болашақтағы экономикалық пайданың болжалды құрылымын өзгерту қаржылық есепте амортизация мерзімін немесе әдісін, жағдайға байланысты, өзгерту ретінде ескеріледі және есеп бағасының өзгерістері ретінде қарастырылады. Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активтердің амортизациясына шығыстар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте материалдық емес активтердің функциясы сәйкес келетін шығыстар санатында танылады.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

**Материалдық емес активтер (жалғасы)**

Материалдық емес активті тануды тоқтатудан пайда немесе табыс активтің шығуынан таза түсім және активтің баланстық құны арасындағы айырмашылық ретінде бағаланады және осы активті тануды тоқтату сәтіндегі жиынтық кірістің шоғырландырылған есебінде танылады.

Материалдық емес активтер пайдалы қолданудың есепті мерзімі ішінде жүйелік әдіс бойынша амортизацияланады.

| | Жылдар |
|---|---|
| Лицензиялар және тауар белгілері | 3-20 |
| Бағдарламалық жасақтама | 1-14 |
| Клиенттік база | 8 |
| Басқалары | 2-15 |

**Қаржылық емес активтердің құнсыздануы**

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын тексереді. Егер осындай белгілер бар болса немесе жыл сайынғы активті құнсыздану мәніне тексеру қажет болса, Топ активтің өтелетін құнын бағалайды. Активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің (ақша қаражатын өндіретін бірлік) өтелетін сомасы мынадай мөлшерлердің ең үлкені: істен шығу шығындарын шегергендегі активтің (ақша қаражатын өндіретін бірліктің) әділ құны және активті (ақша қаражатын өндіретін бірлікті) пайдалану құндылығы. Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтердің топтары өндіретініне қарамастан, актив ақша ағынын өндірмейтін жағдайларды қоспағанда, жекелеген актив үшін белгіленеді. Егер активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің баланстық құны оның өтелетін сомасынан асса, ондай актив құнсызданған болып саналады және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Пайдаланудан түскен құндылықты бағалау кезінде болашақтағы ақша ағындары осы активке тән ақша мен тәуекелдің уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Кетуі бойынша шығындарын шегере отырып, активтің әділ құнын белгілеу кезінде бағалаудың жақын мерзімде болған нарықтық операциялар есепке алынады. Олар болмаған жағдайда тиісті бағалау үлгісі қолданылады. Бұл есептеулер акциялар нарығында еркін айналатын баға белгілеуімен, бағалау коэффициенттерімен немесе өзге де қолжетімді әділ құн көрсеткіштерімен расталады.

Топ жекелеген активтер жатқызылатын ақша қаражатын өндіретін әр бірлік үшін жеке дайындалатын егжей-тегжейлі жоспарлар мен болжамды есептеулерге сәйкес құнсыздану сомасын анықтайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есептеулер негізінен 5 (бес) жылға жасалады. Ұзақ мерзімді өсу қарқындары бесінші жылдан кейінгі болашақтағы ақша ағындарына қатысты қолданылады

және есептеледі.

Жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан болған шығындар құнсызданған активтер функциясына сәйкес келетін шығыс санаттарының құрамындағы бірлескен кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Топ әрбір есепті күнге гудвилді қоспағанда, активтің құнсыздануынан бұдан бұрын танылған шығындардың белгісінің бар-жоғын немесе қысқарғандығын анықтайды. Егер мұндай белгілер орын алса, Топ активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудың бұдан бұрын танылған шығындары құнсызданудан болған шығынды соңғы таныған мерзімнен бастап активтің өтелетін құнын анықтау үшін пайдаланылған бағада өзгеріс болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан аспайтын жолмен шектелген, сондай-ақ алдыңғы жылдары құнсызданудан болған шығын танылмаған жағдайда аталған актив танылатын амортизация шегерілгендегі баланстық құннан аспайды. Мұндай құнды қалпына келтіру жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Мынадай активтердің құнсыздануы болуы анықталған жағдайда мынадай критерийлер қолданылады:

*Гудвил*

Гудвил жыл сайын 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, сондай-ақ оқиғалар мен жағдайлар оның баланстық құны құнсызданатынын білдірсе, тестіленеді.

Гудвилдің құнсыздануы гудвил қатысы бар ақша қаражатын өндіретін әр бірліктің (немесе осындай бірліктер тобының) өтелетін құнын бағалау жолымен анықталады. Егер ақша қаражатын өндіретін бірліктің өтелетін құны оның баланстық құнынан кем болса, онда оның құнсыздану шығыны танылады. Гудвилдің құнсыздану шығыны болашақ кезеңдерде қалпына келтірілуі мүмкін емес.

**Қаржылық активтер**

***Бастапқы тану және бағалау***

Қаржылық активтер бастапқы тану кезінде пайда немесе шығын; берілген қарыздар және дебиторлық берешек; қайтаруға дейін ұсталатын инвестиция; сату үшін қолда бар қаржылық активтер арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер ретінде тиісінше жіктеледі. Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда, барлық қаржылық актив бастапқы кезде мәміле бойынша оларға қатысты тікелей шығындарға ұлғайтылған әділ құны бойынша танылады.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықтағы қағидаларға сәйкес («стандартты талаптарда» сату) белгіленген мерзімдерде жеткізу қажет етілетін активтерді сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар мәміле жасау күніне, яғни Топ өзіне активті сатып алу немесе сату міндеттемесін алған күнге танылады.

***Кейінгі бағалау***

Қаржылық активтерді кейінгі бағалау мынадай түрде олардың жіктемесіне байланысты болады:

*Берілген қарыздар және дебиторлық берешек*

Бұл санат Топ үшін мейлінше маңызды болып табылады. Берілген қарыздар және дебиторлық берешек белсенді нарықта бағасы келісілмеген белгіленген немесе анықталушы төлемдері бар туынды емес қаржылық активтерді білдіреді. Бастапқы танығаннан кейін мұндай қаржылық активтер құнсыздану шығындарын шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы анықталатын амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялықтарды немесе шығындарды ескере отырып есептелінеді.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

**Қаржылық активтер (жалғасы)**

***Кейінгі бағалау (жалғасы)***

*Берілген қарыздар және дебиторлық берешек (жалғасы)*

Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану негізіндегі амортизация жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру кірістері құрамына қосылады. Құнсыздануға байланысты залалдар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қарыздар жағдайында қаржыландыру шығындары құрамында және дебиторлық берешек жағдайында басқа да операциялық шығыстар құрамында танылатын болады.

Бұл санатқа, ең бастысы, өзге қаржылық активтер және сауда дебиторлық берешек пен басқа да қаржылық активтер жатады. Мейлінше толығырақ ақпарат тиісінше 12, 15 және 17-ескертпелерде берілген.

*Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар*

Тіркелген немесе анықталушы төлемдері және тіркелген өтеу мерзімі бар туынды емес қаржылық активтер, егер Топтың оларды өтеу мерзіміне дейін ұстап қалу ниеті мен мүмкіндігі болса, өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар ретінде жіктеледі. Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар бастапқы бағаланғаннан кейін құнсыздану шығындарын шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы анықталатын амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялықтарды немесе шығындарды ескере отырып есептелінеді. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру кірістері құрамына қосылады. Құнсызданумен ескерілген шығыстар қаржыландыру шығындары құрамында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылатын болады. Топтың 2016 жылдың 31 желтоқсанында және 2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған есепті кезеңдердегі депозиттерді қоспағанда, өтеуге дейін ұсталатын инвестициялары болған жоқ.

*Ақша қаражаты мен оның баламалары*

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі ақша қаражаты мен оның баламалары банктердегі және кассадағы ақша қаражатын және бастапқы өтеу мерзімі 3 ай немесе одан кем болатын қысқа мерзімді депозиттерді қамтиды, олардың құнының өзгеру тәуекелі мейлінше аз.

***Тануды тоқтату***

Қаржылық активті (немесе – қолдануға болатын жерде – қаржылық активтің бір бөлігін немесе ұқсас қаржылық активтердің бір бөлігін) мынадай жағдайларда тану тоқтатылады (яғни Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталады), егер:

- активтен ақша ағынын алу құқығының мерзімі өтсе; не
- Топ активтен кіріс ағынын алуға өз құқықтарын тапсырса немесе үшінші тарапқа алынатын ақша ағынын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша айтырлықтай кешіктірмей беру бойынша міндеттемені өзіне алса; және болмаса (а) Топ іс жүзінде активтің барлық тәуекелдері мен пайдасын іс жүзінде тапсырса, не (б) Топ тапсырмаса, бірақ активтің барлық тәуекелдері мен пайдасын іс жүзінде өзінде сақтамайды, алайда активтің бақылауын тапсырды.

Егер Топ активтен ақша ағынын алудың барлық құқығын тапсырса, немесе транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайданы сақтауын бағалайды, егер сақтаса, қандай көлемде сақтағанын бағалайды. Егер Топ тапсырмаса, оған қоса іс жүзінде активтің барлық тәуекелі мен пайдасын өзінде сақтамаса, сондай-ақ активтің бақылауын тапсырмаса, Топ тапсырылған активті активке қатысуды жалғастырып отырған деңгейде тануды жалғастырады. Бұл жағдайда Топ сондай-ақ тиісті міндеттемені таниды. Тапсырылған актив және тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Тапсырылған актив бойынша кепілдік нысанын қабылдайтын жалғасатын қатысу мынадай шамалардың ең аз шамасымен бағаланады: активтің бастапқы баланстық құны немесе төлемі Топтан талап етілуі мүмкін төлемді өтеудің жоғарғы сомасы.

***Қаржылық активтердің құнсыздануы***

Топ әрбір есепті күнге қаржылық активтің немесе қаржылық активтер тобы құнсыздануының объективті белгісінің бар-жоғын бағалайды. Активті бастапқы танығаннан кейін қаржылық актив немесе қаржылық активтер тобы бойынша болашақтағы болжалды ақша ағындарының сенімді бағалауына жоғары ықпал еткен бір немесе одан да көп оқиғаның («залалға әкелетін оқиғаның» басталуы) нәтижесінде құнсыздану орын алады. Борышкер немесе борышкерлер тобы елеулі қаржылық қиыншылыққа душар болса, өзінің берешегіне қызмет көрсете алмаса немесе берешектің пайыздарын немесе негізгі сомасын төлеуді дұрыс жүргізбесе, сондай-ақ олардың банкрот іс-жосығын өткізу немесе басқа түрдегі қаржылық қайта құрылу ықтималдығы болса, құнсыздану дәлелі бола алады. Мұнымен бірге мұндай дәлелдерге қаржы құралдары бойынша болашақтағы болжалды ақша ағындарының төмендеуін көрсететін қадағалау деректері де жатады, атап айтқанда, мерзімі өткен берешек көлемін немесе қарызды төлеу бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартумен өзара байланысты экономикалық жағдайларды өзгерту.

*Амортизацияланған құнымен ескерілетін қаржылық активтер*

Амортизацияланған құнымен ескерілетін қаржылық активтерге қатысты Топ ең алдымен мәнді қаржылық активтердің объективті құнсыздану дәлелдерінің болуын бөлек бағалайды не жекелей алғанда мәнді болып табылмайтын қаржылық активтер бойынша тұтас бағалайды. Егер Топ жеке бағаланатын қаржылық активтің объективті құнсыздану дәлелдері жоқ екенін анықтаса, оның мәніне қарамастан, ол осы активті кредит тәуекелінің баламалы сипаттары бар қаржылық активтер тобына қосады, содан кейін осы активтерді құнсыздануға жиынтық негізде қарастырады. Құнсыздану шығыны танылатын немесе тануы жалғасатын, құнсыздану үшін бөлек бағаланатын активтер құнсыздануға арналған жиынтық бағалауға қосылмайды.

Анықталған құнсызданудан залал сомасы активтің баланстық құны мен болашақтағы болжалды ақша ағындарының келтірілген құны арасындағы айырмашылық ретінде (әлі жатқызылмаған болашақтағы болжалды кредиттік залалды есептеусіз) бағаланады. Болашақта есептік ақша ағындарының келтірілген құны қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемемен дисконтталады.

Активтің баланстық құны бағалау резервінің шотын пайдалану арқылы төмендетіледі, ал залал жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Төмендетілген баланстық құны бойынша пайыздық кірісті есептеу (жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру кірісі ретінде көрсетілетін) құнсыздану залалын бағалау мақсатында болашақтағы ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылатын пайыздық мөлшерлемеге негізделе отырып жалғасын табады. Қарыздар, егер оларды болашақта өтеудің нақты перспективасы болмай, ал барлық қолжетімді қамтамасыз ету сатылса не Топқа өткізілсе, тиісті бағалау резервімен бірге есептен шығарылады. Егер құнсыздануды танығаннан кейін болған қандай да болмасын жағдайдан келесі жыл ішінде құнсызданудың есептік шығынының сомасы ұлғайса не төмендесе, құнсызданудың бұдан бұрын танылған шығын сомасы бағалау резервінің есебін түзету арқылы ұлғаяды не төмендейді. Егер қаржы құралының бұдан бұрынғы есептен шығарылған құны нәтижесінде қайта қалпына келтірілсе, қайта қалпына келу сомасы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландыру бойынша шығындардың төмендеуі ретінде танылатын болады.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

**Қаржылық міндеттемелер**

***Бастапқы тану және бағалау***

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде тиісінше пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер, пайда немесе залал, кредит пен қарыздар және кредиторлық берешек ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттеме мәміле бойынша оларға тікелей жататын шығындарды шегере отырып (кредиттер, қарыздар және кредиторлық берешек жағдайында), бастапқы кезде әділ құны бойынша танылады.

Топтың қаржылық міндеттемелері сауда және басқа да кредиторлық берешекті, қарыздар мен кредиттерді, қаржылық жалдау міндеттемелерін, қаржылық кепілдік шарттары мен артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігін қамтиды.

***Кейінгі бағалау***

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау мынадай түрде олардың жіктемесіне байланысты болады:

*Кредиттер және қарыздар*

Бұл санат Топ үшін мейлінше маңызды болып табылады. Бастапқы танудан кейін пайыздық кредиттер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар оларды тану тоқтатылғанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, амортизация есептелуіне қарай пайда немесе залал құрамында танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялықтарды немесе шығындарды ескере отырып есептелінеді. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегі қаржыландыру бойынша шығыстар құрамына қосылады.

Ең бастысы, бұл санатқа пайыздық кредиттер және қарыздар кіреді. Толық ақпарат 21-ескертпеде берілген.

*Қаржылық кепілдік шарттары*

Топ шығарған қаржылық кепілдік шарттары белгілі бір борышкердің борыштық құрал талаптарына сәйкес уақытында төлем жүргізе алмау салдарынан осы шарт иесіне келтірілген залалдан есепте пайыздық шығыстар құрамында көрсетіледі. Міндеттемелердің құрамында көрсетілген үлестің әділ құны бастапқы танылу кезінде ұқсас борыштық құрал арқылы нарықтық пайыздық мөлшерлеме бойынша болашақтағы болжалды ақша ағындарын дисконттау жолымен анықталады. Капитал құрамында көрсетілетін акциялар үлесінің әділ құны бастапқы танылу кезінде міндеттемелер құрамында көрсетілген үлес үшін белгіленген барлық құралдың, әділ құнның бастапқы баланстық құнынан шегергеннен кейінгі қалдық құны ретінде анықталады. Нәтижесінде міндеттемелердің құрамында көрсетілетін акциялар үлесі кредиттер мен қарыздарға қатысты қолданылатын қағидаттар арқылы есептеледі, ал капиталдың құрамында көрсетілетін акциялар үлесі келесі жылдары қайта бағаланбайды

*Сауда және басқа да кредиторлық берешек*

Сауда және басқа да кредиторлық берешек бойынша міндеттемелер Топқа шот ұсынылғанына қарамастан, алынған тауарлар мен қызметтер үшін болашақта төленуі тиіс әділ құны бойынша есептелінеді.

***Тануды тоқтату***

Егер міндеттеме өтелсе, жойылса немесе қолданыс мерзімі аяқталса, қаржылық міндеттемені тану тоқтатылады. Егер қолда бар қаржылық міндеттеме айтарлықтай айырмашылықтары бар шарттарда сол кредитор алдын-

да басқа міндеттememен ауыстырылса немесе бар міндеттеменің шарттары айтарлықтай өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің тоқтатылуы және жаңа міндеттемені танудың басы болып ескеріледі, ал олардың баланстық құны арасындағы айырмашылық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

**Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы**

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуға жатады, ал нетто-сома ағымдағы сәтте танылған сомаларды өзара есепке алуға қамтамасыз етілген заңды қорғау құқығы бар кезде және есептесуді нетто-негізде жүргізуге, активтерді сатуға және онымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеуге ниеті болғанда, қаржылық жағдай туралы шоғарыландырылған есепте көрсетуге жатады.

**Тауарлы-материалдық қорлар**

Қорлар мына екі шаманың мейлінше кішісімен бағаланады: бастапқы сатып алу құны және таза ықтимал сату бағасы.

Шығындар қорларды межелі орынға жеткізу кезінде келтірілген және оларды тиісті жағдайға келтіру шығыстарынан тұрады. Таза ықтимал сату құны әдеттегі қызмет барысындағы өндірісті аяқтауға есептік шығыстарды және сатудың ықтимал шығындарын шегергендегі есептік сату бағасы ретінде анықталады. Сипаты мен міндеті ұқсас барлық тауарлы-материалдық қорға қатысты бір ғана құнды есептеу формуласы қолданылады. Барлық қор орта есеппен алынған құнның әдісі бойынша бағаланады.

**Жалдау**

Келісім жалдау келісімі болып табылатынын не онда жалдау белгілерінің бар-жоғын анықтау жалдау қатынастарының басталу күніне келісімнің мазмұнын талдауға негізделген. Егер келісімді орындау нақты белгілі активті немесе активтерді пайдалануға байланысты болса және осы келісім нәтижесінде активті немесе активтерді пайдалану құқығы бір тараптан екінші тарапқа өтсе, тіпті бұл келісімде анық көрсетілмесе де, келісім жалдау келісімі болып табылады және жалдау белгілерінен тұрады.

*Жалға алушы ретіндегі Топ*

Жалдау қаржылық немесе операциялық ретінде жалдау қатынастарының басталу күніне жіктеледі. Топқа меншік құқығымен байланысты барлық тәуекел және пайда өтетін жалдау қаржылық жалдау ретінде жіктеледі.

Қаржылық жалдау жалға алынатын мүліктің әділ құны бойынша жалдау мерзімі  басталу күніне немесе егер бұл сома аз болса – ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша капиталға айналдырылады. Жалдау төлемдері қаржыландыру бойынша шығыстар мен міндеттеменің негізгі сомасын төмендету арасында міндеттеменің өтелмеген сомасына тұрақты пайыздық мөлшерлеме шығатындай етіп бөлінеді. Қаржыландыру бойынша шығыс тікелей жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Жалға алынған актив активті пайдалы қолдану мерзімі ішінде амортизацияланады. Алайда Топқа жалдау мерзімінің соңында активтің меншік құқығы ауысатындығына дәйекті сенімділік болмаса, актив мына кезеңдердің ең қысқа мерзімі ішінде амортизацияланады: активті пайдалы қолданудың есепті мерзімі және жалдау мерзімі.

Операциялық жалдау бойынша төлемдер жалдау мерзімі бойы тікелей әдіспен жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте шығыс ретінде танылады.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

**Жалдау (жалғасы)**

*Жалға беруші ретіндегі Топ*

Топ активке қатысты меншік құқығымен байланысты барлық тәуекел мен пайдаға ие болатын жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалдау шартын жасау барысында келтірілген бастапқы тура шығындар жалға берілген активтің баланстық құнына қосылады және жалдау кірісі секілді сондай негізде жалдау мерзімі ішінде танылады. Шартты жалдау төлемі төлем алынған кезеңдегі түсімдер мен басқа да кірістер құрамында танылады.

**Бағалау міндеттемелері**

*Жалпы ақпарат*

Егер Топтың өткен жағдайдың нәтижесінен туындаған (заңды немесе тәжірибеден келіп шығатын) қолданыстағы міндеттемесі болса, бағалау міндеттемелері танылады; осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайданың жылыстауы ықтимал болып табылады және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасы алынуы мүмкін. Егер Топ бағалау міндеттемелерінің бір бөлігінің немесе барлық бағалау міндеттемесінің өтелуін көздесе, мәселен, сақтандыру шарты бойынша, мұндай өтеуге қол жеткізу ешқандай күдік тудырмайды деген жағдайда ғана өтеу жеке актив ретінде көрсетіледі. Бағалау міндеттемесіне жататын шығыс өтеуді шегергенде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі

Егер ақшаның уақытша құнының ықпалы айтарлықтай болса, онда бағалау міндеттемелері салық салғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, олар бұл қолданымда болғанда, нақты бір міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсетеді. Егер дисконттау қолданылса, онда бағалау міндетемесінің ұлғаюы  уақыт өте келе қаржыландыру бойынша шығыстар ретінде танылады.

*Объектілерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер*

Орын алып отырған учаскеде пайдаланудан шығару бойынша бағалау міндеттемесі объектілерді жабу және қалпына келтіруге, сондай-ақ қоршаған ортаны қалпына келтіруге (инфрақұрылымды бөлшектеу және жоюды қоса алғанда, қоқыстарды шығару және түртілген учаскелерді қалпына келтіру) көзделген болашақтағы шығындарға қатысты қоршаған ортаны тиісті бұзу орын алатын есепті кезеңде қалыптасады. Пайдаланудан шығару бойынша шығындар есептік ақша ағындарын пайдалана отырып есептелген міндеттемелерді реттеуге күтілетін шығындардың дисконтталған құны бойынша есептеледі және тиісті активтің бастапқы құны бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсететін салық салғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Дисконт амортизациясы туындауына қарай шығыстар есебіне жатады және қаржыландыру бойынша шығыстар ретінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Пайдаланудан шығару бойынша есепті болашақтағы шығындар жыл сайын талданады, қажетіне қарай түзетіледі. Есепті болашақтағы шығындардағы немесе қолданылатын дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгерістер актив құнына қосылады немесе алынып тасталады.

**Қызметкерлерге сыйақы беру**

*Әлеуметтік салық*

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық талаптарына сәйкес әлеуметтік салықты төлейді. Әлеуметтік салық бойынша шығыстар олардың пайда болуы кезіндегі шығыстарға жатқызылады.

Мұнымен қатар, Топ жинақтаушы зейнетақы қорларға қызметкерлердің жарнасы ретінде төленетін қызметкерлердің жалақысынан 10% ұстайды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметкерлер өз зейнетақы төлемдері үшін жауапты болады және Топтың қызметкерлер зейнетке шыққаннан кейін

оларға қосымша сыйақы беру бойынша ағымдағы немесе болашақтағы міндеттемелері жоқ.

*Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар*

Компаниямен жасалынатын ұжымдық шарт белгілі қызметкерлер үшін бірқатар ұзақ мерзімді сыйақылар мен жұмыстан босағанда алатын жәрдемақыларды көздейді (бұдан әрі – «Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар»).

Ұзақ мерзімді сыйақылар белгілі жыл бойы жұмыс істеген қызметкерлерге төленеді, ал жұмыстан босағанда алатын жәрдемақылар Компанияның ұжымдық шартында көзделген еңбек қызметінің аяқталуына байланысты біржолғы төлемдерді білдіреді. Көрсетілген сыйақылар көлемі қызметкердің орташа жалақысы мен жұмыс өтіліне қарай өзгереді.

Белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша сыйақылар беру құны «болжамдалатын шартты бірлік» әдісін пайдаланумен анықталады.

Актуарлы пайда мен залалды қамтитын қайта бағалау нәтижелері, сондай-ақ белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік бағдарлама бойынша таза міндеттеме бойынша таза пайыздар құрамына қосылған соманы қоспағанда, активтің шекті шамасының ықпалы және бағдарлама активтерінің кірістілігі (белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік бағдарлама бойынша таза міндеттеме бойынша таза пайыздар құрамына қосылған соманы қоспағанда) тиісті пайда мен залал туындаған кезеңдегі басқа да жиынтық кіріс арқылы бөлінбеген пайда құрамына тиісті соманы жатқыза отырып, қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте тез арада танылады. Қайта бағалау нәтижелері келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына жіктелмейді.

Бұрынғы қызметтер құны мына даталардың мейлінше ертерегіне пайда немесе залал құрамында танылады:

- жоспарды өзгерту немесе секвестрлеу күні; және
- Топ қайта құрылымдауға тиісті шығындарды танитын күн.

Таза пайыздар белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша таза міндеттемеге немесе таза активке қатысты  дисконттау мөлшерлемесін пайдалану арқылы анықталады. Топ белгіленген төлемдері бар жоспар бойынша таза міндеттеменің аударылған өзгерістерін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте «Өзіндік құны», «Жалпы және әкімшілік шығыстар» баптары құрамында таниды.

**Меншікті сатып алынған акциялар**

Компания сатып алған меншікті үлестік құралдар (меншікті сатып алған акциялар) бастапқы құны бойынша танылады және капиталдан алынып тасталады. Пайда немесе залал құрамында Топтың меншікті үлестік құралдарын сатып алуға, сатуға, шығаруға немесе жоюға байланысты пайда немесе залал танылмайды. Меншікті сатып алынған акциялардың баланстық құны мен оларды кейіннен сату кезінде алынған өтеу сомасы арасындағы айырмашылық капиталда танылады.

**Ақша қаражатымен төленген дивидендтер және бас компания акционеріне ақшалай емес активтерді бөлу**

Бөлініс бекітіліп, одан әрі Компанияның қарастыру мәні болып табылмайтын жағдайда Компания бас компания акционерлеріне ақша қаражатын және ақшалай емес активтерді бөлуге қатысты міндеттемені таниды. Заңнамаға сәйкес бөліністі акционерлер бекітеді. Тиісті сома тікелей меншікті капитал құрамында танылады.

Ақшалай емес активтерді бөлу міндететтемесі бөлінуге жататын активтердің әділ құны бойынша бағаланады, ал осы активтердің әділ құнын қайта бағалау тікелей меншікті капитал құрамында танылады.

Ақшалай емес активтерді бөлу сәтінде міндеттеменің баланстық құны мен бөлінген активтердің баланстық құны арасындағы  айырмашылық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

**Кірісті тану**

Егер экономикалық пайда табуды Топ ықтимал деп бағаласа және ақша түсімі төлемді жүзеге асыру мерзіміне қарамастан, сенімді бағаланса, ақша түсімі танылатын болады. Ақша түсімі шартта анықталған төлем талаптарын ескере отырып және салық пен баждарды шегергендегі алынған немесе алынуы тиіс өтеудің әділ құны бойынша бағаланады. Топ ақша түсімін алуды көздейтін ол жасаған барлық шарт бойынша принципал ретінде болады деген тұжырымға келді, себебі барлық жағдайда ол шарт бойынша өзіне міндеттеме алған негізгі тарап болып табылады, баға белгілеуге қатысты әрекет еркіндігіне ие және қорлардың құнсыздануы тәуекеліне және кредиттік тәуекелге ұшыраған.

Ақша түсімін тану үшін мынадай критерийлер де орындалуы тиіс:

*Қызметтерді ұсыну*

Жергілікті, қалааралық және халықаралық телекоммуникация байланысының қызметтерін көрсету Топ кірісінің негізгі көзі болып табылады. Осы қызметтерден түскен кіріс көлемі телефон қосылысының күніне, тәулік мерзіміне, арақашықтығы мен ұзақтығына байланысты телефон байланысы қызметтерін пайдалану төлемін (і), телекоммуникация қызметтерін пайдаланудың айлық абоненттік төлемін (іі), желілік қосылысты орнату мен активтендіру төлемін (ііі), интернет желісіне қатынау және деректерді беру қызметтерін көрсету төлемін (іv) және желіаралық қосылысты орнатуға жергілікті және шетелдік операторлардың төлемін қамтиды (v).

Топ мынадай түрде алынған кезеңдегі қызметтерді көрсетуден түскен кірісті көрсетеді:

(і) Сым және сымсыз телефон байланысы қызметтерін көрсетуден түскен кіріс осы қызметтердің көрсетілуіне қарай танылады.

(іі) Телекоммуникация қызметтерін пайдалану үшін айлық абоненттік төлем абоненттерге қызметтер көрсетілетін айда ескеріледі.

(ііі) Бөлек пайда табумен байланысты емес сым және сымсыз желіге қатынауды активациялау қызметтері үшін аванстық төлемдер болашақтағы кезеңдердің кірістер құрамына қосылады және клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде көрінеді. Клиентпен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі алдыңғы қатынастардың тәжірибесіне, сондай-ақ салалық тәжірибеге негізделеді.

(іv) Деректер беру қызметтерін көрсетуден түскен кіріс клиенттерге қызметтердің көрсетілуіне қарай танылады.

(v) Желіаралық қосылысты орнату үшін жергілікті және шетелдік операторлардың төлемі өңделетін трафиктің нақты минутын ескере отырып, қызметтердің көрсетілуіне қарай танылады.

*Жалға беру кірісі*

Телекоммуникациялық арналарды операциялық жалға беруден түскен кіріс жалдау мерзімі ішінде тікелей әдіс бойынша ескеріледі және оның операциялық сипатынан ақша түсімі құрамына қосылады.

*Ауылдық елді мекендерде әмбебап қызметтерді көрсету үшін өтемақы*

Егер төменде көрсетілген өтемақыны алуда және онымен байланысты талаптарды орындауда дәлелді сенімділік болса, әмбебап қызметтерді көрсету өтемақысы әділ құны бойынша танылады. Егер өтемақы шығыстар бабына жатқызылған болса, өтелуіне өтемақы алынған шығындармен мұндай өтемақының жүйелі арақатынасына қажетті кезеңдер ішінде кірістер құрамында көрсетіледі. Егер өтемақы активке жатқызылған болса, онда оның әділ құны кейінге қалдырылған кірістің есепшот кредитіне қосылады және жыл сайын тиісті актив қызметінің болжалды мерзімі ішінде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған тең үлесте есептен шығарылады.

Кірістерге жататын өтемақы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте операциялық қызметтен түскен кіріс ретінде жеке баппен көрсетіледі.

*Пайыздық кіріс*

Амортизацияланған құн бойынша және сату үшін қолда бар деп жіктелген пайыздық қаржылық активтер бойынша бағаланатын барлық қаржы құралы бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып танылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл болашақтағы болжалды төлемдерді немесе қаржы құралын пайдаланудың көзделген мерзімі ішіндегі немесе егер бұл орынды болса, қаржылық активтің немесе міндеттеменің таза баланстық құнына дейінгі ұзақ кезеңнен азырақ мерзім ішіндегі ақша қаражатының түсімін нақты дисконттайтын мөлшерлеме. Пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегі қаржыландыру кірістері құрамына қосылады.

*Дивидендтер*

Түсім Топтың төлем алуға құқығы белгіленгенде танылады. Бұл акционерлер дивидендтерді бекіткен кезде жүргізіледі.

**Шығыстарды тану**

Жатқызылуына қарай шығыстар танылады және олар есептеу қағидатының негізінде жатқызылатын кезеңдегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрінеді.

*Қатынауды іске қосу қызметтерін ұсынумен байланысты шығыстар*

Топ клиенттермен өзара қарым-қатынастың болжалды кезеңі ішінде болашақ кезеңдердің тиісті кірістеріне жататын қатынауды іске қосу қызметтерін көрсетумен байланысты шығыстардың мерзімін ұзартады.

*Қарыз алу бойынша шығыстар*

Активті сатып алу, салу немесе өндіруге тікелей байланысты және оны Топтың қалауы бойынша пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін міндетті түрде ұзақ уақытты қажет ететін қарыз алу бойынша шығындар осындай активтің бастапқы құнының бөлігі ретінде капиталға айналдырылады. Қарыз алу бойынша барлық өзге шығындар есепті кезеңдегі олар жатқызылған шығыстарға жатады. Қарыз алу бойынша шығындарға қарыз құралдарына қатысты компания тартқан пайыздар мен өзге де шығындарды төлеу кіреді.

**Табыс салығы**

*Ағымдағы табыс салығы*

Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарынан өтеуге немесе салық органдарына төлеуге көзделген сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері және салық заңнамасы – бұл Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын кіріс алатын елдердегі есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен салық заңнамасы.

Тікелей капиталда танылған баптарға жататын пайданың ағымдағы салығы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капитал құрамында танылады. Компания басшылығы тиісті салық заңнамасы әртүрлі қарастырылуы мүмкін салық декларацияларында көрсетілген ұстанымдарды бағалауды уақытылы жүзеге асырып отырады және қажетіне қарай бағалау міндеттемелері құрайды.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

**Табыс салығы (жалғасы)**

*Кейінге қалдырылған табыс салығы*

Кейінге қалдырылған табыс салығы қаржылық есептілік мақсаты үшін активтер мен міндеттемелердің салық базасы және олардың баланстық құны арасындағы есепті күндегі уақытша айырмашылықтарды анықтау жолымен міндеттемелер әдісі бойынша есептелінеді.

Кейінге қалдырылған табыс міндеттемелері:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнестің бірігуі болып табылмайтын операция барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде туындаған және операцияны жасау кезінде бухгалтерлік пайдамен қатар, салық салу пайдасына немесе залалына әсер етпеген;
- егер тарату уақытша айырмашылықтың төмендеуі кезінде бақылауға алынатын болса және уақытша айырмашылық көз жетерлік болашақта төмендейді деген айтарлықтай ықтималдылық болса, еншілес компанияларға, тәуелді ұйымдарға салынар инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлесімен байланысты салық салынатын уақытша айырмашылықтарға қатысты жағдайдан басқа, барлық салық салынатын уақытша айырмашылықтар бойынша танылады.

Төмендегі жағдайларды қоспағанда, кейінге қалдырылған салық активтері барлық шегерілетін уақытша айырмашылықтар, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары бойынша салық салу пайдасы болады деген айтарлықтай ықтималдылық болатын, орнына шегерілетін уақытша айырмашылықтар, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары ескерілетін деңгейде танылады:

- шегерілетін уақытша айырмашылыққа жатқызылатын кейінге қалдырылған салық активі бизнестің бірігуінен туындаған және операцияны жасау кезінде бухгалтерлік пайдамен қатар, салық салу пайдасына немесе залалына әсер етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқы танудың нәтижесінде туындағанда;
- еншілес компанияларда, тәуелді ұйымдарда салынар инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметтегі қатысу үлестерімен байланысты шегерілетін уақытша айырмашылықтарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақытша айырмашылықтар көз жетерлік болашақта пайдаланылады деген және орнына уақытша айырмашылықтар қолданылатын салық салу пайдасы болады деген айтарлықтай ықтималдылық деңгейінде ғана танылатын болады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күні қарастырылады және егер кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін салық салу пайдасы жетерліктей орын алады деген ықтималдылық болса, төмендейді. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күні қарастырылады және болашақтағы салық салу пайдасы кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік береді деген айтарлықтай ықтималдылық болған деңгейде танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері жағдайына қарай есепті күні қолданысқа енгізілген немесе нақты қолданысқа енгізілген салық мөлшерлемелері (және салық заңнамасы) негізінде актив сатылатын, ал міндеттеме өтелетін есепті жылы қолданылатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе залал құрамында танылған баптарға жататын кейінге қалдырылған салық та пайда немесе залал құрамында танылады. Кейінге қалдырылған салық баптары олардың негізінде жатқан операцияларға сәйкес не басқа да жиынтық кіріс құрамында, не болмаса тікелей меншікті капиталда танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, егер ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерін есепке

алудың заңмен бекітілген құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар бір салық салынатын компанияға және салық органына қатысты болса, бір-біріне қарсы есептелінеді.

Бизнесті біріктіру нәтижесінде алынған, бірақ сол күнге жекелей тану критерийлеріне сай келмейтін салық пайдасы фактілер мен жағдайлардың өзгерісі туралы жаңа ақпарат пайда болған жағдайда соңынан танылады. Егер түзету бағалау кезеңі ішінде жүзеге асырылған болса, ол гудвилді азайту ретінде көрсетіледі (егер оның көлемі гудвилдің мөлшерінен аспаса), басқа жағдайларда ол пайда немесе залалдың құрамында танылады.

## 4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ЖОРАМАЛДАР

Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігін дайындау оның басшылығынан шоғырландырылған есептілікте көрсетілетін түсімдердің, шығыстардың, активтер мен міндеттемелердің сомасына, сондай-ақ осы баптар туралы және шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін пайымдаулары, бағалау мәндері мен жорамалдарды шығаруды талап етеді. Осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік болашақта активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына маңызды түзетулер енгізу қажеттілігін талап етуі мүмкін және оларға қатысты осындай жорамалдар мен бағалаулар қабылданады.

Топтың тәуекелдерге ұшырағыштығы туралы және белгісіздіктер туралы басқа да ақпаратты ашу мынадай ескертпелерде ұсынылған:

- Қаржы құралдары және қаржы тәуекелдерін басқару мақсаттары мен қағидаттары – 40-ескертпе.
- Сезімталдықты талдау туралы ақпаратты ашу – 10 және 23-ескертпелер.

**Бағалау мәндері мен жорамалдар**

Келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына маңызды түзетулер енгізу себебі болатын есепті күндегі бағалаулардағы болашақ туралы негізгі жорамалдар және белгісіздіктің басқа да негізгі көздері төменде қаралады. Топтың жорамалдары мен бағалау мәндері шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде көзделген бастапқы деректерге негізделген. Алайда болашаққа қатысты ағымдағы жағдайлар мен жорамалдар Топ бақылай алмайтын нарықтық өзгерістерден немесе жағдайлардан өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер болуына қарай жорамалдарда көрсетіледі.

## 4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

**Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімі**

Топ негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің қалған пайдалы қызмет мерзімін әрбір қаржы жылының соңында бағалайды және егер күтілгені ілгеридегі бағалаулардан басқаша болса, өзгерістер «Есеп саясаты, есептік бағалаудағы өзгерістер мен қателер» 8 БЕХС сәйкес есептік бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі. Бұл бағалаулар негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің баланстық құнына және пайда мен залал құрамында танылған тозу мен амортизация сомасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. 2016 жылы НҚ және МЕА пайдалы қызмет мерзімдерін қайта қараған жоқ, соңғы қайта қарауды Топ 2015 жылдың қаңтар айында өткізді, бұл пайдалы қолданудың қалған мерзімінің орташа есеппен алғанда 3 жылға дейін ұлғаюына алып келді. Пайдаланудың қалдық мерзіміндегі өзгерістер 2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін тозу мен амортизациялық аударымдардың 1.491.769 мың теңге сомасына азаюына алып келді. Топ тозу мен амортизациялық аударымдар жататын болашақтағы есептік кезеңдерде олардың 2015 жылы тозу мен амортизациялық аударымдардың төмендеуіне тең сомаға азаятынын күтіп отыр.

**Қаржылық емес активтердің құнсыздануы**

Егер активтің немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктің баланстық құны мына шамалардың ең үлкені болып табылатын оның өтейтін құнынан асса, құнсыздану орын алады: істен шығу шығындары мен пайдалану құндылығын шегергендегі әділ құн. Істен шығу шығындарын шегергендегі әділ құнды есептеу тәуелсіз тараптар арасында ұқсас активтерді сатудың қолданыстағы, міндетті күші бар операциялар бойынша қолда бар ақпаратқа немесе активтің істен шығарылуына байланысты келтірілген қосымша шығындарды шегергендегі қадағаланатын нарықтық бағаларға негізделген. Пайдалану құндылығын есептеу дисконтталған ақша ағындарының үлгісіне негізделген. Ақша ағындары бюджеттен келесі  5 (бес) жылға алынады және өткізу үшін ақша ағындарын өндіретін бірліктің құнсыздануына тексерілетін активтер нәтижесін жақсартатын Топтың болашақта әлі де міндеттемелерінің немесе қомақты инвестициясының болмауынан қайта құрылымдау бойынша қызметтен тұрмайды. Қайтарылатын құн дисконтталған ақша ағындары үлгісінде пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ күтілген ақша түсімдеріне және экстраполяция мақсатында пайдаланылған өсім қарқынына мейлінше бейім. Сезімталдықты талдауды қоса алғанда, ақша қаражатын өндіретін түрлі бірліктердің өтелетін сомасын анықтау кезінде пайдаланатын басты жорамалдар туралы толық ақпарат  10-ескертпеде келтіріледі және түсіндіріледі.

**Резервтер**

Топ күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервтерді құрады. Күмәнді берешекті есептеу үшін елеулі бағалау пайдаланылады. Күмәнді берешекті бағалау кезінде сатып алушы немесе клиент қызметінің тарихи және болжалды көрсеткіштері ескеріледі. Жалпы экономикалық жағдайлардың өзгерістері, саладағы ахуал немесе нақты сатып алушы мен клиенттің қызмет нәтижелері шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген күмәнді дебиторлық берешектің резерв сомасына түзетулер енгізуді талап етуі мүмкін.

2016 жылғы 31 желтоқсанға Топ 2.957.611 мың теңге сомасындағы (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 2.131.645 мың теңге) күмәнді берешекке резерв құрды (13, 15, 16 және 18-ескертпелер).

**Қосылу үшін төлем**

Бөлек пайда табумен байланысты емес активация қызметтерінің және сым мен сымсыз байланыс қызметтерінің аванстық төлемдері болашақтағы кезең-

дегі кірістер құрамына қосылады және клиентпен өзара қарым-қатынас жасаудың алдағы кезеңі ішінде көрсетіледі. Басшылық пайымдаулары жасаған кезде 18 ҚЕХС-да (IAS) көзделген қосу қызметтерінен түскен кірістерді тану критерийлерін, салалық тәжірибе мен клиенттердің бас тартуы туралы тарихи деректерді ескереді. 2016 жылғы 31 желтоқсанға клиентпен қарым-қатынастың орташа мерзімі тіркелген телефония клиенттері үшін 13 (он үш) жыл, интернет клиенттері үшін 5 (бес) жыл деп бағалануда.

**Қаржылық жалдау – Жалгер ретіндегі Топ**

Топ телекоммуникациялық жабдықтардың жалдау шарттарына ие. Топ жалға берілетін объектінің меншік құқығына байланысты барлық тәуекел мен пайда осы шарттар бойынша берілетінін және тиісінше, жалдаудың өзі қаржылық жалдау ретінде жіктелетінін анықтады.

**Қызметкерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер**

Топ белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар бойынша міндеттемелердің дисконтталған құнын және ағымдағы қызметтердің тиісті құнын есептеу үшін актуарлық бағалау әдісін қолданады. Осы әдістің аясында көрсетілген жәрдемақыларды төлеуге болатын жұмыс істеп жатқан және бұрында жұмыс істеген қызметкерлерге қатысты демографиялық жорамалдарды (жұмыс істеп жатқан қызметкерлер арасында және еңбек қызметін аяқтаған қызметкерлер арасында өлім-жітім деңгейі, кадрлар тұрақсыздығы т.с.с.), сондай-ақ қаржылық сипаттағы жорамалдарды (дисконттау мөлшерлемесі, болашақтағы ең аз жылдық жалақы деңгейі) пайдалану көзделеді. Мұндай міндеттемелер ұзақ мерзімді сипатта болады және тиісінше, белгісіздік деңгейі жоғары.

Қолданылатын дисконттау мөлшерлемесін анықтау кезінде Топ басшылығы тиісті валютада жоғары табысты корпоративтік облигациялардың пайыздық мөлшерлемелерін есепке алады.

Өлім-жітім деңгейі ашық қолжетімді өлім-жітім кестелеріне негізделген. Болашақта жалақы мөлшерлерін ұлғайту және зейнетақы мөлшерлерін ұлғайту инфляцияның күтілетін болашақтағы қарқындарына негізделеді.

Қолданылған жорамалдар туралы толық ақпарат 23-ескертпеде ашып көрсетілген.

**Тоқтатылған қызмет**

2015 жылғы 3 қарашада Компания «АЛТЕЛ» АҚ (ALTEL 4G бренді) және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (Tele2 бренді) базасындағы ұтқыр сегментте бірлескен кәсіпорын құру бойынша Tele2 Group-пен мәміле жасау туралы өз шешімін жариялады. 2016 жылғы 29 ақпанда «Қазақтелеком» АҚ мен Tele2 «АЛТЕЛ» АҚ (ALTEL 4G бренді) және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (Tele2 бренді) бизнестері базасындағы ұтқыр сегментте бірлескен кәсіпорын құру бойынша мәмілені жасады. Осы мәміленің нәтижесінде «Қазақтелеком» АҚ «Алтел» АҚ-ға қатысу үлесінің 100%-на «Хан Тенгри Холдинг Б.В.»-да дауыс беру акцияларының 49,48%-ын және акционерлік капиталдың 51% ауыстырып алды (9-ескертпе). Осылайша, «Алтел» АҚ қызметі тоқтатылған қызмет деп жіктелді.

Тоқтатылған қызмет туралы толық ақпарат 37-ескертпеде беріледі.

**Кейінге қалдырылған салық активтері**

Кейінге қалдырылған салық активтері салық салу пайдасы алынады әрі оған қарсы пайдаланылмаған салық шығындары ескеріледі деген ықтималдылық болған деңгейде пайдаланылмаған салық шығындары бойынша танылады. Болашақтағы салық салынатын пайданы алудың ықтимал мерзімі мен мөлшері, сонымен қатар салықтық жоспарлаудың стратегиялары негізіндегі шоғырландырылған қаржылық есептілікте тануға болатын кейінге қалдырылған салық активтерінің сомасын анықтау үшін басшылықтың маңызды

## 4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

пайымдауы қажет.

2016 жылдың 31 желтоқсанына болашақ кезеңдерге Топ ауыстырған салық залалдарының сомасы 17.860 мың теңге құрады (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 2.081.767 мың теңге) (36-ескертпе). Бұл залалдар өткен кезеңдерде залалдары болған еншілес компанияларға жатады, 10 жылға дейінгі мерзімге ауыстырылады, 2019 жылдан өтіп бастайды және салық салынатын табысқа қарсы есепке алу үшін осындай залал туындаған Топтың еншілес компаниясында ғана қолданылады.

2016 жылғы 31 желтоқсанға Топтың танылған кейінге қалдырылған салық активтері болған жоқ (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 204.814 мың теңге). 2016 жылғы 31 желтоқсанға танылмаған салық активтерінің баланстық құны 137.346 мың  теңгені (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 276.694 мың теңге) құрайды. Толық ақпарат 36-ескертпеде берілген.

**Қаржы құралдарының әділ құны**

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы құралдарының және қаржылық міндеттемелердің әділ құны белсенді нарық деректері негізінде анықталынбайтын болса, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін қолдана отырып анықталады. Бұл модельдер үшін бастапқы деректер ретінде мүмкіндігінше қадағалайтын нарықтардан түскен ақпарат қолданылады, алайда бұны іс жүзіне асыру мүмкін болмаған жағдайда, әділ құнын белгілеу үшін белгілі бір пайымдау үлесі талап етіледі. Пайымдау өтімділік тәуекелі, кредит тәуекелі және волатильділік сияқты бастапқы деректерді есепке алуды қамтиды. Осы факторларға байланысты жорамалдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржы есептілігінде көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін. Толық ақпарат 40-ескертпеде берілген.

## 5. ШОҒЫРЛАНДЫРУ

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке мынадай еншілес ұйымдар қосылды:

| | | Қатысу үлесі | |
|---|---|---|---|
| | Тіркелген елі | **2016 жылғы 31 желтоқсан** | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
| «Нұрсат» АҚ | Қазақстан | **100,00%** | 80,00% |
| «КТ-АЙИКС» ЖШҚ | Ресей | **100,00%** | 100,00% |
| «КТ Cloud Lab» ЖШС | Қазақстан | **100,00%** | 100,00% |
| «Востоктелеком» ЖШС | Қазақстан | **100,00%** | 100,00% |
| «Online.kg» ЖШС | Қырғызстан | **100,00%** | 100,00% |
| «Info-Net Wireless» ЖШС | Қазақстан | **100,00%** | 100,00% |
| «Нұрсат+» ЖШС | Қазақстан | **100,00%** | 100,00% |
| «Алтел» АҚ | Қазақстан | **–** | 100,00% |
| «Kazakhtelecom Industrial Enterprises Services» ЖШС | Қазақстан | **–** | 100,00% |
| «Digital TV» ЖШС | Қазақстан | **–** | 100,00% |
| «MaxCom» ЖШС | Қазақстан | **–** | 100,00% |

2016 жылғы 25 қаңтарда Компания монитарлық акционер атынан ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті арқылы «Нұрсат» АҚ акцияларының 20% -ын 235.326 мың теңге ақша қаражатына сатып алды, 2015 жылы 31 желтоқсанда 33 598 мың теңге сомада алдын ала төлем жасалды.

2016 жылғы 29 ақпанда «Қазақтелеком» АҚ мен Tele2 «АЛТЕЛ» АҚ (ALTEL 4G бренді) және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (Tele2 бренді) бизнестері базасындағы ұтқыр сегментте бірлескен кәсіпорын құру бойынша мәмілені жасады. Осы мәміленің нәтижесінде «Қазақтелеком» АҚ «Алтел» АҚ-ға қатысу үлесінің 100%-на «Хан Тенгри Холдинг Б.В.»-да дауыс беру акцияларының 49,48%-ын және акционерлік капиталдың 51% ауыстырып алды (9 және 37-ескерптелер).

2016 жылғы шілде айында «Digital TV» ЖШС тарату аяқталды, компания өз қызметін «Digital TV» ЖШС бизнесін «Қазақтелеком» АҚ-да ықпалдастыру аяқталғаннан кейін таратылуға байланысты тоқтатты.

2016 жылғы 26 тамызда «Востоктелеком» ЖШС-ға қосу арқылы қайта ұйымдастыруға байланысты «Maxcom» ЖШС қызметін тоқтату тіркелді.

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 17 тамыздағы шешімі негізінде «Қазақтелеком» АҚ-ның «Kazakhtelecom Industrial Enterprises Services» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 51%-ын сатып алу-сатуға «Қазақтелеком» АҚ және «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС арасында шарт жасалды (9-ескертпе). Мәміле сомасы 30.170 мың теңгені құрады. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берешек өтелген жоқ және өзге дебиторлық берешек құрамында танылды. Топ бұл берешекті 2017 жылдың 1-тоқсанында өтеуді болжап отыр.

2016 жылғы 16 қарашада «Сигнум» ЖШҚ атауын «КТ АЙИКС» ЖШҚ-ға ауыстырып, қайта тіркеу жүргізілді.

## 6. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

Басқару мақсатында Топ бизнес-бөлімшелерді топтың ұйымдық құрылымына қарай ұсынады және мынадай есепті операциялық сегменттерден тұрады:

- «Қазақтелеком» АҚ, «Востоктелеком» ЖШС, «КТ Cloud Lab» ЖШС және «Нұрсат» АҚ бизнес-бөлімшелерінің жергілікті, қалааралық және халықаралық тіркелген байланыс қызметтерін көрсетуі.
- «Хан Тенгри Холдинг Б.В» тәуелді ұйымның бизнес-бөлімшесінің GSM және LTE стандартында ұтқыр телекоммуникациялық байланыс қызметтерін көрсетуі.

Жоғарыда көрсетілген есептік сегметтерді көрсету мақсатында операциялық сегменттерді біріктіру жүргізілген жоқ.

Басшылық ресурстарды бөлу және қызметтерінің нәтижесін бағалау туралы шешімдер қабылдау мақсатында әрбір бөлімшенің қызметінің операциялық нәтижелеріне мониторингіні жүзеге асырады. Сегменттер қызметінің нәтижелері операциялық пайда мен залал негізінде бағаланады, оларды бағалау шоғырландырылған қаржылық есептілікте операциялық пайда немесе залалды бағалауға сәйкес жүргізіледі.

Операциялық сегменттер арасында мәмілелер бойынша бағалар үшінші тараптар мен мәмілелерге ұқсас коммерциялық негізде белгіленеді.

2016 жылғы ақпан айында Топ GSM және LTE стандартында ұтқыр телекоммуникациялық байланыс қызметтерін көрсету бойынша қызметтерді көрсететін еншілес ұйымды бақылауды жоғалтты (37-ескертпе). Аталған сегменттер бойынша ақпаратты ашуға тоқтатылған қызметке жататын сомалар кірмейді.

Төмендегі кестеде 2015 және 2016 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жылдар үшін топтың салалық сегменттері бойынша кіріс пен пайда туралы ақпарат көрсетілген.

**2016 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл үшін**

| *Мың теңгемен* | Тіркелген телекоммуникациялық байланыс | GSM және LTE стандартындағы ұтқыр телекоммуникациялық байланыс | Өзгелері | Элиминациялар және түзетулер | Топ |
|---|---|---|---|---|---|
| **Пайда** | | | | | |
| Сыртқы сатып алушыларға өткізу | **205.819.968** | **–** | **–** | **–** | **205.819.968** |
| Сегменттер арасында өткізу | **268** | **–** | **131.602** | **(131.870)** | **–** |
| **Барлық кіріс** | **205.820.236** | **–** | **131.602** | **(131.870)** | **205.819.968** |

| *Мың теңгемен* | Тіркелген телекоммуникациялық байланыс | GSM және LTE стандартындағы ұтқыр телекоммуникациялық байланыс | Өзгелері | Элиминациялар және түзетулер | Топ |
|---|---|---|---|---|---|
| **Қаржылық нәтижелер** | | | | | |
| Амортизация және тозу | **(30.859.109)** | **–** | **(50.805)** | **–** | **(30.909.914)** |
| Қаржыландыру бойынша шығыс | **(6.417.739)** | **–** | **–** | **5.194** | **(6.412.545)** |
| Қаржыландыру кірісі | **3.699.363** | **–** | **–** | **(124.080)** | **3.575.283** |
| Тәуелді ұйымдардың залалындағы үлес | **–** | **(13.539.208)** | **(28.987)** | **–** | **(13.568.195)** |
| Күмәнді берешекке резервті есептеу | **(1.411.405)** | **–** | **–** | **–** | **(1.411.405)** |
| Табыс салығы | **(9.216.687)** | **–** | **6.657** | **–** | **(9.210.030)** |
| **Сегменттің пайдасы/(залалы)** | **35.091.524** | **(13.539.208)** | **(62.714)** | **2.592.437** | **24.082.039** |
| **Операциялық активтер** | **401.684.781** | **67.160.792** | **441.401** | **(324.862)** | **468.962.112** |
| **Операциялық міндеттемелер** | **124.895.545** | **–** | **254.647** | **14.310** | **125.164.502** |
| | | | | | |
| **Өзге ақпаратты ашу** | | | | | |
| Тәуелді ұйымдарға инветсициялар | **–** | **67.160.792** | **–** | **–** | **67.160.792** |
| Күрделі шығындар | **15.960.247** | **–** | **18.492** | **–** | **15.978.739** |

## 6. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ (жалғасы)

### 2015 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл үшін

| *Мың теңгемен* | Тіркелген телекоммуникациялық байланыс | GSM және LTE стандартындағы ұтқыр телекоммуникациялық байланыс | Өзгелері | Элиминациялар және түзетулер | Топ |
|---|---|---|---|---|---|
| **Пайда** | | | | | |
| Сыртқы сатып алушыларға өткізу | 189.753.961 | – | 368 | – | 189.754.329 |
| Сегменттер арасында өткізу | 235 | – | 104.133 | (104.368) | – |
| **Барлық кіріс** | 189.754.196 | – | 104.501 | (104.368) | 189.754.329 |
| | | | | | |
| **Қаржылық нәтижелер** | | | | | |
| Амортизация және тозу | (30.266.328) | – | (22.788) | – | (30.289.116) |
| Қаржыландыру бойынша шығыс | (6.681.809) | – | – | 28.673 | (6.653.136) |
| Қаржыландыру кірісі | 3.732.156 | – | 658 | (1.053.476) | 2.679.338 |
| Күмәнді берешекке резервті есептеу | 942.103 | – | – | – | 942.103 |
| Табыс салығы | (8.597.108) | – | (17.676) | – | (8.614.784) |
| **Сегменттің пайдасы/(залалы)** | 36.136.110 | – | (25.463) | (1.138.709) | 34.971.938 |
| **Операциялық активтер** | 389.895.622 | – | 587.745 | (2.466.623) | 388.016.744 |
| **Операциялық міндеттемелер** | 95.544.709 | – | 246.261 | (205.784) | 95.585.186 |
| | | | | | |
| **Өзге ақпаратты ашу** | | | | | |
| Тәуелді ұйымдарға инветсициялар | – | – | – | – | – |
| Күрделі шығындар | 28.212.323 | – | 54.849 | – | 28.267.172 |

1) Сегменттер бойынша кіріс шоғырландыру кезінде алынып тасталады;
2) Қаржыландыру шығыстары мен қаржыландыру кірісіне сегментаралық қаржыландыру шығыстары мен сегментаралық қаржыландыру кірісі кіреді;
3) Сегменттердің операциялық пайдасына сегментаралық операциялар пайдасы кіреді;
4) Күрделі шығындарға негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу кіреді.

### Пайданы салыстырып тексеру

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Сегменттер пайдасы** | **21.523.329** | 36.136.110 |
| Өзгелері | **2.558.710** | (1.164.172) |
| **Топ пайдасы** | **24.082.039** | 34.971.938 |

### Операциялық активтерді салыстырып тексеру

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Сегменттердің операциялық  активтері** | **469.286.974** | 390.483.367 |
| Компания инвестицияларының еншілес ұйымдарға элиминациясы | **(73.877)** | (1.967.405) |
| Топішілік дебиторлық және кредиторлық берешек бойынша қалдықтар элиминациясы | **(250.985)** | (499.218) |
| Сегменттердің активтері – сатуға арналған активтер | **–** | 48.477.200 |
| **Топтың операциялық активтері** | **468.962.112** | 436.493.944 |

## 6. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ (жалғасы)

### Операциялық міндеттемелерді салыстырып тексеру

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Сегменттердің операциялық міндеттемелері** | **125.150.192** | 95.790.970 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері | **265.295** | 293.434 |
| Компания инвестицияларының еншілес ұйымдарға элиминациясы | **(250.985)** | (499.218) |
| Сатуға деп жіктелген активтермен тікелей байланысты міндеттемелер | **–** | 48.487.316 |
| **Топтың операциялық міндеттемелері** | **125.164.502** | 144.072.502 |

## 7. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Негізгі құралдардың 2016 және 2015 жылдардағы қозғалысы мына түрде берілген:

| *Мың теңгемен* | Жер | Ғимараттар мен құрылыстар | Жабдық | Өзгелері | Аяқталмаған құрылыс | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Бастапқы құны** | | | | | | |
| **2015 жылғы 1 қаңтарға** | 680.890 | 48.598.027 | 503.526.220 | 13.803.173 | 21.717.478 | 588.325.788 |
| Түсім | 1.792 | 4.942.598 | 22.112.438 | 318.366 | 9.406.583 | 36.781.777 |
| Аударым | – | 1.723.280 | 15.659.989 | 124.213 | (17.507.482) | – |
| Шығару | (1.428) | (192.637) | (16.229.062) | (563.731) | – | (16.986.858) |
| Материалдық емес активтерге аударым *(8-ескертпе)* | – | – | – | – | (679.714) | (679.714) |
| Тоқтатылған қызмет *(37-ескертпе)* | (123.166) | (7.178.950) | (32.511.942) | (615.682) | (179.518) | (40.609.258) |
| **2015 жылғы 31 желтоқсанға** | 558.088 | 47.892.318 | 492.557.643 | 13.066.339 | 12.757.347 | 566.831.735 |
| Түсім | **924** | **56.879** | **11.428.420** | **369.753** | **3.949.175** | **15.805.151** |
| Аударым | **85** | **471.127** | **4.257.904** | **(43.588)** | **(4.685.528)** | **–** |
| Шығару | **(4.279)** | **(262.949)** | **(5.370.652)** | **(228.039)** | **(247.934)** | **(6.113.853)** |
| Материалдық емес активтерге аударым *(8-ескертпе)* | **–** | **–** | **–** | **–** | **(685.390)** | **(685.390)** |
| **2016 жылғы 31 желтоқсанға** | **554.818** | **48.157.375** | **502.873.315** | **13.164.465** | **11.087.670** | **575.837.643** |

## 7. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

Негізгі құралдардың 2016 және 2015 жылдардағы қозғалысы мына түрде берілген: (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | Жер | Ғимараттар мен құрылыстар | Жабдық | Өзгелері | Аяқталмаған құрылыс | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Жинақталған тозу және құнсыздану 2015 жылғы 1 қаңтарға** | | | | | | |
| **2015 жылғы 1 қаңтарға** | – | 13.276.824 | 255.148.778 | 10.154.638 | 1.273.823 | 279.854.063 |
| Есептелген тозу | – | 2.192.805 | 28.149.789 | 867.462 | – | 31.210.056 |
| Шығару | – | (108.792) | (15.460.077) | (542.805) | – | (16.111.674) |
| Тоқтатылған қызмет *(37-ескертпе)* | – | (514.427) | (12.760.367) | (401.624) | – | (13.676.418) |
| **2015 жылғы 31 желтоқсанға** | **–** | **14.846.410** | **255.078.123** | **10.077.671** | **1.273.823** | **281.276.027** |
| Есептелген тозу | **–** | **1.900.704** | **25.197.800** | **763.118** | **–** | **27.861.622** |
| Шығару | **–** | **(88.530)** | **(5.169.593)** | **(217.756)** | **–** | **(5.475.879)** |
| **2016 жылғы 31 желтоқсанға** | **–** | **16.658.584** | **275.106.330** | **10.623.033** | **1.273.823** | **303.661.770** |
| **Қалдық құн** | | | | | | |
| **2015 жылғы 31 желтоқсанға** | 558.088 | 33.045.908 | 237.479.520 | 2.988.668 | 11.483.524 | 285.555.708 |
| **2016 жылғы 31 желтоқсанға** | **554.818** | **31.498.791** | **227.766.985** | **2.541.432** | **9.813.847** | **272.175.873** |

Аяқталмаған құрылыс негізінен желі құрылысы және орнатылатын телекоммуникация жабдығы болып табылады.

2016 жылы Топ қарыздар бойынша шығынды капиталдандырған жоқ (2015 жыл: 41.000 мың теңге мөлшеріндегі қарыздар бойынша шығын 7% орташа есептелген капиталдандыру мөлшерлемесі бойынша аяқталмаған құрылыс құнына капиталдандырылды). 2016 жылғы 31 желтоқсанға қаржылық жалдаудың шарттары бойынша және негізгі құралдар құрамына қосылған Топ пайдаланатын жабдықтың қалдық балланстық құны 25.570.125 мың теңгені құрады (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 28.038.190 мың теңге).

2016 жылы жалдау шарттары бойынша негізгі құралдардың түсімі болған жоқ (2015 жыл: қаржылық жалдау бойынша алынған 186.964 мың теңге). Жалға алынған активтер қаржылық жалдаудың тиісті шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге берілді.

2016 жылғы 31 желтоқсанған бастапқы құны 116.565.628 мың теңге негізгі құралдар толығымен амортизацияланды (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 122.930.240 мың теңге).

## 8. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

2016-2015 жылдардағы материалдық емес активтердің қозғалысы мына түрде берілген:

| *Мың теңгемен* | Лицензиялар және тауарлық белгілер | Бағдарламалық жасақтама | Гудвил | Өзгелері | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бастапқы құн** | | | | | |
| **2015 жылғы 1 қаңтарға** | 26.245.279 | 21.088.108 | 2.706.335 | 5.367.734 | 55.407.456 |
| Түсім | 869.140 | 1.140.325 | – | 190 | 2.009.655 |
| Аударым | 172.440 | (172.440) | – | – | – |
| Шығару | (385.933) | (209.074) | – | (1.166) | (596.173) |
| Аяқталмаған құрылыс аударымы *(7-ескертпе)* | 277.951 | 401.763 | – | – | 679.714 |
| Тоқтатылған қызмет *(37-ескертпе)* | (10.902.230) | (1.034.226) | – | (1.037.301) | (12.973.757) |
| **2015 жылғы 31 желтоқсанға** | 16.276.647 | 21.214.456 | 2.706.335 | 4.329.457 | 44.526.895 |
| Түсім | **129.169** | **44.419** | **–** | **–** | **173.588** |
| Аударым | **6.415** | **(6.415)** | **–** | **–** | **–** |
| Шығару | **(18.791)** | **(231.267)** | **–** | **–** | **(250.058)** |
| Аяқталмаған құрылыс аударымы *(7-ескертпе)* | **151.538** | **533.852** | **–** | **–** | **685.390** |
| **2016 жылғы 31 желтоқсанған** | **16.544.978** | **21.555.045** | **2.706.335** | **4.329.457** | **45.135.815** |

## 8. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР (жалғасы)

2016-2015 жылдардағы материалдық емес активтердің қозғалысы мына түрде берілген: (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | Лицензиялар және тауарлық белгілер | Бағдарламалық жасақтама | Гудвил | Өзгелері | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жинақталған амортизация және құнсыздану** | | | | | |
| **2015 жылғы 1 қаңтарға** | 14.397.122 | 14.256.207 | – | 2.222.858 | 30.876.187 |
| Амортизациялық шегерімдер | 1.195.328 | 1.800.926 | – | 602.184 | 3.598.438 |
| Шығару | (207.560) | (208.487) | – | (1.166) | (417.213) |
| Тоқтатылған қызмет *(37-ескертпе)* | (7.376.739) | (708.230) | – | (1.003.713) | (9.088.682) |
| **2015 жылғы 31 желтоқсанға** | 8.008.151 | 15.140.416 | – | 1.820.163 | 24.968.730 |
| Амортизациялық шегерімдер | **1.052.351** | **1.400.658** | **–** | **615.609** | **3.068.618** |
| Шығару | **(4.761)** | **(36.893)** | **–** | **–** | **(41.654)** |
| **2016 жылғы 31 желтоқсанға** | **9.055.741** | **16.504.181** | **–** | **2.435.772** | **27.995.694** |
| **Қалдық құн** | | | | | |
| **2015 жылғы 31 желтоқсанға** | **8.268.496** | **6.074.040** | **2.706.335** | **2.509.294** | **19.558.165** |
| **2016 жылғы 31 желтоқсанға** | **7.489.237** | **5.050.864** | **2.706.335** | **1.893.685** | **17.140.121** |

Лицензиялар және тауарлық белгілер, бағдарламалық жасақтама және өзгелері бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған материалдық емес активтерді қамтиды.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бастапқы құны 8.508.183 мың теңге материалдық емес активтер (негізінен бағдарламалық жасақтама) толық амортизацияланды (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 8.768.527 мың теңге).

## 9. ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке мынадай тәуелді ұйымдар енгізілді:

| | | | **2016 жылғы 31 желтоқсан** | | 2015 жылғы 31 желтоқсан | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ***Мың теңгемен*** | **Негізгі қызмет** | **Тіркелген ел** | **Баланстық құны** | **Иелік үлесі** | Баланстық құны | Иелік үлесі |
| Хан Тенгри Холдинг Б.В. | Телекоммуникация қызметтері | Нидерланд | **67.160.792** | **51%** | – | – |
| «Kazakhtelecom Industrial Enterprises Services» ЖШС | АТ қызметтері | Қазақстан | **–** | **49%** | – | – |
| | | | **67.160.792** | | – | – |

2016 жылы 29 ақпанда Топ Қазақстан Республикасында GSM және LTE стандартында ұтқыр телекоммуникациялық қызметтер көрсететін «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» компаниясы дауыс беру акцияларының 49,48% және акционерлік капиталының 51% сатып алды *(37-ескертпе)*. «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» – биржада сұраныс жоқ жекеменшік ұйым. Топтың «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» қатысу үлесі шоғырландырылған қаржылық есептілікте қатысу үлесі әдісін пайдаланумен көрсетіледі.

2016 жылғы 31 желтоқсанға Топ инвестицияның әділ құнын бағалауды аяқтаған жоқ. Сатып алу күніне инвестиция алдын ала әділ құнын бағалау негізінде 80.700.000 мың теңге мөлшерінде танылды. Сатып алынған инвестицияның әділ құнын бағалау аяқталғаннан кейін Топтың шоғарыландарылған қаржылық есептілігінде инвестицияның баланстық құнына, сондай-ақ тәуелді ұйымның залалындағы Топтың үлесінде және еншілес ұйымның шығуынан нәтижеде, түзету жасалуы мүмкін *(37-ескертпе)*.

## 9. ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

2016 жылдың қараша айында «Хан Тенгри Холдинг Б.В» қатысу үлесін сатып алу бойынша түпкілікті есептеулерден кейін Топ 4.842.282 мың теңге сомасында «Хан Тенгри Холдинг Б.В» алдындағы міндеттемені таныды. Бұл міндеттеме инвестицияның құнына капиталдандырылды және кейіннен жалғасып жатқан қызмет құрамында тәуелді ұйымдағы үлесті сатып алумен байланысты шығысқа жатқызылды *(35-ескертпе)*. Төменде көрсетілген кестеде алдын ала әділ құнды бағалау негізінде Топтың «Хан Тенгри Холдинг Б.В.»-ға инвестициялары бойынша қорытынды қаржылық ақпарат қамтылған:

| *Мың теңгемен* | 2016 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|
| Қысқа мерзімді активтер | 29.436.215 |
| Ұзақ мерзімді активтер | 271.415.573 |
| Қысқа мерзімді міндеттемелер | (51.528.003) |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | (117.635.958) |
| **Меншікті капитал** | **131.687.827** |
| **Топ инвестициясының баланстық құны** | **67.160.792** |

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл |
|---|---|
| Кірісі | 78.190.273 |
| Операциялық шығыстар | (90.659.497) |
| Операциялық шығыстар | (10.520.833) |
| **Салық салудан залал** | **(22.990.057)** |
| Табыс салығы бойынша салық | (404.491) |
| **Кезеңдегі залал** | **(23.394.548)** |
| **Бір жылдағы барлық жиынтық залал** | **(23.394.548)** |
| **Бір жылдағы залалдағы Топтың үлесі** | **(13.539.208)** |

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі негізінде «Қазақтелеком» АҚ және «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС арасында 2016 жылғы 17 тамызда «Kazakhtelecom Industrial Enterprises Services» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 51% сатып алу-сату шарты жасалды *(5-ескертпе)*.

Төменде «Kazakhtelecom Industrial Enterprises Services» ЖШС жеке елеулі емес тәуелді ұйымы туралы жалпылама ақпарат берілген (Топтың пропорционалды қатысу үлесі):

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл |
|---|---|
| Кірістер | 19.574 |
| Операциялық кіріс | (98.358) |
| Операциялық емес шығыс | – |
| **Салық салғанға дейінгі залал** | **(78.784)** |
| Табыс салығы бойынша үнемдеу | – |
| **Кезеңдегі залал** | **(78.784)** |
| **Кезеңдегі барлық жиынтық залал** | **(78.784)** |
| **Кезеңдегі залалдағы Топ үлесі** | **(28.987)** |

2016 жылғы 31 желтоқсанда «Kazakhtelecom Industrial Enterprises Services» ЖШС тәуелді ұйымының танылмаған жинақталған залалындағы Топтың үлесі 7.988 мың теңгені құрады.

## 10. ҚҰНСЫЗДАНУ МӘНІНЕ ТЕКСЕРУ

**Гудвил**

Бизнесті біріктіру нәтижесінде алынған гудвил IP TV (АҚӨБ) ақша қаражатын өндіретін бірлікке бөлінген. Бұл АҚӨБ сым телекоммуникациясы сегментінің бір бөлігі болып табылады.

АҚӨБ IP TV бөлінген гудвилдің баланстық құны:

| | IP TV | |
|---|---|---|
| | **2016 жыл** | 2015 жыл |
| Гудвил | **2.706.335** | 2.706.335 |

Топ 2016 және 2015 жылдардың желтоқсанында құнсыздануға тестіні жүзеге асырды.

АҚӨБ IP TV өтелетін құны басшылық бес жылдық мерзімге бекіткен қаржылық жоспарларға негізделген, болжанатын ақша ағындары негізінде активтерді пайдалану құндылығын есептеу жолымен анықталған.

Болжанатын ақша ағындарына қолданылатын салық салудан кейінгі дисконттау мөлшерлемесі 14,95% құрады (2015 жыл: 20,15%), ал бес жылдық мерзім шегінен тыс ақша ағыны 0% өсу қарқынын ескерумен экстарполирленген (2015 жыл: 0%).

Осы талдау нәтижесінде 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басшылық аталған АҚӨБ құнсыздану белгілерін анықтаған жоқ.

**Активтерді пайдалану құқығын есептеу кезінде пайдаланылатын басты жорамалдар**

АҚӨБ IPTV активтерін пайдалану құнын есептеу кезінде мынадай көрсеткіштерге қатысты жасалған жорамалдар елеулі мәнге ие болды:

- болжамды кезең ішіндегі клиенттік база және абоненттен түсетін орташа кіріс.
- болжамды кезең шегінен тыс ақша ағыны экстраполяциясы үшін өсу қарқыны.
- дисконттау мөлшерлемесі.

*Клиенттік база және абоненттен түсетін орташа кіріс*

Клиенттік база және абоненттен түсетін орташа кіріс маңызды, себебі Топ басшылығы өз бәсекелестеріне қатысты болжалды кезең ішінде бөлімшенің позициясы қалай өзгеретінін бағалайды. Топ басшылығы болжалды кезең ішінде IP TV клиенттік базасын ұлғайтуды күтеді, Топ «Қазақтелеком» АҚ нарық үлесін ұлғайту үшін «Қазақтелеком» АҚ инфрақұрылымының басымдылығын пайдалануды жоспарлайды. Бәсекелестікті есепке ала отырып, орташа кіріс көрсеткіші болжалды кезең ішінде төмендейді.

*Өсу қарқыны*

Өсу қарқыны жарияланған салалық зерттеу материалдары негізінде анықталады.

*Дисконттау мөлшерлемесі*

Дисконттау мөлшерлемелері әр АҚӨБ тән тәуекелдердің ағымдағы нарықтық бағаларын ақшаның уақытша құнын және ақша ағындарын бағалауға енгізілмеген АҚӨБ құрамына кіретін активтер бойынша жеке тәуекелдерді есепке ала отырып көрсетіледі. Дисконттау мөлшерлемесінің есебі Топ қызметіне және оның операциялық сегменттеріне тән нақты талаптарға негізделген және капиталының орташа есептелген құнына жүгіне отырып анықталады. Капиталдың орташа есептелген құны қарыздық, сонымен бірге акционерлік капиталды есепке алады. Акционерлік капиталдың құны Топ акционерлерінің инвестициялары бойынша күтілетін кіріс негізінде анықталады. Қарыздық капиталдың құны Топ қызмет көрсетуге міндетті пайыздық қарыздарға негізделген. Белгілі бір сегменттерге тән тәуекелдер бета жеке коэффициенттерін қолдану арқылы есепке алынады. Бета коэффициенттері ашық қолжетімді нарық ақпараты негізінде жыл сайын қайта бағаланады.

**Жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдық**

Басты жорамалдарда өтелетін сомаға өзгерістердің ықпалы мынадай:

*Клиенттік база және абоненттен түсетін орташа кіріс*

Басшылық Топқа тиесілі нарық үлесі болжалды кезең ішінде өседі деп күткенімен, клиенттік базаның немесе абоненттен түсетін орташа кірістің 36,71%-ға азаюы (2015 жыл: 36,86%) IP TV АҚӨБ-де құнсызданудан залалдың туындауына әкеліп соқтырады.

*Өсу қарқыны*

Басшылық технологиялық өзгерістердің жылдамдығы және бір салада жұмыс істейтін жаңа компаниялар пайда болу мүмкіндігі өсу қарқыны туралы қабылданған жорамалдарға айтарлықтай ықпал етуі мүмкін деген фактіні қабылдайды. Ұзақ мерзімді өсу қарқыны жылдық 12,3%-ға төмендеуі (2015 жыл: жылдық 7,9%) IP TV бөлімшесі үшін құнсызданудан залал туындауына әкеліп соқтырады.

*Дисконттау мөлшерлемесі*

Салық салу есебінен соң дисконттау мөлшерлемесінің 25,44% дейін өсуі (2014 жыл: 29,18%) IP TV АҚӨБ-де құнсызданудан залалдың туындауына әкеліп соқтырады.

*«Хан Тенгри Холдинг Б.В.» тәуелді ұйымына инвестиция*

«Хан Тенгри Холдинг Б.В.» тәуелді ұйымға инвестиция АҚӨБ болып табылады. Аталған КҚӨБ GSM және LTE стандартында ұтқыр телекоммуникация қызметін көрсету бойынша операциялық сегмент болып табылады.

Аталған АҚӨД инвестицияның баланстық құн мынаны құрады:

| | 2016 жыл |
|---|---|
| Тәуелді ұйымға инвестиция | 67.160.792 |

## 10. ҚҰНСЫЗДАНУ МӘНІНЕ ТЕКСЕРУ (жалғасы)

**Жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдық (жалғасы)**

*«Хан Тенгри Холдинг Б.В.» тәуелді ұйымына инвестиция (жалғасы)*

Топ құнсыздануға тестіні 2016 жылы желтоқсанда жүзеге асырды.

Хан-Тенгри Холдинг Б.В. АҚӨД өтелетін құны басшылық сегіз жыл мерзімге бекіткен, қаржылық жоспарларға негізделген, болжанатын ақша ағыны негізінде активтерді пайдалану құндылығын есептеу жолымен анықталған.

Болжанатын ақша ағындарына қолданылатын салық салғаннан кейінгі дисконттау мөлшерлемесі 14,95%, құрады, ал сегіз жылдан тыс ақша ағындары 3,72% өсу қарқынын ескере отырып экстраполирленді.

Аталған талдау нәтижесінде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басшылық аталған АҚӨД құнсыздану белгілерін анықтаған жоқ.

**Активтерді пайдалану құндылығын есептеу кезінде қолданылатын басты жорамалдар**

АҚӨД активтерін пайдалану құндылығын есептеу кезінде мынадай көрсеткіштерге қатысты жасалған жорамалдар елеулі мәнге ие болды:

- түсімнің өсу қарқынына тікелей әсер ететін абоненттен түсетін орташа кіріс және болжанатын кезең ішіндегі клиенттік база.
- қаржылық жоспарға салынатын күрделі салымдар деңгейі.
- қаржылық жоспарға салынатын EBITDA маржасы.
- болжанатын кезеңнен тыс ақша ағыны эстраполяциясы үшін өсу қарқыны.
- дисконттау мөлшерлемесі.

*Клиенттік база, абоненттен түсетін орташа кіріс және түсімнің өсу қарқыны*

Клиенттік база және абоненттен түсетін орташа кіріс маңызды, себебі Топ басшылығы бөлімшенің позициясы өз бәсекелестеріне қатысты болжамды кезең ішінде қалай өзгеруі мүмкін екенін бағалайды. Топ басшылығы болжалды кезең ішінде клиенттік базаның ұлғаюын күтеді, себебі Хан-Тенгри Холдинг Б.В. бәсекелестерін 4G/LTE-мен қамтуда және ұтқыр интернет жылдамдығында артықшылығын, сондай-ақ өз нарық үлесін ұлғайту үшін тартымды тарифтерді пайдалануды жоспарлайды. Қорытындысында Топ бүкіл болжалды кезең ішінде бөлімшенің кірісінде ұлғаюды күтеді.

*Күрделі салымдар деңгейі*

Күрделі салым деңгейі маңызды, себебі бөлімшенің клиенттік базада ұлғаюын техникалық қолдау және нарықтың өзгермелі талаптарына жауап беру қабілетін анықтайды. Күрделі салымдар деңгейі белгіленген мерзімде екі желіні техникалық біріктіруді аяқтауда бөлімшенің қажеттіліктерімен, сондай-ақ тұрғындардың байланыс қызметтеріне деген қажеттіліктерін жабуды және желінің сапалы көрсеткіштерін жақсарту қажеттілігімен анықталады.

*EBITDA маржасы*

EBITDA маржасы бөлімше нарық жағдайларын, бәсекелестікті және басқа факторларды ескеретін өз қаржылық жоспарына салатын кірістілік деңгейін көрсетеді. Аталған көрсеткіштің өсіп отырған қарқыны бөлмшенің операциялы ауқымының өсуіне және онымен байланысты шығысты үнемдеуге сәйкес келеді.

*Өсу қарқыны*

Өсу қарқыны салалық зерттеулердің жарияланған материалдары негізінде анықталады.

*Дисконттау мөлшерлемесі*

Дисконттау мөлшерлемелері ақша ағындарын бағалауға кірмеген, АҚӨБ құрамына қосылған активтер бойынша жеке тәуекелдерді және ақшаның уақытша құнын ескере отырып, аталған АҚӨБ тиесілі ағымдағы нарықтық тәуекелдер бағасын көрсетеді. Дисконттау мөлшерлемелерін есептеу Топтың қызметіне және оның операциялық сегменттеріне тиесілі нақты жағдайларға негізделеді және оның капиталының орташа есептелген құнына қарай анықталады. Капиталдың орташа есептелген құны қарыз және акционерлік капиталды есепке алады. Акционерлік капитал құны топ қызмет көрсетуі тиіс пайыздық қарыздарға негізделеді. Белгілі бір сегменттерге қатысты тәуекелдер  жеке бета коэффициенттерін қолдану арқылы есепке алынады. Бета коэффициенттері қолжетімді ашық нарықтық ақпарат негізінде жыл сайын қайта бағаланады.

**Жорамалдардағы өзгерістерге сезімталдық**

Басты жорамалдардағы өзгерістердің өтелетін сомаға әсері төменде келтірілген:

*Клиенттік база, абоненттен түсетін орташа кіріс және түсімнің өсу қарқыны*

Басшылық Топқа тиесілі нарық үлесі божамды кезеңде өседі деп күтсе де, қаржылық жоспарға сәйкес клиенттік базаның өсуінің баялауы немесе абоненттен түсетін орташа кірістің азаюы түсімнің өсу қарқынын 1% аса баялауға алып келіп, АҚӨБ-дегі құнсызданудан залалдың пайда болуына алып келеді.

*Күрделі салымдар деңгейі*

Күрделі салым деңгейі 4,5%-дан аса ұлғаятын болса, бұл осы бөлімшеде құнсыздану залалының пайда болуына алып келеді.

*EBITDA маржасы*

EBITDA маржасының  1% артық төмендеуі осы бөлімшеде құнсыздану залалының пайда болуына алып келеді.

*Өсу қарқыны*

Басшылық технологиялық өзгерістердің жылдамдығы және осы салада жұмыс жасайтын жаңа компаниялардың пайда болу мүмкндігі өсу қарқыны туралы қабылданған жорамалдарға елеулі әсер етуі мүмкін.   Ұзақ мерзімді өсу қарқынының жылдық  3,4%  дейін төмендеуі осы бөлімше үшін құнсызданудан зазалдың туындауына алып келеді.

*Дисконттау мөлшерлемесі*

Салық салғаннан кейін дисконттау мөлшерлемесінің 15,28% дейін өсуі АҚӨБ-дегі құнсызданудан  залалдың пайда болуына алып келеді.

## 11. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МҮЛІК

2016 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жыл үшін инвестициялық жылжымайтын мүліктегі қозғалыс мына түрде берілген:

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Бастапқы құн** | | |
| 1 қаңтарға | 1.264.668 | 1.264.668 |
| **31 желтоқсанға** | **1.264.668** | **1.264.668** |
| **Жинақталған тозу және құнсыздану залалы** | | |
| 1 қаңтарға | (1.264.668) | (1.264.668) |
| **Жыл соңына** | **(1.264.668)** | **(1.264.668)** |
| **Баланстық құн** | | |
| 1 қаңтарға | – | – |
| **31 желтоқсанға** | **–** | **–** |

Инвестициялық жылжымайтын мүлік мемлекеттік мекемелерге жалға беру мақсатында салынған офистік ғимаратпен қамтылған.

1.264.668 мың теңге мөлшерінде құнсыздану инвестициялық жылжымайтын мүліктің баланстық құнын оның өтелетін құнына дейін есептен шығару болып табылады. Өтелетін құнды бағалау өткізу шығыстарын шегерумен пайдалану құнын және әділ құнын талдау негізінде жасалды және 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша нөлге тең деп бағаланды, себебі Топ оны салу шығынын офистік ғимаратты сату немесе жалдау төлемдері түрінде өтеп алуы ықтималдығы аз. Бұл бағалаулар келешекте өзгеруі мүмкін. Топ басшылығының пікірі бойынша инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 4.980.283 мың теңгені құрады (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 4.480.642 мың теңге).

## 12. ӨЗГЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына өзге ұзақ мерзімді қаржылық активтерге мыналар кірді:

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек | **3.024.242** | 7.662.171 |
| Қызметкерлерге қарыздар | **2.733.636** | 2.791.134 |
| Ұзақ мерзімді депозиттер | **50** | 50 |
| Өзгелер | **119.038** | 103.673 |
| | **5.876.966** | 10.557.028 |

2016 жылғы 31 желтоқсанға ұзақ мерзімді дебиторлық берешек «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-дан берешек болып табылады. 37-ескертпеде көрсетілгендей, 2016 жылы 29 ақпанда Компания және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС Компанияның алдындағы «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС берешегін төлеу мерзімін 2031 жылға дейін ұзартуға келісті. Берешек 10% мөлшерлеме бойынша қайта құрылымдау күніне дисконтталды.

Қызметкерлерге қарыздар 1 жылдан аса және 15 жылға дейін мерзімге берілген пайызсыз қарыздар болып табылады. Аталған қарыздар беру күніне жылдық 12,2% пайыздан 22%-ға дейін нарықтық мөлшерлемелер бойынша дисконтталды (2015 жыл: жылдық 12,2-ден 22%-ға дейін). Ұзақ мерзімді қарыздар қызметкерлердің жалақысынан берешекті ұстап қалу жолымен өтеледі. Қарыздар қызметкерлердің жылжымайтын мүлкі түрінде қамтамасыз ету негізінде беріледі.

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына өзге ұзақ мерзімді қаржылық активтер теңгемен берілді.

## 13. ӨЗГЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына өзге ұзақ мерзімді активтерге мыналар кірді:

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Келешек кезеңдер шығысы | **1.392.240** | 1.865.825 |
| Өтеуге ұзақ мерзімді ҚҚС | **137.188** | 457.912 |
| Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек | **106.131** | 117.553 |
| Өзгелері | **73.342** | 73.342 |
| | **1.708.901** | 2.514.632 |
| Минус: құнсыздану резерві | **–** | – |
| | **1.708.901** | 2.514.632 |

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына өзге ұзақ мерзімді активтер теңгемен берілді.

## 14. ТАУАРЛЫ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына тауарлы-материалдық қорларға мыналар кірді:

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Өзіндік құны бойынша кәбілдік материалдар | **1.964.441** | 1.743.796 |
| Өзіндік құны бойынша өзге материалдар және шикізат | **869.715** | 621.623 |
| Өзіндік құны бойынша қосалқы бөлшектер | **787.676** | 640.210 |
| Өзіндік құны бойынша отын | **542.862** | 480.496 |
| Сатудың таза ықтимал бағасы бойынша қайта сатуға арналған тауарлар | **319.030** | 274.548 |
| | **4.483.724** | 3.760.673 |

## 15. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына сауда дебиторлық берешекке мыналар кірді:

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Сауда дебиторлық берешек | **27.216.691** | 18.299.271 |
| | **27.216.691** | 18.299.271 |
| Минус: күмәнді берешек резерві | **(2.224.485)** | (1.914.169) |
| | **24.992.206** | 16.385.102 |

31 желтоқсанға аяқталған жылдар үшін күмәнді берешек резервінің қозғалысы мына түрде берілген:

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Жыл басына күмәнді берешек резерві** | **(1.914.169)** | (1.512.067) |
| Бір жылға есептеу | **(876.706)** | (850.337) |
| Бір жылда есептен шығару | **566.390** | 318.630 |
| Тоқтатылған қызмет | **–** | 129.605 |
| **Жыл соңына күмәнді берешек резерві** | **(2.224.485)** | (1.914.169) |

2016 және 2015 жылдардың  31 желтоқсанына  сауда дебиторлық берешек жасын талдау мына түрде берілген:

| *Мың теңгемен* | **Барлығы** | **Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған** | Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 30 күннен кем | 30 күннен 90 күнге дейін | 90 күннен 120 күнге дейін | 120 күннен 360 күнге дейін | 360 күннен артық |
| **2016 жылғы 31 желтоқсан** | **24.992.206** | **23.098.804** | **989.484** | **537.916** | **136.265** | **229.737** | **–** |
| 2015 жылғы 31 желтоқсан | 16.385.102 | 13.732.077 | 1.245.011 | 715.981 | 177.278 | 397.688 | 117.067 |

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың сауда дебиторлық берешегі мынадай валюталарда берілген:

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Теңге | **23.928.901** | 14.913.472 |
| АҚШ доллары | **1.008.804** | 1.414.681 |
| Басқа валютада | **54.501** | 56.949 |
| | **24.992.206** | 16.385.102 |

2016 жылдың 31 желтоқсанына  Топтың дебиторлық берешегіне телекоммуникация қызметтерін көрсету және IP VPN  желісі арқылы деректер беруге қатынау ұсыну нәтижесінде туындаған 7.920.728 мың теңге (2015 жылдың 31 желтоқсанына: 373.336 мың теңге) сомасындағы «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС дебиторлық берешегін қамтыды.  Аталған дебиторлық берешектің бір бөлігі 2.575.547 мың теңге сомасында 2017 жылдың қаңтар және ақпан айында өтелді.  Осы берешектіің 4.842.282 мың теңге сомасына қатысты  Топ осы сомаға кредиторлық берешекте «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен өзара есеп айырысу жасауды жоспарлап отыр.

## 16. АВАНСТЫҚ ТӨЛЕМДЕР

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына аванстық төлемдерге мыналар кірді:

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Аванстық төлемдер | **369.685** | 538.346 |
| | **369.685** | 538.346 |
| | | |
| Минус: құнсыздану резерві | **(72.405)** | (30.716) |
| | **297.280** | 507.630 |

31 желтоқсанға аяқталған жылдар үшін құнсыздану резервінің қозғалысы:

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Жыл басына құнсыздану резерві** | **(30.716)** | (31.220) |
| Бір жылға есептеу | **(41.689)** | (2.090) |
| Тоқтатылған қызмет | **–** | 2.594 |
| **Жыл соңына құнсыздану резерві** | **(72.405)** | (30.716) |

## 17. ӨЗГЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына өзге қысқа мерзімді қаржылық активтерге мыналар кіреді:

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Банк депозиттері | **45.889.260** | 29.278.450 |
| Қызметкерлерге берілген қарыздар | **1.896.652** | 1.851.394 |
| Алуға сыйақылар | **242.197** | 228.817 |
| Өзге дебиторлық берешек | **99.153** | 2.376.729 |
| Шектеулі пайдалану құқығымен ақша қаражаты | **–** | 208.600 |
| Өзгелер | **5.805** | 5.805 |
| | **48.133.067** | 33.949.795 |

Бастапқы мерзімі 3 (үш) айдан артық, бірақ 12 (он екі) айдан аз банк депозиттері жергілікті банктерде ашылды және жылдық 1-ден 14,5% пайызға дейін пайыздық мөлшерлемелер бойынша кіріс алып келді (2015 жыл: жылдық 2,3-тен 10% дейін).

Ағымдағы банк шоттарында шектеулі пайдалану құқығымен пайызсыз ақша қаражаты бір жылдан аз кезеңге банк кепілдіктерін қамтамасыз ету үшін кепіл ретінде орналастырылған.

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына өзге қаржылық активтер мынадай валюталарда берілген:

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| АҚШ доллары | **45.929.406** | 29.253.502 |
| Теңге | **2.197.856** | 4.690.488 |
| Өзге | **5.805** | 5.805 |
| | **48.133.067** | 33.949.795 |

## 18. ӨЗГЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына өзге қысқа мерзімді активтерге мыналар кіреді:

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Келешек кезеңдер шығысы | **934.227** | 1.063.665 |
| Пайдалануы шектеулі ақша қаражаты | **446.198** | – |
| Өтелетін ҚҚС | **431.782** | 1.430.856 |
| Радиожиілікті пайдалану үшін төлемді өтеу | **173.184** | – |
| Корпоративтік табыс салығынан басқа алдын ала төленген салықтар | **162.106** | 177.102 |
| Қызметкерлердің берешегі | **97.098** | 96.470 |
| Өзге | **1.044.575** | 1.021.088 |
| | **3.289.170** | 3.789.181 |
| Минус: құнсыздану резерві | **(660.721)** | (186.760) |
| | **2.628.449** | 3.602.421 |

Қолданылуы шектеулі ақша қаражаты - алу ықтималдығы минималды деп бағаланатын «КазИнвестБанк» АҚ-дан лицензиясы алынуына байланысты оның шоттарындағы ақша. Аталған ақша қаражатының барлық сомасына құнсыздану резерві жасалды.

Радиожиілікті пайдалану үшін төлемнің өтемі радиожиілікті пайдалану үшін төлем бойынша Топтың шығыстарын өтеу бойынша «Мобайл Телеком Сервис» ЖШС берешегі болып табылады.

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өзге қысқа мерзімді активтерге тендерлерге қатысу үшін кепілдік төлемдер және сақтандыру шарттары бойынша алдын ала төлемдер қосындысы кіреді.

31 желтоқсанға аяқталған жылдар үшін құнсыздану резервінің қозғалысы мына түрде берілген:

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Жыл басына құнсыздану резерві** | **(186.760)** | (334.166) |
| Бір жылға есептеу | **(483.549)** | (91.038) |
| Бір жылда есептен шығару | **9.588** | 105.493 |
| Тоқтатылған қызмет | **–** | 132.951 |
| **Жыл соңына құнсыздану резерві** | **(660.721)** | (186.760) |

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына өзге қысқа мерзімді активтер теңгемен берілді.

## 19. АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына ақша қаражатына және оның баламаларына мыналар кіреді:

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражаты | **20.976.246** | 8.179.504 |
| Өтеу мерзімі ашылу күнінен бастап 90 күннен аз мерзіммен депозиттер | **3.332.900** | 3.079.666 |
| Кассадағы ақша қаражаты | **11.796** | 17.721 |
| | **24.320.942** | 11.276.891 |

Ағымдағы банк шоттарына орналастырылған ақша қаражатына пайыздар жылдық 0,1 %-дан 13%-ға дейінгі пайыздық мөлшерлемелер бойынша есептеледі (2015 жыл: жылдық 0,01%-дан 7,55%-ға дейін). Топтың ақша қаражатына ағымдағы қажеттілігіне қарай бір күннен бастап үш айға дейінгі кезеңде ашылатын қысқа мерзімді банк депозиттеріне пайыздар жылдық 0,8%-дан 38%-ға дейінгі пайыздық мөлшерлемелер бойынша есептелді (2015 жылы: жылдық 0,1%-дан 32,0%-ға дейін).

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына ақша қаражаты мен оның баламалары мынадай валюталармен көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| АҚШ доллары | **17.049.152** | 5.264.926 |
| Теңге | **7.237.491** | 5.743.047 |
| Ресей рублі | **28.249** | 258.593 |
| Басқалары | **6.050** | 10.325 |
| | **24.320.942** | 11.276.891 |

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп үшін 2016 жылғы 31 желтоқсанға және 2015 жылғы 31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары мынаны құрады:

| ***Мың теңгемен*** | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражаты | **20.976.246** | 8.179.504 |
| Өтеу мерзімі ашылған күнінен бастап кемінде 90 күн құрайтын депозиттер | **3.332.900** | 3.079.666 |
| Кассадағы ақша қаражаты | **11.796** | 17.721 |
| Кассадағы, ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражаты және тоқтатылған қызметке қатысты қысқа мерзімді депозиттер *(37-ескертпе)* | **–** | 8.688.151 |
| **Ақша қаражаты мен оның баламалары** | **24.320.942** | 19.965.042 |

## 20. КАПИТАЛ

### Жарияланған және шығарылған акциялар

| | Акциялар саны | | Мың теңгемен | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жай акциялар | Артықшылықты дауыс бермейтін акциялар | Жай акциялар | Артықшылықты дауыс бермейтін акциялар | Барлық шығарылған акциялар |
| 2014 жылғы 31 желтоқсанға | 10.922.876 | 1.213.653 | 10.922.876 | 1.213.653 | 12.136.529 |
| 2015 жылғы 31 желтоқсанға | 10.922.876 | 1.213.653 | 10.922.876 | 1.213.653 | 12.136.529 |
| **2016 жылғы 31 желтоқсанға** | **10.922.876** | **1.213.653** | **10.922.876** | **1.213.653** | **12.136.529** |

### Акционерлерден сатып алынған меншікті акциялар

| | Акциялар саны | | Мың теңгемен | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жай акциялар | Артықшылықты дауыс бермейтін акциялар | Жай акциялар | Артықшылықты дауыс бермейтін акциялар | Барлық шығарылған акциялар |
| **2014 жылғы 31 желтоқсанға** | 210.180 | 892.143 | 2.909.449 | 3.489.170 | 6.398.619 |
| Меншікті акцияларды сатып алу | 33.737 | 12.067 | 331.654 | 87.603 | 419.257 |
| Бұрын сатып алынған меншікті акцияларды сату | (28.364) | (11.081) | (274.853) | (78.535) | (353.388) |
| **2015 жылғы 31 желтоқсанға** | 215.553 | 893.129 | 2.966.250 | 3.498.238 | 6.464.488 |
| | | | | | |
| Меншікті акцияларды сатып алу | | | | | |
| Бұрын сатып алынған меншікті акцияларды сату | **–** | **(32)** | **–** | **(114)** | **(114)** |
| **2015 жылғы 31 желтоқсанға** | **215.553** | **893.097** | **2.966.250** | **3.498.124** | **6.464.374** |

**Сатып алынған акцияларды шегергендегі шығарылған акциялар**

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сатып алынған акцияларды шегергендегі шығарылған жай және артықшылықты акциялар саны тиісінше 10.707.323 және 320.556 (2015 жылғы 31 желтоқсанға: тиісінше 10.707.323 және 320.524 акция).

**Артықшылықты акциялар**

Артықшылықты акциялар иелерінің бір акцияға шаққанда 300 теңге көлемінде жыл сайынғы кумулятивті дивидендтерді және жай акциялардың иелеріне төленетін акцияға дивидендтерді алуға құқығы бар. Жыл сайынғы кумулятивті дивидендтердің болашақтағы ақша ағындарының дисконтталған құны 2016 жылғы 31 желтоқсанға сомасы 874.244 мың теңге қаржы міндеттемесін құрайды (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 874.156 мың теңге). Бұл міндеттеме ұзақ мерзімді міндеттемелер құрамындағы артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігі ретінде көрсетілген. Егер акционерлердің жалпы жиналысы артықшылықты акциялардың иелерінің құқықтарын шектейтін шешімді, сондай-ақ Компанияны қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімді қабылдау туралы мәселені қарастырса, сонымен бірге артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер жарияланған төлем күнінен соң 3 (үш) ай ішінде төленбеген жағдайда, артықшылықты акциялардың иелері дауыс беру құқығына ие.

**Дивидендтер**

Артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің міндетті мөлшері Компания Жарғысына сәйкес бір акцияға шаққанда 300 теңгені не жылына 11% құрайды. Тиісінше, артықшылықты акциялар құрамдастырылған қаржы құралдары болып табылады және демек міндеттемелер мен капиталда ескерілетін компоненттер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бөлек жолмен міндеттемелер немесе капитал құрамында көрсетіледі. 2016 жылғы 31 желтоқсанға 96.167 мың теңге сомасындағы белгіленген дивидендтер есептелінді (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 95.423 мың теңге) және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте пайыздар бойынша шығыс ретінде көрсетіледі (33-ескертпе). Дисконтталмаған болашақтағы ақша ағындарының берілген құны ұзақ мерзімді міндеттемелерде артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігін білдіреді.

2016 жылғы 22 сәуірде «Қазақтелеком» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында қабылданған шешімнің негізінде Компания 2015 жылдың қорытындылары бойынша 10.896 теңге көлемінде артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді жариялады және 3.551.940 мың теңге көлемінде жай акциялар бойынша дивидендтерді жариялады (2015 жыл: нөл теңге және 1.089.559 тиісінше). Жай акциялар бойынша есептелген дивидендтер 2016 жылдың ішінде төленді. 2016 жылғы 31 желтоқсанға акцияға (жай және артықшылықты) дивидендтер 331,73 теңгені (2015 жылғы 31 желтоқсанға жай акцияға 101,73 теңге).

## 20. КАПИТАЛ (жалғасы)

31 желтоқсанға аяқталған жылдар үшін төлеуге дивидендтердегі қозғалыс:

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Жыл басына төлеуге дивидендтер** | **1.582.251** | 1.588.474 |
| Жай акцияларға жарияланған дивидендтер | **3.551.940** | 1.089.559 |
| Міндетті көлемнен тыс артықшылықты акцияларға жарияланған дивидендтер | **10.896** | – |
| Артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігі бойынша пайыздық шығыс ( 33-ескертпе) | **96.167** | 95.432 |
| Өткен кезең үшін төлеуге дивидендтердегі өзгеріс | **–** | (2.620) |
| Төлем көзінен салық | **(66.428)** | (17.751) |
| Жай және артышылықты акциялар бойынша төленген дивидендтер | **(3.627.387)** | (1.170.843) |
| **Жыл соңына төлеуге дивидендтер ( 26-ескертпе)** | **1.547.439** | 1.582.251 |

### Басқа да резервтер

Компания Жарғыға сәйкес жарияланған жарғылық капиталдың 15% мөлшерінде резерв қорын құрды. Бұл резерв қоры бөлінбеген пайдадан құрылған. 2016 және 2015 жылдары резерв қорында қозғалыстар болмады.

### Шетелдік валютаны қайта есептеу қоры

Шетелдік валютаны қайта есептеу қоры қолданыстағы валютасы теңге емес және *3-ескертпеде* берілген есеп саясатына сәйкес қаржы есептілігі шоғырландырылған қаржы есептілігіне қосылатын еншілес компаниялардың қаржы есептілігін қайта есептеу кезінде пайда болатын бағамдық айырмашылықтарды көрсету үшін пайдаланылады.

### Акция пайдасы

Акцияның базалық кірісі жыл бойы айналымда болған жай және артықшылықты акциялардың орта есеппен алғандағы санын бас компанияның (артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің таза сомасын ескере отырып түзетілген) жай акцияларын ұстаушылардың арасында бөлуге жататын бір жылдағы таза пайданы бөлумен есептеледі.

Топта әлеуеті артатын жай акциялар болмағандықтан, акцияның көбейтілетін пайда көлемі акцияның базалық пайда көлеміне тең.

Келесі кесте акцияның базалық және көбейтілетін пайдасын есептеу кезінде пайдаланылатын кірістер және акциялар бойынша деректерді көрсетеді:

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Жалғасатын қызметтен, бас компанияның жай акцияларының иелеріне түсетін таза пайда | **14.872.009** | 26.536.432 |
| Тоқтатылған қызметтен, бас компанияның жай акцияларының иелеріне түсетін таза пайда/(залал) | **40.959.809** | (2.148.068) |
| **Бас компанияның жай акцияларының иелеріне түсетін таза пайда, базалық пайданы есептеу үшін** | **55.831.818** | 24.388.364 |
| Конвертацияланатын артықшылықты акциялар бойынша пайыздар | **96.167** | 95.432 |
| **Бас компанияның жай акцияларының иелеріне түсетін, араластыру әсерін ескере отырып түзетілген таза пайда** | **55.927.985** | 24.483.796 |
| Акцияға базалық және аралас пайданы есептеу үшін жай және артықшылықты акциялардың орташа алынған саны | **11.027.863** | 11.029.991 |
| Акцияға базалық және аралас пайда, теңге | **5.071,51** | 2.219,75 |

Келесі кесте жалғасатын қызметтен акцияға базалық және аралас пайданы есептеу барысында пайдаланылатын пайда және акция бойынша деректерді көрсетеді:

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Жалғасатын қызметтен, бас компанияның жай акцияларының иелеріне түсетін таза пайда | **14.872.009** | 26.536.432 |
| Конвертацияланатын артықшылықты акциялар бойынша пайыздар | **96.167** | 95.432 |
| Акцияға базалық және аралас пайданы есептеу үшін жай және артықшылықты акциялардың орташа алынған саны | **11.027.863** | 11.029.991 |
| Бас компанияның меншік иелеріне келетін жылға жалғасатын қызметтен пайдаға қатысты акцияға базалық және аралас пайда, теңгемен | **1.357,30** | 2.414,50 |

## 20. КАПИТАЛ (жалғасы)

Есепті күн мен осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті құру күнінің арасында жай акциялармен немесе әлеуетті жай акциялармен ешқандай басқа операция жүргізілмеді.

Қазақстандық қор биржасының талаптарына сәйкес Топ жыл соңындағы шығарылған жай акциялар санына бөлінген барлық материалдық емес активті, барлық міндеттеме мен артықшылықты дауыс бермейтін акцияны (капиталдағы) шегергендегі барлық активті ашу керек.  2015 жылғы 31 желтоқсанға бұл көрсеткіш 30.478 теңге (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 25.454 теңге) құрады. Сондай-ақ Топ артықшылықты дауыс бермейтін акциялардың, артықшылықты дауыс бермейтін акциялардың (капиталдағы) және шығарылған артықшылықты дауыс бермейтін акциялардың санына бөлінген артықшылықты дауыс бермейтін акциялардың борыштық құрамдас бөлігінің ұстаушыларына дивидендтер бойынша берешек сомасын ашуы керек. 2016 жылғы 31 желтоқсанға бұл көрсеткіш 8.553 теңгені (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 8.662 теңге) құрады.

## 21. ҚАРЫЗДАР

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына қарыздар мыналардан тұрды:

| *Мың теңгемен* | **Орташа есептелген пайыздық мөлшерлеме** | **2016 жыл** | Орташа есептелген пайыздық мөлшерлеме | 2015 жыл |
|---|---|---|---|---|
| Жылдық мөлшерлемесі 7%-дан 12,5%-ға дейінгі тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздар | **8,35%** | **56.268.176** | 9,45% | 31.438.314 |
| | | **56.268.176** | | 31.438.314 |

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына қарыздар мынадай валюталарда көрсетілді:

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Теңгемен | **28.450.534** | 3.012.959 |
| Теңгемен, теңге және АҚШ доллары арасындағы айырбастау бағамына индекстелген төлемдері бар | **27.817.642** | 28.425.355 |
| | **56.268.176** | 31.438.314 |

## 21. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

Қарыздарды өтеу мерзімдері мынадай түрде берілді:

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Қарыздардың ағымдағы бөлігі** | **2.473.507** | 4.138.393 |
| 1 жылдан 2 жылға дейінгі өтеу мерзімімен | **2.029.593** | – |
| 2 жылдан 5 жылға дейінгі өтеу мерзімімен | **38.981.004** | 27.299.921 |
| 5 жылдан аса өтеу мерзімімен | **12.784.072** | – |
| **Қарыздардың барлық ұзақ мерзімді бөлігі** | **53.794.669** | 27.299.921 |
| **Барлық қарыз** | **56.268.176** | 31.438.314 |

2016 жылғы 31 желтоқсанға Бас компания «Қазақстанның Даму банкі» АҚ алынған 26.991.220 мың теңге көлеміндегі Топтың кредит желісі бойынша кепілдеме болып табылады (2015 жылғы 31 желтоқсан: нөл).

## 22. ЖАЛДАУ

**Қаржылық жалдау**

Топ телекоммуникациялық жабдыққа басымдылық бере отырып, бірқатар негізгі құралдар объектілері бойынша қаржылық жалдау шарттарын жасасты. Шарттар талаптарына сәйкес жалға алынатын активтер жалдау мерзімі аяқталған бойда Топтың жеке меншігіне өтеді. Болашақтағы ең төменгі жалдау төлемінің сомалары және олардың дисконтталған құны мынадай болып берілген:

| | **2016 жыл** | | 2015 жыл | |
|---|---|---|---|---|
| ***Мың теңгемен*** | **Ең төменгі жалдау төлемдері** | **Ең төменгі жалдау төлемдерінің дисконтталған құны** | Ең төменгі жалдау төлемдері | Ең төменгі жалдау төлемдерінің дисконтталған құны |
| Бір жыл ішінде | **3.514.387** | **3.162.706** | 5.579.589 | 4.707.462 |
| Бір жылдан бес жылға дейін | **1.333.351** | **1.273.015** | 4.847.737 | 4.435.721 |
| Минус: қаржыландыру бойынша алдағы шығындарды көрсететін сома | **(412.017)** | **–** | (1.284.143) | – |
| **Ең төменгі жалдау төлемдерінің дисконтталған құны** | **4.435.721** | **4.435.721** | 9.143.183 | 9.143.183 |
| | | | | |
| Минус: 12 ай ішінде өтеуге жататын сома | | **(3.162.706)** | | (4.707.462) |
| **Кем дегенде 12 айдан кейін өтеуге жататын сома** | | **1.273.015** | | 4.435.721 |

Пайыз сомасын есептеу пайыздың жылдық 12,5% бастап 14% дейін өзгеретін тиімді мөлшерлемеге негізделеді.

**Операциялық жалдау**

Топ ғимараттар және үй-жайларға басымдық бере отырып, бірқатар негізгі құралдар объектілеріне операциялық жалдаудың коммерциялық шарттарын жасасты. Бұл шарттар орташа есеппен 1 жыл қолданыс мерзіміне ие және ұзарту туралы талаптан тұрады. Онда осындай шарттар жасаған жалға алушылар үшін шектеулер көзделмеген. Операциялық жалдау шарттары бойынша міндеттемелер туралы ақпарат *41-ескертпеде* айтылған.

## 23. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

**Мемлекеттік зейнетақымен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер**

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес әлеуметтік салықты төлейді. Әлеуметтік салық және жалақыны есептеу олардың туындауына қарай шығыстарда көрсетіледі.

Сондай-ақ Топ қызметкерлердің жалақысынан жинақтаушы зейнетақы қорларына қызметкерлердің жарнасы ретінде төленетін 10 % ұстап қалады. Мұндай шығыстар орын алған кезеңі бойынша көрсетіледі.

**Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар**

Бұл жоспар Компания мен қызметкерлер арасында жасалған еңбек шартына сәйкес мемлекеттік зейнетақымен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді орындауды көздейді.

Топ мұндай міндеттемелермен қор құрған жоқ.

2016 жылғы және 2015 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар бойынша жалпы міндеттемелері мыналарды қамтыды:

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Жыл басына барлық міндеттемелер** | **7.786.044** | 5.797.354 |
| Ағымдағы қызметтердің құны | **294.864** | 116.272 |
| Пайыздар шығыны | **739.674** | 540.313 |
| Кезең ішінде төленген сыйақы | **(1.320.587)** | (1.440.320) |
| Басқа жиынтық кіріс құрамындағы кезең ішінде танылған актуарлы залал | **759.978** | 2.531.681 |
| Шығыстар құрамында кезең ішінде танылған актуарлы залал | **(40.435)** | 240.744 |
| **Жыл соңына барлық міндеттемелер** | **8.219.538** | 7.786.044 |
| | | |
| Жыл бойына өтелетін міндеттемелер | **430.554** | 511.689 |
| **Бір жылдан аса мерзімде өтелетін міндеттемелер** | **7.788.984** | 7.274.355 |

2016 жылға танылған актуарлық залал көбінесе дисконттау мөлшерлемесіне қатысты болжамдарды және болашақтағы ең төменгі жалақыны ұлғайтудың көзделген нормасын өзгерту нәтижесінде туындады.

Ағымдағы қызметтердің құны, пайыз шығындары мен қызметкерлерге басқа сыйақылар бойынша жалпы сомасы 994.103 мың теңгеге актуарлы шығындар өзіндік құны бойынша шығыстар мен қызметкерлерге шығындар

құрамында жалпы әкімшілік шығыстарда көрсетілді (2015 жыл: 897.329 мың теңге) (32-ескертпе).

Топтың танылмаған актуарлық залал немесе өткен қызметтерден танылмаған құны болмады.

Міндеттемелерді есептеуде Компания қызметкерлерінің өлім деңгейіне қатысты жарияланған статистикалық деректер мен қызметкерлердің саны, жасы, жынысы мен еңбек өтіліне қатысты Компанияның нақты деректері пайдаланылды. Компанияның зейнеткерлік жоспарлары бойынша зейнеткерлік міндеттемелерді анықтау кезінде пайдаланылған басқа да негізгі болжамдар мына кестеде көрсетілген:

| | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Дисконттау мөлшерлемесі | **9,54%** | 9,50% |
| Ең төменгі жылдық жалақының болжамды ұлғаюы | **7,00%** | 7,00% |

Төменде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша елеулі жорамалдар үшін сезімталдықтың сандық талдауы берілген:

| | **Дисконттау мөлшерлемесі** | | **Ең төменгі жылдық жалақының болжамды ұлғаюы** | |
|---|---|---|---|---|
| Сезімталдық деңгейі | 0,5%-ға өсім | 0,5%-ға төмендеу | 1%-ға өсім | 1%-ға төмендеу |
| Белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар бойынша міндеттемелерге ықпал, мың теңгемен | (195.110) | 296.804 | 539.718 | (460.198) |

Жоғарыда көрсетілген сезімталдық талдауы белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік жоспар бойынша міндеттемеге негізгі жорамалдардың дәйекті өзгерістері ықпал ететін әдістің негізінде жүргізілді, есепті кезең соңындағы жағдай бойынша олардың мәндері экстраполяциялау арқылы анықталады. Сезімталдық талдауы басқа жорамалдар өзгермейтін жағдайда елеулі жорамалдардың өзгерісіне негізделеді. Сезімталдық талдауы белгіленген төлемдері бар зейнеткерлік бағдарламасы бойынша міндеттеменің нақты өзгерісін көрсетпеуі мүмкін, себебі жорамалдардың өзгерістері бір-біріне қатыссыз өтетіндіктен, оның орын алу мүмкіндігі аз.

## 24. ӨЗГЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2016 жылғы және 2015 жылғы 31 желтоқсанға өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер мынадай баптармен берілді:

| ***Мың теңгемен*** | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Алдағы кезеңдердің кірістері | **1.763.417** | 2.205.014 |
| Берілген кепілдіктер | **726.808** | – |
| Активтерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер | **141.564** | 66.614 |
| Басқалары | **1.577.350** | 704.505 |
| | **4.209.139** | 2.976.133 |

**Берілген кепілдіктер**

2016 жылғы 25 ақпандағы 37-ескертпеде көрсетілгендей Компания «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС пайдасына «Қазкоммерцбанк» АҚ кредит желісі бойынша 2023 жылғы 25 ақпанға дейінгі мерзімде 14.000.000 мың теңгеге дейін кредит лимитімен кепілдеме және «Алтел» АҚ пайдасына «Қазақстан Даму банкі» АҚ кредит желісі бойынша 2024 жылғы 19 желтоқсанға дейін 10.008.780 мың теңгеге дейін кредит лимитімен кепілдеме ұсынды.

31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қазкоммерцбанк» АҚ кредиттік желісінің игерілген сомасы нөл теңге болды, «Қазақстан Даму банкі» АҚ кредит желісі бойынша қарыздың игерілген сомасы 2.445.467 мың теңгені құрады.

2009 жылы 14 қарашада Топ Қазақмыс ПЛС-мен бірге Қытай мемлекеттік даму банкімен (бұдан әрі – «ҚМДБ») өтеу мерзімі 12 жылдан 15 жылға дейін Бас компанияның міндеттемелері бойынша кепілдік келісімге қол қойды, онда Топ пен Қазақмыс Плс ҚМДБ-ға кепілдік берді.Топтың бұл кепілдік бойынша міндеттемелері негізгі қарыз бойынша 300 миллион АҚШ долларымен, оған қоса Топтың кепілдік міндеттемелерін орындау қажет болғанда төлеуге жататын басқа да төлем сомалары мен пайыздарының 15%-мен шектеледі. Бұл ретте Бас компания Топтың шығыстарын өтеу туралы шартқа қол қойды, онда Бас компания Топтың талабы бойынша осы кепілдік бойынша төленген барлық ақша сомасын төлеп беруге міндеттенеді.

Топ капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп құрамында берілген кепілдемені ескерді. Бас компанияның 2015 жылы өтеген күніне дейін аталған кепілдеменің амортизациясы 69.395 мың теңге құрады (2014 жыл: 78.811 мың теңге) (33-ескертпе).

2015 жылы Бас компанияның ҚМДБ алдындағы міндеттемелерін мерзімінен бұрын өтеуіне байланысты Топ шығарылған кепілдемені тануды тоқтатты. 964.149 мың теңге сомасындағы тануды тоқтату капитал құрамында көрсетілді.

**Активтерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер**

Активтерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелер резерві ақша ағындарын бағалау пайдаланыла отырып, учаскелер мен объектілерді бастапқы жағдайына қалпына келтіруге болжалды шығынның дисконтталған құнымен көрсетілді және нақты актив құнының бір бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Ол ақша ағындарын пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсетеді.

2016 жылғы 31 желтоқсанға активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелер резервінің қозғалысы:

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **1 қаңтарға активтерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелердің резерві** | **66.614** | 1.944.996 |
| Қосымша құрылған резерв | **61.057** | (363) |
| Жалғасатын қызмет бойынша дисконт амортизациясы *(33-ескертпе)* | **13.893** | 6.970 |
| Тоқтатылған қызмет | **–** | (1.884.989) |
| **31 желтоқсанға активтерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелердің резерві** | **141.564** | 66.614 |

## 25. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2016 жылдың және 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек мынадай баптармен көрсетілді:

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Көрсетілген қызмет үшін сауда кредиторлық берешек | **6.635.766** | 6.364.079 |
| Негізгі құралдарды жеткізу үшін сауда кредиторлық берешек | **4.558.941** | 5.331.902 |
| Алынған ТМҚ үшін сауда кредиторлық берешек | **802.635** | 197.488 |
| | **11.997.342** | 11.893.469 |

2016 жылдың және 2015 жылдың 31 желтоқсанына сауда кредиторлық берешекке пайыз есептелген жоқ.

2016 жылдың және 2015 жылдың 31 желтоқсанына сауда кредиторлық берешек мынадай валюталарда берілді:

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Теңге | **11.429.856** | 7.088.852 |
| АҚШ доллары | **379.761** | 4.704.858 |
| Басқалары | **187.725** | 99.759 |
| | **11.997.342** | 11.893.469 |

## 26. ӨЗГЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына өзге қысқа мерзімді міндеттемелер мынадай баптармен берілді:

| ***Мың теңгемен*** | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Хан-Тенгри Холдинг Б.В. алдындағы міндеттемелер | **4.842.282** | – |
| Қызметкерлермен есептесу | **4.324.798** | 3.734.606 |
| Пайда салығынан басқа, төлеуге арналған салық | **2.335.514** | 2.428.493 |
| Төлеуге арналған дивидендтер (20-ескертпе) | **1.547.439** | 1.582.251 |
| Зейнетақы қорларымен есеп айырысу | **864.145** | 746.694 |
| Болашақтағы кезеңдер кірістері | **662.586** | 811.719 |
| Берілген кепілдер | **151.852** | – |
| Басқалары | **1.400.556** | 1.326.655 |
| | **16.129.172** | 10.630.418 |

Хан-Тенгри Б.В. алдындағы міндеттемелер Хан-Тенгри Холдинг Б.В.-да тәуелді операцияларға қатысу үлесін сатып алу түпкілікті есебімен байланысты (*37-ескертпе*).

2016 және 2015 жылдардағы 31 желтоқсанға өзге қысқа мерзімді міндеттемелерге пайыздар есептелінбеді, баланстар көбінесе теңгемен көрсетілді.

## 27. КІРІСТЕР

31 желтоқсанға аяқталған жылдары қызметтерді көрсетуден түскен кірістер мынадай баптармен берілді:

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Деректер беру бойынша қызметтер | **102.272.443** | 96.635.654 |
| Сым арқылы және сымсыз телефон байланысы қызметтері | **52.923.822** | 56.054.526 |
| Желіаралық қосылыс қызметтері | **18.344.782** | 15.847.010 |
| Байланыс арналарын жалға беру | **16.537.084** | 6.933.796 |
| Басқалары | **8.388.580** | 7.272.617 |
| | **198.466.711** | 182.743.603 |

## 28. АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ӘМБЕБАП ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУГЕ ӨТЕМАҚЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «*Халыққа телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсететін байланыс операторларының шығындарын өтеу үшін телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің құнын субсидиялау ережесін бекіту туралы*» 2009 жылғы 31 наурыздағы № 451 қаулысына сәйкес Топ әлеуметтік-маңызды аудандарда байланыс қызметтерін көрсету кезіндегі операторлардың шығындарын өтеуге арналған үкіметтік дотациялар алды. Көрсетілген дотацияларға қатысты шарттар мен шартты міндеттемелер орындалды. 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға алынған субсидиялардың жалпы сомасы 7.353.257 мың теңге (2015 жыл: 7.010.726 мың теңге).

## 29. ӨЗІНДІК ҚҰН

31 желтоқсанға аяқталған жылдары өзіндік құнға мыналар кірді:

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Қызметкерлерге арналған шығыстар *(32-ескертпе)* | **52.015.463** | 48.553.105 |
| Тозу және амортизация | **30.652.953** | 30.007.843 |
| Байланыс арналарын жалға беру | **8.641.512** | 8.212.875 |
| Жөндеу және техникалық күтім жасау шығыстары | **8.273.302** | 7.343.005 |
| Желіаралық қосылыс қызметтері | **7.501.132** | 8.555.181 |
| Материалдар | **6.634.679** | 6.159.307 |
| Жабдықты жалға беру | **6.246.064** | 886.844 |
| Контент шығыстары | **4.248.377** | 3.773.756 |
| Байланыс қызметтерін көрсету құқығына төлемдер | **2.749.103** | 2.519.955 |
| Электр энергиясы | **2.719.383** | 2.748.050 |
| Күзет және қауіпсіздік | **2.258.226** | 2.406.021 |
| Жиілік диапазонын пайдалану үшін төлемдер | **351.398** | 981.380 |
| Басқалары | **6.000.769** | 5.107.234 |
| | **138.292.361** | 127.254.556 |

## 30. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдары жалпы және әкімшілік шығыстар мынадай баптармен берілді:

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Қызметкерлерге арналған шығыстар *(32-ескертпе)* | **12.056.669** | 11.136.714 |
| Табыс салығынан басқа салықтар | **2.937.777** | 3.321.472 |
| Консультациялық қызметтер | **1.466.552** | 3.819.904 |
| Күмәнді берешекке резервті есептеу (13, 15, 16 және 18-ескертпелер) | **1.411.405** | 942.103 |
| Әлеуметтік іс-шаралар | **637.038** | 519.419 |
| Іссапар шығыстары | **349.215** | 280.127 |
| Тозу және амортизация | **256.961** | 281.273 |
| Сақтандыру | **211.589** | 554.940 |
| Материалдар | **230.387** | 231.734 |
| Жөндеу және техникалық күтім жасау шығыстары | **247.609** | 219.218 |
| Банк комиссиялары | **198.175** | 305.178 |
| Қосалқы бөлшектердің құнын өткізудің таза құнына дейін есептен шығару | **192.139** | 341.290 |
| Күзет және қауіпсіздік | **87.611** | 84.933 |
| Қызметкерлердің біліктілігін арттыру | **83.478** | 110.233 |
| Жабдықты жалдау | **78.375** | 73.136 |
| Басқалары | **1.346.061** | 673.169 |
| | **21.791.041** | 22.894.843 |

## 31. САТУ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдары сату бойынша шығыстар мыналарды қамтыды:

| ***Мың теңгемен*** | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Маркетинг және жарнама | **1.744.576** | 1.469.181 |
| Делдалдық комиссиялар | **801.790** | 1.338.712 |
| Басқалары | **382.430** | 341.488 |
| | **2.928.796** | 3.149.381 |

## 32. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдары қызметкерлерге арналған шығыстар мынадай баптармен берілді:

| ***Мың теңгемен*** | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Жалақы | **57.456.111** | 53.535.415 |
| Еңбекке ақы төлеу қорынан салықтар | **5.621.918** | 5.257.075 |
| Қызметкерлерге сыйақы беру шығыстары (23-ескертпе) | **994.103** | 897.329 |
| | **64.072.132** | 59.689.819 |

31 желтоқсанда аяқталған жылдары қызметкерлерге арналған шығыстарды бөлу мынадай баптар бойынша берілді:

| ***Мың теңгемен*** | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Өзіндік құн *(29-ескертпе)* | **52.015.463** | 48.553.105 |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар *(30-ескертпе)* | **12.056.669** | 11.136.714 |
| | **64.072.132** | 59.689.819 |

## 33. (ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР) / ҚАРЖЫЛАНДЫРУДАН ТҮСКЕН КІРІСТЕР

31 желтоқсанда аяқталған жылдарға қаржыландыру бойынша шығыстар және қаржыландырудан түскен кірістер мыналарды қамтыды:

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Қаржыландыру бойынша шығыстар** | | |
| Қарыздар бойынша пайыздық шығыстар | **(4.591.568)** | (3.704.016) |
| Қаржылық жалдау міндеттемелері бойынша пайыздық шығыс | **(872.127)** | (1.957.577) |
| Қызметкерлерге берілетін ұзақ мерзімді қарыздарды дисконттау | **(678.722)** | (777.829) |
| Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтерін дисконттау | **(139.048)** | (111.312) |
| Артықшылықты акциялардың борыштық құрамдас бөлігі бойынша пайыздық шығыстар *(20-ескертпе)* | **(96.167)** | (95.432) |
| Ұзақ мерзімді кредиттік берешекті дисконттау амортизациясы | **(21.020)** | – |
| Дисконттың амортизациясы (активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелер резерві) *(24-ескертпе)* | **(13.893)** | (6.970) |
| | **(6.412.545)** | (6.653.136) |
| | | |
| **Қаржыландырудан түскен кірістер** | | |
| Қызметкерлерге ұзақ мерзімді қарыздар беру бойынша дисконт амортизациясы | **1.058.544** | 1.069.658 |
| Депозиттер бойынша пайыздық кіріс | **1.028.267** | 501.992 |
| Ақша қаражатының қалдықтары бойынша пайыздық кіріс | **860.930** | 21.327 |
| Ұзақ мерзімді берешек бойынша дисконт амортизациясы | **499.324** | 1.016.966 |
| Шығарылған кепілдіктер бойынша пайыздық кіріс *(24-ескертпе)* | **128.218** | 69.395 |
| | **3.575.283** | 2.679.338 |

## 34. ВАЛЮТАЛЫҚ БАПТАРДЫ ҚАЙТА БАҒАЛАУДАН ТҮСКЕН ТАЗА КІРІСТЕР /(ШЫҒЫСТАР)

2015 жылдың 20 тамызында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі «теңгенің еркін айырбас бағамына» өтуі және валюта дәлізін алып тастағаны туралы хабарлады. Нәтижесінде, қазақстандық теңгенің АҚШ доллары мен басқа да басты валюталарға қатысты бағамы шамамен 90% пайызға айтарлықтай құнсызданды. Топ 2015 және 2016 жылдары теңгерімделген валюталық позицияға ие болды, сондықтан 2016 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жылы Топ валюталық баптарды қайта бағалаудан 890.461 мың теңге көлемінде таза залалды таныды (2015 жылы: Топ валюталық баптарды қайта бағалаудан 189.482 мың теңге көлеміндегі таза пайданы таныды).

## 35. БАСҚА ДА КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР)

31 желтоқсанда аяқталған жылдарға басқа кірістер мен шығыстар мыналарды қамтыды:

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Басқа кірістер** | | |
| Жалға беру кірістері | **3.194.530** | 2.748.393 |
| Бөгде тарапқа көрсетілетін қызмет | **452.817** | 482.099 |
| Басқалары | **550.288** | 749.243 |
| | **4.197.635** | 3.979.735 |
| **Басқа шығыстар** | | |
| Тәуелсіз ұйымдағы үлесті сатып алумен байланысты шығыстар *(37-ескертпе)* | **(4.842.282)** | – |
| Бөгде тарапқа көрсетілетін қызмет | **(427.284)** | (494.309) |
| Жалға беру шығыстары | **(12.310)** | (12.841) |
| Басқалары | **(30.548)** | (817.948) |
| | **(5.312.424)** | (1.325.098) |

Жалдау кірісі негізінен үшінші тараптардың технологиялық жабдықтарды орнату үшін алаңдарды жалдауынан тұрады.

## 36. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдарға табыс салығы бойынша шығыстар мыналарды қамтыды:

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар | **7.432.290** | 6.191.443 |
| Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығыстар | **1.777.740** | 2.423.341 |
| | **9.210.030** | 8.614.784 |

Топ және оның «КТ-АЙИКС» ЖШҚ мен «Online.kg» ЖШҚ-дан басқа еншілес компаниялары Қазақстан Республикасында салық салынуға жатады. «КТ-АЙИКС» ЖШҚ Ресей Федерациясында салық салынуға жатады. «Online.kg» ЖШҚ Қырғызстанда салық салынуға жатады.

Жоғарыда көрсетілген компанияларды қоспағанда, Топ пен еншілес компаниялар үшін салық мөлшерлемесі 2015 және 2016 жылдары 20% құрады.

20% (2015 жыл: 20%) көлеміндегі ресми мөлшерлемені пайдалану арқылы есептелген салық салынғанға дейінгі пайдаға қатысты табыс салығы бойынша шығыстарды 31 желтоқсанда аяқталған жылдарға ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстармен салыстыру төменде берілген:

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Жалғасатын қызметтен түсетін салық салуға дейінгі пайда** | **24.082.039** | 34.971.938 |
| Тоқтатылған қызметтер салық салғанға дейінгі пайда/(залал) | **42.621.503** | (2.138.852) |
| **Салық салғанға дейінгі пайда** | **66.703.542** | 32.833.086 |

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| 20% ресми салық мөлшерлемесі бойынша есептелген табыс салығы | **13.340.708** | 6.566.617 |
| Тауарлы-материалдық қорларды есептен шығару | **125.727** | 156.216 |
| Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтеріндегі өзгеріс | **(139.348)** | (143.774) |
| Салық салу мақсатында шегерілетін еншілес ұйымдар залалындағы үлес | **2.713.639** | – |
| Салық салынбайтын тоқтатылған қызметтен пайда | **(6.091.417)** | – |
| Шегерілмейтін шығыстар | **922.415** | 2.044.941 |
| **Табыс салығы бойынша барлық шығыс** | **10.871.724** | 8.624.000 |
| | | |
| Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген табыс салығы бойынша шығыс | **9.210.030** | 8.614.784 |
| Тоқтатылған қызметке жататын табыс салығы *(37-ескертпе)* | **1.661.694** | 9.216 |
| **Табыс салығы бойынша барлық шығыс** | **10.871.724** | 8.624.000 |

## 36. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

2016 жылдың 31 желтоқсанына шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сомалар және активтер мен міндеттемелер арасындағы мерзімдік айырмашылықтарына есепті күнде қолданыстағы ресми салық мөлшерлемелерін қолдану арқылы есептелген кейінге қалдырылған салықта мынадай позициялар қамтылды:

| | Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп | | Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп | | Басқа жиынтық залал құрамында | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ***Мың теңгемен*** | **2016 жылғы 31 желтоқсан** | 2015 жылғы 31 желтоқсан | **2016 жыл** | 2015 жыл | 2016 жыл | 2015 жыл |
| **Кейінге қалдырылған салық активтері** | | | | | | |
| Ауыстырылатын салық залалы | **17.384** | 2.081.767 | **(2.064.383)** | (401.709) | **–** | – |
| Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | **1.643.908** | 1.557.209 | **(65.296)** | (108.599) | **151.995** | 506.337 |
| Ұзақ мерзімді активтер бойынша дисконт | **1.037.058** | 1.163.564 | **(126.506)** | (204.104) | **–** | – |
| Есептелген шығыстар | **–** | 1.105.482 | **(1.105.482)** | 880.894 | **–** | – |
| Қызметкерлердің пайдаланбаған демалыстары бойынша есептелген резерв | **256.363** | 392.890 | **(136.527)** | 64.589 | **–** | – |
| Үмітсіз берешек резерві | **507.331** | 371.821 | **135.510** | 108.156 | **–** | – |
| Қарыздар бойынша төлем пайыздары | **272.588** | 225.260 | **47.328** | 26.277 | **–** | – |
| Материалдық емес активтер | **128.609** | 60.072 | **68.537** | (16.664) | **–** | – |
| Алдағы кезең кірісі | **17.860** | 55.862 | **(38.002)** | 25.444 | **–** | – |
| Басқалары | **654.286** | 881.200 | **(226.914)** | (48.651) | **–** | – |
| Минус: танылмаған салық активтері | **(137.346)** | (276.694) | **139.348** | 143.774 | **–** | – |
| Минус: кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін шегергендегі кейінге қалдырылған салық активтері | **(4.398.041)** | (6.113.212) | **1.715.171** | (1.150.353) | **–** | – |
| **Кейінге қалдырылған салық активтері** | **–** | 1.505.221 | **(1.657.216)** | (680.946) | **151.995** | 506.337 |

| | Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп | | Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп | | Басқа жиынтық залал құрамында | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ***Мың теңгемен*** | **2016 жылғы 31 желтоқсан** | 2015 жылғы 31 желтоқсан | **2016 жыл** | 2015 жыл | 2016 жыл | 2015 жыл |
| **Кейінге қалдырылған салық активтері** | | | | | | |
| Негізгі құралдар | **23.756.637** | 23.689.223 | **(67.414)** | (2.864.952) | **–** | – |
| Материалдық емес активтер | **265.485** | 591.329 | **325.844** | 13.628 | **–** | – |
| Минус: кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін шегергендегі кейінге қалдырылған салық активтері | **(4.398.041)** | (6.113.212) | **(1.715.171)** | 1.150.353 | **–** | – |
| **Кейінге қалдырылған салық мендеттемелері** | **19.624.081** | 18.167.340 | **(1.456.741)** | (1.700.971) | **–** | – |
| **Кейінге қалдырылған салық активтері бойынша (шығыстар)/ жеңілдіктер** | | | **(3.113.957)** | (2.381.917) | **151.995** | 506.337 |

## 36. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте кейінге қалдырылған салық активтері және міндеттемелері былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Кейінге қалдырылған салық активтері | | |
| - Жалғасатын қызмет | **–** | 204.814 |
| - Тоқтатылған қызмет (37-ескертпе) | **–** | 1.300.407 |
| Кейінге қалдырылған салық активтері | **(19.624.081)** | (18.167.340) |
| **Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелері** | **(19.624.081)** | (16.662.119) |

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін салыстыру, нетто** | | |
| **1 қаңтарға сальдо** | **(16.662.119)** | (14.786.539) |
| Есепті кезеңге табыс салығы бойынша шығыстар – мерзімдік шектердің пайда болуы және қалпына келтіру | **(1.777.740)** | (2.423.341) |
| Басқа жиынтық залалдың құрамындағы танылған кейінге қалдырылған салықты шегергенде | **151.995** | 506.337 |
| Тоқтатылған қызмет (37-ескертпе) | **(1.336.217)** | 41.424 |
| **31 желтоқсанға сальдо** | **(19.624.081)** | (16.662.119) |

Топ бір салық органы алатын пайда салығына қатысты ағымдағы салық активтері мен ағымдағы салық міндеттемелерін және кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін есептеуге заңды құқығы болған жағдайда ғана салық активтері мен міндеттемелері арасында өзара есепке алу жүргізеді.

Кейінге қалдырылған салық активі болашақта осы актив қарсы қолданылуы мүмкін салық салынатын пайдаға қол жеткізудің айтарлықтай ықтималдығы болатын дәрежеде ғана танылады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық залалдары олар пайда болған күннен бастап 10 жылға дейін кейінге қалдырылуы мүмкін және 2019 жылы аяқтала бастайды. Кейінге қалдырылған салық активтері тиісті салық үнемін іске асыру ықтималдығы жоқ дәрежеде азайтылады.

## 37. ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ

2015 жылдың 3 қарашасында Топ «АЛТЕЛ» АҚ (ALTEL 4G бренді) және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС (Tele2 бренді) бизнестері базасында ұтқыр сегментте бірлескен кәсіпорын қалыптастыру бойынша мәміле жасау туралы Директорлар кеңесінің шешімі туралы жариялады.

2016 жылғы 29 ақпанда «Қазақтелеком» АҚ және Tele2 «Алтел» АҚ және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС бизнестері базасында ұтқыр сегментте бірлескен кәсіпорын құру мәмілесін аяқтады. Аталған мәміле нәтижесінде «Қазақтелеком» АҚ «Алтел» АҚ-дағы қатысу үлесінің 100% айырбас ретінде «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» акционерлік капиталының 51% және дауыс беруші акцияларының 49,48% алды (9-ескертпе).

Мәміле шарттарына сәйкес 2016 жылғы 25 ақпанда Компания «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС пайдасына «Қазкоммерцбанк» АҚ креди желісі бойынша 2023 жылғы 25 ақпанға дейін 14.000.000 мың теңгеге дейінгі кредит лимитімен кепілдеме және «Алтел» АҚ пайдасына «Қазақстан Даму банкі» АҚ кредит желісі бойынша 2024 жылғы 19 желтоқсанға дейін 14.008.780 мың теңгеге дейінгі кредит лимитімен кепілдеме берді.

Сонымен бірге, 2016 жылғы 29 ақпанда «Қазақтелеком» АҚ және «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС компания алдындағы «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС берешегін төлеу мерзімін 2031 жылға дейін ұзартуға келісті. Берешек 10% нарықтық пайыз мөлшерлемесі бойынша қайта құрылымдау күніне дисконтталды.

2016 жылғы 25 ақпанда «Алтел» АҚ «Қазақстан Даму банкі» АҚ 26.991.220 мың теңгеге кредит желісі бойынша берешегі және «Сбербанк России» ЕБ 3.000.000 мың теңгеге кредит желісі бойынша берешегі компанияға аударылды.

## 37. ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ (жалғасы)

Тоқтатылған қызмет нәтижелері мынадай:

| ***Мың теңгемен*** | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Кірістер** | **4.961.007** | 37.499.637 |
| Өзіндік құны | **(2.533.355)** | (31.797.354) |
| Жалпы пайда | **2.427.652** | 5.702.283 |
| | | |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | **(585.577)** | (3.464.783) |
| Сату шығыстары | **(601.613)** | (3.788.680) |
| **Операциялық пайда/(залал)** | **1.240.462** | (1.551.180) |
| | | |
| Қаржыландыру шығыстары | **(421.325)** | (1.442.276) |
| Қаржыландыру кірістері | **175.085** | 226.360 |
| Басқа кірістер | **47.958** | 628.244 |
| **Тоқтатылған қызметтің салық салуға дейінгі пайдасы/(залалы)** | **1.042.180** | (2.138.852) |
| | | |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | **(423.337)** | (9.216) |
| **Бір жылдағы тоқтатылған қызметтің шығыстары** | **618.843** | (2.148.068) |
| **Еншілес ұйымның кетуінен пайда** | **41.579.323** | – |
| | | |
| Еншілес ұйымның кетуінен табыс салығы бойынша шығын | **(1.238.357)** | – |
| **Тоқтатылған қызметтен жылға пайда/(залал) жиыны** | **40.959.809** | (2.148.068) |

«Алтел» АҚ еншілес ұйымының кетуінен пайда мынадай түрде берілген:

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** |
|---|---|
| «Хан Тенгри Холдинг Б.В.» инвестицияның әділетті құнын алдын ала бағалау (9-ескертпе) | 80.700.000 |
| Кеткен таза активтер | (30.954.363) |
| «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС берешек дисконты | (7.282.414) |
| Шығарылған кепілдемелер бойынша міндеттемелер | (883.900) |
| **Еншілес ұйымның кетуінен пайда** | **41.579.323** |

Кету күніне және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «АЛТЕЛ» АҚ компаниясының активтері мен міндеттерінің негізгі кластары мына кестеде берілген:

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Активтер** | | |
| Негізгі құралдар *(7-ескертпе)* | **28.048.578** | 26.932.840 |
| Материалдық  емес активтер *(8-ескертпе)* | **8.082.670** | 3.885.075 |
| Кейінге қалдырылған салық активі *(36-ескертпе)* | **911.526** | 1.300.407 |
| Тауарлы-материалдық қорлар | **2.067.089** | 2.449.560 |
| Сауда дебиторлық берешек | **3.889.479** | 2.722.596 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | **1.683.295** | 8.688.151 |
| Басқалары | **2.453.617** | 2.498.571 |
| **Активтер жиыны** | **47.136.254** | 48.477.200 |

## 37. ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ (жалғасы)

Кету күніне және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «АЛТЕЛ» АҚ компаниясының активтері мен міндеттерінің негізгі кластары мына кестеде берілген: (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Міндеттемелер** | | |
| Қарыздар | **–** | (33.836.564) |
| Сауда кредиторлық берешек | **(10.423.524)** | (8.673.614) |
| Алынған аванстар | **(1.389.595)** | (1.441.043) |
| Басқалары | **(4.368.772)** | (4.536.095) |
| **Міндеттемелер жиыны** | **(16.181.891)** | (48.487.316) |
| **Кеткен таза активтер** | **30.954.363** | (10.116) |

«АЛТЕЛ» АҚ компаниясының таза ақша ағындары:

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Операциялық | **(10.770.566)** | 6.332.276 |
| Инвестициялық | **(4.777.192)** | (8.266.897) |
| Қаржылық | **8.542.902** | 9.006.069 |
| **Ақша қаражатының таза (кетуі)/түсімі** | **(7.004.856)** | 7.071.448 |

«Алтел» АҚ еншілес ұйымының кетуінен ақша қаражатының таза кетуі мынадай түрде берілген:

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** |
|---|---|
| Еншілес ұйым ақша қаражатының кетуі | **(1.683.295)** |
| **Еншілес ұйымның кетуінен ақша қаражатының таза кетуі** | **(1.683.295)** |

| | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Акцияға пайда/(залал)** | | |
| Базалық және аралас, тоқтатылған қызметтен, теңге | **3.714,21** | (194,75) |

## 38 АҚШАСЫЗ ОПЕРАЦИЯЛАР

Бұл операциялар ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталды:

2016 жылға Топ алдыңғы жылы сатып алынған негізгі құралдар үшін 20.432.465 мың теңге төледі (2015 жыл: 9.849.298 мың теңге). 4.558.941 мың теңге сомасындағы негізгі құралдар 2016 жылы сатып алынды, бірақ 2016 жылдың 31 желтоқсанына төленген жоқ (2015 жыл: 5.331.902 мың теңге).

2015 жылы қаржылық жалдау шарттарына сәйкес Топ 186.964 мың теңге сомасына телекоммуникация жабдығын алды.

## 39. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

«Бас компания бақылайтын кәсіпорындар» санатына бас компания бақылайтын ұйымдар кіреді. Бас компания бақылайтын кәсіпорындарға кіретін компаниялармен операциялар негізінен Топтың «Қазақстан Темір жолы» АҚ, «ҚазМұнайГаз ҰК» АҚ, «КЕГОК» АҚ, «Қазпочта» АҚ-лармен операцияларымен берілген. Топ телекоммуникация қызметтерін бас компанияға, бас компания бақылайтын кәсіпорындарға көрсетеді.

Байланысты тараптармен операциялар тараптар арасында келісілген талаптармен жасалды. Сатып алу және сату транзакциялары нарықтық талаптармен жүзеге асырылды. Жыл аяғына өтелмеген қалдықтар қамтамасыз етілмеген, қысқа мерзімді болып табылады, ал есептеулер төменде сипатталған жағдайларды қоспағанда, ақшалай нысанда жүргізіледі.

2016 және 2015 жылдың 31 желтоқсанына Топ байланысты тараптардың дебиторлық берешегінің құнсызданyуын көрсеткен жоқ. Мұндай бағалау әрбір қаржы жылы байланысты тараптың қаржы жағдайын және оның қызметі жүзеге асырылатын нарықты тексеру жолымен жүргізіледі.

2016 және 2015 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жылдар үшін байланысты тараптармен сату мен сатып алу және 2016 және 2015 жылдың 31 желтоқсанына байланысты тараптармен мәмілелер бойынша қалдық мынадай түрде берілді:

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Тауарлар мен қызметтерді сату** | | |
| Бас компания | **204.883** | 646.134 |
| Бас компания бақылайтын кәсіпорын | **3.955.022** | 2.524.809 |
| Тәуелсіз ұйым | **18.445.746** | – |
| Мемлекеттік мекемелер | **28.657.548** | 27.262.662 |

| *Мың теңгемен* | 2016 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Тауарлар мен қызметтерді сату** | | |
| Бас компания | **30.226** | – |
| Бас компания бақылайтын кәсіпорын | **1.685.666** | 2.036.093 |
| Тәуелсіз ұйым | **8.052.200** | – |
| Мемлекеттік мекемелер | **557.754** | 14.226.577 |
| | | |
| **Қаржылық активтерге есептелген сыйақы** | | |
| Мемлекеттің бақылауындағы кәсіпорындар | | |
| «Қазақстан Даму Банкі» АҚ | **4.199.838** | 3.318.471 |
| Қарыздар бойынша орташа сыйақы мөлшерлемесі | **8,15%** | 8,08% |
| | | |
| **Ақша қаражаты мен оның баламалары** | | |
| Мемлекеттің бақылауындағы кәсіпорындар | | |
| «Қазақстан Даму Банкі» АҚ | **3.240** | 2.581 |
| | | |
| **Қарыздар** | | |
| Мемлекеттің бақылауындағы кәсіпорындар | | |
| «Қазақстан Даму Банкі» АҚ | **55.137.133** | 55.398.052 |
| | | |
| **Сауда және басқа дебиторлық берешек** | | |
| Бас компания | **51.156** | 154.155 |
| Бас компания бақылайтын кәсіпорын | **539.019** | 470.265 |
| Тәуелсіз ұйым | **11.164.458** | – |
| Мемлекеттік мекемелер | **4.411.156** | 3.204.354 |

## 39. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| **Кредиторлық берешек** | | |
| Бас компания бақылайтын кәсіпорын | **342.445** | 192.228 |
| Тәуелсіз ұйым | **8.231.494** | – |
| Мемлекеттік мекемелер | **525.492** | 556.337 |
| **Басқа ұзақ мерзімді активтер** | | |
| Басты басқарушы қызметкерлерге ұзақ мерзімді қарыздар | **38.513** | 41.696 |

2016 және 2015 жылдары Топ бас компания бақылайтын кәсіпорындарға байланыс қызметтерін көрсетті, сондай-ақ осы кәсіпорындардан телекоммуникация қызметтерін ұсыну саласында операциялық қызметті қолдау үшін тауарлар мен қызметтерді сатып алды.

2016 жылдың 31 желтоқсанында және 2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдары қоса беріліп отырған пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте жалпы және әкімшілік шығыстар құрамында көрсетілген басты басқару қызметкерлеріне сыйақы берудің жалпы сомасы тиісінше, 654.466 мың теңгені және 715.758 мың теңгені құрады. Негізгі басқарушы қызметкерлерге өтемақы төлеу еңбек келісімінде тіркелген жалақыдан, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша сыйақыдан тұрады.

28-ескертпеде көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының Үкіметі Топқа ауылдық жерлерде әмбебап қызметтерді көрсеткені үшін белгілі өтемақы береді.

21-ескертпеде көрсетілгендей, 2016 жылдың 31 желтоқсанына Топтың 26.991.220 мың теңге сомасындағы қарызы болды және ол бойынша Бас компания кепілгер болды (2015 жылғы 31 желтоқсанға: нөл).

## 40. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ

Топтың негізгі қаржы құралдарының құрамына қарыздар, жалдау бойынша міндеттемелер, ақша қаражаты мен оның баламалары, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешек кіреді. Топтың қаржы құралдарымен байланысты негізгі тәуекелдеріне пайыз мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі, валюталық және кредиттік тәуекелдер жатады. Сондай-ақ Топ барлық қаржы құралдарымен байланысты нарық тәуекелін және өтімділік тәуекелін мониторингілеуді жүзеге асырады.

**Пайыз мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі**

Пайыз мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі нарықтық пайыз мөлшерлемелерінің өзгеруіне орай қаржы құралы құнының ауытқуымен байланысты тәуекелді білдіреді. 2015 жылдың 31 желтоқсанына Топта өзгермелі пайыз мөлшерлемелері бар кредиттері және қарыздары болған жоқ және нарықтық пайыз мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекеліне ұшырамайды.

**Валюталық тәуекел**

Валюталық тәуекел – бұл қаржы құралының құны валюта бағамдарындағы өзгерістер салдарынан өзгеріп отыру тәуекелі.

АҚШ долларымен берілген елеулі кредиттер мен қарыздардың, кредиторлық берешек, ақша қаражаты мен оның баламаларының, дебиторлық берешектің болуына байланысты, Топтың шоғырландырылған балансына мынадай айырбас бағамдарының өзгеруі айтарлықтай ықпал етуі мүмкін: АҚШ доллары/теңге.

Төмендегі кестеде салық салғанға дейінгі Топ пайдасының (монетарлық активтері мен міндеттемелері құнындағы өзгерістер есебінен) басқа айнымалылар өзгеріссіз болғанда, өзгерісін негізді түрде болжамдау мүмкін болғанда, АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбас бағамдарының сезімталдығы көрсетілген. Көрсетілген факторлар Топтың капиталына әсер етпейді.

| | **2016 жыл** | | 2015 жыл | |
|---|---|---|---|---|
| ***Мың теңгемен*** | **Айырбас бағаманың ұлғаюы/ (азаюы)** | **Салық салғанға дейінгі пайдаға әсері** | Айырбас бағаманың ұлғаюы/ (азаюы) | Салық салғанға дейінгі пайдаға әсері |
| АҚШ доллары | **13%** | **4.654.329** | 60% | 1.684.581 |
| | **-13%** | **(4.654.329)** | -20% | (561.527) |

## 40. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

**Кредиттік тәуекел**

Кредиттік тәуекел – клиенттер немесе контрагенттер өз шарт міндеттемелерін орындамауы салдарынан Топтың көтеретін қаржылық залал тәуекелі. Топ кредиттік тәуекелді Топ қабылдай алатын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу, сондай-ақ белгіленген тәуекел лимиттерін сақтау мониторингі арқылы басқарады.

Топ танылған кредитке қабілетті тараптармен ғана мәмілелер жасайды. Топ саясаты кредитке сауда жүргізуді жүзеге асырғысы келетін барлық тапсырыс берушілер кредитке қабілеттігін тексеру рәсімінен өтулері тиіс дегенге келіп саяды. Сондай-ақ дебиторлық берешек қалдықтары үздіксіз қадағаланып отырады, нәтижесінде Топтың үмітсіз берешек тәуекелі елеулі болып табылмайды. Ең жоғарғы тәуекел деңгейі *12, 15, 16, 17* және *18-ескертпеде* ашылған баланстық құнға тең. Топтың елеулі кредиттік тәуекел концентрациясы жоқ.

| | | | Ақша қаражаты қалдығы | | Депозит шоттардағы қалдық | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ***Мың теңгемен*** | **2016 жыл рейтингі** | 2015 жыл рейтингі | **2016 жыл** | 2015 жыл | **2016 жыл** | 2015 жыл |
| | **B/негативный/B** | B-/B/стабильный | **5.075.125** | – | **–** | – |
| «АТФБанк» АҚ | **B/теріс/B** | B-/B/тұрақты | **4.814.671** | 3.503.692 | **13.594.766** | 16.634.030 |
| «Қазкоммерцбанк» АҚ | **B-/теріс/C** | B3/теріс | **3.848.216** | 5.437.860 | **16.997.790** | 5.431.520 |
| «Қазақстан Халық банкі» АҚ | **BB/теріс/B, kzA** | Ba2/теріс | **3.455.999** | – | **–** | – |
| «Каспий Банк» АҚ | **BB-/теріс/B, kzBBB+** | BB-/B1/теріс | **2.667.505** | 154 | **–** | – |
| «Форте Банк» АҚ | **B/тұрақты/B, kzBB** | B/B/тұрақты | **1.186.179** | 51.190 | **–** | – |
| «Сбербанк» АҚ ЕБ | **BBB-/ теріс/AA-** | Ba3/теріс | **1.662.330** | 374.596 | **3.364.909** | – |
| «Цеснабанк» АҚ | **B+/теріс/B, kzBBB-** | B+/B/тұрақты | **597.988** | 510.708 | **6.665.800** | 4.752.580 |
| «Altyn Bank» АҚ ( «Қазақстан Халық банкі» АҚ ЕБ) | **BB тұрақты** | BB/B/тұрақты | **580.601** | – | **–** | – |
| «Эксимбанк Қазақстан» АҚ | **B-/тұрақты/C, kzBB-** | B-/B++/тұрақты | **400.051** | 1.925 | **–** | – |

| | | | Ақша қаражаты қалдығы | | Депозит шоттардағы қалдық | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ***Мың теңгемен*** | **2016 жыл рейтингі** | 2015 жыл рейтингі | **2016 жыл** | 2015 жыл | **2016 жыл** | 2015 жыл |
| «Ситибанк Қазақстан» АҚ | **А позитив** | А оң | **10.626** | – | **–** | – |
| «Альфа-Банк» АҚ | **ВВ-/Тұрақты/В, kzA-** | В+/тұрақты | **6.568** | 2075 | **5.265.995** | – |
| «Банк ЦентрКредит» АҚ | **В/тұрақты/В, kzBB+** | В/В/тұрақты | **3.240** | 2.581 | **–** | – |
| «Қазақстан Даму банкі» АҚ | **ВВВ-/ теріс/А-3** | ВВВ/А-2/ теріс | **41** | 39 | **–** | – |
| «Уралсиб» АҚ | **В/ССС+** | Ва3 | **5** | – | **–** | – |
| «Банк-Астаны» АҚ | **В/тұрақты/В** | В/тұрақты | **2** | 1.374.436 | **–** | 2.206.555 |
| «КазИнвест Банк» АҚ | **D/D/-** | В-/С/тұрақты | **–** | – | **–** | 253.765 |
| «Qazaq Banki» АҚ | **В-/теріс/С** | В-/С/тұрақты | **–** | 132 | **–** | – |
| «Ислам банкі» АҚ | **А +позитив** | А +позитив | **–** | 40 | **–** | – |
| «Қазақстандағы Қытай банкі» АҚ ЕБ | **А тұрақты** | А тұрақты | **–** | 3 | **–** | – |
| Москоммерцбанк | **А+ теріс** | А+/теріс | **24.309.147** | 11.259.431 | **45.889.260** | 29.278.450 |
| **Жиыны** | | | | | | |

Ақша қаражаты мен оның баламаларынан, өзге қаржы активтерінен туратын Топтың өзге қаржы активтерімен байланысты кредиттік тәуекелге қатысты Топтың тәуекелі контрагенттің дефолты мүмкіндігімен байланысты, бұл ретте ең жоғары тәуекел осы құралдардың балanstық құнына тең.

### Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Топтың қалыпты немесе күтпеген жағдайларда төлем мерзімі келген кезде төлем бойынша өз міндеттемелерін орындай алмау тәуекелі.

Топ ағымдағы өтімділікті жоспарлау құралын пайдалана отырып, қаражаттың жетіспеу тәуекелін мониторингілеуді жүзеге асырады. Бұл құрал қаржы инвестицияларының және қаржылық активтердің (мысалы, дебиторлық берешек және басқа да қаржылық активтер) өтелу мерзімін, сондай-ақ операциялық қызметтің болжамды ақша ағынын ескереді.

Топтың міндеті – банк кредиттерін және қаржылық жалдау шарттарын пайдалану есебінен үздіксіз қаржыландыру мен қолайлылық арасындағы балансты тепе-теңдікте ұстап тұру. Топтың саясатына сәйкес келесі 12 ай ішінде 30%-дан аспайтын кредиттер мен қарыздар өтелуі тиіс. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайға шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген қарыз қаражатының баланстық құнын негізге ала отырып, Топтың қарыз қаражатының шамамен 9% бір жыл ішінде өтелуге жатады (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 22%).

## 40. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

**Өтімділік тәуекелі (жалғасы)**

Төмендегі кестеде міндеттемелерді өтеу мерзімдері бөлігінде Топтың қаржылық міндеттемелерінің шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы жалпылама ақпарат берілген:

| *Мың теңгемен* | Талап етілгенге дейін | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан аса | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2016 жылдың 31 желтоқсанына** | | | | | | |
| Қарыздар | **–** | **1.126.587** | **3.334.270** | **52.825.639** | **14.585.904** | **71.872.400** |
| Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер | **–** | **1.076.402** | **2.437.985** | **1.333.351** | **–** | **4.847.738** |
| Сауда кредиторлық берешек | **9.146.269** | **1.188.105** | **1.662.968** | **–** | **–** | **11.997.342** |
| Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | **–** | **–** | **430.554** | **5.282.348** | **6.602.935** | **12.315.837** |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | **–** | **12.266.927** | **–** | **2.445.722** | **–** | **14.712.649** |
| | **9.146.269** | **15.658.021** | **7.865.777** | **61.887.060** | **21.188.839** | **115.745.966** |
| **2015 жылдың 31 желтоқсанына** | | | | | | |
| Қарыздар | – | 1.344.895 | 4.494.836 | 35.458.206 | – | 41.297.937 |
| Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер | – | 1.538.431 | 4.041.158 | 4.847.737 | – | 10.427.326 |
| Сауда кредиторлық берешек | 9.067.081 | 1.177.818 | 1.648.570 | – | – | 11.893.469 |
| Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | – | – | 511.689 | 5.761.280 | 7.201.600 | 13.474.569 |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | – | 6.643.512 | – | 771.119 | – | 7.414.631 |
| | 9.067.081 | 10.704.656 | 10.696.253 | 46.838.342 | 7.201.600 | 84.507.932 |

**Ақша ағындарының қозғалысымен байланысты тәуекелдер**

Ақша қаражатының қозғалысымен байланысты тәуекел монетарлық қаржы құралына байланысты болашақтағы ақша ағындары құнының өзгеру тәуекелін білдіреді.

Ақша ағындарына қажеттілік мониторингі тұрақты түрде жүзеге асырылады және басшылық туындауына орай кез келген міндеттемелерді орындауға қажетті қаражаттың болуын қамтамасыз етеді. Топ басшылығы ақшалай қаржы құралымен байланысты болашақтағы ақша ағындарының ешқандай ықтимал ауытқулары Топтың қызметіне айтарлықтай ықпал етпейді деп есептейді.

**Капиталды басқару**

Қызметті қолдау және акционерлік құнды барынша көбейту мақсатында жоғары кредит рейтингі мен жеткілікті капиталдың тұрақты коэффициенттерін қамтамасыз ету Топ капиталын басқарудың негізгі мақсаты болып табылады.

Топ өз капиталының құрылымын басқарады және оған экономикалық жағдайдың өзгеруіне орай түзету енгізеді. Капитал құрылымын қолдау немесе оған түзету енгізу үшін Топ жай акциялар иегерлерінің дивидендтік төлемдер көлемін қайта қарауы, акционерлерге капиталдарды қайтаруы немесе жаңа акциялар шығаруы мүмкін. 2016 және 2015 жылдары Топ капиталды басқару мақсатына, саясатына немесе үдерістеріне өзгерістер енгізген жоқ.

Топ таза берешектің жалпы капиталға арақатынасын білдіретін берешек коэффициентін пайдалана отырып, капитал мониторингін жүзеге асырады. Топтың саясаты бұл коэффициентті 1,0 шегінде ұстап тұруды көздейді. Топ пайыздық кредиттер және қарыздарды, сауда кредиторлық берешек пен қаржылық жалдау бойынша міндеттемелерді таза берешек құрамына қосады. Капитал Топтың акционерлеріне келетін капиталдан тұрады.

Төмендегі кестеде кезеңнің аяғына Топтың берешек коэффициенті берілген:

| ***Мың теңгемен*** | **31 декабря 2016 жыла** | 31 декабря 2015 жыла |
|---|---|---|
| Пайыздық кредиттер мен қарыздар | **56.268.176** | 31.438.314 |
| Сауда кредиторлық берешек | **11.997.342** | 11.893.469 |
| Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер | **4.435.721** | 9.143.183 |
| **Таза берешек** | **72.701.239** | 52.474.966 |
| **Капитал** | **343.797.610** | 292.421.442 |
| **Берешек коэффициенті** | **0,21** | 0,18 |

## 40. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

### Әділ құн

Әділ құнын анықтау мақсатында Топ жоғарыда көрсетілгендей, активтер немесе міндеттемелердің сипаттамалары мен тәуекелдері негізінде активтер мен міндеттемелердің санаттарын және әділ құн иерархиясы деңгейлерін анықтады.

Төмендегі кестеде Топ активтері мен міндеттемелері әділ құнының баға көздері иерархиясы берілген. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы құралдары әділ құнының баға көздері иерархиясы туралы сандық ақпараттың ашылып жазылуы:

| | | Мыналарды қолданғандағы әділ құн бағасы | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| *Мың теңгемен* | Бағалау күні | Белсенді нарықтардағы котировкалар (1-деңгей) | Маңызды бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей) | Белсенді нарықтардағы котировкалар (3-деңгей) | Жиыны |
| **Әділ құны ашылатын активтер** | | | | | |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 2016 жылғы 31 желтоқсан | **24.320.942** | – | – | **24.320.942** |
| Өзге ұзақ мерзімді қаржылық активтер | 2016 жылғы 31 желтоқсан | – | – | **4.850.133** | **4.850.133** |
| Өзге қаржылық активтер | 2016 жылғы 31 желтоқсан | – | – | **48.133.067** | **48.133.067** |
| Сауда дебиторлық берешек | 2016 жылғы 31 желтоқсан | – | – | **24.992.206** | **24.992.206** |
| **Әділ құны ашылатын міндеттемелер** | | | | | |
| Қарыздар | 2016 жылғы 31 желтоқсан | – | – | **52.567.792** | **52.567.792** |
| Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер | 2016 жылғы 31 желтоқсан | – | – | **4.435.721** | **4.435.721** |
| Сауда кредиторлық берешек | 2016 жылғы 31 желтоқсан | – | – | **11.997.342** | **11.997.342** |
| Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | 2016 жылғы 31 желтоқсан | – | – | **8.219.538** | **8.219.538** |

Төменде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған қаржы есептілігінде әділ құны бойынша көрсетілмейтін, Топтың қаржы активтері мен міндеттемелерінің санаттары бойынша баланстық құн мен әділ құнның салыстырмасы берілген. Кестеде қаржылық емес активтер мен қаржылық емес міндеттемелердің әділ құн мәндері көрсетілмеген.

| *Мың теңгемен* | **Баланстық құн 2016 жыл** | **Әділ құн 2016 жыл** | **Танылмаған шығыс 2016 жыл** | Баланстық құн 2015 жыл | Әділ құн 2015жыл | Танылмаған шығыс 2015 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қаржылық активтер** | | | | | | |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | **24.320.942** | **24.320.942** | **–** | 11.276.891 | 11.276.891 | – |
| Өзге ұзақ мерзімді қаржылық активтер | **5.876.966** | **4.850.133** | **(1.026.833)** | 10.557.028 | 9.990.795 | (566.233) |
| Өзге қаржылық активтер | **48.133.067** | **48.133.067** | **–** | 33.949.795 | 33.949.795 | – |
| Сауда дебиторлық берешек | **24.992.206** | **24.992.206** | **–** | 16.385.102 | 16.385.102 | – |
| **Қаржылық міндеттемелер** | | | | | | |
| Қарыздар | **56.268.176** | **52.567.792** | **3.700.384** | 31.438.314 | 32.495.536 | (1.057.222) |
| Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер | **4.435.721** | **4.435.721** | **–** | 9.143.183 | 9.143.183 | – |
| Сауда кредиторлық берешек | **11.997.342** | **11.997.342** | **–** | 11.893.469 | 11.893.469 | – |
| Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | **8.219.538** | **8.219.538** | **–** | 7.786.044 | 7.786.044 | – |
| **Өткізілмеген әділ құндағы барлық танылмаған өзгеріс** | | | **(2.673.551)** | | | (1.623.455) |

## 40. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

**Бағалау әдістемелері және жорамалдар**

Төменде осы қаржы есептілігінде әділ құны бойынша көрсетілмеген қаржы құралдарының әділ құнын анықтау кезінде пайдаланылған әдістемелер мен жорамалдар сипатталған.

*Әділ құны шамамен олардың баланстық құнына тең активтер*

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері өтімді немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан кем) болған жағдайда олардың әділ құны шамамен баланстық құнына тең болуы мүмкін. Сондай-ақ бұл жорамал талап етілетін салымдарға және өтеу мерзімі белгіленбеген жинақтаушы шоттарға қолданылуы мүмкін.

*Амортизацияланатын құн бойынша есептелетін қаржы міндеттемелері*

Алынған қарыздардың әділ құны шарттары, кредит тәуекелі мен өтеу мерзімі ұқсас берешек бойынша қазіргі уақытта қолданыстағы мөлшерлемелер пайдаланыла отырып, алдағы ақшалай қаражат ағындарын дисконттау арқылы бағаланады.

## 41. ШАРТ ЖӘНЕ ТАЛАП МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

**Инвестициялық сипаттағы міндеттемелер**

Топ  құрылыс жобаларын орындауға және телекоммуникация жабдығын сатып алуға шарттар жасасады.  2016 жылғы 31 желтоқсанға Топтың көбінесе телекоммуникация жабдығын сатып алумен және телекоммуникация желісін салумен байланысты жалпы сомасы 11.107.684 мың теңге (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 9.144.742 мың теңге) шарт міндеттемелері болды.

**Операциялық жалдау бойынша міндеттемелер – Топ жалгер ретінде**

Топ Қазақстанның түрлі облыстарында офистік ғимараттар мен үй-жайларды жалдауға мүліктік шарттар жасасады. Офистік ғимараттар мен үй-жайларды жалдау шарттарында орта есеппен 1 жылға жалдау шарттары бар. Бұл шарттарды жасау Топқа ешқандай шектеу қоймайды.

Операциялық жалдаудың бұзылмайтын шарттары бойынша төлеуге жататын болашақтағы ең аз жалгерлік төлемдер мынадай түрде берілген:

| *Мың теңгемен* | **2016 жыл** | 2015 жыл |
|---|---|---|
| Бір жыл ішінде | **8.624** | 118.205 |
| Бір жылдан аса, бірақ 5 жылдан артық емес | **–** | – |
| | **8.624** | 118.205 |

**Лицензиялық міндеттемелер**

Сымсыз байланыс қызметтерін көрсетуге арналған бірқатар лицензиялардың талаптарына сәйкес Топтың өз желісін қамту аймағына қатысты белгілі бір міндеттемелері бар. Топ Қазақстан Республикасының негізгі магистральдар бойымен өтетін аудандарды, шағын қалалар мен қалалық типтегі кенттерді қамти отырып, ұтқыр желінің қамту аймағын кеңейтуге міндетті. Топ басшылығы Топ лицензия талаптарын сақтайды деп есептейді.

**Салық салу**

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы мен нормативтік базасы тұрақты өзгерістерге ұшырайды және түрлі түсіндірулерге жол береді. Мұнымен бірге, басшылық Халықаралық электр байланысы одағына кіретін бейрезиденттермен Топ жұмыс істейтін және белгілі салықтық босатуды беретін халықаралық шарттар ұлттық салық заңнамасы алдында басымдылыққа ие деп есептейді. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікір қайшылығы жиі кездесетін жағдай. Анықталған және расталған қазақстандық салық заңнамасын бұзудың айыппұлы мен өсімақысының қолданыстағы тәртібі қаталдықпен ерекшеленді. Айыппұл мөлшері есептелген салық сомасының 50% құрайды, ал өсімақы Қазақстан Ұлттық Банкі белгілеген, 2,5-ке көбейтілген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің  негізінде есептелінеді. Осының нәтижесінде айыппұл мен өсімақының сомасы есептелген салық сомасынан бірнеше рет жоғары болуы мүмкін. Салық тексерулері тікелей тексеру жылы алдындағы қызметтің бес күнтізбелік жылын қамти алады. Қазақстандық салық жүйесімен байланысты екіұштылықтың себебінен есептелген салықтың, өсімақы мен айыппұлдың (егер мұндай болса) қорытынды сомасы осы күннің шығыстарына жатқызылған және 2016 жылдың 31 желтоқсанына есептелген шығыстардан асып кетуі мүмкін. Басшылықтың пікірінше, 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша заңнаманың тиісті ережелері дұрыс талданып берілген және салық заңнамасымен байланысты Топтың жағдайын сақтап қалу ықтималдығы жоғары болып табылады.